

## ДЕРЕКТІ ӘНГІМЕЛЕР

### БІР ШЕЛЕК ШИЕ

Семей–Алматы жолаушылар пойызының вагонына жүрейін деп тұрғанда аяқ іліктірдім. Үлгердім-ау, әйтеуір. Осы, Семейге келсем болды, ағайындар, туыстар, достар деп шырматылып жүрем де, құшақтарынан әзер босап шығамын. Енді, мына, жайлы купеде Алматыға дейін жақсылап демаламын. Ас-ауқатқа да зауқым жоқ. Қатып ұйықтасам деймін. Купеде етжеңді екі әйел әңгіме соғып отыр екен. Мен амандасқанда, болар-болмас қана ишарат жасады да, қызу әңгімелерінің желісін үзбей, одан әрі жалғастыруда. Құлағына тыңдатқыш ілген он бес-он алты жастағы бозбаланың өз қызығы өзінде сияқты. Әлдебір түсініксіз әуенге елтіп, басқа әлемде жүр. Көзі купенің төбесіндегі бір нүктеге қадалып қалған. Көңілінде нендей құбылыстар болып жатқаны жұмбақ.

Мен үстіңгі қабаттағы дайын тұрған төсек-орныма жайғастым да, пойыздың таныс ырғағы мен доңғалақтарының бірқалыпты дүрсілін тыңдап жатып ұйықтап кеттім. Бір оянсам, таң алды екен. Екінші рет оянғанымда көршілерім тұрып, таңғы шайды қамдап қойыпты. Солармен бірге оразамды ашып, сүт қатқан қою шайға әбден қанған соң, рахметімді айтып, неше күн бойы оқуға уақыт таппай, жинай берген газет-журналдарымды шолып қарауға кірістім. Екі әйел тағы да бір ұзақ-сонар әңгіменің тиегін ағытқан сияқты.

– Әй, бүйтіп, қапшық арқалап, сауда жасап кететініміз бар, бір кезде несіне оқу оқимыз, диплом аламыз деп ақ тер, көк тер болдық екен, ә!

– Үйдегі сандықта күйеуімнің үш дипломы, өзімнің екі дипломым жатыр. Ас-суды айыруға көмегі тимеген соң, не қайыр...

– Ех, шіркін, Алматыдан табақтай қызыл диплом алып, ауылға келгенімде, әке-шешем қуанғаннан қой сойып, көрші-қолаңды шақырып, той жасаған еді-ау!

– Мен сенің ауылыңа облононың жолдамасымен бардым ғой. Бір жапырақ қағаздың күші-ай! Қызылағаштықтар қызыға да қызғана қарап едіңдер, шіркін!..

– “Мына қызды бақ айдап келді ме, сор айдап келді ме, мұнда?!” деп таңырқай қарадық. “Түбі осы ауылдың келіні болып қаларсың-ау!” деп сыртыңнан тон пішкенбіз. Бір жылға шыдамадың ғой, тым құрса!..

Екі әйелдің үзік-үзік әңгімесінен ұққаным: екеуі қазір Қызылағаш деген ауылда тұрады. Мектепте бірге мұғалім болған. Кейін сауда жасап, теміржол бойымен алыс-жақын қалаларға шыққан. Жол жүруге әбден төселіп алғандарын бағана шәй дастарқанын жайғандарынан-ақ байқағанмын. Шәй, қант, тұз, кәмпит дегендердің бәрі шағын-шағын қорапшаларға салынып, жеміс-жидектің бәрі жуылған. Бірер кесек ет, бірнеше тілім ақ нан, қара нан бәрі целлофан қалталардан шықты. Қызылағаштық келіншек үстіне қызыл кеудеше мен шалбар киген. Қызылағаштың келіні үстіне көк кеудеше мен шалбар киген. Қызылағаштық келіншектің аты Айман екен. Қызылағаштың келінінің есімі Гүлжауһар. Түбі Қостанайлық көрінеді. Алматы облысындағы шағын Қызылағаш ауылы екі келіншекті табыстырғанына да көп жылдардың жүзі болғаны көрініп тұр.

– Е, әңгімелеріңізден аңғарғаным, екеуіңіз де ұрпақ тәрбиелеуге атсалысып, еңбек жолдарыңызды мұғалімдіктен бастаған екенсіздер. Қай пәннен сабақ бердіңіздер? – дедім екеуінің әңгімелерін тыңдай түскім келіп.

– Мен балаларға Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін жаттаттым, – деді Айман.

– Тіл мен жаққа сүйенген екенсіз ғой...

– Иә.

– Мен жүгермектерге Ньютонның басына құлап кеткен алманың неге аспанға ұшпай, жерге түскенін түсіндірем деп шашым ағарып кете жаздады, – деді Гүлжауһар қуақыланып.

– Білем. Физиканың заңдарын мектепте тәуір-ақ жаттадық қой. Ал, жарайды, саудаға кетулеріңізге не себеп болды?

– Не себеп дерің бар ма? Қу тіршілік қой баяғы... – деп Айман сәл ойланып қалды да іле-шала: – Өзіңіз кім боласыз? Тергеуші емессіз бе? Оған сақал-мұртыңыз ұқсамайды. Сірә, суретші шығарсыз?..

Менің жауабымды күтпестен Гүлжауһар сөзге араласты:

– Бір қызығы, мен білетін суретшілердің арасында көесі жоқ. Сақалды, Құдай, тек суретшілерге арнап жарататын сияқты. Бәрі мұртты, бәрі сақалды. Кейбіреуінің сақалы, тіпті, қауғадай. Таң қаламын. Ал менің күйеуімнің иегінде бір тал жоқ. Тым құрыса, ермек қылатын... – деп құрбысына қарап көзін қысты. Көзін қысқанын менің байқап қалғанымнан қысылған да жоқ, қайта әр сөзіне астар ұялатып, маған әнтек жымыып, біртүрлі, ескі танысын көргендей қарады.

– Мен суретші емеспін, журналшымын, – дедім екеуінің сәуегейліктерін сейілткендей сенімді дауыспен. – Дегенмен, мені сіздердің әңгімелеріңіз қызықтырады. Нарық қыспаққа алғанда талай мамандық иелерінің өз кәсібін тастап, күнкөрістің қамымен кеткеніне өзіміз куәміз. Мен ойлаушы едім, өз мамандығына құлай берілгендер, ең бірінші, мұғалімдер деп... Мұғалімдер саудамен айналысып кетті дегенге сенудің өзі қиын...

– “Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар” деген. Журналшы болсаңыз, тіпті, жақсы. Осы мұғалімдердің басындағы қиындықты ашық түрде, күлбітелемей, жан ауырта жазбайсыз ба? Бәлкім, жоғары жақтағылардың жетелеріне жетер. Әй, қайдам! Бәрі де... қазіргі шіренген шенеуніктерді айтам... шәкірт болды, мұғалімдердің алдынан өтті. Білім игерді, тәрбие алды. Сонда, түптің түбінде, ұстазын ұмытқан шәкірт оңа ма?

Айманның сөзін аяқтатпастан, Гүлжауһар әңгімеге асығыс килікті.

– Саудамен айналысып кеткен жалғыз мұғалімдер емес қой. Базарға барыңыз да сұрау салыңызшы. Саудагерлердің арасында кімдер жоқ дейсіз. Өзім білетін төрт-бесеуін-ақ айтайын: филармонияның директорының бұрынғы орынбасары, бұрынғы терапевт-дәрігер, кеңшардың бұрынғы бас агрономы, зауыттың бұрынғы бас инженері, бұрынғы атақты спортшы... Санай берсең, санап тауыса алмайсың. Бір кезде қазақ сартқа күлетін. Саудагер деп. Абай да айтқан ғой. Сол қазақ сарттыңды жолда қалдырып, сауданың тізгінін өз қолына алғанына, бәлкім, қуану керек шығар? Қашанғы, қой бағудан басқаны білмей, қашанғы, ауылдың айналасынан шықпай, қазақ қор болмақ?

– Гүлжауһар құрбым-ау, жалпы қазақтың жайын ойлайтындар жоғарыда отырған жоқ па? Одан да өзіміздің жағдайымызды-ақ айтсайшы...

– Ештеңе жоқ, өзіміз осы сауданың арқасында біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей күн көріп жатырмыз. Екі ұлдың екеуін де оқыттым. Жоғары білім алды. Екеуін де үйлендірдім, екі отау болды. Екі ұлға екі мәшине алып бердім. Шетелдік. Енді не?

– Шынында, саудада тасыңыз өрге домалай бастаған секілді... Енді, заман біршама түзеліп келеді дегендей... Қайтадан мектепке оралуды ойламайсыздар ма?

Мен екеуіне кезек көз тастап, жауап күттім.

– Оралмайтын шығармын, мектепке, енді, – деді Айман, біртүрлі, мен қыстап шақырып отырғандай, қинала тіл қатып.

– Мектепке қайта оралуым, мүмкін, – деді Гүлжауһар, – бірақ қазір емес. Базар жағалағандарға ең бірінші денсаулық керек. Әзірге денсаулығым жаман емес. Егерде аздап ауырып-сырқап дегендей, денсаулығым сыр бере бастаса, қайтадан мектепке оралуым мүмкін...

Біршама үнсіздіктен кейін мен екеуіне қарата тағы бір сауалдың құлағын қылтиттым.

– Осы... сіздер... сауданы неден бастадыңыздар?

Бұл сұрағым тосын да тұтқиыл қойылған шығар деп өзім біршама тосырқасам да екі келіншек ешқандай әбіржіген жоқ.

– Сонау тоқсаныншы жылдардың басында... біз сауданы мектепте, класта... сабақ үстінде бастап жібергенбіз, – деді Гүлжауһар.

– Қалай, сонда?

– Солай. Тауардың бәрі қат. Дүкен сөрелері бос тұрды. Сонда тапқан-таянғанымызды мектепке алып келеміз де... оқушыларға әртүрлі тапсырмаларды беріп тастап... өзіміз қыпқызыл саудаға... немесе тауар айырбасқа көшеміз... Кейде мұнымызды байқампаз шәкірттеріміздің сезіп-біліп отырғанын да аңғарамыз... Ата-аналарына айтып баратынына да күмән жоқ. Не шара... Тапшылық пен қымбатшылық құрсауына түскен кезде тура жолдан тайқитының анық... Кейін базар жағалап жүргенімізді бір-ақ білдік... Әрине, біз сияқты тәуекелдің желқайығына мінбей... сабағын беріп, оқушыларының санасын оятумен айналысқан жүздеген, мыңдаған нағыз ұстаздарға тағар айып жоқ. Біз бәлкім, басқа жолды таңдаған шығармыз...

– Жаңағы сұрағыңызға мен шын жауап берейін, әзілдеп отыр деп ойлап қалмаңыз, – деді Айман жылы жымыып. – Мен сауданы бір шелек шие сатып бастадым...

- Қызық екен. Бір шелек шиені мектепке әкеліп саттыңыз ба?
- Жоға... Аэропортта... Жексенбі күні таңертең ертемен сіңлімнің ауылдан келген он үш жасар қызын ертіп алып, екі үлкен, екі кіші – төрт шелек шиені аэропортқа кіре берістегі шағын алаңқайға жеткіздім. Бір таныстарым: “Ойбой, аэропортқа шиені апарып сатсаң, қолма-қол өтіп кетеді” деген. Сол сөзге сеніп... Түске шейін тұрдық... Қолдан шиені алуға ешкімнің құлқы жоқ сияқты ма, әйтеуір, алушыны күте-күте әбден шаршадық. Күн тас төбеге көтерілді. Ағаштардың көлеңкесіне тығылып... енді кішкене... сәл ғана тұрайық...– деп сіңлімнің қызын алдарқатып қоямын. Бір кезде өзім аз уақытқа жүрек жалғауға буфеттен тіске басар алуға барып келсем... көмекші қызым “Тәте, бір шелек шиені саттым!” деп екі езуі екі құлағына жетердей боп, қуанып тұр. “Мен айтқан бағаға саттың ба?” десем, “иә” деп алақанындағы умажалған ақшаны ұсынып тұр. Ақшаны санап алдым да аяғымның астындағы шелектерге көзім түсіп кетті...
- Ал, қызым, бос шелек қайда?
- Қай бос шелек? Мен шиені шелегімен қоса беріп жібердім емес пе?! – деп қызым жауаптайды...
- Алда, Тәңірі жарылқағыр-ай! Ойбу, ойбу, ана шелегімнің бағасы ішіндегі шиеден он-он бес-жиырма есе қымбат еді ғой!.. Енді, қайтейін... Іші-сырты эмаль, гүлді суреті бар, 10 литрлік жап-жаңа шелегімнен айрылдым да қалдым... Осы шелектің өкініші көпке дейін, есіме түссе, ішімді удай ашытатын... Бірте-бірте сауданың қызығымен ұмыта бастадым. Бүгін “сауданы неден бастадыңыз?” дегенде, есіме сарт ете қалғанын қараңызшы...
- Айманның осы айтқанын, неге екенін білмеймін, мен де көпке дейін ұмыта алмадым. Таныс, бейтаныстармен әңгіме-сұхбат құрғанда айтып та жүрдім. Ақыры қағазға түсті. Енді ұмытатын шығармын...

## ОНЫНШЫ КІЛТ

- Әне, Бөртостаған да көрінді! Қарлы дала мен алпар аспанның қиылысқан тұсынан қылтиып көрінетін жарты шар Күнге де ұқсайды екен-ау. Қай қиырда жүрсем де көңілімнің түкпірінде мен-мұнда лап тұратын Бөртостаған ғой мынау! Айналасы – ақжазық... Осынау нарөркешті біреулер тау деп әспеттесе, біреулер төбе дейді. Ал мен үшін тау да емес, төбе де емес – Бөртостаған! Ие, ол менің сағынышым! Кіндік қаным тамған жерге деген аңсарым осыдан бастау алған сияқты. Ол – бір ұзақ әңгіменің арқауы. Тағы да бірде тоқталармын оған.
- Ауылымнан жырақта жүргелі он бес жылдай болыпты. Қым-қуыт қала тіршілігіне әбден үйреніп алғанымыз соншалық, балалық шақ, ауыл, мектеп, он жыл бірге оқыған достар – бәрі-бәрісін айлар бойы ұмытып, ойдан шығарып, қызылды-жасылды күндердің қызығымен кетіп қаламыз да, бір күндері әлдебір нәрсеге қатты ренжігенде, әлдебір нәрседен қатты торыққанда, яки біреулерден көңілің қалғанда, жалғызсырағанда – кенеттен тым алысқа ұзап кеткенінді сезініп, қайтадан кейін қайтқың келіп, жүрегің сазып, тілмен айтып жеткізуге қиын бір халді бастан кешеді екенсің. Рас, ауылдан мүлде қара үзіп кете қойған жоқпыз. Анда-санда болса да, тіпті жылына бір-ақ рет болса да, аңсап ораламын ауылға мен де. Кейде асығыс келіп, асығыс аттанатындықтан шығар, азғантай үйлі ауылдың қарияларына амандасып шығып үлгермей, «ал, қош, қайыр!» деп қол бұлғап бара жатқаның. Сөйтіп жылдар көшін ұзатып жүргенде парталас достардың кейбіріне ауыл іргесінде тұрса да жолығысудың реті келе бермейтін. Жолыққан күнде де бірер қайырым ғана хал-ахуал сұрасумен шектелесің. Содан шығар, олар сенің, сен олардың тыныс-тіршілігінен сырттай ғана құлағдар болып жүресің. Бала күнгі досым Бақалай Жұмажановты бұл жолы Қожагелдіге баратын көлік іздеп совхоз кеңсесінің алдына келгенде кездестірдім. Қияқ мұрты өзіне жарасып тұр. Ақ жарқын қалпы. «Көкқасқасын» көлденең тартып, «Бөлімшеге бара жатырмын. Отыр, ала кетейін» деді ол құшағымыз жазылған кезде. Орталық пен бөлімшенің арасы он сегіз шақырым. Автобус қатынамайды. Осыдан жиырма жыл бұрынғыдай. Жаз күндерінде жаяулап, велосипедпен, арбамен шұбыратынбыз. Қазіргідей қаңтардың қақаған қысында көлігі жоқтарға қиын-ақ.
- Әне, Бөртостаған да көрінді.
- Бұрын ылғи ұзақ сапарға шықсам деп армандаушы едім. Қазір ауыл арасында жүрген. Совхоздың шаруасы таусыла ма. Оқымаған соң – митың тірлік, - деді Бақалай.

- Олай деме! Қағаз кеміріп отырып, күні бойы орындыққа шегеленіп отырып, «осыным не, бәрін тастап, бір отар қой алып, жайлауда жүрсем ғой, шіркін» деп те қиялдаймыз біз.
- Қиял – қиял ғой... Бір күн ауылдың қой кезегін өткеріп берші, қиял мен шындықтың айырмасын түсініп шыға келесің.
- Бақалай маған қарап сығырая күлді де, темекі тұтатты.
- Шегесің бе?
- Төрт ай болды тастағаным.
- Бәрібір қайта шегесің. Бір рет дәмін татқан соң, ұмыту қиын екен...
- Ерік күшіне байланысты деседі ғой...
- Ол мектепте сабақты орташа оқыған болатын. Орташа оқығандардың көбісінің кейін өте жақсы өмір сүру қабілеті оянатынына ол кезде ой да жүгіртпей-ау. Ал кейбір сабағын жақсы оқығандар, осыдан бірдеме шығады деп мұғалімдері де, қатар құрбы-құрдастары да қатты үміттенгендер сенімді ақтамай, әрі-сәрі күйде қалғандары қаншама.
- Неше балаң бар? – деді ол.
- Екеу. Өздерінде ше?
- Біз сендер сияқты қалалық үлгіні қабылдай қойған жоқпыз. Тұрсынның бес баласы бар... Жол тайғақ. Бұрмасы көп. Жүрісіміз баяу. Қарлы даладан көз айырмай қараумен келемін. Есіме жетінші кластағы бір оқиға түсті. Жазғы каникулдың алдында он бала тауға саяхат жасауға ұйғардық. Арамызда осы Бақалай да бар. Жолға он велосипед, азық-түлік, тағы да басқа керек-жарақтарды әзірледік. Мұғалімдерге ескерткен жоқпыз. Өздері бармайтын болған соң, рұқсат етпесі анық. Оның үстіне өз бетімізше әрекет жасауға әуестене бастаған шақ. Балалық қой. Сонымен «тәуекел» деп бір күні таңғы алтыда ауылдан шықтық. Жол алыс – 90 шақырым. Көз ұшында Түйемойнақ таулары бірден бірге сикыр тартып барады. «Таңғы салқынмен өндірте жүріп, күн қызғанша орта жолға жетсек, арғы жағы оңай». Бұл – тіс қаққан Тұрсынның сөзі. «Қалтандағы малтанды тауысып алмасаң – тоқсан шақырым деген не тәйірі!». Бұл – қалжыңқой Құдыштың қағытпасы. «Ал, достар, аттандық!». Бұл – менің ұраным. Қызық еді-ау! Әлдебір жұмбақ әлемге сапар шегіп бара жатқандаймыз, бүкіл ауылдың бұдан бейхабар, ұйқы құшағында қалғаны, алдымыздан лекітіп таңғы таза ауаның лебі ескені, қос қапталымызда дөңгеленген қызылды-жасыл дүние – бәрі де ғажаптұғын. Содан осы Бөртостағанның тұсынан өте бергенімізде Бақалайдың велосипедінің екі дөңгелегі бірдей жарылды. «Алдыңғы дөңгелектің кәмірін кеше ғана жамап едім, этесіне нәлет!» - деді осы Бақалай күйініп. Не істеу керек? Бақалайдың өзің алдымызға кезек мінгестіріп алып жүруге болар еді. Велосипедін қайтпекпіз? Өзі су жаңа. Далада қалдыруға қимайды. Әрі ақылдасып, бері ақылдасып, бір шешімге келе алмадық. Сол кезде осы Бақалай: «Мен ауылға қайтамын», - деді тұнжырап. Біз үн-түнсіз великтерімізге қонған едік сонда... Қолында кәмірлері жарылған қос дөңгелек, қара жолдың үстінде мұңайып, төмен қарап, қала берген еді сонда осы Бақалай. Кейін әрегідік бұл жайында сөз қозғай қалсақ, қай-қайсымыз да Бақалайдың алдында кінәлі жандай сезінетінбіз өзімізді. Бұл жөнінде Бақалайдың не ойлайтыны ешқайсымызға да белгісіз.
- Жігіттердің алды дәулет құрай бастады. Машина алу да біразының ойында. Мемлекеттің машинасын ауыл арасында «такси» жасап жүрген мен сияқтылар бірен-саран. Кейде ойлайсың, бәрі де өтпелі. Ден сау болса болғаны. Кеше ғана күліп-ойнап ортамызда жүрген Әби, Құдыш, Біржандар – бүгін жоқ. Тіпті, сенгің де келмейді...
- Біраз уақыт моторының бірсарынды үні ғана естіліп тұрды құлағыма. Тамағыма бір нәрсе кептеліп қалғандай, үн қата алмадым. Кабинаның әйнегін бу басқандай, жол бұлдырап көрінді...
- Жазғандарыңды оқып жүремін. Көбінесе сырт жақтан, басқа облыстардан әңгіме қозғайсың. Бәлкім, Семейге жолың түсе де бермейтін шығар. Бірақ ауылың туралы жұмған аузыңды ашпауың қалай? Әлде бізге өкпелімісің?
- Жоға! О не дегенің? Реті келмей жүргені. Айтпақшы, Күлпән тұрмысқа шықты ма?
- Шыққан жоқ. «Кәрі қызсың» деп құлақ етін жейміз. «Отыздан астың ғой, ойбай-ау, қырықта саған кім қарайды!» деп те қытығына тиеміз. «Бақытымды іздеп жүрмін» дейді баяғы әуенмен. Мектепте жүргенде өлең жазушы еді ғой. Бір өлеңі осыдан екі-үш жыл бұрын «Лениншіл жаста» жарық көрген.
- «Балабақшада» деген өлеңі ғой.
- Қазір совхоз орталығындағы балабақшаның меңгерушісі. Бір арманы тәрбиеші болу еді. Өзер дегенде орындалды ғой.
- Неге әзер дегенде?

– Токта... мына қара... су қызып кетті. Стрелка сексенді көрсетіп тұр... Мәссаған...

– Мына отыз градус аязда су қызғаны несі? Менен басқа жүгің де жоқ. Көрсеткішің қателесіп тұрған шығар?

– Қайдам... Күтейік... Радиаторды киізбен тұмшалап қойып едім. Содан болар...

Машина тоқтағанымен, әңгімеміз үзілген жоқ. Бақалайдың әңгімесі арқылы менің көз алдымда Күлпән бейнесі әлдеқайда асқақтай түсті. Сырттай сұрастырып жүретіндіктен де, біраз жайға бұрыннан қанық едім. Онжылдықтан кейін ол Шымкенттегі линотипист мамандығына әзірлейтін екі жылдық техникалық училищені бітіріп, бір жылға жуық Көкпекті аудандық газетінде қызмет істейді. Одан соң күтпеген оқыс оқиға ауылға оралуына мәжбүр еткен. Наурыз айының аяғына таман ауа райы күрт жылынып, оқушылар үшінші тоқсанды аяқтап каникулға шыққан кезде жер-дүние лайсаң болып кететіні бар. Совхоз іргесіндегі «Орта баз» дейтін мал қыстауына қатынасу мұң болады ол кезде. Әншейінде суы тартылып, сыздықтап қана ағатын «Боғас» өзенін тану қиын бұл тұста. Өткел бермей қояды. Басын таудан алатындықтан шығар, ағысы қатты болатын бұрынырақ кезде. Оны-мұны шаруамен орталыққа келген Күлпәннің әпкесі Күлән мен жездесі Азатбек күн еңкейе ат-арбамен «Орта базға» қайтады. Күләннің аяғы ауыр кезі, жандарында кіші сіңлілері бар. Кішкентай Нұрлан бір жарым жаста-тұғын. Ол үйде қалған. «Боғастан» өтетін өткелге жақындағанда Делбе қақтырмай келе жатқан жануар күрең қасқа сәл тартыншақтайды. Өзенде ақырын-ақырын сең көше бастапты. Арғы жаға – қол созым жер. Азатбек тәуекелге бел байлайды да, күреңге бишік үйіреді. Күтір-күтір сең бұзып ат-арба өзеннің орта тұсына дейін келеді де, содан соң тапжылмай тұрып қалады. Бір жағына қисая тоқтағанына қарағанда ойыққа түсіп, сеңге кептелгендей. Жануар күрең қасқа қанша ышқына тартқанымен дәрменсіз. Су деңгейі бірте-бірте көтеріліп, ағыс күшейе түскенін байқағанда арба үстіндегілерде үрей қалмайды. Аз уақыттан кейін ат-арбаны аударып тастаған тілсіз апат құрбаны болып Күлпәннің апа-жездесі, сіңлісі ізім-ғайым жоғалған еді. Кішкентай Нұрлан әке-шешесіз қалды. Кейбір жанашыр адамдары Нұрланды Көкпектідегі балалар үйіне апарып өткіз дегенде Күлпән көнбеді. «Әпкем мен жездемнің көзі, өзім тәрбиелеймін, өзім оқытамын, өзімнің қасымда болады!». Күлпәннің бұл шешіміне ешкім қарсы келе алмаған. Бірақ бұл кезде оның қамқорлығында тағы бір сырқат сіңлісі бар еді. Өзінен бес-алты жас кіші сіңлісі айықпайтын дертке бала кезінде ұшыраған, жазылмайды деседі. Оны да мүгедектер үйіне тапсыруға дәті бармай, өз күтіміне алады. Семей педагогикалық училищесінің мектеп жасына дейінгі тәрбие бөлімін сырттай оқыған Күлпән бір жыл бойы жұмысқа орналаса алмай сергелдеңге түскен.

– Кейде шаруашылық басшылары жоспар, жоспар деп жүріп жеке адамның тағдырына үніле бермейді ғой деймін. Әйтпесе, Күлпәннің көп замандастарымыздың қолынан келмейтін қарапайым ерлігі құрметтелуге, адамгершілігі үлгі-өнеге тұтуға әбден лайық емес пе! Ауылым десең, кейде өзіне тиеді. Осы ауылда Күлпәннің мұңын тыңдаған ешкім болмады. Аудандық оқу бөлімінің де табалдырығын тоздырды. Тіпті болмаған соң облыстағы тиісті мекемелердің есігін қақты. Әділет бар екен. Әйтеуір, дегеніне жетіп тынды. Қазір балабақшаның білдей меңгерушісі. Үйде де, түзде де тәрбиеші. Бақалай өзінің тілектестігін осылай білдіріп тоқтады.

– Қой, қозғалайық.

Күн ұясына қонып, қыстың қысқа күні қаусырылып қалыпты. Бақалай машинаны орнынан жылжыта алмай әлек.

– Ал керек болса. Алдыңғы қос дөңгелек сіресіп тұр. Тежегіштің майы қатып қалған-ау деймін.

– Е, бәсе, суыңның қызып кетуі бекер емес екен ғой.

– Қап. Несіне қуанасың. Жылда осы уақта тежегіштің майына спирт қосып қоятынбыз. Сонда қатпайтын еді. Биылғы қыс біртүрлі жұмсақ болғанға...

– «Қамданған қапы қалмайды». Сен қамданбағансың, достым! Баяғыда велосипедіңнің кәмірі жарылушы еді, енді мынау машинаңның майы қатып қалады.

– Сондағыдай таста да жүре бер.

«Қарашы, қалжыңды қабылдауын. Баяғы реніш қалып қалған-ау». Ол дәнекерлегіш лампаны алып, машинаның астына түсті. Алдыңғы екі дөңгелектің май қатқан тұстарын кезек-кезек қыздырған болады. Аяз күшейе түсіпті. Ызғарлы жел бет қариды. Екі-үш минуттан әріге шыдай алмай, қашып кабинаға тығылдым. Бақалай биялайын да кимепті. Биялайын алып, қайта жерге түстім. Ол әлдекімді жеті атасынан бермен қарай сықпыртып жатыр екен. Есіме Оспанханның сықағы түсті.

– Немене, «Шофердің намазын» оқып жатырсың ба? – деймін тісім-тісіме тимей тұрса да білдірмегенсің.

– Қырсық! Оныншы кілтім де жоқ екен. Қалып қойыпты. Тежегішті ағытып тастайын десем...

– Басқа кілт келмей ме?

Бақалай үндемеді.

Сәлден соң екеуміз кабинада отырдық. Пеш суи бастады. Киімім тым жұқа болатын. Аяғымдағы етігім қанша жылы көрінгенімен, бәрібір пимаға жетпейді екен. Бақалайдың бұтында қалың шалбар, аяғында пима, үстінде шолақ тон, басында тымақ. Ешқандай жау алмайтын сияқты. Ауылымның аязын ұмыта қойған жоқпын. Кейбір жылдары 40 градустан да асып кетеді. Ондайда түкірігің жерге түскенде бұршақтай домалайды.

– Не істейміз? Осылай отыра береміз бе?

– Кәйт дейсің? Ауылдың іргесіне әкелдім. «Бөртостағанды» көрдің. Мауқыңды басып, сағынышыңды төк осы араға. «Уа, дариға, алтын бесік, туған жер, Қадіріңді келсем білмей кеше гөр!»... Қасым осылай деген бе? «Өзге емес, өзім айтам өз жайымдасы» сұмдық енді. Бұрынырақ бас қосу кештерде Серік Ахметовке қайта-қайта айтқызып тыңдайтынбыз. Қазір ол «Карл Марксте» тұрады. Той-томалақтың гүлі болып жүр деп естиміз.

– Қазір ауылдағы тойлар қалай өтеді? Үйленген соң қыз іздемейсің, қызық іздейсің дегендей...

– Қайдам? Бұрынғы тойлар таң атқанша созылатын. Арақ суша төгілетін. Соңы төбелеске ұласатын. Қызықтың көкесі шыжық болатын. Қазір сыпайы, салауатты өтетін болды ғой. Ішімдіксіз той өткізу түпкілікті ірге тебе ме, жоқ па... уақыт көрсетер. Бірақ көкейге әбден қонады.

– Бақалай, біздің жігіттердің көбісі шоферлік мамандықтың құлағынан ұстапты. Қабыршақ, Қонысбек, Төлеген, Мекен, Серік... Баяғыда оныншы класта «Кім болам» деген тақырыпта шығарма жазғанда, бәрінің ойы басқаша болатын. Есінде ме, Нұрғазин Совет ағай әрқайсымыздың жазғанымызды талдап, оқып беріп еді ғой.

– Есімде, мен «теңізші боламын, капитан боламын» деп жазғанмын. Бола алмағаным үшін жазғырсаң мейлің. Бір арман орындалмады. Әскерде танкист болдым. Чита маңайында екі жыл өте шықты. Сенсең, әлі күнге теңіз көрген жоқпын. «Сұлуталдан» 60 шақырым жердегі Зайсан көлін өз басым теңізге де, мұхитқа да балаймын. Әйтеуір, көкжиекке дейін ұласып жатқан көк толқын ғой.

– Иә, көп толқын! Қазкеннен үлкен суретші шығатын шығар, деуші едім. Қазір МТМ-нің меңгерушісі екен. Совхоздың бүкіл машинасы «бағымында» сияқты. Сендердің бастықтарың...

– Оң көзімен қарайтын ондай бастығыңа не жетсін!.. Бақалай тағы да сығырая күліп, темекісін тұтатты. Содан соң кабинаның ішін көк түтінге көміп, мені тұншықтырып қойды да, өзі кеуде кере дем ала отырып, сөз сабақтады.

– Өткенде бір жерден, журналдан яки кітаптан бір ақынның өлеңін оқыдым. Қарға туралы. Кәдімгі жаман қарға. Ақын оған басқа қырынан келіпті. Бақсақ, басқа құстың бәрі қыс қаһарына сезгеннен-ақ жылы жаққа, Оңтүстікке сапар шегеді, ал қарға байғұс ешқайда да кетпей ұя салған мекенінде қыстап қалады. Қарашы, қандай астарлы ойға жетелейді,ә!

– Немене, біз – қарғамыз дегің келіп отыр ма? «Қарғам-оу, сен қалайсың-оу, мен дегенде...». Егер мен жыл құсы болсам мынадай қақаған аязда тоңып-жаурап қасында отырмас едім ғой. Бірақ алты шақырым жердегі ауылға жете алмай, үсіп қаламыз ба деген қауіп бар...

– Ондай қауіп біздің басымыздан талай өткен. Әлі тірі жүрміз ғой...

Қой, осалдық таныта бермейін деген ойға келдім. «Сері тоңбайды, қалтырайды». Бір қуанғаным, Бақалайдың жүрегіндегі отқа жылындым. Командировкамен де талай жол-сапарда жүреміз ғой. Кейбір жүргізушілер машинасының төрт дөңгелегінің амандығына ғана риза, басқа дүние бүлінбесе, қирап қалсын – шаруасы жоқ.

– Алдыңғы жылы, жоқ.., одан арғы жылы екен ғой. Ақшиден келе жатқанмын... – деп ол бір әңгіме бастады. Жол үстінде жолығысқандардың бір-біріне қайырымды келетінін дәлелдеді. – Шопандардың ауылдарын аралаймын деп жүріп байқамаппын «Бөртостағанның» арғы жағындағы жазыққа іліне бергенде бензинім таусылып, қарға адым жер мұң болды да қалды. Машиналар ағылып жатқан үлкен жолдың үсті емес, дәл осылай тұсалдым да қалдым. Күні бойы қылт еткен бір қара көрінсеші. Күн еңкейе бергенде тау жақтан келе жатқан бір салт атты көрінді. Жақындағанда Тани кеттім. Жақында келген зоотехник жігіт. Өзі бір үлкен-кішіге бірдей елпілдеп тұрған жайсаң болатын. Кейіннен басқа жаққа ауысып кетті. Есімі – Бөгенбай. Менің халімді көріп: «Тө-ө, бір шелек бензин бе, орталыққа бара жатыр едім, қазір бөлімшеге соғамын да бір көлікпен бензин жібертемін», – деді әлгі жігіт. Бұрын соншалықты жақын араласпағанбыз. Бір ауыз сөзі қанат бітіріп жіберді. Қас қарайғанша қара жолдың бойынан көзімді алмай, күттім. Көп кешікті. Кешігіп келді. Сөйтсем, бөлімшедегі жалғыз жүк машинасы

орталыққа кетіпті. Жекеменшіктерден жағалай сұрап, жарты шелек бензин таба алмай, ақыры орталыққа тартқан ғой. Одан бөлімшенің жүк машинасына отырып өзі де келді. Жол үстінде жүргенде жұрттан көретін қайырымың есепсіз. Сонда да әлгі жігіттің менің күні бойы өзегім талып, жәутеңдеп тұрған жайымды түсінгенін ұмыта алмаймын.

– Ал бүгін оныншы кілттің зары одан да өтімдірек пе деймін. Ол кез жаздың желек ашқан шағы болса керек. Енді бірер сағаттан соң осы қызық әңгімеміздің қызуы қалмайды-ау деп қорқамын...

– Әне, ауыл жақтан бір жарық көрінді...

– Е, бәсе... Көңіл орнығып, бір түрлі жылына бастағандаймын.

– Былтыр демалысқа келгенімде көршілерден «Осындағы бір шопанның әйелі аяқ астынан толғатып, ауданға жеткізетін көлік табылмай, сонда Бақалай қол ұшын беріп, ананың да, баланың да Жаны қалды. Балаға Бақалай ат қойыпты» деп естідім ғой...

– Биыл да тура сондай оқиға болды. Сен білесің бе, білмейсің бе, осында Қазанғап деген сиыршы бар. Өздері бөлек екі-ақ үй, біртабын тайынша бағады, жоғарғы базды қыстайды. Ноябрьдің бас кезі болатын. Күні бойы бордақылау базындағы малға су тасыдым, кешкілік машинаның суын ағызып, үйдің жанына қойдым да, өзім Жұматайдың тракторымен шөпке кеттім. Қолыңда бір-екі ірі қара ұстайсың. Жаз бойы шөп шауып алуға қол тимеді. Әйтеуір, күн-түн демей тапсырған шаруаның бәрін тындырып жүрген соң бөлімше меңгерушісі өтінішімді орындап, бір тележка шөп алуыма рұқсат еткен. Жұматай екеуіміз шөпке барып тиіп оны әкеліп түсіріп, әбден шаршадық та. Шәй ішіп, етке тойып алып, дел-сал күйде «Биылғы қыстан қорықпаймын, отын-су мәселесі шешілді» деп жатқанмын шалжиып. Түн ортасы болып қалған. Біреу терезе қақты. Есікті аштық. Жөн сұрастық. Қазанғаптың әйелін толғақ қысыпты. Бөлімшенің фельдшері Мақан келіп тұр. «Управ жоқ ауылда. Кімге барамын. Ауданға жеткізбесек болмайды» дейді, дәл осыған мен кінәлідей-ақ. Қайтесің. Көмек сұраған соң беру керек. Күйбеңдеп жүріп моторға от алғыздым. Одан жоғарғы базға бардық. Қазанғаптың әйелін, фельдшер Мақанды аядай кабинаға эзер сыйғызып алып, ауданға тарттым. Аудан орталығына кіре берісте ГАИ тоқтатты. «Неге артық кісі отырғызасың кабинаға? Әкел талоныңды тесіп берейін!» – деп қойсашы. Мақан келіп түсіндіреді. Мен түсіндіремін. Бір кезде кабинадағы әйелдің қиналған даусын естіп барып, мейірімі түсті-ау, әйтеуір. Әйелдер босанатын үйдің алдына келгенде таң қылаң Бере бастаған. Бұл сендерге таныс көрініс. Талай рет оқыған шығарсың, талай рет өзің де жаздың ба, кім білсін. Бірақ біз сол баяғы тірліктің айналасында жүрміз. Аудан территориясында «Жедел жәрдем» қызметін жақсартатын уақыт өтіп кетті ме деп ойлаймын... Пәленбай жылдан бері талай сәбидің Аман-есен дүниеге келуіне үлесімді қосып жүрмін. Біреуінің-ақ атын қойдым «Серік» деп. Серік досымыздың құрметіне... «Қай Серік?» – деп сұраған жоқпын. Өйткені бір кластың өзінде қанша Серік болды. Бәрі де бірінен бірі өткен ығай мен сығай тұғын. Әрине, менің жүрегіме өзгеше ыстық бір-еуін бөліп атауға Бақалайдың көңіліне қарадым. Ең дұрысы – біздің Серіктің атын қойған ғой!

Ауылдан шыққан жарық – машина екен. Машинаның рулінде отырған - өзіміздің Қонысбек екен. Оның оныншы кілті бар екен! «Қанша рет айттым, ұқыпты бол деп. Ұқпайды. Қиялдап жүріп. Қарашы, енді... Оныншы кілт дейді ғой... Мен болмасам!» – деп Қонағаң қояр емес. «Сен болмасаң – біз де болмас едік!» Бақалай балаша мәз.

Достар, аман болыңдар алыстағы!

## **БІР СОМ**

Ақша туралы ойлардан шақша басы шарадай болып жүретіндердің санатына қоссаңыз, өзіңіз білесіз. Егер мәселе бір сомға ғана тіреліп тұрса, мұны жазбауым да мүмкін еді...

Адамдар құмырсқаның илеуіндегідей құж-құж қайнаған қан базарға әрі қызыға, әрі жатсына қарайтын дағдыдан арыла алмай-ақ келемін. «Саудагер» деген сөз санама «сайтан» деген сөзден кем әсер етпейді. Осының себебін біле алмай-ақ қойдым. Сірә, кішкентайымнан саудадан алыс, оңаша түкпірде, қолыңдағы он шақты ірілі-ұсақ малына ғана қарап күн көрген шаруаның семьясында өскендігімнен шығар. Кім білсін. Әйтеуір, қан базардың қақпасынан ішке кірген жұртты саудагер және саудагер емес деп екіге бөлгім келеді де тұрады. Ал қақпа сыртындағылар туралы бұлай ойлаған емеспін, ешқашан. Олар мен, сен, ол – бәріміз сияқты әр түрлі мамандық иелері болып қана көрінетін.

Базарға апаратын ұзын көшенің бойында, қапталдасқан қалың ағаштардың саясында, мына шілденің шіліңгір ыстығында жұртқа газды су сатып отыратын қара кемпірді, неге екенін

білмеймін, саудагерлердің қатарына қосқан емеспін. Ол өзінің міндетті қызметін мінсіз атқаратын көп сатушылардың бірі ғой деп бағамдайтынмын. Ал менің ұғымымда сатушылардың бәрі саудагер емес. Газет-журналдар киоскісіндегі алпыстағы ақ бас қарияға қандай құрметпен қарасам – оған да сондай ізетпен ілтипат білдіретінмін. Бірақ кемпір менің ықыласымның кеудесінен тепті. Мүлде күтпеген соққы...

Жаз ортасы болған соң, күн ыстық болған соң, ыстықтаған соң, шөлдеген соң - көшеде келе жатып салқын сусынға жиі бұрыласың, сыра ішкің келмейді – мына ыстықта оның өзі бас ауыртады. Ең қолайлысы – газды су. Үш тиын тастасаң – шырын қосқан суың, бір тиын тастасаң – шырынсыз суын ұсынып көше - көшенің қиылыстарында автоматтар тұр. Одан гөрі төрт тиындық, қолдан сататын газды суға жұрт көбірек үймелейді. Кезекке тұрып, уақыт өлтіреді. Мен де біраз асықпай уақыт өлтіріп тұрдым. Ақырындап жылжи-жылжи қара кемпірдің қарсы алдынан, шықтым. «Қанша? Неше стақан?» - деп ол үйреншікті сауалын күні бойы қайталап қана отырады екен. Артық сөзі жоқ. Тура қараған кезінде байқадым: өлеусіреген жанарының айналасы қып-қызыл екен. «Ұйқысы қанбаған» деуге болмайтын сияқты. «Көзінің еті өскен» деген қазақтың байырғы сөз тіркесі санама оралды. Кемпірді қарадан-қарап тұрып жек көре бастадым. Ойымды «қанша?», «неше стақан?» деген кемпірдің сауалы бұзды. Жүзіне қарамауға тырысып, «екі стақан берсеңіз болады» дедім ап-айқын қоңыр даусыммен. Сөйттім де қолымдағы умаждалған бір сомдықтың қырыс-тырысын жазыңқырап жайымен кемпірдің алдына тастадым. Ол оны алды да, алжапқышының астында қалтасы бар-ау деймін, сірә, соған сүнгітіп жіберіп, содан соң ғана маған су ұсынды. Өзімнен кейінгі тұрған кісіге бөгет жасамайын деп, сәл шегініп кеттім. Бірінші стақанды қағып салып, қайталауға бос стақанымды ұсындым. Кемпір ләм-мимсіз су құйып берді. Бетіне бажырая қарағанымға мән бермегенсі бұрылып, кезекте тұрған келіншекке үйреншікті сауалын қойды. Осы кезде мен «Кешіріңіз, менің бір сомымның ұсағын, қалдық тиындарды қайтарған жоқсыз» дедім сыпайы ғана, бейне бір осы үшін кемпірдің алдында өзім ыңғайсыз жағдайда қалғандай сезініп. Сол-ақ екен, «үндемес» кемпірге кенет тіл бітті: «Мен немене, сенің бір сомыңа қарап қалыппын ба? Оны қайтемін?! Алған жоқпын» деді безеріп. «Жоқ, сіз алдыңыз! Жаңа ғана... Қағаз бір сомдық болатын... Алжапқышыңыздың астарындағы қалтаңызға салғаныңызды да өз көзіммен көрдім» дедім мен. Үнімнен таңырқау сейілмеді. Тіпті «кемпірді айыпқа бұйырмаңыздар» деп айналамдағылардан кешірім сұрағандай жәутендедім. Кемпір иілмеді. Енді мен ашулана бастадым: «Үп-үлкен басыңызбен ұят емес пе? Қайтарыңыз ақшамның қалдығын!» аузыма сөз түссеші... «Мені тірідей тонағың келіп тұр ма – деді кемпір миығынан күліп, - оның бола қоймас, жалаңаяқ, кет, жоғал!»

«Апырай-ә! Қайтсем жөн? Қайткенім дұрыс?... Тапа-тал түсте абыройымның айрандап төгіліп, бір жаман кемпірге сөзімнің рас екендігін дәлелдей алмай, шындығында, ол дәлелдетпей, пұшайман күйде дал болғанымды қарашы. Милиция шақырсам ба? Мынау көзіңді бақырайтып қойып бетіңе түкіру ғой. Қылмыс қой! Жайымен сұраса бар ғой, сол бір сомдықты ойланбастан осы кемпірдің қолына ұстата салуым да кәдік. Ал енді...» Күйініп тұрмын. Күйіп барамын. Кенет кезекте тұрғандарға қарап: «Сіздер көрдіңіздер ғой. Көрдіңіздер ғой, ә? Айтсаңыздаршы әділін! Айтсаңыздаршы» дедім шыр-пырым шығып. Ішімнен «бұлар мен туралы не ойлар екен, ақшаға құныққан, тиын санаған біреу ғой деп ойлап қалмаса жарар еді» деген күдік те жоқ емес. «Біз ол кезде бұл кезектің орта тұсында тұрғанбыз. Қайдан көреміз» - деді бұйра бас жігіт. Салқын рай танытқан басқалары да үнсіз, бір кісідей соның айтқанына қосылған сынайда. Мәссаған! Мен мына бүкіл әлемде жалғыз екенмін. Өйткені бірде-бір адам менің ақ екендігіме куә бола алмайды. Сөзімді тыңдайтын, ұғатын ешбір жан жоқ. Дәл қазір жер тепкілеп жыласам да, қол ұшын берер, жанашыр ешкім де жоқ сияқты. Айналамдағы адамдардың салғырт, марғау, бейжай, немкетті тірліктерін көріп табан астында түңіліп сала бердім.

Содан соң ілбіп көшенің арғы бетіндегі телефон будқасына бардым. Ештеңенің байыбына бармасам да «02-ге» звондайыншы деген ой қолыма еріксіз телефон трубкасын ұстатты. «Бір сомға бола ма?» - деп өзіме-өзім сауал қойдым да, оған жауап іздеместен «02-ні» тердім. «Милиция кезекші тыңдап тұр...» Асықпай түсіндіре бастадым. «Е, алып-ұшып бара жатқан ештеңе жоқ екен ғой. Ол кемпір ешқайда қашпайды. Базардың ішінде милиция бөлімшесі бар. Дәл жанында. Соған хабарлас», - деді телефондағы дауыс.

Қайтадан көшені қиып өтіп, су сатып отырған кемпірдің жанына тағы да келдім. «Милиция шақырып несіне шулатамын. Түсіндіріп көрейін» деген ниетпен жақындадым. Маңына жолатар емес. Сүттен ақ, судан таза адам сияқты. Тіпті бағанағыдай абдырап, көзін тайсақтатпайды да. «Осындай, жұртқа бәле жауып, желімше жабысатындарға тыно бар ма, жоқ па? Бұл енді маған



жұмыс істетпейді?!» - деді кемпір суда кезекте тұрғандардан көмек сұрағандай мүләйімсіп. Осы кезде кезексіз келіп су алған қоңқаң мұрын егде жастағы адам: «Әй, жігітім, саған не керек өзі? Ақша ма? Бір сом ба? Мә, мен берейін! Бір сомдықтың онын ал да маза берші кемпірге. Бұл кісі осы орында отырып, су сатқанына он жыл болды. Біреудің бір тиынын жеді дегенді естіген де, де көрген емеспін. Сен келіп... бір сом дейді ғой!» - Ол қалтасынан бір буда қызыл құлақ, көк құлақ аралас ақша шығарды да, соның бәрін маған бере салатындай, анадайдан қолын созып тұрып қалды. Әсерлі көрініс! «Мәселе... бұл жерде... ақшада емес!» дедім мен ызаға булығып. Жалғанда жалғыз қалғандығым тағы да есіме түсті. Қоңқаң мұрынды жұдырықпен қойып қалып, жалпақ мұрын жасаса деп те ойладым. Ол ойым тез сөнді. Өйткені мені мазалаған жайтпен салыстырғанда оның «мырзалығы» жәй әншейін қыр көрсету ғана. Ал оған бола шәт-шәлекейің шығып берсе нең қалады? Енді неде болса милицияға баруға бекіндім. Тіпті, бір сомымды қайтарып ала алмаған күннің өзінде, мына мыстан кемпірдің мысын басып, қызыл жағалының алдында қипақтағанын бір көруімнің өзі дәтке қуат секілді. Милиция сержанты менің хикаямды мұқият тыңдап болған соң, бір езуіне күлкі үйірді. Содан соң сымдай тартылған қалпы: «Азамат, өкінішті, қолымнан келген көмегімді аямас едім, бірақ ол кемпірдің сомды алған-алмағанына көз жеткізу қиын. Қайтіп дәлелдейсің? Оның қалтасында ондай умаждалған бір сомдықтардың жүзі бар шығар? Ал сенің бір сомыңның айрықша ентақбасы жоқ. Әлде бар ма еді? Бәсе, жоқ. Қайт дейсің? Ашық ауыз болмауың керек, жолдас!» - деп сөзіне нүкте қойды.

Көңілім көншіген жоқ. Кемпірге де, кезекте тұрғандарға да, милиция сержантына да, өзіме де және белгісіз біреуге де өкпем қара қазандайтұғын. Бәріміз жабылып оңбағандыққа, барып тұрған әділетсіздіктің түкке тұрғысыз кішкентай, бірақ аса қауіпті көрінісіне тойтарыс бере алмадық. Адамға бұдан артық қандай қиянат жасауға болады. Мынау бір өмірінде ақшаға жарымаған, бақыр санап күнелткен мүскін екен десеңіз өзіңіз біліңіз. Мен бай да емеспін, кедей де емеспін. Байлығым бар, бірақ ақшадан басқа! Кедейлігім де бар, күнкөрістен жоғары. Қойшы, сонымен не керек, мен бұл жөнінде ешкімге тіс жармауға ұйғардым. Досым күліп, дұшпаным табаламағанмен, менің ең бір осал тұсым, әлсіз жерім осы болып қалатындай, қауқарсыздығымның айғағындай көрініп – ұмытуға тырыстым. Бір күн өтті, екі күн өтті, үшінші күн... шыдай алмай, әйеліме айтып қойдым . ол маған титтей де кінә таққан жоқ, «осы кемпір сияқты жандар өмірде аз емес!» - деп жайбарақат қана құптап қойғанда – шалқамнан түсе жаздадым.

Себебі, мен өзім дәл осылай деп пікір түюге іштей қорқып жүргенмін. «Бұлар бірен-саран ғой» дейтін тайғанақ жұбатумен өзімді алдап жүргенімді аңғардым. Содан шығар, кемпір маған кінәсін мойындайтын сияқты болады да тұрады. Оңашада осыған ұқсас жайттарға өмірден мысал іздегенімде тіптен таң қалдым. Бір стақан судың құны – 4 тиын. Ол менен бір сом алды. Сонда оған 25 стақан су келеді деген сөз. Яғни, товардың құнын 25 есе қымбаттатуға тең әрекет. Ал бұған басқаша қырынан ой жүгіртіп көрелік. Бағасы жүз сомдық зат алғым келді делік. Саудагер ебін тауып ол затын маған 25 есе қымбат бағасына сатсын. Сонда менен 2500 сомды қақшып алмақ. Бұлай болуы мүмкін бе? Мүмкін емес сияқты... Онда, сөз жоқ, сотталады. Ендеше неге кемпірдің қылығын кешіруге тиіспін?! Басқалар бұған селт етпесе де, өз басым әлі күнге әрі-сәрі халдемін.

Сенесіз бе, мен түн ұйқымнан шошып оянатын болдым. Түсімде де қара кемпір мендегінің бәрін өзіне тартып алып, иемденіп жатады. Әйелімді, балаларымды, үй ішіндегі мүліктерімді, кітаптарымды, қолжазбаларымды – бәрі-бәрісін тартып алады. Маған түкте қалдырмайды. Шарасыздықтан олай жүгіремін, былай жүгіремін, басымды тауға да ұрамын, тасқа да ұрамын – ештеңе де өндіре алмаймын. Ол «мына жүгірмек маған бәле жауып тұр, қараңдар, көріндер!» – деп айғайлап жұртқа жар салады. Қалың тобыр оның сөзіне сеніп, менен алыстай түсетіндей. «Оған емес, маған сеніндер!» – деп. «Оныкі – жалған, менікі – шындық!» деп, «Ол – арам, мен – тазамын!» – деп бар даусыммен менің де айғай салғым келеді, бірақ үнім шықпайды.

Қара кемпір күндіз күлкімді, түнде ұйқымды ұрлады.

Осындай ой соқты күйде қанша жүрерім белгісіз болатын. Бір күні әйелім: «Жалғас, саған не болған? Түнімен дөнбекшіп, ұйқысырап, балаларды шошытатын болдың ғой. Адам түсінбейтін бірденелерді айтып сандырақтайсың. Жынданайын дегеннен саумысың?!» – деді. Ақталғанда не айтпақпын! «Жұмыстан шаршап жүргендікі шығар...» дедім де қойдым. «Биыл тағы да қараша мен желтоқсанға қалмай, ертерек демалысыңды алсаңшы, ел сияқты!» «Нервiндi тынықтыр!» деп айта ма деп күткен едім, айтқан жоқ. Содан соң өз ойыммен болып кеттім де, іштей кемпірдің алдына тағы да баруға бел байладым.

– Апа, сіз мені танитын шығарсыз. Ұмытпаған боларсыз? – дедім қара кемпір құйған кезде ақ көпіршігі стақан ернеуінен асқан газды суды сіміріп тұрып.

– Танимын. Бірақ мен сенің бір сомыңды алған жоқпын, көрген де жоқпын, – деді жайбарақат.

– Сіз, оны көзіңізбен көрдіңіз, қолыңызбен ұстадыңыз, алдыңыз және бермей қойдыңыз, мойындамадыңыз, – дедім мен де нығырлап.

– Кім куә? Ешкім де куә бола алмайды...

– «Құдай» куә десем қайтесіз?

– «Құдай» мұндай ұсақ-түйекке төрелік жасамайды, – деді кемпір, – «құдайыңмен» қоса құры! «Құдайға екеуіміз де сенбейміз» – дегендей жазуды жүзінен оңай оқыдым.

– Ар-ұят дегеннен жүрдайсыз ба! – дедім әдейі сөйлеткім келіп.

– Ол не нәрсе? Құны бір сом ба? – деді зымиян кемпір аңқаусып.

– Бір сом деген не тәйірі. Денім сау болсын! Талай сомдықтарды желге ұшырғанбыз. Бірақ мынадай жағдайда әңгіме басқаша. Ар сауалы қинайды. Ар-ұят деген бар емес пе?

– Кітаптан оқыған жаттанды сөздеріңді қалтаңа салып қой. Маған қажеті жоқ! Сенің көкейіңді тескен жалғыз-ақ нәрсе – су тегін кеткен бір сомдық қана. Басқа ештеңе де емес. Ал, алдым! Ал, алған жоқпын! Дәлелдеп көрші!

– Сіздің іс-әрекетіңіз, пікіріңіз менің өмірге деген көзқарасыммен мүлде сыйыспайды екен. Сау болыңыз!

– Баламысың деген. Бір сомға бола өле жаздап, өңмендеуіңе не жорық! Ішің удай ашып жүр, ә! Ақша, шіркін, ыстық қой. Бәріміз де сол үшін тырбанып жүрген жоқпыз ба? Біреу арбалап тасиды, біреу дорбалап... Менікі – соңғысы. Ендеше, менің дорбамда нең бар? – деп айғайлап қала берді.

Өтеген-ай, жұмыс күнінің аяғы, адамдар асығыс, аялдамаға қарай ентелескен. Су ішуге ешкімнің зауқы жоқ сияқты. Бүгін аспан да ала бұлтты. Жаңбыр жауатын түрі бар. Маңайда қара кемпір екеуіміздің айтысымызға құлақ түрген ешкім болған жоқ. Әйтсе де әділін айтар бір жан керек-ақ еді...

## **КЕПТЕР МЕН ШАЛ**

Сол жылы күзде «Қапал-Арасан» санаторийінің сәні қашып-ақ тұр екен. Иесіздік, қаржының тапшылығы, жанашырлықтың жоқтығы мұнда да салқынын тигізіп, демалыс орны қаңырап қалудың аз-ақ алдында. Міндетті медициналық сақтандыру дейтіннен түскен аз-мұз тиын-тебенді ептеп-септеп әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері соғыс және еңбек ардагерлеріне шамасы жеткендері санаторийде дем алуға мүмкіндік жасай бастапты. Ауылда алқымнан ала бастаған тапшылық пен жоқшылық немесе қалта көтермейтін қымбатшылық есеңгірете бастаған қариялар аз күнге болса да демалыс орнына келіп ес жиюда екен. Өздері көп те емес. Отыз шақты. Әрі кетсе қырық болар, бәлкім, болмас та. Дені Талдықорған облысының шағын аудандарынан. Тіпті, бәрі десек те болар, Семей облысынанмын деген бір ақсақал өз қаражатымен келгенін айтқан.

Қарияларға бұл жер жұмақ сияқты көрінуі де мүмкін-ау. Ыстық суға түседі, ыстық шайын ішеді, үш уақ асханадан тамақтанып алады да қалған қол бос кездерінің бәрінде өткен-кеткеннен қозғай әңгіме шертеді дейсің. Өздерінің білмейтіні жоқ. Соғысты да, бейбіт өмірді де бастан кешкен. Аш та болған, тоқ та болған. Сталинге де, Хрущевке де, Брежневке де, Горбачевқа да сенген. Енді бүгін Назарбаевқа қалай сенбейді. Бірақ нарық заңына шорқақ. Түсінбейді, кейбірі, тіпті, әдейі түсінгісі келмейтін сияқты. Кім біледі, жасы жеткен, асарын асап, жасарын жасаған адамдар ғой. Сын тағудың да жөні жоқ сияқты тәрізді...

Жә, сонымен, бұлар әңгіменің майын тамызады дедік. Әсіресе, бұлардың арасында Жұмағали деген шалдың әңгімесі қызық. Өзі саңырау. Құлағының түбінен қатты айғайлағанда болмаса, естімейді. Өзі айғайлап сөйлейтіндіктен алыста отырып тыңдаған жақсы... Жұмекең әуелде үнсіз ғана отырады. Содан бір кезде : «Ей, шалдар, мен сендердің не айтып жатқандарыңды ести алмаймын. Құлағымның мүкісі бар. Ал сендер менің не айтып жатқанымды ести аласыңдар. Құлақтарыңның қабылдағышы бұзылған жоқ. Сондықтан мен бір әңгіме айтайын, сендер тыңдандар, содан соң өзім де кетем» дейді бір жаққа асығып отырғандай қопандап қойып. Жұмекең бір нәрсе айта бастаса, жақын мандағылар бейтарап қалуы қиын. Еліксіз елеңдеп, құлақ тосасыз...

– Сендер байқайсындар ма, – деді бір күні Жүмекең, – мына санаторийдің шатырын ғана емес, жоғарғы бесінші қабатын да көк кептерлер жайлай бастапты. Е-е, қиюы қашқан тірлік-ай десеңші! Мынау бір кезде Шоқанның табаны тиген қамал ғой! Қаншама мыңдаған адам келіп-кетіп жататын шипалы суы бар жер мұндай болады деп кім ойлаған... Бір байдың қолына көшкенше осы енді...

Көк кептер дегеннен шығады... Мен сендерге кептер сатып күнелткенім туралы хикаямды айтып берейін...

– Иә, Жүмеке, айтыңыз! Айтыңыз! – дейді шалдар қауқылдасып. Жүмекең олар айтпаңыз десе де айтқалы отыр. Себебі, құлағы естімейді. Айтам, дейді де айта береді. Және ол әңгімесін айтып отырғанда ешкім де сөзін бөліп, сұрақ қоймайды. Сауал тастағаннан пайда жоқ, бәрібір Жүмекеңе ол сауал жетпейді. Ал, айтып отырған әңгімесі шынымен басынан кешкені ме, жоқ әлде ойдан шығара ма – бұл арасын да болжау қиын. Бірақ майын тамызып айтатынына ешкімнің ешкімнің де шүбәсі жоқ енді.

– ...Осыдан үш жыл бұрын менің үйімнің шатырына бірнеше кептер қыстап шықты, – деді ол жанындағы шалдың насыбай шақшасын ыммен сұрап алып, тізесіне тықылдатып отырып. Бұйра насыбайды ернінің астына толтырып алып, шырт-шырт түкіріп қойып әңгімесін жалғастырды. – Жаз шыға ұя салып, балапандарын шығарды. Сол кезде маған бір ой келді. Ол ойымды ешкімге тіс жарып айтқан жоқпын. Тіпті, кемпіріме де. Ойым жүзеге асқан кезде біле жатар дедім де, іске кірістім. Менің үйімнің шатырында қыстап шығып, енді балапандары жұмыртқа жара бастаған үй көгершіндері ме, жабайы кептерлер ме – ол арасын онша ажырата алмадым. Не болса, ол болсын деп, ұяда жатқан балапандардың төртеуін үйге алып келдім де, өзім тамақтандырып, өсіре бастадым. Жылы жерде ұстадым. Ең бастысы, балапандарды тек өзімнің аузымнан жем беріп үйреттім. Кіп-кішкентай тұмсықтарымен ернімдегі тарының, нанның қиқымдарын шоқығандарын көрсен! Төрт балапан да күзге қарай қанат қатайтты. Жем сұрап, төртеуі екі иығымдағы орынға таласатын болды...

Содан бір жексенбі күні төрт кептерімді алып базарға бардым. Талдықорғанның базарына. Кептерлеріме көбінесе балалар қызығады. Басынан сипағысы кледі, айналсоқтап кетпейді. Өрбір үйдің еркесі бар. Еркелерін ерткен ата мен әже кездесе жүдә жақсы... Түске шейін-ақ тым көп саудаласпай, сұраушылардың қойған бағасына келісіп, төртеуін де сатып жібердім де, Қарасудағы ауылға қайтып кеттім. Арада екі-үш күн өтпей-ақ кептерлерім балақ баулары салбырап, бір-бірлеп өзіме қайтып ұшып келе бастады. Оншақты күннен кейін қайтадан базарға барып, тағы да кептерлерімді сатып жібердім. Олар апта өтпей-ақ үйімді тапты. Енді бұрынғы сатып алушыларым кездесіп қалса ыңғайсыз болар деп, Алматыға апарып өткіздім кептерлерімді. Сенсеңіздер, бір айдан соң төрт кептерімнің үшеуі мына екі иығымда қонақтап отырды... бұл бір менің өмірімдегі ғажап оқиға. Тіпті, соғыста жүргенде де мұндай ғаламатты бастан өткерген жоқпын...

– Ә, мынаның айтып отырғаны шын ба, өтірік пе?! – деді шалдардың бірі.

– Бұдан шығады..., бұдан нені болса да күтуге болады! – деді екіншісі.

– Әй, нағыз нарық заманында туып, өмір сүретін шал екен өзі! – деді үшіншісі.

Жүмекең бұл қағытпа эзілдердің, шымшыма сөздердің біреуін де естіген жоқ. Тек әрқайсысына сығырая қарап, үнсіз күліп отырды...

## ТҰЗАҚ

Қазіргі студенттер жатақханасының тыныс-тіршілігі жөнінде ештеңе де айта алмаймын, ал біздің кезімізде, сонау жетпісінші жылдары, жатақханамыздың шамы таң атқанша сөнбейтін. Бір бөлмеде тұратын үш-төрт жігіт кейде болмашы бір нәрселерге бола дауласып, пікір жарыстырып, айтыс тудырып, қызылкенірдек болатынбыз.

Сондай бір дау-таласқа өзек болған бір нәрсе менің балық аулау тәжірибеме байланысты еді. Атыраудың қызыл балығының етін қой етінен артық көретін Болат та, Балқаштың ақ сазандарына ештеңені теңгермейтін Қыдырәлі де, Аралдың жағасында өскен Тілектің өзі де менің балық аулау тәсіліме мүлде құлақ аспады. Басқалар, әрине, өздері балық аулап көрмесе де, менің айтқандарымды ойдан шығарылған, қызық үшін қиюластырып құрастырылған әңгіме деп қана қабылдады. Мен оларға балықты, балық болғанда тек шортанды бала кезімде тұзақпен қалай аулағандығым туралы майын тамыза әңгімелегенмін. Достарымның біреуі ішіп отырған шайына шашалып қалды, екіншісі ішін басып, көзінен жас аққанша күлді, үшіншісі басын

шайқап, қолын бір сілтеп, бөлмеден шығып кетті. Кейін де бұл тақырыпқа бірнеше қайтара айналып соғып, өзімнің басымнан кешкен хикаямды шерте бастасам-ақ сенбестік туғызатынымды байқадым. Ақыры, дәлелдеуден жалығып, жақтас таба алмай, бұл әңгімені айтуды мүлде қойғанмын.

Міне, «Қапал-Арасан» санаторийіне келгеніме екінші күн. Асанхан есімді жігіт ағасымен бір столда тамақтанамыз, әңгіме-дүкен құрып, әрі-бері серуендейміз. Уақыт өткіземіз. Менің журналист екенімді білген соң ба, Асекең де қайдағы-жайдағынның бәрін қозғап сыр шертеді. Әңгімеге елтіп келе жатып, қай сайтан түрткенін қайдан білейін, баяғы шортанды тұзақпен ұстаған хикаямды бастап кеп жібергенім. Осыным қалай деген күдігім де жоқ емес, сөз арасында Асекеңнен туып-өскен жерін де сұрадым. Қызылорданың Сырдария ауданынан екен. Ішім қылп ете қалса да, бастап қойған әңгімені аяқтап шығуға бел байлады.

– Балықты аумен аулау, қармақпен аулау, садақпен ату, суға жарылғыш зат тастап, естерінен тандырып аулау, тіпті, шанышқымен шанышып аулау дейтіндердің бәрі де менің шортанды тұзақпен аулауымның жанында не тәйірі!

– Тұзақпен бе?!

– Асекең маған сенер-сенбес халде аз уақыт қарап тұрды да, менің «еш қоспасыз шыным» дегенімді көзімнен оқып, ал ха-ха-ха-ға бассын.

– Жа-жарайды. Айтшы... Қалай?.. Содан соң... – деді аптығын басып.

– Бұл былай, – деп мен түсіндеруге тырыстым, – Біздің ауыл Тарбағатайдың теріскейінде, Зайсан ойпатында орналасқан. Басын таудан алатын өзендердің бәрі Зайсан көліне құяды. Аулымыздан алысырақта Қарғыба, Базар өзендері, ал дәл іргесіненн Боғас өзені өтеді. Сол Боғас өзені жазғытұрым қатты тасиды да, жазғасалым суы бірте-бірте азайып, ал аптап жазда сызашыққа айналады. Суы мол кезінде, сірә, Зайсаннан өрлеген балықтар көбейеді де, суы тартылғанда ойдым-ойдым қара суларда қалып қояды. Жазғы каникулдағы менің ең үлкен ермегім осы өзенді бойлап жүріп, балық аулау. Көбінесе жалғыз өзім шығамын. Соңымнан ерген үш қарындасымды алдап-сулап үйде қалдырып кетемін. Інілерім ол кезде әлі кішкене-тұғын.

Ұзындығы бір жарым, екі метрдей тұзу талдың бас жағына сары сымтемірден тұзақ жасап бекітемін. Кәдімгі қоянға, қарсаққа, түлкіге құратын тұзақ тәрізді. Одан өзгешелігі – бұл бір жерге құрып қоятын тұзақ емес, қолыңыздағы сырыққа бекітілген, сырықпен қоса өзіңізбен бірге алып жүретін тұзақ.

Өзеннің тасуы қайтқаннан кейін балдыр баса бастайды. Суы тереңірек тұстарда ақ қайраң шабақ балықтар көп болады. Оған мойын бұратын балықшың мен емеспін. Мен тек шортан аулаймын!

Шортан – жемін жасырынып тұрып ұстайтын жыртқыш балық. Кішірек балықтарды бітеудей жұтады. Кейде үлкен шортандар ашыққанда кіші шортандарды да бітеудей жұтады. Бір ғадеті балдырдың астында жасырынып тұрғанды ұнатады. Ұзақ уақыт қозғалмай, бір орнында елеусіз қалады. Түп-тұнық судың балдырларын қолымдағы сырықтың екінші ұшымен ысырып жүріп, жасырынып тұрған шортанның не тұмсығын, не құйрығын, не қарашұбыр жон арқасын көзім шалады. Мүмкіндігінше, үркітіп алмауға тырысып, демімді ішіме тартып, еппен ғана сырықтың тұзағын шортанның не тұмсығынан, не құйрығынан кигізуге тырысамын. Әрине, шортанның денесіне сым тұзақ тиіп кетсе, атқан оқтай зу ете қалады. Ал енді бар ғой, тұзақты шортанның желбезегі тұсына дейін әкелсем болды, шалт қимылмен сырықты аспандатамын. Ұзындығы бір жарым, екі, үш кез болатын шортан балық жағада шоршып жатады. Көбінесе тұзақ желбезегінен ілініп, кейде ортан белінен де буып тастайды.

Міне, менің шортан аулау тәсілім осы. Одан бері де жиырма-отыз жыл өтіпті. Талай рет талай адамға айтып көрдім. Өзіңіз сияқты зейін қойып тыңдайды да соңынан келеке-күлкіге айналдырады. Асеке, қалай осы айтқаным, қисынға келе ме, жоқ па?

Асекең аз-кем жөткірініп алды да бір байсалды пікір айтпақшы болды ғой деймін, бірақ, көзін менің көзіме тіктеп бір қарағаннан кейін, әлгі сабырлы қалпы шайға салған қанттай еріп, ал кеп ха-ха-ха-ға бассын.

Мен оған қосыла ха-ха-ха-лады. Қапал таулары жаңғырықты.

Күн күркірегендей болды. Әлден уақыттан соң:

– Әдеке, – деді Асекең, – сізден бір өтінішім бар...

– Иә, тыңдап тұрмын.

– Осы әңгімені ешкімге айта көрмеңізші. Балықты!.. Тұзақпен!.. Шортанды... Тұзақпен... Ха-ха-ха!.. Хи-хи-хи!.. Хе-хе-хе!..

– Жарайды. Бұдан соң ешкімге де айтып әуре болмаймын. Бірақ, осы әңгімені осы бүгін түнде қаз-қалпында қағазға түсіруге уәде берем! – дедім. Міне, уәдемді орындадым.

## ҚАЙЫРЖАННЫҢ ТҮСІ

«Алматыдағы бір бөлмелі үйін сатып, Қайыржан Атырауға кетіп қалды» деп естігенмін. «Қап, бекер-ақ кеткен екен. Алматыны қалай қиды? Атырауда жағдайы жақсы болса, бір жөн ғой. Дегенмен, мынадай алмағайып заманда ауылға барып қай бір көңіл демдейді дейсің. Құлазып жүрген шығар...» деген ойдың жетегіне біраз ердім де, кейін бұл жөнінде ұмытып та кеткем.

Бір күні, ойда жоқта, жұмыстағы кабинетіме Қайыржан кіріп келді. Сол баяғы мұңдылау қара көздерінің айналасына күлкі үйірген қалпында, амандық-саулық сұрасып аз-кем аптық басқаннан кейін: – Көп шаруам жоқ, Әдеке. Сен туралы бір түс көрген едім. Содан бері саған қарыздар сияқты сезінемін өзімді. Сол қарызымды қайтарайын деп... Алматыға аз күнге жол түскен соң... Ертең жолға шығамын... – деді сол ежелгі жұмбақтап сөз сабақтайтын ғадетімен.

– Қарыз дейсің бе? Мен саған ақша берген жоқ едім ғой, – дедім дүдәмалдау күйде.

– Ақша емес, кілт! Саған кілтінді тапсырайын деп келдім, – деді ол.

Енді мен таңдана бастадым. «Осы жұмбақтағаным да жетер» дегендей, ол енді түсін айтуға көшті. Мен тыңдап отырмын.

– Түсімде, бұрынғы өзіміз бірге қызмет істеген «Халық кеңесі» газеті редакциясының орнындағы жаңадан салынған үйдің бесінші қабатындағы бір бөлме екен деймін. Бөлмеде екі кереует тұр. Біреуі – сенікі де, екіншісі – менікі. Сен кереуеттің түсіне Толстойдың тоқсанға таяғандағы, қолына таяқ ұстаған, аппақ сақалы кеудесін жапқан, ақзоңнан сырғызған шалбар мен жейде киген суретін іліп қойыпсың. Оны анық көрдім. Менің кереуетімнің қабырға түсында Хемингуейдің шашы ағарған, сиреген, өңі қартайған, бет-жүзін әжім торлаған, бірақ қос жанарында баяғы жастық шағындағы жын қуған кезінен қалған бір жұмбақ ұшқын, сайтан оты бар суреті тұр екен деймін. Оны да анық көрдім. Ал сенің төсегіңнің үстінде бір бума кілт жатыр. Ішінде алтындай жарқыраған біреуі тым ұзын екен. Қолыма алып, әрі-бері қарап тұрғанымда оянып кеттім. Содан бері менде маза жоқ... Біреудің бір затын рұқсатсыз алғандай күй кешемін ылғи... Сен аруақты жердің перзентісің ғой... Орта жүзде Найман Қаракерей ұрпағысың. Абайдың, Шәкәрімнің, Мұхтардың еліненсің... Қой, бұлай іштей мүжілгенім болмас. Саған түсімді айтып беріп, кілтінді қайтарайын деген ойға келдім. Әдеке! Алда сені үлкен жетістіктер күтіп тұр! Асқар асулар күтіп тұр! Мына бес күндік фәни жалған дегеніміз – аузына үлкен құлып салынған бір сиқырлы сандық. Кілтін тапсаң – барлық қазына сенікі, барлық байлық сенікі. Сен кілтінді таппай, біраз қиналған да болуың мүмкін. Кілтінді тауып алғаннан кейін оны жоғалтып алып, тағы да торыққан шығарсың... Енді алаңдамасаң да болады. Ештеңе де жоғалтқан жоқсың. Ойға алған арман-мұраттарыңа қиналмай жетесің. Кілтінді ал! – деді ол жүзінен ешқандай да әзіл-қалжыңның ізі байқалмай.

Аздап бойым тітіркенгенін байқасам да, шын айтып тұрғанына, иманын алға тартып айтып тұрғанына иланғаным соншалық, орнымнан атып тұрып:

– Рахмет! Кілтінді алдым! Рахмет! – дей беріппін...

Қайыржан қоштасты да шығып кетті.

«Кілтінді қайтарып берді... Алдым...» дедім күбірлеп.

Қайыржан сияқты өзім де біртүрлі жеңілдеп қалғанымды байқадым. Әсте-әсте бұл ойдан шығарылған оқиға емес. Ойласам, қызық!..

## КӨЗІНДЕ ЖАС ЖОҚ КЕЛІНШЕК

Көрші әйелдің күйеуі қайтыс болыпты. Оны бүгін сабағынан келгенде балам айтты. Балам көршімнің баласымен бір сыныпта оқитын. Жетіншіде. Он үш жастан асқан балалар өмірді түсіне бастайды. Біртүрлі мұнайып тұрған ұлымның жүзіне қарап, «Өмір өстіп сені де есейтер, құлыным!» дедім іштей.

– Ертең, мектебіңе барған соң, сыныптастарыңа құлаққағыс жаса: «Досымыздың әкесі қайтыс болыпты, барып көңіл айтайық» де, – дедім.

– Көңілді қалай айтады? – деді ұлым.

– Қайғыңа ортақпыз. Қазаның арты қайырлы болсын! – дендер.

– Жарайды.

... Қонақ бөлменің терезесінен аулаға қарадым. Бірнеше жеңіл мәшине тұр. Мектептің жанында қараң-құраң оқушылар жүр. Сүт сатқан әйелдің сұлбасы көрінеді. Жоғарыдан, 8-қабаттан қарағанда, біздің ауладағының бәрі – алақандағыдай. Әнеу бұрышта сары «Уазик» тұратын. Бүгін көзге шалынбады. Жүрегім шым ете қалғанын сонда сезіндім. Сары «Уазиктің» иесі көршім еді ғой. Есімі – Солтан. Өзіне кездескенде бірнеше рет «Сенің атың Солтан емес, Сұлтан шығар!» дегенмін. Ол бетіме бажырая қарап тұрып; «Сұлтан емес, Солтан» деді. Мейлі, өзіне ұнаса, солай-ақ болсын дегем де қойғам. Жұмыстан келе жатқанда көретінмін. Біртоға. Үндемейтін. Кейде масаңдау күйде кетіп бара жататынын, кейде масаңдау күйде сары «Уазиктің» әлдебір бөлшектерін шашып тастап, қайта жинап жататынын байқайтынмын. Жанында бір-екі ұйғыр жігіттері отыратын. Олармен жүз грамды бөліп ішетін стақан дос болып кеткеніне де күмән жоқ. Баласымен менің балам сыныптас екенін білгендіктен, біртүрлі өзіне бүйрегім бұрып тұрса да дұрыстап шүйіркелесудің сәті түспепті.. Тіршілікте бір күні жақсылап танысармыз деп, сырттай біліс болып қана жүретінбіз. Аяқ астынан о дүниеге аттанып кететінін кім білген. Енді, міне, жаны жаннатта болсын дейміз.

Көрші тұратын бауырым телефон шалды. – Көршінің үйіне көршілер барып, көңіл айтып жатыр. Кіріп шығайық, – деді. Киініп, көрші подъездегі көршінің үйіне бардық. Үш бөлмелі үйдің бәріне де дастархан жайылып, келімді-кетімді кісілер бар екен. Біз де, әйеліміз екеуміз, босағада тұрып, қайда бұрыларымызды білмей, сәл абдырадық. Қаралы келіншектің оң жақтағы бөлмеде екенін біліп, солай бұрылдық. Әйелім сөмкесінен орамалын алып, көзіне таман апарып-қайтарғанын байқап қалдым. Ол сәл ығысып, мені алдыға оздырды. Осы кезде көрші бөлмеден маңдайын ақ орамалмен таңып алған көрші келіншек – күйеуі қайтыс болған әйел шыға келді. Жүзінде қайғының табы да жоқ, қайта, біртүрлі қуаныштың лебі есе ме, қалай?! Жүрегім тағы да шым етті. Қолын алып, көңіл айттым. Көзіне көзім түскенде, осы бір өлімді көптен күткен адамның, көңілі орнына түскен жанның әлдебір тоқмейіл сабырын андап, тағы аңырдым. «Неге жыламайды?!», «Неге аңырамайды?!», «Қосағынан айырылды ғой!?» деген сұңғыла сауал санамды тесіп барады. Жауап жоқ. Келіншектің көзінде жас жоқ. Күйеуі қайтыс болғанда жыламаған келіншекті бірінші рет көрдім... Жаным жүдеп тұр. Қатты түршіктім. Жалпы, күнде-күнде көңіліміз қалып, түршігіп, түңіліп өмір сүріп жүрміз ғой. Бірақ мынаның жөні бөлек...

Біраздан соң қонақасы берілді. Табақ толы ет тартылды. Білектерін сыбанып алған жас жігіттер,сірә, көзінде жас жоқ келіншектің бауырлары болса керек, үйеме табақ етті ортаға жылжитты. Осы кезде көзінде жас жоқ келіншек босағада тұрып, саңқылдаған даусымен жұрттың бәрін өзіне қаратып алды да, төрдегілерді төмендегілерге таныстыра бастады. Төмендегілердің көбісі өзінің туыстары екен. Оларды төрдегілерге таныстырды. Біреулердің қызметін, қай жақтан, қай рудан екенін, қандай туыстық байланыстары барын тәптіштеп баяндады. Осының бәрін ерсі көріп отырған төрдегі егде кісі құрғақ жөткірініп алып, Солтан туралы бір ауыз сөз айтып келе жатыр еді Көзінде жас жоқ келіншек оның сөзін бастай бергенде-ақ үзіп жіберді де, басқа бөлмелерде отырған туыстарының кімдер екенін, қайда, қандай қызметтер атқарып жүргендерін, бүгін күні бойы соларды күтіп, қатты алаңдағанын айтып тұрып алды. Солтан туралы бір ауыз сөзі жоқ...

Қаралы жиында емес, аза тұтқан күнде емес, топырақты өлімде емес, қадірлі қонақтарын қарсы алып, шығарып салып, бөлмеден бөлмеге жүгіріп жүрген домаланған қып-қызыл келіншекті тойда көргендеймін... Тіпті, көздерінің ұшында күлкі тұрғандай ма, қалай?! Жон арқамда құмырсқалар жүргендей... О, сұм жалған!...

## **БІР ҚҰШАҚ ШӨП**

Желтоқсан бітуге айналған. Бүгін-ертең қысқы каникулға шығамыз деп отырғанда Қазыбектің әкесі алыс бөлімшеден орталыққа ат-шанамен келді. Үзіліс кезінде бұған жолығып:

– Балам, мұғалімнің рұқсат алдым. Сабақ бітісімен басқа көлік іздемей, ат-шанамен ауылға жалғыз өзің-ақ қайта бер. Шешең де сағынып отыр. Мен пенсиямның шаруасымен ауданға бармақшымын, – деген.

Қазыбек қуана келісті. Қыстыгүні қарлы далада кіп-кішкентай ноқатқа айналып, жұлдыздай ақсаң... Шексіз де шетсіз ақ теңізде жүзіп келе жатқандай сезінсең... Алдыңнан тік шаншылып ауылыңның түтіні көрінсе...

Ол орталықтан қас қарая шықты. Аяз күшейе түскен. Жаяу борасын байқалады. Аздан соң қаншама қымтанғанымен тоңазып, бойын суық ала бастады. Аяқтары икемге келмей, қатып қалды. Тіпті болмағасын шанадан түсіп, атты аяңдата жүргізіп, жүгіріп-жүгіріп алады. Осы сәт санасына жылт еткен бір ой келді. Жол жиегінде қарайып қалып бара жатқан шөп маясынан бір құшағын ғана шанаға салып алса ше? Әрі аяғына жылы болар, әрі жұмсақ, аяз сорған ағаш орындық үстінде селкілдегенше... Бұл тапқырлығына іштей мәз болып, аттың басын маяға бұрды. Қыстауларға шөп тасыған көліктердің ізі сайрап жатыр. Қоршаудың ішіне кірмей-ақ, шыға берісте түсіп қалған бір құшақ шөпті шанасына басып алды. Күн, жел тимей шөмеленген көк балаусаның иісі әлі де мұрын жарады. Қайтадан күре жолға түсіп, қаракер атты қатты желіске салды. Жануар делбе қақтырмай-ақ келеді.

Әлі жиырма шақырым жол жүруі керек. Бағанағыдай тыпыршымай, бұйығып, бір рақат күйге көшкен. Әлдебір қиял құшағына еніп, қарлы даланы да, қызыл шұнақ аязды да қаперіне алған жоқ. Қар сызған шана табанының шықырлаған дыбысы мен гүрпілдеген ат тұяғының үйлесімді ырғағы қосылып, беймәлім күйге бөлеп, әлдилей бастаған еді.

– Тоқта, бала! – деген дауысқа селк етіп, жалт қарады.

Екі салт атты шананың қос қапталын жанап келіп, тізгін тартты. Екеуіне алма-кезек жалтақ-жалтақ қараған Қазыбек совхоздың бас зоотехнигін жазбай таныды. Екіншісі – бейтаныс.

– Кімнің баласысың?

Қазыбек айтты.

– Қай класта оқисың?

– Сегізіншіде.

– Сен өзін қымсынуды білемісің?

Білетін. Білем дегісі келді. Үндемеді.

– Мектепте осыларға не оқытады?..

Зоотехник бұған зіркілдеп тұр.

«Қоғамдық меншік!.. Шөп ұрлау!.. Жүгенсіздік!... Мектеп директорына хабарлау керек!.. Шара қолдану қажет!.. Шөпті түсір!..»

Ұзақ-сонар ақыл-кеңес пен айғайдан айқын түсінгені – соңғысы. Үлкен кісінің алдында сөз таластыру дағдысында жоқ Қазыбек бұйрықты бұлжытпай орындады. Жол үстінде шашылып бір құшақ шөп қалды. Қазыбек өзін кінәлі сезінді. Шөп ұрлады деген жақсы атақ еместігін біледі. Ертең мектеп хабардар болса, мұғалімдерінің алдында, достарының алдында ұят-ақ. Қайтіп ақталар? Өкініштен бе, жазықсыз естіген ауыр сөздерден бе... көзіне жас тығылды. Сәл аялдаса жылап жіберетіндей болған соң, қаракердің делбесін қаттырақ қақты. Жануар ытырыла жөнелді.

Арада төрт-бес жыл өткен. Қазыбек қаладан ауылға оралды. Қысқы сессияны аяқтап, демалыс алып, сағынып жеткенінде совхоз орталығында әкесі күтіп алды. Автобустан түсіп ат шанаға ауысып отырып, бөлімшеге тартты. Баяғы жол. Баяғы қарлы дала. Тек бұл жолы жалғыз емес. Сақал-мұртын қырау шалған әкесі бар қасында. Ауыл амандығын, қала жайын сұрасқаннан кейін, сәл үнсіз қалған екеуі. Қазыбектің ойына баяғы оқиға түсті. Әкесіне соны жаңғыртып айтып берді де:

– Сол кісі қайда қазір? – деді күліп.

– Е-е, шырағым, ол жігіттің сөзі ірі еді, ісі сұйық болды ғой. Кеңшардың мал санын көбейтудің орнына, кемітіп жіберді. Сауда-саттықпен айналысқан деседі. Партия қатарынан шығарылып, ісі заң орындарына тапсырылыпты...

Қазыбек мұндай жауапты күтпеп еді... Жүрегі дір ете қалды...

## СЫЛТАУДЫҢ СЫРЫ

Телевизиялық хабарларды дайындау кезінде өзім куәсі болған бір жай көңілден кетпейді. Телехабарларды көріп отырғанымызда бәрі де оп-оңай жүзеге асқан секілді қабылдаймыз. Қойылар сауалдар да, қайтарылатын жауаптар да, кәдімгі, адамдардың бір-бірімен амандық-саулық сұрасқаны сияқты, қарапайым. әңгіменің қызықты өтуі хабарға қатысушылардың ой-өрісі, талғам деңгейі, білімтаным дәрежесіне қатысты тәрізді. Солайы-солдай. Бірақ шынымен гәп осында ғана деп түсінсек – қателесеміз. Автордың, редактордың, режиссердің, операторлардың, хабарға қатысушылардың бірлескен жұмысын дұрыс бағаламағандық болар еді. Хабардың әзірленуі – жауапты процесс. Бір адамның селқостығы біртұтас дүниенің шығуына кедергі келтіруі әбден мүмкін. Осыған ой жүгіртейік.

Жаңадан есімі аталып, өз жұмысында қол жеткізген табыстары үшін сыйлықтар алып, құрметке бөленіп жатқан қыз телекөрермендермен жүздесуге келісім берді. Алдын ала сценарлық жоспар жасалып, жүздесу формалары ойластырылды. Қажетті кинокадрлар түсіріліп, әзірленген соң, ең негізгі – студиядағы жұмыс қана кезегін күтуде. Хабарды дайындап түсіруге екі-үш күн қалғанда қыз редакцияға телефон шалып: «Сірә, хабарға қатыса алмайтын шығармын», - дейді. Редактор себебін сұрағанда сылтауратқаны: «Хабар жазылатын күні қонаққа шақырылған едік. Сыйлы адам. Басқа күнге ауыстыра салсаңыздар». Жауабы осы. Хабардың редакторы жан ұшыра жағдайды түсіндіреді. Бір ай бойғы дайындық, техниканың, телеаппаратураның жұмыс істеу мүмкіндігі, оны өзгертуге болмайтындығы – бәрі-бәрі айтылады. Қыз түсінген ыңғайда. Тағы да келісім берді. Қайта-қайта уәдесін нықтағаннан кейін редактордың да көңілі жайланғандай. Басқа да қам-қарекетін тиянақтауда. Белгіленген күні, уағдалы сағатта қыз студияға келді деп ойлайтын шығарсыздар. Келмеді. Хабарды түсіру кезінде жұмыс істейтін қаншама адам қызды тағатсыздана күтулі. Режиссер мен редактор бір-біріне қараған шарасыз күйде. Хабар жазылмады.

Кейіннен қыздан неге келмегендігін сұрағанда, қысылмастан «Тамағымның ангинасы бар еді, ауырып қалдым», - деді. Ол да мүмкін ғой. Бірақ бір жолдас сол қыздың «сыйлы адамның» үйінде қонақта бірге болғандығын айтқан... Мұны естіген редактордың күйінгенін көрсеңіз...

## САЛҚЫН СЫНАҚ

Студенттік жылдар. Білім нәрімен мольнан сусындайтан кезең. Әр лекцияның өзіндік жаңалығы бар. Тіпті, ол бұрын жүз рет қайталанған болса да, сен үшін тың, тосын әлем. Әсия осылай ойлайтын. Білімге деген құштарлығы шығар, бірде-бір лекциядан қалып көрген емес. Қолы қалт етсе, кітапханаға жүгіретін. Бірақ, бір қызығы, семинар кезінде суырылып алға шығып, жиі-жиі көзге түсуге құмартпайтын. Содан да болар, лекцияларға бірде қатысып, бірде қатыспай жүретін кейбір студенттер семинар кезінде бірер тақырыпқа ғана дайындалып келіп, кезекпе-кезек сөз алып, «төрттік» пен «бестіктерді» иемденіп жатқанда бұл соңын ала ғана қосымша бір сұрақтарға жауап беретін де, соны қанағат тұтатын. Әйтеуір «Әсия көп біледі» дейтін пікір қалыптаса қоймаған-тын.

Филология факультетінде арнайы курс бойынша әдебиетші және тіл мамандарын даярлайтын екі топқа бөлу тәжірибесі бар. Әсия тілшілер тобында. Әдебиетшілердей емес, тілшілердің тірлігіне «әріп санаушылар» деп шекесінен қарайтындар да жоқ емес. Сонда да Әсия өз мамандығын сүйетін, өзіншілдігі аз, қарапайым ғана студент қыздардың бірі еді.

Қысқы сессия басталды. Ауыл еңбеккерлерінің мал төлдету, шөп шабу, егін жинау науқандары сияқты бұл да студент қауымының сүрініп-жығылатын қарбалас кезеңі. Оқу залдарында ине шаншар орын жоқ. Әншейінде бос тұратын орталық кітапханада ішке кіру үшін кезек күткен студенттердің ұзын-созбақ тізбегін көресің. Жатақханалардың шамы сөнбейді. Әйтсе де, әдеттегі қан қыздырар музыканың үні әредік, баяу естіледі. Бір-бірін көргенде қоятын сұрақтарының нобайы да шамалас:

– Дайындық қалай? Не оқып отырсың?

– Миым ашып кетті. «Кез келген С дегеніміз Р емес».

– Ә, психология ғой. Әлде, логика ма еді?! Бірақ мені ағылшын тілі қинап тұр. Келесі семестрде болсын, бірде-бір сабақты босатпаспын-ау.

– Әсия да қатты толқулы еді. Ертең емтихан. «Тарихи материализмнен» жазған конспектілерін жүз ақтара оқып шықты. Көрші бөлмедегі Гүлжан келді. Оларға емтихан арғы күні.

– Семинарларда жауап беріп жүрмін ғой. Ағай құлатпайтын шығар. Кітапты қолыма кеше ғана алдым, – деп күледі. Әсия толқулы екенін жасырған жоқ. Гүлжан ештеме демеді. Асығыс шығып кетті.

Ертеңіне алғашқылардың бірі болып емтихан тапсырған Әсия «өте жақсы» деген баға алғанда қатты қуанды.

Құрбыластары қаумалап, сұрақтарын жаудырып жатыр.

– Нешінші билет келді?

– Ағайдың көңіл күйі қалай?

– Бәріне жауап бердің бе?

Әсия аузын ашып үлгергенше, келесі біреуі киіп кетеді.

– Бірінші сұрағың не өзі? – деп біреу жеңінен тартқанда байқады, Гүлжан екен.

– Базис пен қондырма туралы ұғым



Ол мұны қолтықтап, былайырақ алып шықты.

– Жатақханаға қайтасың ба?

– Кеттік.

Екеуі жол бойы әрнені тілге тиек етті. «Жағдайларыңды білмек болып барып едім» деп қояды Гүлжан. Жатақханаға келген соң бірден бөлмесіне шақырды. Онымен бірге тұратын Роза мен Галия да кітаптарына үңіліп отыр екен. Хал-жағдай сұрасты.

– Мәселе былай, – деді Гүлжан, – базис пен қондырма жөнінде біздің де түсінігіміз бар. Сен басқа бірнеше сұрақтарға жауап бере аласың ба?

– Көрейін.

Нағыз емтихан енді басталғандай. Тарихи материализмнің түп-төркінінен бастап, билеттердегі барлық сұрақтар қамтылды. Әсия өзін тым еркін сезініп, ойларын батыл да айқын жеткізуде. Қоғамдық прогрестің тұтқасы өз қолына тигендей шабыттана сөйледі. Әлде екі сағат, әлде үш сағат жалпы шолу жасап шыққаннан кейін барып, тоқтады-ау. Сұрақ та түгесілді. Өзіне-өзі риза кепікке орнынан тұрған Әсияға Гүлжан:

– Сен бізді кешір, – деді, – шынымызды айтсақ, сенің емтиханды ылғи «беске» тапсыратынына сенбейтінбіз. Өйткені жай уақытта үндемей жүресің де, сын сәттерде үнемі озаттардан да озып кетесің. Содан соң, бір рет сынап көрейікші деп келіскенбіз. Ренжімейсің бе?

– Ой, қыздар, бұларың не?..

Әсия құрбыластарының бұл қылығына назаланса да, іштей қатты жазғыра қоймады. Ол өзінің тиянақтылығына сенетін. Әйтсе де, осы бір уақиға оның жүрегінде ұзақ уақыт сақталып қалды...

## **БІР СҮРІНДІҢ, СОДАН СОҢ...**

Ринат Крамской көшесіндегі 34-үйде тұратын кластас досы әрі көршісі Павликтің пәтеріне келе жатқанда «мектепке бірге барайық» деп айтудан басқа, бөтен ойы болған жоқ. Жаңа оқу жылының басталғаны кеше ғана. Сарылып сабаққа дайындалатын күндер алда. Әдеттегідей, Павлик үйінде жалғыз екен. Әке-шешесі жұмыстарына кетсе керек. Ол Ринатты қонақ бөлмелеріне өткізді де өзі дәлізде аяқ киімін тазалап жатты. Сәл ғана күте тұруын өтінген. Сабақтың басталуына әлі он бес минут уақыт бар. Мектеп үйдің дәл жанында. Үлгереді. Ол бүткіл бір қабырғаны алып жатқан кітап сөрелерінен көз ала алмай қарап тұр. Есіне мектептегі бір оқиға түсті.

Қаладағы бұлар оқитын 107-мектепте жақсы ұйымдастырылған әдебиет бөлмесі бар-тын. Бірде әдебиет сабағынан кейін бұл Алексей Толстойдың «Бірінші Петр» кітабын ешкімге байқатпай жымқырып әкеткен. Бірақ келесі сабақ үстінде-ақ ұрлығы әшкереленіп қалды. «Оқып шығып, орнына әкеліп қоятын едім» деп ақталған. Әдебиет мұғалімінен ескерту алғаны болмаса, ешкім шу шығармады. Тіпті, ештеңе болмағандай. Біраз күн өзі іштей ыңғайсызданып жүрді де, кейін ұмытып кеткен. Қалың-қалың кітап мұқабаларына қол ұшын тигізді. «Біреуін алсам ба екен?» деген ой санасында жылт еткені сол еді, осы кезде Павликтің даусы естілді.

– Кешігеміз! Жүгірейік! – деді ол.

Ринат сүлесөк күйде сыртқа беттеді. Шыға берістегі тумбочканың үстінде жатқан кілтті алып, көп ойланбастан қалтасына сүңгітіп жіберді. Павлик өзіндегі дәл сондай кілтпен есікті жапты да, жазғы каникул қызықтарын, тағы да бір нәрселерді әңгімелеп, көңілді, бейқам келе жатты.

Сабақ үстінде Ринат әртүрлі ойға кеткен: «Кілттерін қайтарсам ба екен? Не деп? Кім біледі менің алғанымды? Ешкім де. Кітаптарын ғана алсам. Жоғалғанын бірден байқай да қоймас. Басқасына тиіспеймін. Классиктердің томдарын екі-үш есе қымбат бағасына сатып жіберемін де, ақшасына магнитофон кассеталарын аламын. Оншақтысы жетеді. Көп емес...»

Үзіліс кезінде Ринат құстай ұшып, Павликтің пәтеріне келді де, қалтасындағы кілтімен есікті ашып, енгігін басып, тың-тыңдады. Тірі жан жоқ. Қолына іліккен он бес шақты кітапты үйдің сыртындағы суы жоқ арықтың ішіне тастады да, оның үстін күздікүнгі сауылдап түсіп жатқан сары ала жапырақтармен жаба салды. Сабақтан соң қолына үлкен қара сөмкені ұстап келді де, кітаптарды алып, Фурманов көшесіндегі аптеканың алдында кітап-құмарларды қарық қылды. Ту-талапай. Ертеңінде бұл кәсіпке тағы да кірісті. В. Гюгоның 10 томдығы, Стендальдың 11 томы, Мопассаның 7 том шығармасы, Э. Войничтің, О.Генридің, Д. Дефоның, С. Есениннің, У. Коллинздің, П. Бажовтың құнды кітаптары қолды болды. Екі күннің ішінде барлығы 52 кітаптың 31-ін сатып үлгерді. Қалған 21 кітаптың да көзін жоймақ еді...

Бірақ сол күні кешкісін Ринат Кәрімов досы Павликтің бетіне тура карауға жүзі шыдамай, милиция бөлімшесінде отырды.

Одан бері екі жыл өткен. Бұл күнде Ринат – оныншы кластың оқушысы. Мектеп директоры Е.Г. Гуляева Ринаттың қазір дұрыс жолға түскендігіне кепілдік бере алатынын айтты. Жолығысуға шақырттық. Талдырмаш, қағілез, жұқалтаң өңді жас жігіттің сыпайы сәлемдесуі, орнықты жауаптары ұнады.

– Сені мұнда не үшін шақыртқанымды білемісің? – деді директор.

– Білмей тұрмын. Сіз мені жиі шақырасыз ғой.

– Жалпы, нендей себеппен шақыртушы едім?

– Көбінесе әңгімелесуге. Ақыл айтуға ғана емес, ақылдасуға, пікірлесуге. «Қателігімді қайталамаймын» деп уәде бергенмін. Қайталамаймын да.

Директор мен оқушының осылай тіл қатысуынан-ақ олардың арасында жақсы байланыс барын аңғаруға болатындай.

– Ринат, бос уақытыңды қалай өткізесің? – деймін сыр тартып.

– Көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысамын. «Жетісу» ансамблінің мүшесімін. Жаттығудайындығымызды үзбейміз. Мектепте дискотека клубын ұйымдастыруды міндетіме алғанмын. Кино, театрға барамыз. Кітаптар оқимын. Сабаққа дайындаламын. Үй жұмыстарының кейбіріне септігімді тигізіп, шешем мен қарындасыма көмектесемін. Бос уақытым аз.

– Кітапқа қызығушылығың қалай қазір?

– Қалай десем екен... Кітаптарды таңдап оқимын. Кітапханаларда жиі боламын. Ұрлыққа ешқашан жоламасын. Сөз бергенмін. Кітап – рухани қазына. Рухани байлықты саудалауға болмайды екен. Музыкаға қатысты және музыканттар өмірінен жазылған шығармаларға құмармын. Соңғы күндері бас алмай оқып жатқан кітабым – Т.Маннның «Доктор Фаустусы», композитор Леверкюннің аянышты тағдыры жүрегінді ауыртады екен.

– Жаны өте нәзік бала, – деді директор ол шығып кеткен соң. – Шешесі «Металлист» заводының озат жұмысшысы. Жалғыз қарындасы бар. Әкесі ертерек қайтыс болған. Қателікке баруына сәл еркін жүріп-тұруы әсер еткен сияқты. Алғашында Ринатты балалар үйіне жіберген еді. Жас өспірімдермен жұмыс жүргізетін аудандық инспектор Марияш Қалиевамен көп ақылдастым. Шешесінің көл болған көз жасы да себеп болған шығар. Тәрбиелеуге ұйғардық. Мектепке қайта алдық. Ұсақ бұзақылықтар жасаған балалардан кейбір мектептер құтылғанша асығады. Ринаттың әрекеті жазалауға лайық болса да, сол кезде шетке қақпағанымыз, қайта кінәсін мойындатып, үйінде де, мектепте де тәрбие жұмыстарын күшейткеніміз, сенім білдіргеніміз ақталғандай. Ол бізді өзінің қамқоршысындай сезінеді. Жиі хабарласып, хал-жағдайын біліп тұратын Мәрияш Қалиеваны «Менің инспекторым» дейді. Осы сөзді шын пейілмен, құрметпен айтады. Осының бәрі – тәрбиенің күші.

Кәмелетке толмаған жеткіншек аяғын шалыс басып, бір қателік жасаған екен. Бәлкім, еркелікпен ұштасқан шалдуарлықтың әсері шығар. Бәлкім, еліктегіш құбылма мінез-құлқының көрінісі шығар. Бәлкім, оң-солын ажырата алмай, бұрыс басқан бір қадамы шығар. Бәрі – мүмкін.

Шара қолдану оңай. Мұны мектеп директоры Е.Г.Гуляева да, инспектор М.Қалиева да жақсы түсінген. Сол себепті де олар Ринаттың «қателігімді қайталамаймын» деген бір ауыз сөзіне үміт артқан. Әрине, дәл осы сөзді әрбір қателескен адам жүз қайталап айтатынын, жалынып-жалбарынып кешірім сұрайтынын, тіпті, ант-су ішуге дейін баратынын ойласақ – олардың бұл мәселеге қандай батыл шешіммен келгенін ұғынамыз. Ринат бұдан кейін үнемі бақылау мен қамқорлық аясына алынған. Оның сөзі іс жүзінде дәлелденуі үшін өзі ғана емес, бірнеше адамдар жауапты сезініп, жұмыс жүргізген. Нәтижесі – қуантарлықтай.

### **«КІМГЕ ҚОЛ ҰШЫН БЕРІП ЕДІМ?»**

«Бүгін – жұма. Тағы да бір жұмыс аптасы аяқталды. Ертең кітапханаға баруым керек. Ешқайда бұрылмастан». Оны-мұны қағаздарын жинастырып, стол тартпасына сүнгітіп жатқанда Еркіннің ойын бөліп кара телефон шар ете қалды. «Ассалаумағалейкум!» деді арғы жақтағы дауыс. «Еркінбісің, хал қалай?» деді бастырмалатып. «Таныдың ба?» – деді содан соң ілешала. «Таныс дауыс. Кім бұл?» – Тағы да ойлауға мұрша бермей: «Досыңды ұмыттың, ә!» – деген өкпе-наз естілді. «Бермахан! Сол ғой! Соның дауысы!»

Екеуі де мәре-сәре. Амандық-саулық сұрасып, содан соң «қайдан?», «қашан?» деген сауалдарға қысқа-қысқа жауаптасқаннан кейін жолығысатын жерді белгіледі.

Бірін-бірі көрмегелі он жылға жуықтапты-ау. Кеше ғана сияқты еді: екеуінің де құлақтары қалқып бейтаныс қалаға келгендері, қайтсек те оқуға түсеміз деп жатпай-тұрмай дайындалып, сол үшін оңаша пәтер жалдап, емтихандарын ойдағыдай тапсырып, студенттік күндердің қызық-думандарын бірге бөліскендері, аңсаған армандарының жалынан ұстап, білдей бір мамандық иелері болып шыққандары. Рас, екеуі екі институтта- Еркін КазГУ-де, Бермахан СХИ-да оқыды. Еркін – тарихшымын деп, Бермахан – экономиспін деп кейбір кездерде өз мамандықтарына бұра, талай әңгіменің тиегін ағытушы еді. Бітіргеннен кейін жолдары екі айрылды: біреуі – қалада қалды, екіншісі – жолдамамен Солтүстік Қазақстанның бір алыс ауданына кетті. Содан, міне, араға табаны күректей он жыл салып кездесіп отырғандары.

– Тіршілік қалай? – деді Еркін досының жүзіне барлай қарап. Алдындағы салқын сусыннан бір ұрттап қойды. Стол шетінде тұрған темекі қорабының сыртындағы «Медео» деген жазуды іштей «Медео» деп оқыды. – Жаман емес, – деді Бермахан бұдан көзін алмай.

– Баяғыда ауылдағы қайнысы осындай сауал қойғанда жеңгесі: «Тұрмысымыз шүкір. Ағаң екеуіміз айына үш жүздің үстінде табыс табамыз. Қырық бөтелке өткіземіз... Шүкір. Жетеді» деген екен. Табысты қойшы. Ақкөңіл, адал достарды сағынасың. Солардың кейбір мінез-қылықтарын аңсайсың. Сырлас адам іздейсің.

Екеуі де бұған бас изесіп, бірін-бірі құптап қойды.

– Есінде ме, – деді Бермахан әңгімені жалғастырып, – бітірген жылы бір-бірімізді қашан көреміз деп, қимай қоштасып едік қой. Мен сонда осыншама уақыт өтеді деп ойламаппын. Дәл қайтар кезде қаражатым таусылып қалды да, сенен елу сом алған болатынмын. Ұмытқам жоқ. Бірақ соны кейін почта арқылы салып жіберуге мүмкіндік болса да, сені ренжітіп алармын деп тартындым.

– Несі бар, ештен кеш жақсы, қазір қайтар, – деді Еркін, қалжыңы екенін Бермаханнның иығынан қағып қалып білдіріп. Екеуі де қосыла күлді.

– Алуды білеміз, қайтаруды білмейміз. Қайтаруды білмейміз. Біреуден көмек дәмеміз, бірақ соған кейде рақмет айтуды да естен шығарып аламыз, – деп Еркін досына қарады. Оның жүзінен сәл ыңғайсызданғандық, мұныңмен не айтқың келді деген аңтарылу байқалды, – Жо-жоқ, сені кінәлайын деп отырған жоқпын. Өзімді... өзімді айтамын. Біздің институттағы профессор Дәулетовты білетін шығарсың. Бесінші курста сол кісі менің диплом жұмысыма жетекші болды. Ғылымға икемің бар деп бағыт-бағдар сілетті, ақыры аспирантураға қалуыма ықпал жасады. Аспирантурада оқыған үш жылда мен мүлде басқа салаға ойысып кеттім. Профессордың сенімі ақталмады. «Ғылым мен журналистиканың жолы екі бөлек қой, шырағым» деп бірде ренішін де білдірді. Не дейін. Жүрек қалауымен тапқан жолым деп түсіндіріп жатудың өзі артық сияқты. Міне, менің қайтарылмаған қарызым – осы.

Бермахан бұрынғы досын жоғалтпағанын ұқты. Адалдығы аңқаулық сияқты болып көрінетін еді бұрын. Қазір де сол бүкпесіз көңілмен барын жайып салып отырғаны. Есіне ауылдағы бір оқиға түсті.

Совхоз кеңсесінде келім-кетімді жандар көп болады. Жөн сұрасаң «жұмыс бабымен» дейді қай-қайсысы да. Біреулер болмашы бір шаруасын бітіре алмай директорды, партком секретарын, агрономды, есепшіні күтіп күнұзақ айналсоқтап жүретінін де көресің. Бір күні ауылдағы көнекөз қариялардың бірі Бейсен шалды әлденеге ашуланып отырғанында жолықтырды. Қарияға сәлемдесіп, не шарумен жүргенін сұрады. Ауылдық Советтің хатшысынан алмақ бір анықтама қағаздың соңында екі күн бойы кеңсе табалдырығынан тоздырғанын айтты. «Бас басына би болған ләңкей қикым» деп бәрін де кінәлай сөйледі қария. Бермахан: «Қазір, күте тұрыңыз», – деп хатшыға кіріп, қажетті документті жаздырып алды да: «Ақсақал, ренжімеңіз, міне, анықтама қағазыңыз. Хатшы балаңыз бір жұмыстармен қолы тимей отырған көрінеді. Кешірім етіңіз», – деді дәл бұған өзі айыптыдай сезініп.

– Қарағым, елгезек екенсің, әкеңе тартқан екенсің, оның да үлкен қайырымын көрген кісімін мен. Сен араласпасаң да алатын едім бұл қағазды. Дегенмен, мұның жөн болды, – деді қауқалақтап.

– Әкемнің қайырымы жөнінде айтыңызшы, – деп қалды Бермахан.

– Е-е, сенің әкеңмен бала күнімнен бірге өстім ғой мен. Ол ел басқару ісіне ертерек араласты. Адамдармен тіл табысуы, қарым-қатынасы өте жайлы болатын. Сонау тың көтерілген жылдан бастап отыз жылға жуық бір совхозда еңбек етті. Марқұм кенеттен автомобиль апатына ұшырамағанда еңбектің топай көгі болып жүрер еді ғой. Ол кімге де болса қолдан келген көиегін аямайтын.

Әкең бөлімше меңгерушісі болып тұрғанда мен оның қарамағында механизатор едім. Жем-шөп дайындау науқаны қызу жүріп жатқан. Бір күні шаруашылық иелігіндегі аздаған жылқыдан бірер тай-құнанды бөліп алып, мініс көлік жасауға ұйғарыпты. Аттың құлағында ойнайтын шабандоз екенімді білетін әкең ат үйретуге көмектессеңші деген соң, делебем қозып, бара қалайын. Сауырынан сипасаң, ытырылып тұрған жирен қасқа құнанның мойнына бұғалық тастадық. Кеу-кеулескен жігіттердің сөзі аздап жүрексінгенімді де ұмыттырып, асау құнанға тақым тигіздім. Жануар мөңкудей-ақ мөңкіді, ақыры үстіндегі «бәледен» құтыла алмаған соң сайын даланы бетке алып жұлдыздай ақты. Көзімнен жас парлатып құйғытты-ау шіркін. Әбден сілесі қатып, икемге көнген кезде ауылға оралдым. Қалай шаужайласам да құнан еркімде сияқты. Үй маңынан шықпайтын жаман төбеттер абалап алдымызда орағанда жирен құнанның үркіп жалт бергені, мен оң жақ иығыммен жерді сүзе оңбай жығылдым. Көзім қарауытып кетті. Дәрігер шақырып аудандағы ауруханаға алып барды. Әуелде иығым шыққан болар деп ем жасаған, кейіннен сүйегі шытынағаны анықталды. Содан мен алты айдан астам уақыт ауруханада жатып қалдым. Үйде шиеттей-шиеттей бес бала бар, әйелім жұмыс істемейтін. Кішкентайымыз әлі бір жасқа да толмаған кезі. Ұсақ-түйек малға қарайтын да жан жоқ. Әншейінде асық атып күні бойы ойын соғатын үлкенімізге үміт арттым, әйтеуір, қиын-ақ болды. «Асау өмірдің жалынан ұстап, өз билігімізді жүргізе алмай келе жатқанда – асау құнан үйретіп нем бар еді, тыныш жүрмей» деп өзімді-өзім жазғырамын. Міне, сол тұста сенің әкең үлкен азаматтық жасады. Семьяма қатты қарайласты. Қыстың алдында кешіктірмей отын-суларын қамдап бергізді. Шөп түсіріпті. Балалардың аузын аққа тигізіп, өзінің бір сауын сиырын «Бейсен жазылып шыққанша пайдаланыңдар» деп, ауламызға әкеліп байлапты. Бұл қамқорлығын өмірі ұмытпаспыз. Ержеткен ұлдарыма, бойжеткен қыздарыма реті келгенде әлі күнге дейін айтып отырамын. Сол сауын сиырдың сүтінің дәмі олардың таңдайларынан әлі күнге дейін кеткен жоқ.

«Әне, біздің әкелеріміз сондай болған» дегендей Бермахан бұл хикаяны бастан-аяқ, асықпай баяндап шыққанда Еркін қызыға тыңдады, сөзін бөлген жоқ. Соңын ала «Даламның бір-бір бөлшегі» деп ән сөзіне екпін түсіре күбірледі.

Екеуі бірінің ойын бірі жалғастырып, өткен-кеткеннен бүгінге, бүгіннен ертеңге, өздерінен өзгелерге, өзгелерден басқаларға ауыса отырып талай әңгіменің басын шалып, ұзақ шер тарқатысыпты. Жайшылықта адамдар жаңа таныстық үстінде, немесе айтары болмағанда «Ертең күн ашық болатын шығар» деп-ақ сөз сабақтап жатады ғой. Ал бұлардың барлық айтқандарының адамгершілік, жолдастық деген арнаға құйып жатқаны анық. Әсіресе, екеуін де әлдеқандай арыз емес, қарыз бен парыз толғандыратыны, жылдар өтсе де жүрек жылуларын жоғалтпағаны көңілге шуақ себеді. Бұл екеуінің сырласуы қашан, қай күні, қай жерде өткендігін нақтылау шарт емес болатын. Өйткені осы пікір ұшқындары негізгі әңгіме желісін табуға азды-көпті септігін тигізіп тұрғанын байқамауға болмайды.

Егер, сіз, асығыс бір шаруалармен кетіп бара жатқаныңызда көшеде жылап тұрған баланы көрсеңіз – бұрылып келіп, жөн сұрап, уатасыз.

Егер, сіз, қалт-құлт еткен қарияның машиналар қайшы алысқан үлкен жолды кесіп өте алмай, қарадай қауіптеніп, буындары дірілдеп тұрғанын көрсеңіз – ешкімнің ақыл-кеңесінсіз-ақ оған қол ұшын бересіз, жәрдем жасайсыз.

Егер, сіз, таза ауамен тыныстап, серуендеп қайтпақ болып кешкісін үйден шыққаныңызда бейтаныс біреудің сарайы өртеніп жатқанын байқасаңыз, үн-түнсіз жөніңізге кетпейсіз, жедел хабарлайсыз.

Тәрбиелі жандардың кез келгені мұны мүлтіксіз орындайды. Ал осындай жағдайда көрмеген болып, білмеген болып, естімеген болып сырт қалу, өзіне қатысы жоқ іс санау – кім-кімге де абырой әпермесі анық. Күнделікті өмірде бұған соншалықты көңіл аударып, күн тәртібіне қойып жатпасақ та, елеусіз деген нәрсеге сағат сайын, сәт сайын ұшырасамыз. Сонда оның елеусіз болмағаны ғой.

Жалпы, адамдар арасындағы қарым-қатынаста олардың бір-біріне қол ұшын беруі, жәрдем жасауы, жолын ашуы, өрісін кеңейтуі, үмітін ұзартуы, сенімін бекітуі – қысқасы, жолдастық көмегі ауадай қажет екен. «Адам адамға дос, жолдас, бауыр» дейтін коммунистік қоғамның принципі де осынау ізгі байланыстың терең тамыр тартуымен ғана бүршік жарып, гүлдемек. Олай болса, жас өскеннің бойында өзімшілдік, жеке басының қамын көбірек ойлау, менмендік сияқты рухани кеселдердің құрты түспеуін қадағалап, коллектившілдік, көпшілдік, өзгенің қуаныш-қайғысына бірдей ортақтаса білу қасиеттерін қалыптастыру қашан да болса адамгершілік мораль талаптарына лайық. Әрине, Лев Толстойдың «Жаман жолдас» дейтін

әңгімесін білмейтін оқырман болмауға тиіс. Одан алар тағылым да бөлек. Кімнің кім екендігі жайшылықта емес, қиын кезде сыналатынына мысалдар көп.

Мамыр айының әр күні мереке болып, қарбаласта өтуі қашаннан көзтаным болған жайт. Бұл көңілдері шат, өмірлері шуақты адамдарға тарқамас өмір базарындай. Дегенмен, жекелеген жандардың шаттығын шаятын кездейсоқ оқиғалар маужыраған май күндерінде де болып жатады екен. Жамбыл облысы Жуалы ауданының тұрғыны М.Мәлібеков осындай мереке күндерінде өзі сырқаттанып, ауруханаға түсіп қалғаны аздай, сегіз жасар ұлын жол үстінде доп соңынан жүгіріп келе жатқанда машина қағып кетіп, оқыстан қиын халге ұшырайды. Аудандық аурухананың хирургия бөлімінде оған жедел жәрдем көрсетіледі. Баланың өмірін сақтап қалуға ұйғарған дәрігерлер шұғыл операция столына жатқызып оң аяғын тізеден төмен, сол аяғын тізеден жоғары кесіп тастауға мәжбүр болған. Әуелде, сүйегі сынған болар деп, сынықшы іздеп, шарқ ұрған туған-туысқандары мынадай тауқыметке шарасыз төзген. Кейіннен ол бірнеше ай облыстық балалар ауруханасында жатып шығады.

– Содан ұлым мектепке бара алмай қалған еді, – деп жазған еді М.Мәлібеков өзінің хатында. – Оның болашағын ойлаған кезде не істерімізді білмей бас қатырдық. Ол тек әкесі мен шешесінен басқа адамдарға керегі жоқ болып қалғаны ма деп те күйзеле бастап едік. Сөйтіп жүргенде, айналайын адамдардың қамқор ықылас-пейілі ұлыма өмір қуанышын қайтадан сыйлады. Мектептен арнайы бөлінген мұғалім, бұрынғы класс жетекшісі Пернекүл Әлмағанбетова оның бірнеше кластасын ертіп келіп, көңілін көтеріп, ән-тақпақтар үйретіп, білім нәрін бойына сіңіріп жүр. Рәбиға, Сәкен, Бауыржан, Бақытжан деген достарын қазір семьямыздың тұрақты мүшелеріндей сезінеміз. Олар кезектесіп 3-4 күнде бір келіп тұрды. Осынау балалардың бойындағы жолдасқа, досқа деген қамқорлықтың қайнары қандай тұнық. Біздің қоғамда адамдар арасындағы бауырмалдық сезім балауса, балқұрақ кезден-ақ терең тамыр тартады. Абзал жүректі жандардың өмірде аз болмайтыны да сондықтан. М.Мәлібеков кейіннен ұлының протезбен жүре бастағанын, келер оқу жылында мектеп партасына қайта отырғанын қуана жазып, қиналған кезде баласының қасынан табылғандары үшін оның ұстазына, жолдастарына ризалық білдірген.

Жолдастық көмек жөнінде жайып салар мысалдар қыруар секілді, ал санамалай бастағанда мүдіріп, «осы өзім кімге қол ұшын беріп едім?» деп, көңіл түкпірінен бас көтерген үлкен сауалдың алдында тұрғаныңызды байқайсыз. Кейбір жағдайда біреуге көрсеткен қолғабысыңызға соншалықты мән бермеуіңіз мүмкін – ол ұмыт болды; кейбір кездерде біреуді бақытқа бөлейінші деп бір іс істедіңіз, бірақ ол оған жарыла қуанбады – бұл да ұмытылды; кейбір сәттерде сізге біреудің болмашы ғана ілтипаты, жылы сөзі әсер етті – сіз мұны жадыңыздан шығармайсыз. Түптеп келгенде, жолдастық көмектің өзі осындай елеусіз көрінетіндігімен де ерекше қадірлі болар ма?!

Қызылорда облысына командировка алып, шаруашылықтарды аралап жүргенімізде көкейден осы сауал тағы да кетпей қойған. Сондағы бір аудандық комсомол комитеті қызметкерлері арасында отырғанда бұған қандай жарқын мысалдар келтіре алатындарын сұрадық. Көбінесе комсомолдық нақты іс-шаралар жөнінде талқылауға дағдыланып қалғандықтан ба, олардың әуелде бұған сәл тосырқай қарағаны байқалды. Сәлден соң «Көп қой, қайсібірі қазір еске түседі» деген жауап естідік. Сонымен бұл әңгіме одан әрі өрбімеді. Дәл осындай күйді басқа да бірнеше мекемелерде болғанда да бастан кешірдік. Бұдан кейін біздің санамызда «Дәл солай, сұрақты төтесінен қою дұрыс па?» деген күмән оянған. Сірә, бұл жолдастық көмектің кәдімгі тыныс-тіршілігімізден бөлінбестей болып кетуінен шығар. Осы ойды нақтылай түскендей, Қазалыдағы №86 жылжымалы-механикаландырылған колоннаның экскаватор жүргізушісі, Бүкіл одақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Досберген Садақбаев былай деген:

– Жолдастық көмек, ең алдымен, еңбек жолын жаңа бастаған жастарға қажет. Әу баста білмейтінің біршама, түсінбейтінің қаншама! Тіпті таңдаған мамандығыңның да кейбір құпиялары аптыққан жүректі шайлықтырып тастардай болады. Сондайда, сенім бекітер ақылша-ұстазыңның айтар әрбір кеңесі – кәдімгі жолдастық көмек. Мен мұны экскаватор машинисі, қазіргі Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шынтас Нұрғожаев ағайға көмекші болып келгенде бірден бағамдамасам да, кейіннен ұқтым. Ол кісінің маған ықпалы әр күні, әр сағатта сезіліп отырған еді. Енді, міне, бүгінде ол ағамызға рақметтен басқа айтарым жоқ. Досбергеннің бұл пікірінен соң, жолдастық көмектің тамаша бір көрінісін коллективтен, еңбек ортасынан, ондағы бір мақсатқа жұмылған адамдар арасындағы қарым-қатынастан іздеу керектігі, содан советтік өмір салтымызға тән сипаттар табатынымыз көңілге ұялады.

Алматыдағы «Поршень» заводында 900-ге жуық комсомолец-жастар еңбек етеді. Көптеген бригадалар бар. Поршень бөлшектерін шығаратын цехтардың бірінде бригадир Ораз Тұрарбековпен әңгімелесіп отырдық. Сол күні, 23 июнь, бүкіл еліміздің жастары сияқты Ораз басқаратын бригада коллективі де Бүкіл одақтық жастар сенбілігіне қатысып, алдағы жылы өтетін фестиваль қорына қомақты қаржы аударуға үлес қосып жатты. Бір кезде В.И.Ленин «Ұлы бастама» деп қуана құптаған, зор тарихи мәнін ашып көрсеткен коллективтік саналы еңбектің ең үздік үлгісі – «Қызыл сенбіліктер» – қазіргі таңда бастамадан өміршең дәстүрлік сипатқа көшкені де баршаға аян. Жолдастық көмек жөнінде сөз сабақтаған Ораз да алдымен осыған орайлас пікір қорытты.

– Осы сенбіліктердің өзі, менімше, коллективтік ең үлкен жолдастық көмектің жарқын көрінісі,- деді ол. – «Бейбітшілік қорына», «Бесжылдық қорына», «Фестиваль қорына» деген сөздердің мән-мағынасына көңіл бөлсек, сайып келгенде, бұл адамдардың бір-біріне жасаған көмегі. Соған саналы түрде және ерікті түрде баруы. «Өзіме», «маған» деген қара бастың ғана қамын ойлаушылықтан шығып, «бәрімізге», «оларға» деген нағыз гуманистік, коммунистік мұратқа қызмет ету.

– Ал, енді Ораз, өзің басқаратын бригаданың еңбек өнімділігіне, жоспарлы тапсырмалардың орындалуына жолдастық өзара көмектің ықпалы бола ма? – деп сауал тастадық.

– Неге болмасын, – деді ол. – Бригаданың әр бір мүшесі ортақ мақсаты, ортақ жауапкершілікті түсінуі ең басты шарт. Бұл деген сөз, олардың бір-біріне қарайлайтынын, бір-бірінің жетістігіне қуанып, кемшілігіне қиналатынын, қатар адымдауға қалыптастыратынын көрсетпек. Бригадамызда – 10 адам. Олар бір-біріне қандай да бір қысылтаяң кездерде көмекке келе алатынына еш күмәнданбаймын.

– Әрине, жалпылама пікір қорыту кейде тым оңай сияқты көрінеді. Мәселен, үлкен коллективтің өз ішінде болмаса, сырттай ондағы еңбек тынысы жоспарлы тапсырмалардың орындалу-орындалмау көрсеткішіне қарай анықталатынын да жасыруға болмайды.

– Бұл, әрине, сырттай қарағанда. «Сырттай тон пішпейік» деп жатамыз ғой. Мындаған жұмысшысы бар завод өмірінен адам тағдырына қатысты не бір жайларды да қозғауға мүмкіндік көп.

– Олай болса, сөз кезегі сізде.

– Осыдан жарты жылдай бұрын біздің қатарымызға жаңадан жас жұмысшы қосылды. Әмірбек Исаев деген жігіт. Бұрғылау станогында жұмыс істей бастады. Байқап жүрміз: құлшынысы зор, тапсырманы тиянақты атқаруға тырысады. Бірақ тәжірибенің аздығы болар күндік нормасын орындай алмай жүрді. Айтқамал, Екатерина, Несіпкүл дейтін қыздар әзілдеп: «Әмірбек бізді кері тартады, біз оны бері тартамыз» десе, қысылып, қызарақтап сөз таба алмай қалады. Намысын қайрап жүріпті. Бір күні екінші кезектегі жұмыс уақытымыз аяқталып, қайтуға жиналып жатқанымызда Әмірбектің станокты тоқтатпағанын көрдік. Қасына келгендерге: «Жүре беріндер, мен екі-үш күндік «қарымызды» өтемей қайтпаймын», - деді. Мұнысына іштей сүйсініп тұрмыз. Келісіп алғандай-ақ бригада мүшелері өз орын-орындарына барды. «Көмегімізді қабыл ал, намысшыл жігіт!» деп қыздар қалжыңға шақыруын қояр емес. Қалжыңсыз көмектестік. Бәлкім, ол жалғыз өзі төрт-бес сағатта зорға тәмамдайтын жұмысты бригада коллективі жарты сағат мөлшерінде дөңгелетіп тастады. Әмірбек сол күні жолдастарына риза пейілмен күліп-ойнап жұмыстан қайтты. Бірте-бірте шеберлігін ұштаған ол қазір қажет болса кім-кімге де қол ұшын беруге әзір. Коллективке керегі де осы. Бригадамыз әрдайым алған міндеттемесін орындап келе жатса, бұған коллективтегі ұйымшылдықтың, жолдастық өзара көмектің сөзсіз үлкен әсері болғаны.

Жолдастық көмек жөніндегі ұғымды көптеген адамдардың өз өресі деңгейінде ғана шамалайтыны бар. Біреулердің мұны мүлде қате түсінетіндігін, «мен – саған, сен – маған» деген сияқты есепке құрылған қарым-қатынасқа айналдырғысы келетінін де байқамауға болмайды. Сонау мектеп партасында отырған кезде, үйге берілген тапсырманы орындамай келіп, жанындағы жақсы оқитын оқушының дәптерін сұрап алып, жан ұшыра көшіріп, мұғалім тексергенде «4» пен «5»-тің біреуін қағып түсіп, қарап отыратын пысықай бала есіңізде ме? Қиын кезде «құтқарғаны» үшін ол да кластасына рақметін жаудыратын. Ал кейде мұны байқап қалған мұғалімнің «бұл жолдастық көмек емес» дегеніне де ол кезде онша мән бермеппіз. Есейген соң ешкім де бұлай ескертпеуі мүмкін. Шалыс қадамның ащы сабақтарын ғана саралайды өзге жұрт.

Жолдастық көмек есепке құрылмауы керек. Біздің өміріміздің кәдімгі нормасына айналуы тиіс.

Институтта бірге қатар оқитын Тілек пен Әнестің айтатын сырлары да, алға қойған мақсаттары да бір еді. Көп балалы семьядан шыққандықтан болар, Әнестің ауылдағы бауыр-қарындастарына көп қарайлайтыны, кейде тіпті стипендиясынан үнемдеп, соларға ұсақ-түйек заттар алып жүретіні, әкесінің қатты сырқат екендігі көп таршылық көрмей өскен Тілекті де ойлантатын. Үшінші курсты бітіруге жақын қалғанда Әнестің әкесі қайтпас сапарға аттанды. Сол жазда студенттік құрылыс отрядының құрамында Тілек Торғай облысына кетті де, Әнес ауылдағы жарым көңіл анасының жанында болуды жөн көрді. «Былтыр әкем денсаулығы төмендеп жүргеніне қарамай, үй сыламақшы болып бір істі қолға алған еді. Қабырғасын да тұрғызып үлгере алмады. Соны аяқтауым керек шығар, осы жазда», - деп Әнес досына жағдайын айтқан кетерде. Тілек бұған сол жерде ештеңе демесе де, іштей түйін жасаған. «Көмектесу керек». Торғайда отряд қарқынды жұмыс істеп, объектіні мерзімінен бұрын тапсырды. Жігіттер қуанулы. Жиырма шақты күн демалыста жақсы тынығып, ауылда аунап-қунап қайтуға болады. Осы кезде Тілек ойындағысын жолдастарының талқысына салған. «Көктерекке барайық. Әнестің үйін тұрғызып беруге қолғабыс жасайық. Тағы бір он күн шаршап, қиналармыз. Есесіне, есте қаларлықтай жұмыс тындырамыз». Бұл ұсынысты қолдаушылар да табылды. «Әнестің ләзі ештеңе демеді ғой» деп бұра тартқандар да болды. Ақыры, Тілек бастаған сайдың тасындай он шақты жігіт кешкі автобуспен Көктерекке келіп түсті. Әрине, Әнес мұны күтпеген еді. Бірер аптаның ішінде төрт бөлмелі үйдің қабырғасы қаланып, төбесі жабылып, шатыры орнап, есік-терезесі жұтынып шыға келгенде көрші-көлем, ауыл адамдары таңдай қағысты. Әнестің анасы көзіне жас алып «Айналайындар, аман болындар!» деп әрқайсысының бетінен сүйіп шығарып салды. Қанша дегенмен, Әнес Тілектің алдында өзін қарыздар сезініп жүрді. Бірде сол ойын айтып та қалды. Сонда Әнес Тілекке: «Мынау не деп тұр?» дегендей таңырқай қараған: «Оу, бұл қарапайым жолдастық көмек қой» деген күліп. «Шіркін – деп ойлаған Тілек, – адамдар әрдайым бір-біріне осылай қамқор болса ғой, алғаусыз, сатусыз көңілмен жақсылық істесе ғой, достық, жолдастық көмектерін аямаса ғой!»

Жітіқарадан шыққан машина Қостанайға дейін қарабарқын күре жолменен бауырын жаза жүйткіді. Машинада төрт адамбыз. Астық науқаны кезіндегі еңбек тынысымен танысып, дикан қауымымен жүздесу үшін келген сапарымыз еді бұл. Жанымдағы әріптестерім – облыстық радионың, облыстық газеттің журналистері тұғын. Әсер ұшан-теңіз, әңгіме көп. Шофер жігіттің шертер сырлары да таусылмайды екен. «Бұл ләлкеде мен білмейтін сүрлеу қалған жоқ» деп қояды. Біз оның тәжірибелі жүргізуші екендігіне еш күмән келтірмедік. Бірақ мына қырсықты қараңызшы: командировканың мерзімі бітіп, бүгін кешке қалай да қалаға жетіп жығылуды ойлап келе жатқанда «қара арғымақтың» моторы күрк-күрк жөтеліп барып, біржолата үні өшті. Құлағымыздан бірсарынды ызыңның жаңғырығы бірте-бірте алыстап барады. Қара жолдың үстінде қаңтарылып қалдық. «Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар» дейміз біз. «Қапа болмаңыздар, бір-біріне әрдайым көмегі әзір тұратын шофер деген халықпыз ғой, қазір кез келген машинаны тоқтатып, жәрдем сұраймын» деп жүргізуші жігіт өзін де, бізді де жігерлендіріп қояды. Ақсұр «Жигули» көрінді де, қол көтерсек те тоқтамай кетті. Ыңыранып бір автобус жақындады, жолаушылары көп болған соң ба, аялдаған жоқ. Тағы да екі-үш машинаға қол бұлғап қала бердік. Өстіп тұра бере ме едік, қайтер едік, жеңіл «Нива» машинасы жайлап келіп тоқтамағанда. Қырықтың үстіндегі жігіт ағасы жас жүргізушімен бірге мотордың о жер, бұ жерін шұқылап көрді де, басын шайқап, 10-15 шақырым жердегі селоға дейін тіркемеге алып, жеткізіп салуға ниет білдірді. Жол үстіндегі сол бір көмектің алып-ұшып бара жатқан ерекшелігі болмас та. Қамқор жігіт ағасының аты-жөнін сұрауды да ескермеппіз. Ал оның қарызсыз жасаған қайырымы ұмытылмай көкейде қалыпты.

Жұмағали ол кезде КазГУ-дің студенті болатын. Төртінші курста оқиды. Әскери борышын өтеп келгеннен кейін туған ауылы Майбалықта екі жыл жұмыс істеп, содан соң ғана университеттің дайындық курсына түсіп, ақыры алға қойған мақсатына қол жеткізіп, студент болған ол енді жүрек түкпірінде белгісіз бір тәтті қиялдың ояна бастағандығын сезетін. Көңіл жарастығымен бір-біріне күннен-күнге ыстық тартып бара жатқан Назгүл есімді қызға «отау тігейік» деген ұсыныс жасағанда, екеуі де тәуекелдің жел қайығы желкенін көргендей толқыған.

Жұмағали мектеп бітіргенше жалғыз әпкесінің тәрбиесінде өсті. Әке-шешесі ертерек көз жұмған болатын. Неғұрлым өз күшіне, еңбегіне сену, бар мен жоққа бірдей төзу бойына бірте-бірте дарып келе жатқан қасиет еді. Назгүл де өзі сияқты. Мода қуған құрбыластарындай емес,

оқуын ойлайтын біртоға. Әкесі кенеттен қайтыс болғанда, шешесі шиеттей-шиеттей жеті баламен қалған екен. Екеуін тез ұғыстырған да көздеріндегі мұн, өмірлеріндегі ұқсастық болар, сірә.

Сөйтіп олар семья құрып, шаңырақ көтерді. Көптеген құрбыларындай онсыз да думанды студенттік шақты дуылдатып үлкен той өткізуге шамалары келмейтін еді. Некеге тұрған күні ретіне қарай шағын отырыспен ғана шектелмек болған. Неке сарайының алдына курстастары жиналғанын көргенде бұлар қуанып та, қысылып та тұрды. Назгүл мен Жұмағалиды кезек-кезек келіп құттықтап жатыр, құшақтарын гүлге толтырады. Сол күні курстас достарының көмегімен табылған пәтерде тойлары өтті. Жалға алған пәтердің аядай ғана екі бөлмесіне қырық-елу адам қалай сыйғанына қазір екеуі де таң қалады. Сол күні курстастары үй иесін шақырып алып, бұлардың бір жылдық пәтерақысын қолма-қол төледі. «Біздің азғантай көмегіміз. Қысылмандар, жағдайларыңды түсінеміз. Жандарыңда біз бармыз. Ең бастысы «Үйлену қиын – үй болу оңай» деп әдейі бұра сөйлеп, әзіл-қалжыңмен көмкеріп тілектерін қосқан. Олар университетті бітіргеннен кейін жан-жаққа кетті. Сан тарау ағысқа көшті. Студенттік күндерде мұндай оқиғалар көп қайталанады. Ірілі-ұсақты. Кейіннен ол шақты сағына еске алуымыздың бір сыры осында да жатқандай.

Өмірде әрбір жақсы мен жаңаға шын жүректен қуанып, құптай алмайтын адам – өзгенің басындағы бақытсыздық пен қиындыққа да соншалықты жаны ашып, қайғыра қоймайды. Ондай жандардың ұғымында жолдастық көмек дегеніміз – аңқау да ақ көңіл адамдардың шашып-төгетін сыйы секілді де көрінуі ықтимал. Алуға – бар, беруге – жоқ психологиямен ғұмыр кешетіндердің қылығы жас ұрпақ санасына қалай әсер етеді деп ойлайсыз? Әрине, кері әсер. Ендеше, бұл мәселенің қазіргі дамуымыздағы ел азаматтары үшін актуальдылығы әрдайым арта түспесе, кемімеуге тиіс.

Осы жайды жазу барысында орта жастан асып, егделікке ентігіп жеткен бір адаммен жолығып сыр тартқанбыз. Сондағы оның пікіріндегі салқындық лебі мынандай-тұғын:

– Ха... жолдастық көмек... Бар ма өзі сондай көмек? Майда-шүйдесін қойшы. Кесегін айтамын... Баяғының батырларындай кім қазір өмірін жолдасы үшін бәске тіге алады? Кім Атымтайдай жомарт? Жаяу қалған жолдасын аяп, астындағы жалғыз атынан түсіп көлденең тартатын мәрттікті қай машина мінген көрсетіпті? Бостекі сөз. Біреу кенеттен шырпы басын сындырып берсе, сонысын көмек санап, қайтарымын күтеді. Тіпті талап етуден де тайынбайды. Бәрі сатулы, бәрі есептеулі...

Бұл не сонда? Ашынып айтқандық па, асырып айтқандық па, асығып айтқандық па?!

Осы сөздерде де сіз бен бізді ойландыратын біраз жайдың қозғауы жатқаны анық.

Күнделікті өмір ағысында жан-жағына қарайлап, «Қайда кетіп барамыз?», «Өмірлік мұратымыз не?», «Ортақ мүдде дегенді қалай түсінеміз?» деген сияқты өзекті сауалдарға жауап іздеген мақұл. Бірақ ондайда шолақ байлам, келте тұжырым жасауға ұрынбау керек. Бір адамның теріс көзқарасы оның айналасындағыларға да азды-көпті әсер етпек. Мәселен, әлгі пікірдің оң-солын айқын ажырата қоймаған жас өспірім түгіл ата сақалы аузына түскен адамның лзін бейжай қалдырмауы неліктен? Оның негізінде ұшқары болса да, ой ұшқындары жатқандығынан шығар, бәлкім. Алайда ол біздің советтік өмір шындығына лайық деуге еш сиымсыз. Егер үңіле қарасак, жолдастық көмектің үлкен-кішісі дейтін шартты ұғым. Сондықтан адамгершілік қасиеттер жөнінде сөз сабақтағанда кез-келген ұсақ-түйектің өзіне айрықша мән беріп қараймыз. Әр түрлі ортада, әр түрлі жағдайда, әр түрлі күйде де ақ жүрек адам өзін-өзі жоғалтпайды, әрдайым жақсы жағынан көрінеді. Ал оның кей-кейде қателесуі, жаңылысуы, сүрініп кетуі – оны қолма-қол түзеуімен, жөндеуімен, екінші рет қайталамауымен ақталмақ. Қазіргі күнде баяғының батырларындай жолдасы үшін отқа түсетін жан табылмайды деу – мүлде қате пікір. Ең алдымен қиын сынға қатар келу сирек. Мамыражай тірлікте оқыс оқиғалардың өзі оқтын-оқтын ұшырасады. Ал ондайда ердің ерлігі, азаматтығы дәлелденіп жатудың қазір де куәсіміз. Бір ғана мысал келтірейік. Ақтөбелік фото-тілші Марат Жұмағұловтың өртеніп жатқан үйден балаларды құтқару үшін жасаған қадамы, сәбилердің өмірін сақтап қалғаны, өзінің ауыр жарақат алғаны кездейсоқтық па?! Бұл туралы баспасөз бетінде орынды жазылған болатын. Рас, өрт апатын ешкім де күтіп, соған дайындалмайды, тек одан сақтану шараларын жүргізеді. Ал өз басын қатерге тігіп, жас жігіттің жан қиярлықпен көмекке баруында саналы әрекет басым. Сондай-ақ, бұл жеке-дара оқиға деуге келмес. Қиын-ыстау кезде бейтаныс жандарға қол ұшын берген адам жайшылықта жолдастарының алдында да жүзін төмендетіп тұрмайды. Баяғының аңыз-ертегілері де бүгінгі күннің адамын



тәрбиелеуге қызмет етеді. Ал оның тәрбиелік мәнін түсінбеуден әлгіндей сыңар жақ пікір туындамақ.

«Бәрі санаулы, бәрі есептеулі...» Бұл да адамдар арасындағы қарым-қатынасқа бір жақты берілген баға. Сатылмайтын көңіл бар, сенім бар, достық пен махаббат бар. Ықыласты, сыйласымды түсінбейтіндер де кездесетіні рас. Бірақ солардың кінәсінен көптеген ақ пейіл жандарға күйе жаға салуға бола ма екен? Асылы, айтар ойың үстірт көзқарасыңның құрбаны болмауын ойлаған жөн.

Қапар есімді жігіт Алматы облысының бір мектебінде мұғалім болатын. Арада аз жыл өткенде ол өзі алғаш еңбек жолын бастаған мектептің оқу ісі бөлімінің меңгерушісі, одан соң директоры болып істеді. Бірде оған мұғалімдердің август кеңесінде жолығып қалып, хал-жағдай сұрастық. Сөзден-сөз шығып, әзілдеп қалай тез көтерілгенін, кімнің «көмегі» болғанын білгіміз келетінін аңғарттық. Ол бұған әзілге де бұрмай, мақтанбай да тура жауап берді. Өрі өзінің осы сауал төңірегіндегі кейбір ойлары барын да жасырмады.

– Шынымды айтсам, – деді ол, – мен өмір бойы бұрынғы ұстазым Шөкен ағайға қарыздармын. Оқушы кезімде дұрыс бағыт-бағдар берді, мамандық таңдау тұсында ақыл-кеңесін аяған жоқ. «Ұстаз болу – өзгенің бақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау» деген Жан-Жак Руссоның сөзін жиі қайталайтын. Содан, сол кісінің ықпалымен және өз көңіл қалауыммен мұғалімдік жолға түстім. Институтты бітірген соң туған аулыма келіп, кеше ғана өзім отырған партаның қасында тұрып жас балаларға білім нәрін ұсындым. Мектеп өмірінің қым-қуат тіршілігіне қызу араластым. Бұл кезде Шөкен ағай аудандық оқу бөліміне ауысқан болатын. Арнайы келгенде арадік сабағыма да қатысып, ой-пікір бөлісіп жүрді. Қолдау көрсеткені анық. Қандас туыс болмасақ та, рухани туыспыз.

– Қапар, қалай ойлайсың, рас қызметіңнің өсуінде іскерлігіңе, біліміңе, адамдармен жұмыс жүргізе білу қабілетіңе қоса алдындағы ағаңның да қолдауы болғаны сияқты. Мұны тамыртаныстық күшімен деп түсінетіндер де бар ғой?..

– Олар түсінбейтіндер. Немесе, өздері тек таныстықты саудалап, ағалап-жағалайтындар. Шәкеңнің алдында менің арым таза. Біздің арамыздағы қарым-қатынас сыйластыққа, ықыласқа, сенімге құрылған. Содан соң қызметімді қалай алып жүргенімді бақылайтын коллектив бар, тиісті орындар бар. Мен ең алдымен солардың алдында жауап беремін ғой. Ендеше, мұндай көмекті көрсетуге кім-кім де тартынбауы керек деп ойлаймын. Ал өзгеге жасалған қамқорлықты сый-сияпат жасап қайтарамын деу – сорақылық. Оны тек адал еңбегіңмен өтейсің. Мұны да маған Шәкеңнің өзі үйретті. Ол кісі – шын мәніндегі, ұстаз!

Міне, ойлар тоғысы осындай. Өмір салтымыздың жарқын парақтары күн сайын жақсы мазмұнмен толуда. Оған үңіле қарағанда адамдар арасындағы қарым-қатынастың бауырмалдыққа, жолдастыққа негізделгенін байқамау мүмкін емес. Бұған қоғамдық сананың тигізер ықпалы да орасан. Ал жас ұрпақты асыл мұраттарға, адалдыққа тәрбиелеудің өзі адамдар арасындағы ұлы парыз екенін естен шығармауымыз керек. Олай болса, «кімге қол ұшын беріп едім?» деген сауалды өзімізге жиі-жиі қою арқылы да арымыздың алдында есеп береміз, шешім қабылдаймыз.

## **ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗ**

«Ананды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, ақ сүтін ақтай алмайсың» деген сөзді көнекөз қариялардан естігенбіз. Бұл, әрине, көшпелілердің қиындықтарды алысқа сапар шегумен өлшейтін кезінде, діни көзқараста қасиетті саналған Меккеге барумен де өтелмейтін ұлы борышты аңғартуы ғой. Қазіргі кезде біз мұндай салыстырулар жасамаймыз.

Ал ата-ана алдындағы перзенттік парызды қалай өтеуге болады, бізді мынау жарық дүниеге әкеліп, оң-солымызды танығанға дейін мәпелеп өсірген, өз өрелері жеткенше тәрбие берген, тек қана жақсы істердің жалғастырушысы болуға бауылған жандардың бақытты өмір сүруіне қайтсек үлес қосамыз деген сұрақтар мазаламауы мүмкін емес. Өйткені есейген сайын өзімізге жасалған шексіз қамқорлықтың, білім мен тәрбиенің қайнары қайда екені ойлантпақ. Жастардың жан-жақты дамыған жаңа қоғам адамы болып қалыптасу жолында перзенттік парызды қалай түсінетіндігі елеулі мәнге ие болса керек. Сондай-ақ ата-ана қамқорлығын терең сезіну – қоғамдық борышты адал ақтаудың алғы шарты.

Кейбір ата-аналар балаларының өз айтқандарынан шықпайтындығын, не айтса соны орындайтынын, тіпті мынауың дұрыс емес деп, тіке келмейтінін мақтан тұтады. Ал, кейбірі, «өсірдім, оқыттым, жетілді, жөніне кетті» деп реніш білдіреді. Бұл екі пікірге де жеңіл қарауға

болмас. Бір қарағанда, алғашқы топтағылар бала тәрбиелеп, содан бақыт тауып отырған сияқты да, соңғылар бала өсіру азабын, қиыншылықтарын бастан өткерсе де, қызығын көруден құр алақан қалғандай.

Біржақты, келте байламнан аулақ болайық. Айтқаннан шықпауды құптаушылардың ойларында, ішінара, балаларының неғұрлым мол табыс тауып, тіршілікте өз қара басының, қала берді, семьясының ғана қамын ойлауына қанағаттанушылық басым. Бүгінгі таңда әрбір ел азаматының тұрмыс-жағдайы жоғары болуына көп көңіл бөлінеді. Бірақ бұл тек қана тұрмыстағы артықшылыққа, әке-шешесін, әйелін, баласын үлде мен бүлдеге орау арқылы көзге ұрар көрініске айналсын деген сөз емес. Сондықтан қазіргі заман азаматы қоғамдағы өз орнын ұмытып, әке-шешесінің парызын өтеуді орынсыз ырыққа көнумен шатастырмауы керек. «Сонда қалай?» - деген сұрақ тууы мүмкін. Әке-шешенді күнделікті тіршілікте қажетсінген заттарымен қамтамасыз етпеу керек пе? Қалы кілем, алтын білезік, үнді шайы, тәтті-дәмдіні соларға ұсынбағанда қайтпекпіз? Қартайғанда рахатын көрсін. Онсыз да олардың жарты ғұмыры таршылық пен қиыншылықта өткен. Бүгінгі кенен тұрмысқа жету үшін әрқайсысы азды-көпті үлес қосты. Әрине, бұған талас жоқ. Олар қазіргі ұрпаққа қарағанда бар мен жоқтың парқын айқын ажыратады. Тек қана, шек пен шамадан аспағанға не жетсін. Саналы бала ата-ана алдындағы борышын өтеуді дүние-мүлікпен шектемесе керек. Егер отбасындағы тар өрісті тәлім осыған тиермелесе, жан-жағына назар салып, қайбір борышты өтеу түгілі, өмір сүрудің өзекті мәні де бұл емес екендігін бағамдауы тиіс. Осыны алдымен өзі түсініп, содан соң өзгеге түсіндіруі керек. Әрине, ең алдымен әлгіндей ұғымдағы әке мен шешеге ықпал жасауы қажет. Перзенттік парыз айтқанды бұлжытпай орындау емес, адамгершілікпен атқарылар іс.

Қартайған әке мен шеше ұрпақтары арқылы рухани жаңғыруды көксесе, еңбек пен білімнен өмір мұратын, өмір қуанышын іздегендерін құптаса – ғанибет. Оқыттым, тәрбиеледім деп міндет арту да мұндайда орынды-ақ. Туған перзенті ел қамын ойлайтын азамат болып шықса, халықтың қалаулысы атанса, көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленсе, ата-ананың ұлы арманы жүзеге асқандай болары сөзсіз. Алайда ғылым қудым, өнер қудым, өзгеше еңбек жолымды бастадым деп әжімді жүздердің көңіліне көлеңке түсіріп алсаң, олар кешірер-ау, өзіңмен-өзің қалғанда ар сауалы жаныңды қинары анық.

Өнер, білім қуған жастардың өскен ұясынан шалғайға кетіп, үлкен қалаларды қоныстанып, тұрақтап қалатындары аз емес. Көпшілік ата-аналар балаларының қолына диплом алғаннан соң қайтадан оралғанын, көз алдында жүріп қызмет еткендері қалайтындары да рас. Мұндайда әке-шеше мен бала арасындағы өзара түсінісушілік қана көмекке келе алар. Алға қойған мақсатының мәніне, ара қашықтықтың алыстығы мейірім – махаббатын суытпайтындығына жиі хабарласу арқылы, қол жеткізген жаңа табыстарымен, шыққан биіктерімен қуанту арқылы балалары мағыналы өмір сүріп жүргендеріне көздерін жеткізсе, алыстағы әке мен шешенің де көңілдері жай. Өзіңді өзің аман сақтауың, ел мен жер тағдырын ойлайтын, жеке басының мұңынан гөрі қоғамдық мүддеге көбірек көңіл бөлетін адам болып қалыптасуың кең ұғымда перзенттік парызды ақтағандық емей немене! Ал, осы борыштың үддесінен шыға алмай жүргендер жоқ дей алмаймыз. Он жыл, он бес, он сегіз жыл оқыса да, табақтай дипломның біреуін емес, екеуін алса да, өздігінен өмір сүрудің жолын таба алмай, әке-шешеге әлі де жалтақтайтындар міндет пен жауапкершілікті терең түсіну түгіл, түйсінбейді де. Әр жұмыстың басын бір шалып жүріп, отыздан әрі асқанда ата-анадан іргесін аулақ салып, өзінің күйбең тірлігінен мойын бұра алмай, сырғақтап, суи беретіндер де бар.

Жастары алпыстан асқан қос қариямен көрші тұрдық. Дағарадай төрт бөлмелі үйде екеуі ғана. Жиі байқаймын: күнұзаққа телміріп көшеге қарап отырғандары. Қала тіршілігі белгілі: қартайғанда екі қолды бос қояды. Көше кезіп, серуендеп кетер жас та емес. Жаутаңдаған жарым көңіл жандар. Бір ұл, бір қыз өсірді. Қыз тұрмысқа шықты, бөлек кетті. Жалғыз ұлды уыста ұстармыз деген. Еркелеу өскен неме, ешкімді тыңдамай, «өзім білемге» салынды.

– Баспаналарың бар. Пенсияларың өздеріңе жетеді. Менде нелерің бар? Қанжығама байлап жүремін бе? – деді ақыры. Содан соң, жолға жинала бастады. Әйтеуір хабарсыз кеткен жоқ. Басқа бір қалаға барыпты. Табысы мол жұмысқа орналасыпты. Со жақта үйленіпті. Араға бір-екі жыл салып төбе көрсетіп тұрады. Бір қарағанда «бүлінген ештеме жоқ» сияқты. Тек, қамкөңіл қариялар өздерін панасыз сезінетіндері болмаса...

Ауладағы кішкентай қара қанден бұлардың бар мейір-шапағатын жеке иемденеді. Кейде, тіпті, соны балаларындай еркелетіп, ермек қылады. Оқта-текте көңіл аударып қалсаң, жүрегің шым етіп, мүсіркеген, аяшылық сезім оянады екен.

Перзент парызы – ата-ана қамқорлығының өтемі ғана ма? Жоқ. Бұл – алу, беру, қайтару дейтін есептік ұғымның тар еңберінде қарастыратын мәселе емес. Әке-шешені көлденең табыс тауып маз еткенімен де борыш өтелмейді. Қара үзіп, шығандап кеттім, қарасарға мүмкіндік болмады деушілерді де ақтау қиын.

Ер жеткен ұл, бой жеткен қыз өмір-табиғат заңымен отау тігеді, шаңырақ көтереді. Көбіне-көп ене мен келін арасындағы байланыс баланың өзі өскен ұяға жақын болуының да, алыстауының да себебі ретінде бой көрсетеді. Мұндайда семьялық климаттың жеке адамның бойына адамгершілік қасиеттерді қаншалықты дарытқаны анықталмақ. Келіннің атасы мен енесіне «күйеуімнің әке-шешесі» деп қана қарамай, өмірлік жан серігімді дүниеге әкеліп, тәрбиелеп, өсірген, маған бақыт сыйлаған аяулы жандар деп құрметтеп қарауы, олардың алдында өзін де қарыздар сезінуі қажет. Екінші қырынан қарағанда бұл жігіттің да жадында болуға тиіс. Тар түсініктегі тәуелділікпен мұның үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Яғни, ата-ана алдындағы борыштың салмағы жекелеген адамға ғана түспейді, туыстық сабақтастық нәтижесінде жас семьяның мүшелерінің бәріне ортақ. Және ұрпақтан-ұрпаққа ұласатындығы байқалады.

Қаратқан әке мен шешенің қас-қабағына қарап, көңілін аулау, көрген қиыншылықтары мен өткен асулары жөнінде әңгімесін тыңдау, ақыл-ғибратына құлақ түру – адамгершілік парыз.

Егер әке мен шеше бала құрметтейтіндей жандар болмаса ше? Қолды бір сілтеп кету керек пе? Сұмдық. Ойлаудың өзі қорқынышты. Бірақ мыңнан біреу шығар мен кездескен адамдар. Кінәлі перзенттердің кінәсіз ата-аналармен пікірлесіп көрсек деген оймен «Қариялар үйіне» телефон соқтым.

– Қариялар үйі ме екен?

– Қателесесіз бұл квартира. Әке мен шешені ұмытқаныңа көп болған ғой. Әлде, бас жазған соң есің түсті ме? Телефон номерін да шатастырып алғансың. Қазіргі кейбір жастарда ар-ұят жоқ...

Ә, дегенше болмай, трубканы тастай салды. Алғашында езуіме күлкі үйіріле бастап еді, әлдебір суық толқын қан тамырларымды аралап өткендей болды. «Кім үшін сөз естідім?» дедім күбірлеп. Аты-жөні жоқ әлгінің беттен алуы анайылық болса да, ата-анасы бағусыз қалғандарға деген ашу-ызасын байқатты.

Содан, сұрастыра келе, «Қариялар үйінен» жастары сексенді алқымдаған шал мен кемпірді жолықтырдым. Жеке-жеке отау тіккен балалары Алматыда тұратынын естігенде жаным күйзелді. Өйткені мұнда қамқор адамдары жоқ, өздігінен күн көруі қиындаған «жетім» шалдар мен кемпірлер қабылданады деп естігенмін...

Қариялардың әңгімесінен түсінгенім: ұл-келіннің ықпалында кеткен, қыздың қолында біраз жыл тұрғанмен сыйыса алмаған, содан осында әкеліп орналастырып тынған. Қыз бен ұл бір қалада тұрса да өзара қарым-қатынастары жоқ. Бұл неғылған жатбауырлық деген ой мазамды алды. Оларға іздеп барып жолықтым.

Қарсы алдымда орта жастағы әйел ебіл-дебіл жылап отыр. Күйеуі де, өзі де – жоғары білімді мамандар. Жалғыз бауыры – қаладағы автопарктің бірінде жүргізуші. Өздерінде үш бөлмелі, бауырында екі бөлмелі үйі бар. Тұрмыста бәрі жеткілікті. Семьяларында екі баладан.

– Әке-шешеміз ауылдың адамдары еді. Қалаға келгендеріне он шақты жыл болды. Ел арасында жаман атқа қалмайық деп, қолымызға алдық. Күйеуім бұған түк қарсылық білдірмеді. Қайта «Ата, апа» деп жік-жапар болатын. Бауырым жасырақ болған соң, әрі келініміз қалада өскендіктен, ауыл адмдарының бабын таба алмас деп оларға салмақ салмауды жөн көргенбіз. Қызметке ерте кетіп, кеш келеміз. Екеуі немерелерімен күні бойы үйде. Бұлар да бір ойларына келгенді істейтін жүгенсіз «сәбилер» болды. Екеуі қосылып күн құрғатпай, ес-түстерін білмей арақ ішеді. Тамаққа деп алып қалған тиын-тебенді түгел соған жұмсайды. Семьядан береке кетті. Балаға ақыл айтсаң, қорқытып та ұқтыруға болады ғой. Бұларға не істерімді білмедім. Пенсияларын алғашында қолыма алып, тамаққа ғана жұмсаған кезім болды. Ал, олар біз жоқта студент жатақханаларының маңайынан бөтелке жинап, өткізіп, ақшасына арақ алатын кәсіп тапқан. Естігенде – бетімнен от шықты. Қартайғанда қарқарадай болып төрінде отыратын әке-шешеден айналсаң болмас па?! Шарасызбыз. Шарасыздық осыған әкелді».

Жанға түскен – жара, бетке жағылған – күйе.

Перзенттік парызын өтегісі келсе де, дәрменсіздіктің торына шырмалған тағдыр. Бұл – трагедия!

Семьясында көп бала тәрбиелеп өсіргенін, бүгінде солардың әрқайсысы әр түрлі мамандық иелері болып шыққанын, олар да семьяларымен келіп бас қосқанда бір қауым елге

айналатынын мақтан тұтатын, солардың мәпелеуімен жүзі жарқын, көңілі шат ата-аналарды көргенінде басыңды иіп тұрып «Бақытты екенсіңдер» дегің келеді. Әке мен шешеге қартайғанда қуаныш сыйлап, жарқыраған жақсы істермен көзге түсіп жүрген, «Атаның ұлы ғана болмай, Адамның ұлы болуды» мұрат тұтқан Азаматтың қолын алып тұрып «Жарайсың» дегің келеді.

Жолсапардың ретімен бірде Торғай облысының Аманкелді ауданында болғанымыз бар. Мал шаруашылығымен, оның ішінде қой өсірумен айналысатын аудан еңбеккерлері арасында еңбектің топайкөгі болып жүрген жандар аз емес. Иманов атындағы кеңшарда 64 жастағы аға шопан, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Қожамұрат Өтевпен жүздесу көпке дейін жадымыздан шықпай жүрді. Шопан еңбегінің қиындықтары, бұл саланың проблемалары жөнінде жиі айтылады, жиі жазылады. Мал шаруашылығына жастардың қосар үлесі дейтін өз алдына үлкен әңгіме. Шешімін күтетін түйіндер баршылық. Жастарды комсомол-жастар бригадаларына тұрақтандыру мәселесі он бес-жиырма жылдан бері күн тәртібінен түспей келеді. Жетістіктер де жоқ емес, кемшіліктер де бар. Ал еңбегімен ел құрметіне бөленіп жүрген жастар жөнінде сөз қозғай қалғанда, олардың саналы іс-әрекеттерінің қайнары қайда дейтін сауалға да жауап іздеген жөн сияқты. Қожамұрат та өзінің көп құрбы-құрдастарымен бірге онжылдық білім алды. Мектеп бітірушілердің үндеуіне қосылып, комсомол-жастар бригадасында еңбек етті. Әскери борышын өтеп қайтты. Автомектепте оқып, шоферлық мамандықты игерді. Әкесі Төлеухан Өтев ұзақ жылдардан бері Иманов атындағы кеңшардың беделді шопаны-тұғын. Шопан таяғын әкенің балаға мирас қалдыруы бұрыннан келе жатқан салт. Бұл деген сөз, шопанның баласы міндетті түрде қой бағуы керек, немесе мұғалімнің баласы қалайда шәкірт тәрбиелеу керек деген сыңар жақ ұғымға мұрындық болмауға тиіс. Бірақ осында ұлағат тұтар тәрбиелік мән барын жоққа шығара алмайсыз. Төкең баласы қай мамандықтың құлағынан ұстаса да абыройлы болғанын ғана қалайтын. Алайда өзі қырсырына әбден қаныққан қой өсірумен шұғылдан деуге әуелде тартынды. Жүрек қалауын аңыстады. Ақыл-кеңес берудің қажеттігін бағамдады. Содан соң мәселені төтесінен қойды. «Ізбасарым боласың, адал еңбегің ескерусіз қалмас. Ондай-мұндай қиындықтар кездесе қасыңдамын ғой, көмектесемін, жеке отар алып, шопан таяғын ұста қолыңа», - деді сөзімді жеңіл қабылдаса қайтемін деген екіұдай сезім құшағында тұрып. Әке сөзінің он ойлап, жеті толғап барып айтылғанына шек келтірмеген. Қожамұрат келіскен. Аманат артып отырғанын түсінді. Жеке отар алды. Малды ауылдың баласы емес пе, әке тәлімі өз алдына, аз уақыттың ішінде малсақ, елгезек шопан болып шыға келді. Ауылдастары арасында беделі артты. 1985 жылы 402-ші Аманкелді сайлау округі бойынша Қазақ КСР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. Жас депутатқа жүктелер міндет те жауапты. «Ұлыма ризамын» деген сол жолы бізбен әңгімелескенде Төкең. Осы бір ауыз сөзбен-ақ ол кісі көкейіндегі үлкен қуанышын аңғартқандай. «Сүйер ұлың болса – сен сүй, сүйінерге жарар ол» демеуші ме еді. Қожамұрат сияқты әке жолын қадірлей білетін жастарға күн сайын жолығысамыз, пікірлесеміз, бірге жүреміз. Әрине, олардың кез келгені депутат яки лауреат болуы шарт емес. Перзенттік парыз ата дәстүрін, әке жолын ертеңге жалғастырумен де ақталмақ. Студент кезімізде белгілі бір жазушының баласымен пікір жарыстыра қалған жолдасым: «Ой, өз әкесінің бір шығармасын оқымаған мәңгүрт қой мынау», - деп күйінгені есімде. Әкешесінің өмір жолы саналы ұрпақ үшін ғибрат болуға керек. Тау қопарып, тас бұзбағанмен де, біреудің ала жібін аттамай, біреуге қылдай қиянат жасамай, біреудің көз жасына қалмай өмір сүрсе – перзентінен де солай болуды талап етуге хақылы. Өнеге өшпейді. Сонда ғана сабақтастық тамыр жаяды. Парыз оянады.

Еңбек демалысымды алып, поезбен туған аулыма келе жаттым. Қартайған әкемді ойлап, денсаулығы нашарлап жүргенін ойлап, көңілім қобалжулы еді.

– Балам, мына орын бос па? – деп, буыншақ-түйіншегін арқалап келіп, осы купеге жайғасқан әкем құралыптас қария ұзақ уақыт үн-түнсіз, вагон терезесінен сыртқа қараумен отырды. Өңінен шаршағандық, қажығандық табы байқалады.

– Алматы қалай екен, ұнады ма, ақсақал? – дедім сөз сабақтаудың ретін іздеп.

– Қала өзің сияқты жастарға қолайлы. Біз ауылда өскен адамдармыз, ауылдан қырық қадам шықсақ – мүсәпірміз. Оны сендер түсінесіңдер ме? – деп қария жүзіме барлай қарады.

– Сірә, балаңыз Алматыда тұрады ғой, – дедім жобалап.

– Иә, химиядан кандидаттық қорғайын деп жүр. Ғалым болмақ. Ал осы болашақ ғалымдарға неге алдымен үй бермейді, осы, ә? – деп қария менен жауап күтті.

– Неге бермесін, береді ғой кезегі келсе... Бұл сөзіме ақсақалдың көңілі көншімеді.

– Он бес жыл оқыттым. Отау тікті деп, қалада да, далада да көл-көсір дастарқан жайып тойын өткіздім. Ол аз көрінді. «Тез келіп кетіңіз» деп тілгірәм салған соң, асығып-үсігіп жетпеймін бе... «Енді бізге үй алып беріңіз» дейді ұлым мен келінім. «Е, менің қолымда тұр ма? Қайтіп әперемін?» деймін ғой баяғы. «Сіз Ұлы Отан соғысының екінші дәрежелі мүгедегісіз ғой. Қалаға келіп, үйдің кезегіне тұрсаңыз көп ұзатпайды. Бізге үй алып берген соң, өзіңіз білесіз...» деп жақауратады. Мал-жанды қайтпекпін? Қартайғанда қалаға әкеліп, пәтер жалдатып, ұядай үйшікте тұрғызбақшы. Ел-жұрттан ұят та. Ұлыма айттым: «Сен мені әурелеме. Өз тізгінің - өзіңнің қолыңда. Өз бетіңше өмір сүретін уақытың болды. Маған қарап қашанғы жәутендейсің?.. Кезегіңді тос. Күт. Шыда. Мамыражай заманда көрген қиындығың – қызыққа бергісіз...» Қайдам, түсінбеген сияқты. Өкпелі түрде, тоң-теріс шығарып салды. Енді үйге барған соң жекжат-туыстармен, кемпіріммен ақылдасып көремін...

Қария – бәрің де сондайсың дегендей, маған біртүрлі ренжіген түрмен қарады. Ұлына қатты кейігені көрініп тұр. Кейітін жөні де бар...

Әке-шешенің мейірі он жастағы бала мен отыз-қырықтағы «балаға» бірдей деу қиын. Қамқорлықтың қайтарымын күтетіні, қызық қуаныштармен жасымды ұзартады деп үміттенетіні анық. Отыздағы «бала» оны түсінбесе не шара!

Перзенттік парыз... Бұл өзі өте күрделі ұғым. Көбіне соны кімнің қалай түсінетініне байланысты. Өтегің келеді парыздыңды. Ел-жұрт алдында... Әке-шеше алдында... Туған-туыс алдында... Қалай? Қайтіп?..

### **«АРЗАН» КҮЙСАНДЫҚ**

Өлгінде ғана дуылдасып, даурығысып, бір-біріне сөз бермей өзеуреген жігіттер кеткеннен кейін бөлменің іші қаңырап бос қалғандай. Бұрыштағы қара күйсандық та әлдекімнің ұмыт қалдырған затындай қарауытады. Жазира ауыр күрсініп, бес жасар баласы Ернардың ертең бала-бақшаға киіп баратын киімдерін дайындамақ болды. «Япыр-ай, Жарас, шынымен-ақ, бір ауыз тіл қатпастан, әлгілерге ілесіп кете барғаны ма?...»

Ол қайтадан сылқ етіп орнына отырды. Столдың үстін де жинаған жоқ. Босаған бөтелкелер әр жерде шашылып жатыр. Темекі түтіні шықсын деп есікті шалқасынан ашып тастаса да, бөлменің ауасы тыншу, қапырық. Мамыр мерекесі өткеннен кейін, жалдап тұратын бұл пәтерге от жағуды да қойған. Көктем биыл кеш келді. Бөлмеден сыз иісі сезіледі. Қабырғалардың еденмен түйіскен тұстарына көк бояу жағып қойғандай. Үйдің әктелмегеніне де көп болған. Тәйір-ай, пәтер жалдап тұратындардың басындағы хал-күйді кім түсінеді дейсіз. «Өз үйім болса, өзгеше ұстар едім. Бәрібір ертең көшіп кетемін ғой» деп көп келіншектер еріншек тартатынын, үй жұмысына қол жүрмейтінін тәптіштеудің қажеті не. Он жыл болыпты-ау, бұлар пәтерден пәтерге көшіп, өгей өмір сүргелі. Осы күні Жарас үйде де, түзде де сәл қызып қалса «Сендер білесіңдер ме, Алматы – орыстың баспанасы, ұйғырдың асханасы, қазақтың астанасы. Сендер осыны білесіңдер ме?...» деп столды тоқпақтайтын болыпты. Қажытты ғой қу тірлік... Ернарға аяғы ауыр болғанға дейінгі бес жылда бұлар қиындық дегенге мойымапты. Жалдаған пәтерлері немесе пәтер иесі ұнамаса, бір-ақ сағатта жиналып, такси ұстап, жаңа пәтерге тартып беретін. Мүкәмал-мүлік жинау деген ойларына да келмеген. Тек Ернар туып, шілдеханасын өткізгенде Жарастың жолдастары бірігіп анау тұрған қара күйсандықты сыйлаған. «Бұл күйсандық – менің екінші ұлым.» деп қуанған еді-ау сонда Жарас.

Жазира ес білгелі жадау тұрмыс кешіп келеді. Әкесінен де, шешесінен де он үш жасында айрылған. Жалғыз әпкесі Рәбиғаның қолында өсті. Апалы-сіңлілі болып сыр бөліскен кездері аз. Бәлкім өзінен он жас кіші сіңілісін «не түсінеді бұл» деп ойлады ма екен, әйтеуір, үй шаруасын тындыруға ғана жұмсады. Қатал болды. Айтқанын екі еткізбей орындағанды қалайтын. Өзі ерте кетіп, кеш келетін. Аудандық Мәдениет үйінде методист болып істейтін. Өлде жұмысы солай ма, әне науқан, міне науқан, көркемөнерпаздар үйірмесінің дайындығы, совхоздарға шығу, мерекелік концерттерге қатысу деп дамыл таппайды. Үйдегі екі балаға бас-көз болатын да Жазира еді. Жездесі Қанат мектепте мұғалім. Мектеп пен үйдің екі арасындағы жалғыз жаяу соқпақты ғана біледі. Тіпті көршілер «Сағатымызды Қанат мектепке бара жатқанда, содан соң мектептен келе жатқанда түзеп аламыз. Бір минут қателеспейді. Сағаттың тілімен қозғалады» деп әзіл-шыны аралас қағытатын. Ондайда жездесі екі езуі екі құлағына жеткенше мәз.

Онжылдықты бітіргеннен кейін Жазира осы Алматыға келді. Көп институттардың біріне баруға жүрексінді ме, сонау Ақмоладан келіп, байланыс техникумына құжаттарын тапсырды. Емтиханнан сүрінбей өтіп, оқуға түсті. Әпкесінің «Кәметке толдың, оң-солыңды өзің бағдарла. Оқуға түсе алмасаң, ауылға қайтып келмей-ақ қой. Қалада қал. Жұмыс тауып, орналас. Өз күніңді өзің көр» деген сөзі әлі күнге көкейінен кетпейді. Іштей ренжігені болар, стипендиясы таусылып, қаражаттан қысылған кездерінде де ақша сұрап хат жазбапты бірде-бір.

Жарасқа техникумның соңғы курсына жүрген кезде жолықты. Құрбысы Кәмила тұрмысқа шығып, бұл қыз жолдасы болып, бір апта Алматыда думандатқандары күні кеше сияқты. Сонда күйеу жолдас болып сызылып тұрған Жараспен дәм-тұзымыз жарасып кетеді деп ойлады ма екен. Бәлкім, ойлаған шығар. Көзбен ғана тілдескені есінде. Кәмила «Менің жігітім ақын. Есімі Болатжан» деп мақтан тұтатын. Ақын дегенде, атын әлі ешкім білмейтін. Бірақ, үйлеріне бара қалсаң, бір-ер шыны шәй ішер-ішпестен бір пәпкі қағаздарын бұрқыратып алып келіп, қолдарын кезек-кезек сермелеп, екі иығын жұлып жеп, өлең оқитын. Алғашқы кезде біртүрлі ерсі, күлкілі сияқты еді, кейіннен үйреніп кеткендері сондай, Болатжан өлең оқымаса бірнәрсе жетпей тұрғандай сезілетін.

Жарас Болатжанның бірнеше өлеңдеріне ән шығарды. Мына қара күйсандықтың қасында тұрып Жарастың жаңа әндерін үйге келген қонақтарына талай рет орындап беруші еді. Ол бір бақытты шақтар екен ғой. Кейіннен сол әндері радиодан, теледидардан орындалып, жұрт аузында жүрді. «Талантты жас композитор Жарас Байтуғановтың әні...»

Міне, бір жылдан асты – Жарас жұмыссыз сенделуде. Апталап үй бетін көрмей кетеді. Қайда болды, кімдерге ілесті, немен айналысып жүр – белгісіз. Алматыдағы әйгілі Желтоқсан оқиғасы кезінде Жарасты милиция Жаңа алаңнан ұстап, бір топ студенттермен бірге «қоғамға қарсы жүгенсіздік әрекеттерге барғаны үшін» жауапқа тарта жаздады. Сол оқиғадан кейін көп ұзамай көлеңкесінен қорқатын бастығы «Жарас, жұмыстан өз еркінмен шыққаның дұрыс» депті. Содан бері жұмыссыз. «Ауылға кетемін...» дейді кейде түнеріп отырып. Ән жазуды мүлде доғарды. Күйсандықтың қақпағын ашпағалы қай заман. Келеді. Кетеді. Мүлде бөтен адам сияқты. Осы үйдің қонағы сияқты. Үсті-басына қарауды да қойған. Алқам-салқам. Андасанда көйлегін ауыстырып кию үшін ғана бас сұғатын сияқты үйге. Шаңырақтары шайқала бастағаны анық... Жазира үнсіз жылады...

Таңертең Ернарды балабақшаға апарғалы киіндіріп жатқан кезде біреу есік қақты. Үй иесі екен. Үш айдың пәтерақысын сұрайды. Ертеңге дейін ғана мұрсат беретінін, болмаса пәтерді босатуларын талап ететінін ескертті. «Қазаншының еркі бар...» Жазира тағы да буынсыз. Табалдырықта қанша отырғаны есінде жоқ. «Мама, пәтерақы деген не? Ол не?» деп Ернар бірнеше рет қайталады да, жауап болмаған соң, бір жайсыздықты сезгендей, құр жәутендеп қарай берді. Осы кезде Жазира күтпеген бір шешімге келді. Бір жапырақ қағазға әлденені асығыс жазды да, Ернарды жетектеп үйден шығып, іргедегі көкбазардың аялдамасына барып, әлгі бір жапырақ қағазды әртүрлі хабарламалар ілінген тақтайшаға апарып жапсырды. Онда былай деп жазылған еді: «Жаңа күйсандықты арзан бағаға сатамын. Алушы болса, тез хабарласуын сұраймын. Мекен-жайым...»

... Кешкісін бөлмедегі қара күйсандықтың орны үңірейіп, бос тұрды...

## ИТ АШУЫ

Көршіміздің көк қаншығы күшіктепті. «Тоғыз күшік тапты! Біреуі – менікі!» деп ұлым үйге сыймай қуанулы. Көршім күшік сатып та пайда табады деп естігенмін. Енді бір күшікті сатып алып беруге тура келер балама.

Дегенмен, осы бір жайт менің сонау балалық шағымдағы бір уақиғаны қайта жаңғыртып, көз алдымнан көп суреттерді өткізді.

Бес жастамын, яки алтыға аяқ басқан кезім. Кіндіктіден Жантікейдің жанындағы Орта баз дейтін қыстауға көшіп келгенімізге екінші жыл. Әкем – мал дәрігері, шешем – сауыншы. Әжемнің бауырынан ажырамаған кезім. Бірақ, айналадағы үп еткен жел де, күннің күркірі де, жаңбырдың жауғаны да – бәрі таңсық. Күні бойы үйге кірмей, далада жүремін. Орта базда үш-төрт үй ғана қыстайды.

Жазғытұрым. Жер дегди бастаған. Әне-міне жайлауға көшуге қамданып жүрміз. Ауыл сыртындағы қалың ақ шидің түбі көктей бастады. Іргедегі тау өзенінің гүрілдеген дауысы

да естіліп тұрады. Әсіресе таңертең, түнде қатты естілетін сияқты. Көршіміздің қара қаншығының қарны қампиып, емшектері салбырап жүргенін көріп, аң-таң қалғанмын. Әжеме айтқанмын. «Е, бәтшағар, күшіктейін деп жүр екен ғой. Күшіктейтін кезде ол ауылдың сыртына кетіп, ін қазып алады. Жұртқа көрсетпей, көзден таса жерге барып күшіктейді. Күшіктерін қатты қызғанады...» – деген.

Бір күні қара қаншық ізім-ғайым жоғалып кетті. Оны ешкім іздемейтін де сияқты. Әжемнің айтқаны есімде. Қара қаншық күшіктерін ертіп, алдымнан шыға келердей, күтіп жүрдім. Көп ұзамай-ақ ауыл сыртындағы қалың ши, шеңгел өскен сайдың бойын кезіп жүріп, бір үңгірге тап болдым. Онда «үңгір» деген ұғым жоқ менде, «бұл не қылған шұңқыр?» деп әлгіге бас сұғып қарағаным есімде.

О, ғажап! Көзіме сенейін бе, сенбейін бе?! Үңгірдің түбінде біріне-бірі жабысып, ұмар-жұмар болып, көзін ашпаған жеті-сегіз күшік жатыр. Алдымен біреуін алып көрдім де, үйге қарай тұра жүгіре беріп, қайта оралып тағы біреуін, екіншісін, үшіншісін алып, қойныма тыға беріппін. Бір-екеуін қалдырып, енді келген ізіммен кейін қайтуға ыңғайланып үңгірден шыға бергенімде, анадайдан иіс алып келе жатқан қара қаншықты көрдім. Көрдім де, алды-артыма қарамай тұра зыттым. Қара қаншық үңгірге де бұрылмастан, екі-ақ ырғып маған жетті. «Арс» ете қалғанын білемін, қойнымнан бір күшікті алып анадайға лақтырғанымды білемін, қара қаншық құйындай соғып өткенде шабымның тұсы тыз ете қалып, аши жөнелгенін де білемін. Көзіне қан толған қара қаншық екінші айналып соғып, үшінші айналып соғып... армансыз талады. Кеудемдегі тері күртешем дал-дұл жыртылып, бұтымдағы қалың шалбарымның түте-түтесі шықты.

Менің шырқыраған даусымды естіп бұрылды ма, әлде кездейсоқ тап болды ма, білмеймін, әйтеуір көрші үйдегі Мұса деген кісі қан-жоса болған мені иттің тісі мен тырнағынан ажыратып алып, үйге әкеліпті. Әжемнің айналып-толғанғаны, шешемнің ызалы үні, әкемнің біреуді аямай сыбап жатқан дауысы еміс-еміс құлағыма келеді. Әкем әлдебір ащы дәрілерді жараларыма басып, онан сайын мені бақыртып, үсті-басымды аппақ дәкемен таңып, жедел ем-домын жасады.

Бала болып түске шейін ұйықтауды білмеуші едім. Таң атар атпастан, ерте тұрып алып, шығып келе жатқан Күнді қарсы алғанды жақсы көретінмін. Жазғы таң қандай! Тұла бойым қозғалтпай, ауырса да төсегімнен тұрып, ілбіп сыртқа шығып, терезенің алдында шоқиып отырмын. «Қазір Күн шығады. Мен Күнді бірінші болып қарсы аламын!» деген ойдан бойыма біртүрлі ерекше қуат даритын сияқты.

Бір кезде жақын маңнан кешегі қара қаншықтың дауысын естігендей болып, денем дір ете қалды. Ақырын үйді айналып, тың тыңдадым. Қара қаншықтың дауысы қыңсылағандай, ұлығандай, бір кезде қасқыр талап жатқандай ащы шықты.

Қорқынышымды әуестік жеңіп, ауырсынған денемді де елемей, дауыс шыққан жаққа жетсем, қара қаншықты қазыққа байлап қойып ұрып жатқан әкемді көріп, сілейіп тұрып қалдым. Әкем лом темірмен құлаштап тұрып қара қаншықты белінен ұрады, анау кирелең ете қалып, ырылдап, қыңсылап, сай сүйегінді сырқыратар нешетүрлі жат үн шығарады.

Әкем қара қаншықты кеше күшігін қызғанып, мені талағаны үшін жазалап жатқанын жетеме жеткердім.

Шар еткен даусым шықса керек. Сол кезде әкем лом темірді анадай жерге лақтырып жіберді де, маған бұрылып қарады.

Екі көзі қып-қызыл екен...

Кеше мені талаған кезде де қара қаншықтың көзінен қызыл от көріп едім ғой...

## ҚЫЗЫЛКЕСІКТІҢ ҚОС ҚАРИЯСЫ

Өкпетіден соққан өкпек желден қыс ызғары білінеді. Таңалакеуімнен тұрып дағдыланған Төкен қарт шықарға шыққанында қар ұшқындап, қарашаның қара суығы қиямпұрыс мінез байқатқалы құбылғанын аңғарды. Таулы өңірде туып өскендіктен, табиғаттың қай бір құқайына да төзімділікпен қарауды қанына сіңген қасиет деп ұғатын қария бұған қыңған жоқ. Қайта, биыл қыстауға кеш түскен малшылар қамы, өрістегі малдың жағдайы қалай

ойластырылыпты деген сауал көңіл түпкірінде өзінен-өзі оянды. Бұл ұзақ жылдар бойы ел ішінде шаруашылық тұтқасын ұстағандығының әсері шығар. Әйтпесе, жетпіс төрт жастағы Төкең салмақ салмай-ақ, барлық жұмыстарды ұтымды тындыруды ойластыратын басшылар баршылық қазір.

Қызылкесіктің байырғы тұрғыны Төкен Бейілғожин желбегей жамылған пальтосын қымтанып қойып, үйінің алдындағы көне орындықта көп отырды. Көрші үйдегі көк «Беларусьтің» дүр ете қалуы мұң екен, ауыл да әдеттегісінше дабырлаған дауыстарға, қыбырлаған қозғалысқа толып жүре берді. Біреулер мұны анадайдан көріп бұрылып келіп сәлемдеседі. Кеңсе жаққа жиналғандардың жарқын-жарқын дауыстары да құлаққа шалынады. Бүлдіршіндер мектептеріне қарай асығулы. Осының өзінен жанға жайлы жылылық сезіліп, орай да борай жауғалы тұрған қар түйіршіктері табан астында еріп жатқандай, тоңазыған денесінің құрыстағаны да демде жазылып кеткендей. Төкен асықпай аяндап өзінен он жас үлкен ауыл ақсақалы Құлжабек Алшынбаевтың үйіне қарай келе жатты.

Қартайғанда адамның қимылы баяулағанымен, қиялы тұсауланбайды ғой. Жаратылыстың жұмбағы да сонда шығар. Төкеңнің бағыты белгілі болғанымен, ойы төрткүл дүниені кезіп кетті.

1928 – 1929 жылдары Зайсан уезіне қарасты Қызылтас ауданы құрылғанын, оның осы Қызылкесікте ірге тепкенін қайтып ұмытар. Сонда мұның қылшылдаған жиырмадағы жігіт шағы еді-ау. «Қосшы» ұйымына мүше болған күннен бастап-ақ Қазан төңкерісінің шалғай түпкірдегі ауылға жеткен лебі өзгеше өмірге жетелепті. Аудан алғаш құрылған кезден араласқан қым-қуыт жұмыстар, сондағы ұсақ-ұсақ ұшымшарлардағы қайнаған тіршілік алпыс жылдан соң санада қайта жаңғырса несі әбес. Осы Қызылкесікте 1928 жылы алғашқы қызыл мектеп ашылғаны, сонда хат танып, сауат ашқаны да жадында. Сол мектеп үйі әлі бар. Көненің көзіндей болып қабырғалары қалқып тұрғалы не заман. Бүгінгі ұрпаққа сәулетті музейлерді ғана емес, соны да бір көрсетсе, «алғашқы мектеп» деген ұғымның қаншалықты асыл мағынаға ие екенін түсіндірсе ғой, шіркін. Түсінетін де шығар, бірақ аялы қамқорлыққа алмаса Қызыл мектептің де қабырғасы мүжіліп, құлап, тозбай ма?! Жер бетінен жоғалмай ма?!

– Әй, Төкен, сені бай-құлақтардың соққыға жығатыны есінде ме? – дейтін Құлжабек кейде сөз сабақтап.

– Неге ұмытайын. Итін қоспаса оңайлықпен алдырмас та едім. – Төкең қомданып, қозғалақтап, қайрат шақырғандай болады да, мол денесін селкілдете күледі.

Жиырмасыншы жылдардың аяқ кезі. Ел ішінде ірі байлардың мал-мүлкін кәмпескелеу жүріп жатқан-тұғын. Кедейлер тобына ұйытқы болып жүрген жастар. Жер бөлік басталды. Жер бөлік комиссиясының мүшесі ретінде бұл да белсенді қимылдауда. Бір күні байдың үйіне ат басын тіресін. Жанындағы жолдастары көрші ауылдан келгенше бай үйінде күте тұрайын деп ойлаған. Аттан түсуін күтіп тұрған екен. Байлаудағы төбетін босатып қоя бергені. Иттен қорғанып жүргенінде бұған қамшы мен жұдырық қоса-қабат жауды. Сілейтіп тұрып сабап салды. Бұдан соң байларға деген өшпенділігі одан әрі өршігені анық.

Қызылтас өңіріне кеңес өкіметі орнағанға дейін Құлжабек те мал соңында жүрген жалшылардың бірі еді. Еті тірі жастар ел ішіндегі басқарушылық, ұйымдастырушылық жұмыстарға ерте араласты. Қазіргі қауқары қайтқан қаңбақтай қара шал талайды бастан өткерген. Ауданда кеңес өкіметін орнатып, тап жауларымен шайқасуда, шаруашылықтың іргетасын қалап, нығайтуда өлшеусіз еңбек сіңірген Алдажар Қосаев, Әбілмәжін Аманқұлов, Кәрім Мұқышев, Ығатай Қаршығин, Кәрім Нұрбаевтармен бірге халық құрметіне бөленген қазіргі көзі тірі ардагер.

Қою күрең шайға әбден қанғаннан кейін екі қария тағы да ескі әдеттеріне басып өткен күннің жабылып кеткен парақтарын аударыстыра бастады.

– Құлжеке, сіз осы Кенесары Бакинге жүзбе-жүз жолықтыңыз ба? – деді Төкен.

– Кенесары Бакинге ме? Жоқ. Жолығыспаппын. Бірақ оның Қытайға өту үшін Алтайдан бері қашқан Беловтың әкерлерін қуысқанын, көптеген бандылармен аяусыз шайқасқа түскенін естігенбіз. Тарбағатайға қарай өтетін «Ақтардың жолы» деген сүрлеуді өзің де білесің ғой. Қашқан бандылардың көбісі сол жолмен өткен. Олардың қанкешті зұлымдықтарына куә болғандардың бірі – Құрманғали Самарханов. Ол әлі тың деп естимін. Ақсуатта тұратын көрінеді.

– Өзіңіз де әлі тұғырдан түсе қойған жоқсыз.

– Сөздің сырлығысы десеңші. Әйтпесе, екеуіміздің сонау дүрбелең күндердегі, одан кейін алғашқы бесжылдықтардағы қажыр-қайратымыз қазір бойда тұрса, қанеки.



Хабарасу арқылы Қытайға өткісі келген ақтар Ақсуат топырағын басып өтіп жатқан кез. Жолындағы ауылдарды ойрандап, тонап кеткендіктерінен хабардар адамдар бейсауат жолаушыға үрке қарайтын кез. Осы тынышсыздықты қалыпқа келтіру үшін аудан белсенділерінің басшылығымен бандылардың жолын тосуға бірнеше топ адамдар шығатын.

1931 жылдың жазында Алақ деген жерде бандылардың соңғы қалдықтары бас құрап жатқандығы белгілі болды да, Көкпекіден ОГПУ-дің саяси бөлімі бастығының орынбасары Кулыгин, жанында екі комсомол бар, қару асынып суыт жетті. Бандылардың саны он төрт-онбес адам, негізінен жер жағдайын жақсы білетін бекетшілер, басшылары жөнінде жалпы ақпарымыз бар. Біздің тобымыздың қарасы жиырма бес-отыз шақты. Алаққа жақындағанда екіге бөліндік. Қару жағы өте тапшы болатын. Екі-үш бесатарымызға ғана үміт артқанбыз. Екіге бөлінгеніміз бекер болған екен. Байланыс үзіліп қалды. Алақтағы осы шайқаста бандылар Кулыгинді кескілеп өлтірді, оның жанындағы екі комсомолецті (Зезов, Шешмаренко дегендер) атып тастады. Құрманғали Самархановты да атып кеткен, бірақ тірі қалды. Астымдағы атыма оқ тиіп, мен бандылардың қолына түстім. Жеңіл жарақат алдым. Менімен бірге Кәрім Егізбаев деген жігіт те қолға түсті. Көкпекіден Кенесары Бакин бастаған жиырма шақты қарулы адамдар машинамен келіп жетіп, бандылардың тас-талқанын шығарды. Біз бандылардың тұтқынынан құтылдык. Біздің сәтсіздігіміздің сыры кейіннен ашылды. Ортамызда бандының жансыздары болыпты. Сол алаяқ қолға түспей, шекарадан өтіп кетті. Ал ұсталған аса қауіпті қылмыскерлер лайықты жазасын алды. Кәрім екеуіміз үш орыс жігітінің мәйітін Көкпекіге жеткіздік. Кенесары Бакиннің жауға ымырасыз, ақылды, іскер қимылдың адам екендігі сонда айрықша көзге түскен еді. Бұл оқиғаны әлі күнге жадынан шығармай, еске алатын адамдар болуы мүмкін. Ал, бұл – Ақсуат өңіріндегі бандылармен болған ақтық айқас-тұғын.

Одан бері де елу жыл өтіпті-ау. Бірақ бәрі де күні кешегідей көз алдымда.

– Құлжеке, – деді Төкең, – бүгін екеуімізді мектеп оқушылары кездесуге шақырған.

Соны айтуды ұмытып барамын.

– Ол нағылған кездесу?

– Оқушылар ардагерлерден әңгіме тыңдамақшы.

– Е-е, жөн, – деді Құлжекең ойға шомып. – Бүгінгі толғанысың бөлекше сияқты еді.

Екеуара бір айтқанымызды мың айтқаннан не ұтамыз. Сол балалар білсін біздің бастан кешкендерді...

Қылаулап қар жауып тұр...

1982 ж.

## КҮН ҰЗАРЫП КЕЛЕДІ

Жел үдей түсті. Жылдың төрт мезгілінде де осы мінез. Гуілдейді де тұрады. Нар қамысты жапырып, атан жығатын да осы жел. Кейінгі кезде шаң борап, көз аштырмайды. Әсіресе, биылғы, жазғытұрымғы екіленген екпінінің жөні бұрынғыдан да бөлекше. Қыстан қалған жұқа қарды қашан, қайда ұшырып әкеткені де белгісіз. Тым болмаса кешігіп келген көктемнің нышанын аңғартса екен там-тұмдап...

Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы Энгельс атындағы кеңшардың ауыспалы егісін суландыруға тиісті канал құрылысының бойында жиырма шақты экскаватор қара жердің тоңын тіліп, арна салуға кіріскеніне де көп бола қойған жоқ. Тас пен темір шақұр-шұқыр шайнасақанда от ұшқындары шашырайды. Бір орнында бүгежектеп, шыр айналған экскаватордың қимылына алыстан көз салған адам: «Япыр-ау, мына шіркіннің қазып жатқаны канал ма, құдық па? Тіпті тапжылмайды ғой өзі» деп ойлауы да мүмкін. Канал арнасының жылжуы қаншама баяу, сылбыр көрінгенімен де қуатты техника адамның қол күшімен әлденеше айлап, жылдап атқарылар жұмыстарды азғантай мерзімде дөңгелентіп-ақ келеді.

№ 86 жылжымалы-механикаландырылған колоннаның №2 құрылыс-монтаж учаскесінің экскаваторшысы Досбергген Садақбаевтің өзімен-өзі болып, әртүрлі сауалдар төңірегінде іштей толғанып, пікір түйетін кездері көп. Мұның кәдімгі жұмыскерлік дағдымен ажыратқысыз дерліктей қабысып жатқандығын бағамдау соншылықты қиын емес. Ауыр экскаваторын жеңіл қозғалтады. Ол осынау мамандықты әу баста бірден құлай ұнатып, қалаған жоқ еді. Шофер болсам деген бір тілек көңіл түкпірінде ертерек оянғаны рас. Онжылдықты бітірген соң Қазалыдағы кәсіптік-техникалық училищеде оқып, механизаторлық куәлікті қолына ұстағанда да «біреу жылдан соң бәрібір шоферлық курсты бітірермін» деп түйген. Бірте-бірте ол жер апшысын қуырған жүйрік газикке де алдырмауы мүмкін арманына

«жайбасар» экскаватормен-ақ жетегінен түсінген. Оны түсінуіне себеп көп. Есейді, оң-солын таныды. Елтеп арғы-бергіге көз жүгіртіп қарады. «Қайтсем де оқимын, диплом алуым керек, ауылдың шаңына бөгіп жүремін бе!» деп алып-ұшып қалаға кетіп, қайта оралып жатқан кейбір құрбы-құрдастарын да кінәламады. Ауыл құшағы ыстық. Алыс кеткендерге – сағыныш. Мұны Досберген ешқайда ұзап шықпай-ақ ұғыпты. Отбасын құрды, отау тікті. Көңіл қалауымен қосылған Айзада екеуінің өмір жарастығы анау қос бүлдіршін – Айнұр мен Мейрамбек. Иә, жылдар қандай жылдам. Бір кезде тәжірибелі экскаваторшы Шынтас Нұрқожаевқа көмекші болып еңбек жолын бастағанына да он жылға жақындап келеді екен-ау. «Бауырым, экскаваторыңның шөміші толсын!» дейтін Шынекең әрдайым ертеңгілік жұмысқа шыққанда. Осы бірауыз сөзімен-ақ шәкіртін өз ісіне бейімдеген екен ғой. Сол ұстазы Ш.Нұрқожаев кеше ғана КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алса, бүгін шәкірті Д.Садақбаев Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты болып отыр. Бір ұжымдағы қос лауреаттың кешегі ұстаз бен шәкірт болуы қандай жарасымды. Қазір Досбергеннің өзінен жастар ақыл-кеңес, бағыт-бағдар алып жүр. Көмекшісі Жолдасханның бірде былай деп сауал тастағаны бар:

– Көк темірмен алысқаннан қой баққан оңай шығар осы, Досеке. Қалай ойлайсыз?

– Қой бағып көргем жоқ. Бірақ, білетінім: жұмысты сүю бар, сүймеу бар. «Оңай», «қиын» деген ұғымдарды содан шығарып алып жүрміз ғой. Сен, немене, механизатор болғың келмей ме?

– Келеді, неге келмесін. Механизаторлықтың қыр-сырын өзіңізден үйреніп жүрген жоқпын ба.

– Ендеше неге әлгіндей солқылдақ ойдың жетегінен шыға алмай отырсың?

– Түсінбей қалдыңыз. Мен сізді сынайын деп сұрағанмын...

Екеуі де мәз-майрам болған. Кімде-кім өз мамандығын шын жақсы көрсе, оған шаң жуытпайды емес пе. Сол қасиет қанына қашан дарығанын қазір Досберген айта алмас.

Әрбір сәтті қадамының сырына соншама терең үңілмей-ақ, тағдырдың сыйы немесе кездейсоқ маңдайға қонған бақ деп қабылдайтын адамдар болады. Досберген бала кезінен-ақ осы кездейсоқтық дегенге күмәнмен қарайды. Оның пікірінше: өнер адамдарының – ақындардың, композиторлардың, суретшілердің кенеттен келген шабыт көмегімен ғажайып дүние жасауы да кездейсоқ бақыт емес. Соның өзінде жазылмаған, дәлелденбеген заңдылық бар. Ал, еңбек адамдарының алар асуы, шығар биігі де сондай, тек маңдай термен өлшенсе керек. Біреулерге атақ, даңқ, абырой, бедел – бәрісі оп-оңай келетін сияқты. Оңай келсе – оңай кетеді де. Кей-кейде осындай ойлардың иіріміне батып-шығып, бас ауырта бастағанда ұшқыр қиялы келіп құтқарып алады. Көбіне мұндай жаңбырлы сезім құшағына экскаватордың гүрілі аз ғана дамыл тапқанда бөленеді. Сәл толастан кейін мотор үні қайта күшейіп, өзге дүниені ұмыттырады. Жұмыс ырғағынан жаңылмау үшін де көп нәрсе қажет: көтеріңкі көңіл-күй, қанған ұйқы, дәмді ас. Досберген өз басына осының бәрі жеткілікті мөлшерде жасалған жағдай деп біледі. Тек өзіне ғана қатысты жайттарды айтуға Досберген тым сараң. Яғни, бұл – өзімен еңбектес жолдастарына да ортақ, бәріне бірдей көрсетілетін мәдени, тұрмыстық қызмет жақсы деңгейде дегенге саяды.

Қазір ғой көктем. Өне-міне бүршік жара бастаған бұталар, қылтиып көрінген жас өскін төгіп-төгіп өтер бір ақ нөсерді аңсаулы. Содан кейін құмдақ жерге қаулап шөп шығар еді ғой. Әйтпесе мынау толассыз лекіген желдің Аралдан әкелген ақ тозаңы жалпақ даланы қайта жауған қардай басып салатын түрі бар. Мынау көктемгі қарбалас, Нардың құмы бойында бұлар қысқа мерзімде бітіруге тиіс ені 15 метр, тереңдігі 3 метр, ұзындығы 4 шақырым канал құрылысы – ертеңгі күні ел ырыздығы болып, Отан қамбасына құйылар ақ күріш өсетін алқапқа тіршілік көзі – су жеткізуді диттегеннен қызу қарқын алуда. Досберген еңбек ететін ұжым 1984 жылдың көктемгі жұмыстарына үлгілі әзірлену жөнінде ауданның су құрылысшылары мен шаруашылықтарының мелиорациямен айналысатын механизаторлары арасында игі бастама көтерген болатын. «Көктемгі егіс жұмыстарын қысқа мерзімде, сапалы аяқтау үшін әрбір техниканың екі жұмыс нормасын орындауына қол жеткіземіз!» Айтылуы асқақ.

– Досберген, осы «екі норманы» біз онсыз да орындап жүрміз ғой. Оны жария жасаудың қажеті қанша еді? – деп сұрады бір күні өз ұжымындағы бір озат механизатор. Досберген өзі әжептәуір сыйлайтын жігіт ағасының мына сөзіне таңданыс байқатып, басын шайқады да:

– Өзгелер бізден де озып, «үш норма» орындауға ұмтылуы үшін! – деді қолма-қол жауап қайтарып. Анау жолдасы қаншалықты түсінгенін қайдам, ал Досбергеннің оған деген

көңіл тұнығына ирек-ирек толқын түскен. Еңбек үстіндегі адамды жігерлендірудің ең тиімді жолы – істің нәтижелілігіне дәйім сендіру болса керек. Бірде канал құрылысын көруге ауданнан, облыстан бірнеше жауапты адамдар келген еді. Экскаватор, бульдозер, скрепер жүргізетін жігіттердің бәрінің басын қосып, орындалған, орындалмақ міндеттер төңірегінде сөз қозғалған. Сонда осы механизаторлар ұжымының басшысы Жәдігер Жалғожаев жұмыс барысын баяндай келе:

– Екі норма біздің жігіттер үшін алынбас асу, ең қиын шеп емес. Шынын айтсақ, осыған адам шыдайды, техника шыдамайды, – деген. Бір қарағанда, алып техниканың күші қаншалықты ғаламат болғанымен, аяушылық туғызады екен осы сөзден соң. Адам рухының күштілігі, қажыр-қайратының мықтылығы бар осы пікірде! Ал, қарапайым еңбеккерлердің ерлікке пара-пар ісін, осындай сәттердегі тұлғасын қалай әспеттесек те жарасады-ау. Осындайда ойға әр нәрсе оралады. Барлық техниканың көктемгі науқандар алдында күрделі, жеңіл жөндеулерден өтетіні белгілі. Механизаторлардың нағыз сынақ мерзімі осы тұс болсашы. Техниканың әр тетігіне үңіліп, кем-кетігін түгел орнына келтірмеген механизатор көп жағдайда қатты ұтылғанын кеш ұғынады. «Досбергеннің көрсеткіштерінің ілгері сипатының сыры – сонау, техника жөндеу кезіндегі тиянақтылығында жатыр. Бұған ешкім дау тудырмас», – деген бас механик Жүсіпбек Мұсаевтың сөзінде әсірелеу жоқ. Сол бір жөндеу кезіндегі кішкентай оқиғаны еске алған болар ол. Техниканы жөндеуден өткізуді еріккеннің ермегі деп ешкім де айта алмас. Алайда, осы бір жауапты шақта селсоқтыққа, жалқаулыққа бой алдыруға кейбір жастар бейім тұрады. Досберген әуелден-ақ осыған абай болды.

Тағы да бір дүбірлі еңбек күні аяқталып келеді. Аранды қырдың бауырын көлеңке шалды. Қазылатын каналдың орнын ашатын бульдозершілер Марат Дүйсенбаев, Корнюша Яков, Қожамұрат Демесовтер әжептәуір ұзап кеткен екен, экскаваторшылар Ұзақберген Нұрбаев, Иван Божедомов және басқалары оларға келіп, кейіндеп қалғандарына кейістік білдіргендей, бүгінде келістіріп екі норма орындағандарды марапаттап, мақтап жатты.

Досберген канал бойындағы жал-жал топырақ үйінділеріне, содан кейін анау қарабұйраланып жатқан айдау жерге қарап тұрып қалды. Көз алдына осынау алқапта ертең ақ күріштің теңіздей толқитыны елестеді. «Ақ толқын» деді күбірлеп. Бұл кенезесі кеуіп жатқан мынау далаға келер суға қатысты айтылды ма, әлде сол суды белуардан кешіп өсетін күрішке мегзей айтылды ма – оған тіпті жауап іздеген жоқ.

Желдің лебі жұмсақ болғанымен де лекіте соғады: біресе бағзы бір сарындарды құлағына әкелетіндей, біресе озған күндерді еске түсіретіндей, біресе көктемдегі құстар үнінің қуанышын жеткізетіндей, біресе қуатты мотор дауысы қайта жаңғырығатындай.

Осы сырлардың бәрін сыбырлап жел жеткізгендей...

## **ГҮЛЗИРА ЖӘНЕ СЕКСЕН ҚАЗ**

Әркім өз жыртығын жамап, әркім өз ауласын сыпырып, әркім өз бау-бақшасын баптап дегендей, тіршілік жасап жатқан жұрт. Біреуге біреу қарайтын заман емес, біреуге біреу бір нәрсесін бөліп беруді ұмытқалы қашан, қайта біреуден біреу үзіп-жұлып бірнәрсе алып кеткісі келіп тұрады. Қолдағы барын ұқсата алмай, шаруасы шатқаяқтап жүргендер де баршылық.

Ауылда жұмыссыз қалған інімді қаланың іргесіне көшіріп алғаныма да көп уақыт өткен жоқ. Қалаға жақын қоныстанса болды, барлық қиындық атаулы қарасын батыратындай, кедейлік келмеске кететіндей, екпіндеп-ақ келді. Теміржол жағалап, екі қолға бір жұмыс та тауып алды. Үйіп-төгіп енші бөліп бермесем де, үйіп-төгіп ақылымды айттым: «Айналаңа қара, жұрт бұл жақта жер тырмалап та жан сақтайды. Бақшанды бапта. Картоп ек, қияр ек, сәбіз ек. Алманың, өріктің, қарақаттың көшеттерін алып отырғыз. Жазғытұрым тауықтың балапандарын сатып ал, күзде сорпа-суанға жарап қалады. Жұмыртқалат. Базарға апарып сат. Аяқ астынан байып кетпесен де, басқалардан күйің төмен болмайды...» Қойшы, әйтеуір, арзан ақылымды аяймын ба деген кісіше құр ерін ұшы емеурінім емес, кәдімгідей, шеке тамырларым білеуленіп, жүрегіме салмақ түсіре отырып айттым. Обалы не керек, осы айтқандарымның денін інім құлағына құйып алып, келін бәңкі-бәңкі қияр, қызан тұздап, аз уақытта інім қап-қап картоп жинап, әр көктемде алма, өрік ағаштары гүл ашып, күзде жемісін бере бастады. «Жарайсың, інім!» дедім іштей. Тіпті, «Сіз қалада тұрасыз ғой. Екі-үш қап көртөшкеңізді менен алыңыз» дейтін болды. Байқаймын, інімнің қолынан келмеген бір шаруа бар. Жылда жазғытұрым тауықтың балапандарын отыз-қырық-елулеп сатып алады, бірақ ауласында баяғы үш тауықтан басқасын көрмеймін. Үшеуінің біреуі - әтеш. Сонда күніне бір жұмыртқа да ала алмайды екен. Осының себебін білгім келіп, ақырын сұрап көріп едім, алған жауабымда мін жоқ секілді.

Тауықтың балапандарын да, үйректің, қаздың балапандарын да сатып алып, асырап көріпті. Өте әлжуаз, нәзік немелер үп еткен желге де, суыққа да шыдай алмай, ылғи шейіт кеткен. Содан соң «Тауықсыз да таң атады» деп, басқа шаруаларымен айналысып кетіпті.

Жарайды, өзіңше тіршілік жасаудың жолын тапсаң болды, сені тауық өсірмедің, жұмыртқа сатпадың деп кінәлаймын ба деп, іштей бір тоқтамға келіп қойғанмын.

Бір күні сонау алыс Қызылжардан көптен бері жүз көріспеген қайын әпкем келе қалды. Жай келген жоқ, құшақ - құшақ жаңалықтарын, бума - бума әңгімелерін ала келді. Аз күнде қайсыбірін айтып тауыссын, біразын өзімен бірге ала кеткені де анық.

Гүлекең (қайын әпкемді айтам) ауылдағы тіршілігін, біреуден кейін болса да, біреуден ілгері екендіктерін баяндап отырып, сөз арасында, «биыл 80 қаз өсірдім» деп қалды.

– Сексен қаз дейсіз бе? – деппін сенер-сенбесімді білмей. Өйткені Гүлекең өзі аурушаң, соңғы жылдары дәрігерге көп қаралады, аяғын баса алмай қалатыны бар. Күйеуі мектепте мұғалім. Ауылдың қаратаяғы. Жалғыз қызы тұрмыс құрған. Бөлек тұрады. Сонда сексен қазды жалғыз өзі қалай бағып, өсірді екен деп таңқаламын ғой.

– Былтыр қаршада қар жауғаннан кейін, қолымда 11 қаз қалдырғанмын. Соның бәрін қыстан аман-сау алып шықтым. Жазғытұрым 10 қаздың әрқайсысы 10-нан жұмыртқа басып, барлығы 90 балапан шығарды. «Балапанды күзде санайды» деген сөз бар. Күзге жеткені – 80 қаз.

– Қаздың балапандары тауықтың балапандарына қарағанда ширақтау болатын шығар, – деймін сөз сабақтатуға.

– Е, жоға, – дейді Гүлекең жүзінде өз ісінің шеберіне тән сенімділік нұры ойнап. – Бәрі де баптауға, күтімге байланысты. Әр балапанның шикылдаған үнінен-ақ нені қалайтынын аңғарамын.

– Гүлеке, осы арада сәл артықтау кеттіңіз-ау деймін. Сонда сіз құстың тілін білетін болдыңыз ба?

– Білем деп айта алмаймын. Әйтеу, енді, түсінем.

– Жарайды. Сонда сіз қаздың балапандарының қалай ауырып-сырқап қалатынын да білетін шығарсыз?

– Әрине. Айтпақшы, көктемде қарлы-жаңбыр жауып, сонда үш балапанға суық тиіп, ауырып қалды. Бейшаралар бүрісіп, тамаққа тәбеті шаппай, пұшайман халде, өлімсіреді де қалды. Кіп-кішкентай көздері тұманданып, аударылып-төңкерілгенде менің де жаным мұрнымның ұшына келген. Содан соң, әрі ойлап-бері ойлап, өзімше ем жасауға көштім. Шағын жәшіктің ішіне электр лампасын орнатып, ең алдымен балапандарды жылуға жақын ұстап, үсті-бастарын жақсылап кептірдім. Бұдан кейін аспиринің бір таблеткасын үшке бөліп, бір-бір түйірден әрқайсысының аузына салып, су жұтқыздым да, өзімнің халатыма орап, бауырыма басып, бірнеше сағат тапжылмай отырдым. Бір кезде әлгі балапандарға жан бітіп, мойындарын қылтитып созып, шикылдап, маған рахмет айта бастағанда, көзімнен жас шығып кеткенін көрсен.

– Астапыралла, қаздың балапандарына суық тигенде аспирин ішкізгенді бірінші рет естуім, – деймін әрі нанып, әрі нанбай.

– Несі бар. Балапан да бала сияқты. Ауырып қалса, емдеп, сауықтырып алу керек.

Осыдан соң Гүлекеңнің: «Келесі жылға 20 қаз алып қалдым. Келесі күзде қаздарымның санын 200-ге жеткіземін» дегеніне риясыз иландым.

– Не деген дәмді ет, – деймін Гүлекең әкелген қаздың етінен қарбыта асап отырып. – Қызылжардың базарында бір қаз қанша тұрады екен? – деймін тағы да.

– Біздің Ақан-бараққа қаладан қаз сатып алу үшін келетіндер көп. Олар менің қаздарымды 500 теңгеге саудалағанда бермедім. «Тым болмаса, 800 теңгеге алыңдар, алты ай бойы бағып-күткен еңбегім бар ғой» деп едім, олар келіспеді. Мына Алматының базарында мереке қарсаңында бір қаз 1500 теңгеге сатылатынын естіп, мұндағы қала маңындағылар неге қаз өсіріп, пайда таппайды екен деп ойға қалдым, – дейді ол.

«Қала іргесінде тұратын інім мен келінім, қарындасым мен күйеубалам осы әңгімені естисе ғой» деймін іштей толқып.

Әй, қайдам. «Ауылдың жанында айна көл болса, қаз-үйректің етінен тау тұрғызар едік» деп уәж айтатын шығар. «Қызық екенсіз, базарда еттің түр-түрі толып тұр емес пе!» дейтін шығар.

Одан да біз:

«Қоңыр қаз, үйрек,

Ұшады түйдек.

Бұл дәурен өте шығар

Өй деп, бүй деп...» –

## ОТЫЗ БЕН ОН БЕС

Солтүстік Қазақстан облысындағы «Аралағаш» кеңшарының екінші бөлімшесінен бесін ауа аттандық. Қарлы дала төсіндегі үйір-үйір қайындар, шоқ-шоқ қарағайлар, үзік-үзік ойларыңа қозғау салатындай. Табиғатты тамашалудан гөрі ойымызға отыз бен он бес деген сандық көрсеткіштердің қайта-қайта жаңғырып, орала беруін қарашы. Бұл өзі осылай болуға тиісті де сияқты. Әдетте, әдемі үйлесімділікке әрдайым қызыға да құмарта қарау арқылы адамның көңілге түйері көп. Жақын арада тың игерудің даңқты отыз жылдығы тойланбақ. 1954 жылдың төрт маусымының бірінде дүниеге келген сәби – бұл күнде соқталдай азамат; сол жылы алғашқы еңбек жолын тың төсінде бастаған бозбала – бұл күнде тәжірибелі тыңгер-диқан; сол жылы медиен құба түзде қағылған жалғыз қада – бұл күнде астықты ірі кеңшар; сол жылы желмен майысып солқылдаған сәмбі тал – бұл күнде саялы бәйтерек; сол жылы... Иә, сол жылы тың игерумен тұстас тігілген ақ отау – бұл күнде шаттығы шалқыған шаңырақ. Бөлімше меңгерушісі Сұраған Есенеевтің үйінде болып, Майжан апай жайған ақ дастарханнан дәм татып шыққаннан кейін он бес ұл-қыз өсіріп, тәрбиелеп түлетіп отырған осынау қарапайым жандар туралы, олардың тыңның отыз жылдығымен тұспа-тұс тойланатын отыз жылдық жұбайлық өмірлері туралы, еңбекпен есейген Есенеевтің ел құрметіне бөленген азаматтық жолы туралы ойлар маза бермеген. Тың игерудің әлеуметтік өмірімізге әкелген өзгеріс, жаңалықтары жөнінде осы бір ғана отбасының кешегі және бүгінгі келбетіне көз жүгірте отырып та көп жайларды айтуға болатындай.

Сұрағанның балалық шағы соғыстан соңғы ауыртпалығы мен қиындығы мол десек те, жеңіспен жігерленіп, ертеңге, болашаққа үлкен сеніммен қараған жылдарда өтті. Қаршадайынан сақаны тастап, соқаның құлағынан ұстап, киіз үйдің туырлығын төсеніп қисайып, қомша дорба асынып мектепке барып, жетіжылдықты бітірген соң-ақ еңбекке араласып кеткен ол бар мен жоқтың, арзан мен қымбаттың нарқын ертерек түсінді. Ол кезде маңдай тердің өтеуі тірлікке талғажау етерліктей ғана тым мардымсыз-тұғын. Сөйтіп жүріп тракторшылық курсты бітірді. Ал бұл кезде жым-жырт жатқан құба дүз тракторлардың гүрілінен тосын әуен ғана емес, өз төсінде қайнайтын тіршіліктің қуатты үнін естігендей еді. Елу төрттегі ұлы шеру басталғанда Сұраған Есенеев «Қызыл жұлдыз» колхозына бригадир болып келіп, туған жердің тыңына түрен салған болатын. Қазіргі Ленин совхозының астық өскен алқаптарында жасырынып, мұның талай шиырлаған жолдары, айқыш-ұйқыш іздері жатыр емес пе?! Жұмыс десе жанып тұратын бұл жігіт туралы ауылдастарының айтатын мақтау сөздеріне құлақ түре жүріп, жас бойжеткен Майжан оған қызыға қарайтын. Жігіт оның жанарындағы сырды ұқты ма, қыз оның қабағынан өзгеше ықыласын оқыды ма әйтеуір, олар үнсіз ұғынысып, тілсіз түсінісіп, семья құрды, отау тікті. Одан бергі отыз жылдың барлық қиындықтары мен қуаныштары екеуіне қалай ортақ болса, қас-қағым сәттей қалай тез өткеніне екеуі де таңданады. Сұраған 1961 жылға дейін бригадирлік жұмыста болды да, одан кейінгі жиырма үш жыл бойы бөлімше меңгерушісі болып қызмет атқарып келеді. Абыройлы еңбегінің айғағы іспетті кеудесінде Еңбек Қызыл Ту ордені жарқырайды. Бұл жоғары Отан наградасын 1975 жылы еңбектегі елеулі табыстары үшін алған болатын. Шаруашылықтың қыр-сырын әбден игерген, тәжірибесі толысқан шағында Сұраған Есенеевті ауылдастары айрықша құрмет тұтады.

– Сұрағанды мен сонау 1954 жылдан бері білемін, – деген еді совхоздың бас бухгалтері Аманкелді Бекмағанбетов. – Әуелде өзім комсомол жұмыстарына араластым. 1956 жылы Ленин совхозының 2 фермасында бөлімше бухгалтері болып істеуіме тура келді. Бұл жұмысқа сол кезден бастап біржола берілдім. Міне, 30 жылға жуық есеп-шоттың тастарын түгендеумен келемін. Біреулерге дәл солай көрінуі де мүмкін. Шынында, қайнаған еңбек тынысын қалт жібермей қадағалаумен өткен жылдар ғой бұл. Сұрағанның сонау тың шеруі басталған кездегі тасыған қайрат-жігері әлі де мұқалмаған. Механизаторлық мамандықтың мерейін аспандатқан

да осы тың жорығы сияқты болып көрінеді маған. Қазіргі тракторшылардың жылдық орташа табысы 2,5-3 мың сомнан айналады. 1967 жылдан бері оларға қосымша ақы төленетін болды. Ал, 54-те Үшқызыл деген бригадада төрт-ақ «ДТ» болғаны есімде. Бұл күнде әрбір бригадада он жеті «ДТ-75», төрт «К-700», он «МТЗ-50» тракторлары бар. Осының бәріне сүйсіну тек Есенеев екеуміздің еншімізде емес. Сұрағанның шаруашылықтың бір ыстық нүктесінде табандатқан талай жылдар бойы қажымай-талмай тер төгуінен-ақ үлкен мақсат пен мұрат ұстанғандығын аңғаруға болады. Оның бойындағы тамаша қасиет – өз ісін сүйетіндігі, соған адалдығы. Ал енді Сұрағанның семьялық өмірде тау тұлғалы әке ретінде көрінуі де кездейсоқ сәттілік емес. Тың төсінде адамдардың аянбай еңбек етіп, ұрпақ ұластырып, бақытты өмір кешуіне барлық жағдай жасалған деген сөз. Есенеевтер семьясымен соңғы он жыл көлемінде жақын араластық. Менің 6 балам бар. Ал, Есенеевтерде – 15. Асылхан, Бірімжан, Хасендері жеке отау тігіп, олардан бес немере сүйіп отыр. Бің-шыңы, дау-дамайы жоқ, тату-тәтті семья. Оларды бүкіл Аманкелді селосының тұрғындары үлгі тұтады.

Бірде Сұраған екеуміз жұмыс бабымен облыс орталығына бардық. Шаруамызды бітірген соң, ештеңеге қарайламай қайтпақ болғанбыз. Сонда Сұраған балаларына киім-кешек қарау үшін дүкенге соқты. Қажет заттарымызды қағазға жазып алмасақ өзіміз абдырап қалмыз ғой. Ол балаларының қайсысына қай размерлі жейде, костюм, бәтеңкелер керек екендігін жаңылыспай атағанына қарап, көп балалы семьяда әке жауапкершілігі кез-келген ұсақ-түйектің өзіне әлденеше есе артады екен-ау деп ойладымыз. Сұраған сондай жан. Әрдайым ұқыпты, тиянақты, қамқор.

Есенеевтер туралы қатар өскен ауыл азаматы осылай деп сыр ақтарған болатын. Қанша дегенмен, бірге жүріп, біліс-таныс болудың жөні бөлек. Жүзбе-жүз сөйлескенде сыпайылық сызығынан аспауға дағдыланғандықтан кім-кімде өзі туралы, өз семьясы туралы жауапта сарандық жасайды. Ал, «Мен мынадаймын» деп кеуде қағып, бірді-бірге соғып, қызылсөзді сапырса – оның бәрін ақиқатқа балап, қабылдауыңыз да қиын. Біз үйінде болғанымызда С.Есенеев кезекті еңбек демалысын алып, тынығу үшін «Сарыағаш» санаторийіне кеткен екен. Ол кісімен кездесудің сәті тағы да бірде түсер деген сеніммен Майжан апайды сөзге тарттық. Батыр ананың бақытты жүзінен өмір шуағын сезіндік. Көзінен жер бетіндегі барлық ардақты аналарға тән мейірімді, тыныштық тілеуін ұқтық.

– Біз де жас болдық, – деп бастады Майжан апай әңгімесін. – Соғыстан соң, еңесін көтеріп, еркін адымдап кету ел ішіндегілерге де оңай соқпады ғой. Біз соның бәрін көріп өстік. Ерте есейдік. Дәлірек айтқанда, өмір ерте есейтті. Сұрағанмен табыстырған тағдырыма ризамын. Оның қиындықтарға қайыспайтын қайсар мінезін, алға қойған мақсатын орындамай қоймайтын табандылығын, тағы да басқа жақсы қасиеттерін алғаш қосылған кезінде-ақ аңғарғанмын десем, артық айтқандық болар. Көбінде ол шаруашылықтың қым-қуыт жоспар-тапсырмаларына алаң болады. Бөлімшедегі 83 семьяның мұң-мұқтажымен де санасу соның мойнындағы міндет қой. Сөйте жүріп те, балаларының сабағына қарауды, үлкендеріне ақылын айтып, кішкеленерін еркелетуді, әрқайсысының тілін тауып сөйлесуді дағдыға айналдырған. Бала тәрбиесі бізге ортақ шаруа. Тіпті осынау отыз жылдың ішінде біз бір-бірімізді де тәрбиелеп келеді екенбіз. Ұзақ жылдар бойы бірге ғұмыр кешкен жұбайлардың мінез-құлқында, өмірге көзқарасында ғажап ұқсастық болады дегенді бір жерден оқыған сияқтымын. Сол рас. Жас семьялардың кейде ажырасуға ұрынғанда «мінез үйлеспеушілігі» дегенді алға тартатынын жиі естиміз. Үйлеспейтін ештеңе жоқ, меніңше. Жолдасыңның бойындағы жақсы қасиеттерді, өз бойындағы кемшіліктерді айқын ажыратсаң, ол да сөйтсе, бәрі де орнына келеді деп ойлаймын. Ол басында, әсіресе, балалардың көз алдында біз бір-бірімізді мінеп-сынап көрмеппіз. Оның маған әрдайым құрметпен қарауы – балаларымыздың маған деген сәбилік махаббатын оятты, сондай-ақ, менің оны үнемі қадір тұтуым – балаларымыздың оған деген перзенттік ықыласын күшейтті. Әрбір ата-ана семья тәрбиесінде өзінше педагог. Бұл менің отбасындағы тәрбиешілік тәжірибемнен көңілге түйгендерім десем де болар.

Жан-жағынан ұл-қыздары қоршалап, біреуі мойнына асылып, екіншісі бауырына тығылып, үшіншісі, төртіншісі... ал ардақты ана солар жайлы айдай әлемге жария жасап, сыр айтып отырған бір қас-қағым сәтті бейнелейтін сурет салса, шіркін. Қыл қаламның құдіреті оған жетеді. Автордың бұл туындысына «Ана бақыты» деп қарапайым ғана ат қоюына да ешкім қарсы болмас еді.

Майжан апай үй шаруасымен ғана айналысып, он бес баланың күтушісі болып қана күн өткізген жоқ. Аманкелді селосының әрбір тұрғыны бұл кісіні көргенде бір жаңалық, бір қуанышты хабар күтіп, елеңдеп тұрады. Әр күн сайын газет-журналдарды, хат-хабарларды

кешіктірмей үй-үйге таратып шығу – негізгі жұмысы. Бейбіт таңдағы хат тасушының қызметіне кім-кімде қызыға қарайтыны, шаттық хабарларды жеткізгендігі үшін алғаусыз көңілден алғыстарын арнайтыны белгілі.

– Ең кішкенеміз Ералы қазір бес жаста. Үлкеніміз Асылханның Айнагүлі де «ата», «апа» деп былдырлап қолымызда өсіп келеді. Балалар бір-біріне қарап, бірін-бірі ойнатып, уатып, соншалықты қолбайлау болмайды да. Алыста жүргендерінен асыға хат күтеміз, – деп Майжан апай алтыншы класта оқитын Ерлеске қарап қойды.

– Біздің үйге де хаттарды мамам әкеледі, – деді ол бағанадан бергі әңгімені тыңдап тұрғанын білдіріп.

– Хат көп келе ме? – дедім Ерлеске. Ол бұл сауалға сәл ойланды да, саусақтарын бүгіп санай жөнеледі.

– Асылхан мен Еркін ағаларым және Қарлығаш әпкем Арқалықтан, Бірімжан ағайым Жезқазғаннан, Бағлан Қызылжардан, Хасен мен Құсайын Смирновтан, ал Құралай әпкем мен Ерік ағайым Москвадан... – деді ол тағы кімді ұмыттым дегендей өзінен екі класс жоғары оқитын Қорланға қарап. Қорлан үндеген жоқ, оның жанында тұрған Еркеш: – Ал біз оларға осы Аманкелдіден хат жазамыз, – деді тұжырып. Бұл сөздің растығын құптағандай төртінші класта оқитын Раушан мен бірінші класта жүрген Жайнар бір-біріне қарап жымың-жымың етті.

Алты бөлмелі үйдің іші тап-тұйнақтай. Қонақ бөлменің төрінде үлкен қоңыр кітап шкафы тұр. Оның сөрелері оқулықтармен толтырылған болар деп белгісіз бір күдікпен көз жүгірттім де Шолоховтың, Аполлинердің, Майлиннің, Аманжоловтың кітаптарының аттарын оқып, «Абай жолының» қос томдығын көріп әлгі ойымның ұшқарылығын аңғардым. Қазіргі кездегі мәдени талаптарға сай орын-орнына қойылған сервант, телевизор, диван, креслолар бөлмеге көрік қосады. Көрші бөлменің жауып тұрған қалы кілем де көзге жұмсақ. Әлгінде, сөз арасында, аулада тұрған «Жигули» жеңіл автомашинасының да жекеменшік көліктері екенін аңғарғанбыз. Семья ырысы ұқыптылық пен береке бар жерде жыл өткен сайын арта түсетіндігіне осы бір азғантай мысалдардың өзі айғақ іспетті. Қазіргі қала тұрғындарының бір-екі баламен ғана шектелушілігі белең алып отырған тұста тың төсінде тігілген құтты шаңырақ иелеріне ризашылығыңызды қалай білдірсеңіз де сияды емес пе?! Табыстың аз-көп боларын, пәтердің кең де жылы боларын олар о баста ойластырды дейсіз бе. «Балалар аман болсын» дейтін ізгі тілектен ауытқымағандықтарын Майжан апай бұл күнде мақтанышпен айтады. Бағана Ерлес атаған қалаларда бірі прораб, екіншісі милиционер, үшіншісі шофер, төртіншісі монтер, бесіншісі жұмысшы болып еңбек ететін ұлдары мен қыздары өздерінен кейінгі онжылдық бітіріп, әртүрлі оқу орындарына түскен бауыр-қарындастары Құралай, Ерік, Қарлығаштарға қолдарынан келгенше жәрдем жасайды, көмек береді. Сұраған мен Майжанның қазіргі бір айдағы табысы 300 сомның үстінде. Жекеменшіктеріндегі 1 құлынды бие, 2 бұзаулы сиыр, 1 тайынша, 2-3 қойдың өсімі де жыл сайын семья табысын толықтырып отырады. Солтүстіктің суық ауа райы бау-бақша өнімдерін алуға қолайсыздау, дегенмен аздаған картоп егіп, сол арқылы да кіріс түсімді көбейтуге мүмкіндік бар. Кеңшар бес гектар жерге қарақат және таңқурай сияқты жеміс-жидек түрлерін өсіріп, оның да нәтижесін келер күндерден күтуде. Көп балалы отбасыларға мелекет тарапынан көрсетілетін көмек, кәсіподақ комитетінің жасайтын қамқорлығы, орта, арнаулы, жоғары білім беретін оқу орындарындағы жаңа қоғам адамын тәрбиелеу, қалыптастыру ісінде жолға қойылған жағдайлар – осының бәрі-бәрісі кеңестің құрылыстың озықтығы, ешқандай қиындықсыз жүзеге асырылатын шаралар жиынтығы болса, бұл дәл осынау бір шаңырақтың астынан өрбіген Есенеєвтердің бүгінгі және ертеңгі бақытты тұрмысына да қатысты. Қазіргі күнде Есенеєвтердің алты баласы өздерімен бірге тұрады, қалғандары жоғарыда аталғандай әр қиырда жүр. Солардың бірі Құралай жөнінде біз барған күні кезекті еңбек демалысын алып, тынығып жатқан Бірімжан былай деген болатын: – Құралай қарындасым мектепте үздік оқыды. Одан соң Смирновтағы ауыл шаруашылық техникумын қызыд дипломмен бітірді де, биыл Москвадағы Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясына оқуға түсті. Мектепте жүргенде алған мақтау грамоталарымыздың бәрін көрсетсек, бір сандық болып қалар. Сөйте тұра, біздер Құралай сияқты бірден жұрт көңілін аударатындай жетістіктерімізбен көзге түсе қойған жоқпыз. Мәселен, менің Жезқазған педагогикалық институтында сырттай оқып жүргендігім дәл солай болуға тиісті, соншалықты таң қаларлық ештеңесі жоқ, қалыпты көрініс тәрізді. Мен мұны өзіме көңілім толмағандықтан емес, Құралайдың қадамына Есенеєвтер ғана риза болып қоймай, ауыл-ел үлкен үмітпен қарайтынын аңғарту үшін айтып отырмын. Міне, біздің қарындасымыз қандай!

Бірімжан «осы мақтанышым орында ма?» дегендей анасына көз тастады да, ол кісінің жүзіндегі құптау мен қанағат лебін байқап: – Дегенмен, мамам үшін біздерден гөрі жанындағы қолқанаттары көп қадірлі, – деп қосып қойды.

– Қайда жүрсеңдер де аман болыңдаршы, – деді анасы Бірімжанға қарап айтса да, барлығына арнай.

– Түнекүні әсери борышын өтеп жүрген Ерікжаннан хат кешіккенде қандай аландадық. Алғашқы айлардағыдай емес, үйден ұзап шыққан соң қай-қайсың да бой үйретіп, жиі-жиі хат жазуға уақыт таппай қаласыңдар. Өткенде кішкентай Раушан оқудағы Қарлығаш әпкесіне айтып жатыр: «Көп откыртқа сатып ал. Содан кейін «Денім сау.Сабағым жақсы. Мама, құттықтаймын!» деп апта сайын біреуін жіберіп тұр. Сонда саған бәріміз ризамыз» – деп. Оған бәріміз күлдік. Осылар сөйтсе де артық болмас еді-ау деймін.

Бөлімшеде сегізжылдық мектеп бар. Оны бітірген соң басқалар сияқты Есенеєвтер де аудан орталығындағы мектеп-интернаттан оқып, кәмелеттік аттестат алып шығуда. Тегін тамақпен, белгілі мөлшерде киіммен де қамтамасыз етіліп, техникумдар мен жоғары оқу орындарына түскендері стипендия алып тұрады. Туған шаруашылыққа қалғысы келгендері совхоз жолдамасымен барып оқып, мамандық алу кезеңінде совхоздың тікелей көмегіне сүйенеді. Мұның бәрі бізге таныс, мәлім жайлар болып кеткендігі сонша, бұдан басқаша болуы жөніндегі ой қаперімізге де келмейді. Ал, мемлекет тарапынан көрсетілетін қамқорлық біздің елімізде көп балалы отбасыларға тіпті орасан. Тыңның түйдей құрдасы осы шаңырақтың тынысы да бұған толық айғақ.

Сірә, он ұл, бес қыздың бойшаң теректердей, сымбатты қайыңдардай қатар бой түзеп, көңіл сүйсінтерліктей болып өсуін көру – Майжан-ана мен Сұраған-әке үшін қаншалықты мерей десеңізші. Өздері еңбек ететін шаруашылықтың өркендеуіне қосар үлестері де қомақты екендігін, ауыл тынысынан ажыратқысыз тірлік кешіп жүргендіктерін айттық. Бөлімшенің егіс алқабы кеңшар бойынша алынатын өнімнің үштен екісін береді, сауын сиырлар бар, ірі мал шаруашылық кешені салынууда. Ал, осының бәріне жауапты башылық жасайтын Сұраған Есенеєвтің қоғамдық өмірде де, жеке тұрмыста да өзіне үлкен жауапкершілік жүктеп, оны абыроймен атқарып жүргендігінің куәсіміз.

Отбасылық альбомды қолымызға алып, ақтарыстыра қарап отырғанымызда бірнеше газет қиындыларын көргенбіз. «Сұраған газет-журналдардан бір тәуір нәрсе оқыса, қиып алып сақтап, әр кез есіне алып, әңгімелеп отырады», – деді Майжан апай мұның мәнісін білгіміз келгенде. Сол мақалалардың бірінде Өзбекстандағы Ерғашевтар әулеті жөнінде жазылған екен. Олардың он баласынан отыз екі немере, қырық үш шөбере өрбігені жөнінде мәлімет берілген тұстың қызыл қарындашпен асты сызылыпты. Бәлкім, Есенеєвтердің ендігі арманы – үрім-бұтақтарының дәл сондай үбірлі-шүбірлі болуы шығар. Уақыт өте жылдам ғой. Бәлкім, енді бір отыз жылдан соң Есенеєвтер әулеті туралы өзгелер тандана да тамсана айтатын болар, жазатын болар.

1984 ж.

## БАСТАН КЕШКЕН 1418 КҮН

Бейбіт өмірдің шуағына жылынған соғыс ардагерлерімен әңгімелесе қалсаңыз, олардың бірі 41-дің, екіншілері 42 не 43-тің, үшіншілері 44 яки 45-тің сұрапыл шайқастарға, қиян-кескі ұрыстарға толы күндерінен сыр шертеді. Ал осынау қырғын майданның ең алғашқы күнінен ең соңғы күніне дейін қатысқан, қолынан қаруын тастамай, шегінудің азабын, шабуылдың қуанышын түгелдей бастан кешкен соғыс солдаттарымен жолығысу да көп ойларға жетелейді екен. Ардагерлер айтады: «Соғыс ұзаққа созылды. Оның қашан бітетінін ешкім де болжай алған жоқ. Әйтеуір, жеңетінімізге сендік!» – деп. Ардагерлер айтады: «Соғысқа бір-ақ күн қатысып, оққа ұшқандарды көрдік. Өне, нағыз арманда кеткен боздақтар солар!» – деп. Ардагерлер айтады: «Оқ пен оттың ортасында жүрсек те өлім туралы ойлаған жоқпыз», – деп. Ғаббас Жұматов – 1941-1945 жылдардағы сұрапыл соғысқа бастан-аяқ қатысқан жауынгер. Қазір Алматыда тұрады. КазГУ-дің доценті. Тарихшы. Отыз жылдан аса шәкірт тәрбиелеп жүрген ұстаз...

Алдымызда әртүрлі папкалар, газет қиындылары, документтер, фотосуреттер жатыр. Бәрі де бұл кісінің өмірбаянына қалай да болмасын бір қатысы бар дүниелер.



– Мына фотосуреттегі... – деп еріксіз үңіліп қалғанымды көріп, Ғаббас аға оны қолына алды. Әскер формасын киген, жиырмалар шамасындағы төрт жігіттің біреуі өзі екенін шырамыттым. – Бұл – 1941 жылдың май айында Бресте түскен суретіміз. Жанымдағы жігіт – Тұрар Сатыбалдин. Түркістандық. Екінші қатарда түрегеліп тұрғандар – Орынбай Әдібаев пен Қыдияр Жонжаров. Ол екеуінен әлі күнге хабарсызбын. Ал Тұрар туралы әңгімеміздің барысында айтамын. Мұның өзі менің қолыма осыдан он жыл шамасы ғана бұрын тиген еді... – деп Ғаббас аға бір сырдың ұштығын ұстатты да, өткен кезеңнің оқиғаларын біртіндеп баяндауға көшті...

**БРЕСТ ҚОРҒАНЫСЫНДА...** Сұрапыл соғыс эпопеясының бұл алғашқы үлкен тарауы елуінші жылдардың ортасына дейін дүйім жұртқа жария бола қоймаған. Брест қаһармандары кімдер еді, олар жаудың алғашқы соққысын қалай қарсы алды, қала-қамал қанша күнге дейін қарсылық көрсетті дейтін қадау-қадау сауалдарға бертінде ғана жауап табылған. Бұл жөнінде 1965 жылы Лениндік сыйлықтың лауреаты болған С.С.Смирновтың «Брест қамалы» атты кітабында тұңғыш рет егжей-тегжейлі жазылған. Жазылмаған парақтары қаншама. Брест қорғанысына қатысқан жауынгерлердің ішінде 3 мыңнан астам қазақстандықтардың болғандығы елең еткізерлік қой! Солардың бірі – Ғаббас Жұматов.

Ол әскер қатарына алынардың алдында ғана Алматыдағы байланыс техникумын бітірген. Тұңғыш радио-мамандарымыздың бірі болып, еңбекке араласуды армандайтын. Брестің сыртқы бекіністерінің бірі Ковалево маңында орналасқан 6-шы орловтық Қызыл тулы атқыштар дивизиясының 204-ші артиллерия полкында әскери борышын өтеп жүрді. Шыңдалған, ысылған жауынгердің ауылына қайтатын күні де таяу-тұғын. 22 июнь күні партия билетін алмақшы еді. Ертеңгі күннің, атар таңның әкелер қуанышын ғана ойлап, түн ортасы ауа көз іліндірген.

«Ғаламат гүріл мен жер дүмпуі жергілікті уақыт бойынша таңғы сағат 3-тен 15 минут кеткенде шырт ұйқыдан оятты. Абыр-сабыр. Алғашқыда не болып, не қойғанын түсіне алмай қалдық. «Күн күркіреді ме?» – дейді жанымдағы өзбек жігіті. «Жер сілкінді ме?» – деймін мен аңтарылып. «Не айтып тұрсың? Бұл Ташкент емес қой...» – дейді ол. «Соғыс» дейтін суық сөз санамызға ұрды, миымызды қарып өткендей. Мен радио байланыс бөлімінің командирі едім. Жалма-жан қорғанысқа дайындалдық. Жау самолеттері құзғындай қаптап бомба жаудырды. Снарядтар дәл қасымызға келіп жарылуда. Буг өзенін қиып өтпекші болған жау солдаттары бергі жағалауға жете алмай, көбісі су түбіне кетті. Өзіміздің зеңбіректер тұрған жермен байланыс жасауға тырыстым. Полк бөлімшелерінің арасындағы байланыс үзіліп қалды. Рациямен белгілі шифрлар арқылы жолдаған хабарлар жауапсыз қалған соң, амалсыз ашық текске көштік. Қамалдың оңтүстік-шығыс ауданына бекінген біздің артиллерия полкы күні бойы жау танкілері мен жаяу әскерлерінің бірнеше шабуылын тойтарды. Күшіміз әлсіреді. Қатарымыз сиреп қалды. Біз ұрыс сала шегінуге көштік. Қантөгістен тірі қалған біздің және басқа бөлімдердің жауынгерлері орманды паналап, ақыры біразымыз Гомель ауданында Қызыл Армияның бөлімдеріне қосылдық».

Ғаббас аға соғыстың алғашқы күндері туралы қысқаша осылай деген еді. П.В.Владимировтың 1970 жылы «Белорусь» баспасынан жарық көрген «Буг в огне» атты кітабындағы осы 204-ші артиллерия полкы туралы деректер көзімізге шалынды. Онда полк жауынгерлері А.Н.Ющенко, И.А.Кривов, И.Н.Фурсов, И.Кузюков, Х.Сыздықов, Т.Сатыбалдин, Ғ.Жұматов, Ф.Турумовтардың есімдері аталып, бұлар құрамында болған артиллерия полкы соғыстың алғашқы күнінде жаудың 18 танкісі мен бронемашиналарын, бір батальонға жуық жаяу әскерін жойып жібергендігі жөнінде нақты көрсетілген.

Брест қамалының сыртқы бекіністерін алудың өзі жауға оңайға түспегендігін байқаймыз. Тұтқиыл соққының күшімен түк қалдырмай таптап өтпекші болған фашистік армия Бресті үлкен от қазанына айналдырды. Бірақ осы қорғанысқа қатысқан 30-дан аса ұлт өкілдері өздерінің совет солдатты деген атқа лайық екенін ең бірінші күні-ақ дәлелдеген. Қамалдың ішіндегі ұрыстар бір айдан аса уақытқа созылғаны кейіннен анықталды.

**МОСКВА ТҮБІНДЕГІ ШАЙҚАСТА...** Қоршаудан шыққан әскер бөлімдерінің азғантай топтары Брянск ормандарында бірігіп, бас командованиенің резерві 537-ші артиллерия полкын құрайды. Ғ.Жұматов осы полктағы дивизионның радиобайланыс командирі болып бекітіледі. Аз уақыттан кейін бұл полк – Москваны қорғауға қатысады. Можайск бағытындағы ауыр ұрыстарға кіреді.

Астанаға жау төніп келді. 1941 жылдың 30 сентябрінде басталған Гитлердің «Тайфун» операциясы Москваны жер бетінен мүлде жоғалтып, орнына көл орнатуды көздеген ғой.

Бұл ауыр күндерде Ғ.Жұматов құрамында болған батарея Бородино даласына жақын Звенигород қаласының маңына бекінген-тұғын. Бородино! Орыстың қасиетті топырағы! 1812 жылғы атышулы шайқастың алаңы тағы да елдің елдігі, ердің ерлігі сыналатын жер болып шықты. Оқ пен түтін тұмшалаған Бородино даласында совет солдаттары жан аямай жауға қарсы ұрыс ашты. Ғ.Жұматов Брестен Бородиноға дейінгі 1076 шақырым жолды ауыр шегіністермен, үлкен шығындармен, жаяу-жалпылап жүріп өткен. Шегінуді де шектейтін күн туды. Қарыс сүйем жер үшін қан судай ақты. Сол кезеңдегі бастан өткерген қиын халдің бір суретін Ғаббас аға былай тірілтеді:

«Москва түбіндегі сын сағаттарды кім ұмытар. Батыс бағытта астананың тағдыры шешілетінін әрбір жауынгер айқын ұқты. Мына бір мезет көз алдымда: біздің артиллерия жау шебіне оқ нөсерін жаудырып жатты. Дамылсыз ұрғылаған снарядтар топанынан соң тіке шабуыл бастамақшы. Жау жағы да қарап қалған жоқ. Бұрынырақ қимылдап, танкілерін қаптата бастады. Батарея командирінің бақылау пунктінен жау танктерінің қозғалысын ажырату қиындай түскен. Осы кезде маған жанымға бір жауынгерді алып, алғы шепке жақындап, Н. биіктегіне көтерілуге тапсырма берілді. Сол жерден рация арқылы батареяға нақты мәлімет беріп тұруымыз керек. Қатардағы жауынгер Н.Астафов екеуміз ілгері жылжыдық. Салмағы 10 килограмнан асатын «б-ПК» маркалы рациямыз да мұндайда әжептәуір жүк. Биіктікке көтеріліп, айналамызды алақандағыдай көрдік. Іске кірістік. «Біреу, екеу, үшеу... бесеу... жетеу... Оң жақтағылары ішіне еніп барады... Координаттары... Өртенді... Тағы да біреуі жалын құшты... Жарайсыңдар!» Астафов екеуміз өзіміздің жау шебіне жақын тұрғанымызды да ұмытып, «уралап» қоямыз. Бір кезде қарасақ, жыланбауыр «фердинандтар» тырмысып, біз тұрған төбенің бауырына да ілігіпті. Біз бір-бірімізге қарадық. «Неге үндемейсіңдер? Хабарландар?» деген комбаттың даусы сергітті. «Танктер тура біз тұрған төбенің бауырында. Тура біз тұрған жерді нысанаға алыңдар. Атыңдар. Басқа шара жоқ», – дедім мен «Не деп тұрсың, Жұматов? Өздеріңе жақын координатты бер. Бол, жылдам?» Сәлден соң біз тұрған төбенің жау жақ бауыры астаң-кестең болды да кетті. Өртенген танктерден шыға қашқан қара киімді фрицтерді қарауылға алып, жер жастандырудамыз. Наушниктен құлағымызды босаттық. Көп ұзамай оң жақ қапталымыздан біздің төрт «Т-34» танкілері көрінді. Артиллерия әуені дамыл тапты. Темір тажалдардың тәжікесін күтпестен біздің жаяу әскер шабуылға шықты. Москва түбіндегі шайқастардың біріне шағын шолу жасаған Ғ.Жұматов «1941 жылдың 6 декабрінде өрістеген Батыс майдандағы қарсы шабуылдың қаншалықты зор маңызы болғанын тарихтан білесіңдер» деп қысқа қайырды.

\* \* \*

1942 жылдың Ғ.Жұматов үшін ең үлкен оқиғасы сол – Москва төңірегінен жауды кейін серпіп тастауға қатысқаны. Осы Москва түбіндегі шайқаста совет солдаттары алғаш рет Жеңіс рухын сезінді. Фашистердің енді қайтып Москваны маңайлай алмайтынына сенім артты. 1942 жылдың 22 июні күні, тура бір жылдан соң, Ғ.Жұматовқа Гжатск қаласының түбінде полк комиссары партия билетін табыс етті. «Мен коммунистпін! Қасық қаным қалғанша Отанымды қорғаймын!» – деп Ғ.Жұматов сонда тағы да іштей ант еткен. Сол жылдың соңғы айында жас жауынгерді Днепропетровскінің уақытша Томскіге көшірілген Қызыл тулы гвардиялық училищесіне оқуға жіберді. Бұл училищеде 5 айлық қысқа мерзімде майданға офицерлер даярлап шығаратын. Лейтенант Ғ.Жұматовты училищеден соң 5-ші гвардиялық Дон казактары атты әскер корпусына жібереді.

«Жанымда Қалтай Галиуллин деген татар жігіті бар (қазір Қарқаралыда тұрады), екеуміз Оңтүстік майдандағы Дон казактарының корпусына келе жатырмыз. Әуелде «неге бұлай?» деп таңырқадық та. Сірә, біздің атқа жақсы отыратынымызды ескергенге ұқсайды. «Несі бар, атқа мініп те ата-бабамыз жауға шапқан,» – деп күліп қоямыз. Корпусты қуып жеткен соң екеумізді екі бөлді. Қалтай 45-ші атты әскер полкына, мен 150-ші танкі жойғыш артиллерия полкына баратын болдық. Сөйтіп, II, III Украин майдандарында осы полктардың құрамында жау басып алған жерлерді азат етуге қатыстық», – деп Ғаббас аға тағы да бір тыныс алды.

**ЗАПОРОЖЬЕ ЖОРЫҚТАРЫНДА...** 1943 жылдың күзінде Оңтүстік майдан әскерлері Донбасты жаудан босатып, фашист басқыншыларды өкшелей қуды. Гуляйполе дейтін қалаға жақын жерде, Конка өзенінің бойында шегініп бара жатқан жау бөлімдері мен 150-ші артполктың батареялары бетпе-бет келіп қалып, аяусыз шайқас өтеді. Шағын орман-тоғайды қалқалаған зеңбіректердің күшін жау шамалай алмаған тәрізді. Немістер бірден танк шабуылын бастады.

«Бұл өзі сонша ұзаққа созылмаған шайқастардың бірі. Біздің батарея оң жақ қанатта тұрды. Жау танкілері жақындап келіп жалын күшуда. Комбатымыз Гурген Хачатурян жігіттерге дән риза. Осы кезде күтпеген бір жағдай болды. Шеткі қапталымыздағы Спиридон Белыйдың екінші батареясына 300-ге жуық неміс солдаттары жүгеріліктің ішімен жасырынып келіп лап қойғаны. Қоршап алып, бөліп тастамақшы. Біздің батарея оларға көмекке келді. Танк шабуылы да тойтарылды. Ұрыс өткен жерде теңкиіп-теңкиіп шала өртенген бірді-екілі «тигрлар» мен «фердинандтар» қалыпты. Айтайын дегенім, жаңағы неміс солдаттарының бір тобы Белыйдың батареясының дәл жанына келіп, тіпті, қол гранаталарын лақтырған ғой. Сондай гранатаның бірі комбат Белыйдың арт жағына топ ете түседі. Мұны көріп қалған ефрейтор Кару Обгенов жалма-жан оны кері лақтыруды ойлайды да, үлгермейтінін аңғарып, тайынбастан гранатаны денесімен жаба құлайды. Жап-жас қалмақ жігітінің өз командирінің өмірі үшін жанын пида еткені аңызға лайық ерлік-тұғын.

Кейіннен Совет Одағының Батыры болған С.Е.Белыймен қазір хат алысып тұрамын...» – деп Ғаббас аға қолыма бірнеше конверт ұстатты.

Қазір С.Е.Белый Новочеркасск қаласында тұрады екен. Бір хатында аяғы сырқырап, жарасы сыздайтынын, ВТЭК екінші топтағы мүгедек деп тапқанын, әйелі әлі жұмыс істейтінін, Ғаббастың тапсырған казак формасы табылмай жатқанын сыр ғып баяндаса, тағы бір хатында полктас жауынгерлердің кездесуі өткенін, оған 22 соғыс ардагері шақырылса да, көбісінің келе алмағанын, Ғаббасты да күткендерін, көргісі келетіндіктерін, таяуда қарулас достары В.Ф.Перевершкин 60 жасқа толып, юбилейін өткізгенін жазады.

«Бұл майдандас досымның хаттары Запорожьедегі жорықтарды еске түсіреді. Уақыт тауып, жол түссе, Новочеркасскіге барып та қайтармын. Сонда, көп жайларды қайта қозғауға болар еді...»

Ардагер аға мен хаттарға көз жүгіртіп отырғанда шкаф тартпасынан тағы да бір қалың папканы алып, стол үстіне қойды...

**КОРСУНЬ – ШЕВЧЕНКОДА...** 1944 жылдың 24 январы мен 17 февралы аралығында 1-ші (армия генералы Н.Ф.Ватулин басқарған) және 2-ші (армия генералы И.С.Конев басқарған) Украин майдандарында жаудың үлкен тобы қоршауға алынып, күйрете соққы берілген шабуылды операция жүзеге асырылды. Мұны кезінде Бас қолбасшы «екінші Сталинград» деп бағалауында айрықша мән болған еді. Қоршауда қалған фашистер 73 мың солдаттары мен офицерлерінен айырылды, оның 18,2 мыңы тұтқынға түскен-тұғын. Қисапсыз көп техника жайрап жатты. 120 рет болған әуе шабуылында жаудың 130 самолеті атып түсірілген. I, II Украин майдандарының әскерлері жаудың ірі тобын қоршауға алып, жойып жіберумен қоса, қоршауды сырттан бұзуға әрекеттенген гитлерлік 15 дивизияға (оның 8-і танк дивизиясы) тұралатқан тойтарыс берді. Днепрдің оң жағалауындағы аса маңызды Фастов – Белая Церковь – Корсунь-Шевченко – Знаменка – Днепровск темір жолының ұзына бойы жаудан толық тазартылды.

«Бұл әбден ойластырылған, немістерді дәрменсіз тұйыққа тіреген операция болды. Қоршауда қалған қорқаулардың жанталасқан шарасыз халін көрдік. Біздің батарея ашық позициядан да зеңбірекпен оқ жаудырды. Жау солдаттары, танктері бізге 70-80 метрге дейін жақындаған сәттерде олардың ең осал тұсымызды іздеп, қалайда қоршауды бұзуға тырысатынын байқадық. Үрей үстіндегі бейберекет қимылдарынан ештеңе шықпады. Қазір ойлап отырсам, өз басым соғыстың алғашқы айларында қоршауда қалып, тұтқынға түсу қаупінің қандай екенін сезінгендей едім, сондай-ақ жауды қоршап, тұтқынға алудың не екеніне де көз жеткіздік. Өзгенің жеріне өзеуреп ұмтылғандардың бейшара бейнесін біз осы Корсунь-Шевченко түбінде толық таныдық...»

Ғаббас ағаның майдан хикаяларын түгел қамту – мақаланың жүгі емес. Ол тағы да бір-екі жайға екпін түсіре айтқаны есімізде. Енді соған қысқаша тоқталып өтейік.

**БАЛОТОН КӨЛІНІҢ БОЙЫНДА...** Совет әскерлері 1944 жылдың соңында туысқан венгр халқының жерін жаудан азат ете бастады. Атыс взводының командирлері Ғ.Жұматов пен К.Вардашев Балотон көлінің бойындағы бір ұрыста алғы шепке шығады. Батарея командирі Г.Хачатуряның тапсырмасымен олар өз взводтарынан бір-бір зеңбіректен ғана алады. Жер батпақ. Алты ат эзер сүйрейтін 76 миллиметрлік ауыр зеңбіректерді жау шебіне жақын жердегі бекініске орнатады. Міндет тың күшпен толыққанша жау шабуылына тойтарыс беріп тұру. Әп дегеннен-ақ Вардашевтің зеңбірегі үздіксіз атқылаумен болады. Жұматов соғыс тактикасына сүйенді. Танкілер иек астына келгенше оқ шығармады. Дәлдеп, көздеп атқан снарядтар нысанаға дәл тиіп жатыр. Екі зеңбірек екі командирдің бұйрығымен екі түрлі үн қатады.

Фашистер ең алдымен «сөзуар» зеңбірекке шүйлікті. Жұматовтың: «Енді оқ шығармайық. Бізді құрттық деп ойласын фашистер», – дегеніне бірбеткей жас командир құлақ аспайды. Ақыры, дәл қастарына келіп жарылған снаряд зеңбіректі істен шығарып, Вардашевтің екі жауынгері қаза тауып, үшеуі ауыр жараланады. Жағдай қиындай түскен. Жалғыз зеңбірекке қарсы үш танк шабуыл жасайды. Жақындап келіп отқа оранған екі танкінің кебін киюден шайлыққан үшіншісі кері бұрылуға мәжбүр болады. Жұматовтың жанына келген Вардашев: «Бұлай атуды қайдан үйрендің?» – деген қайта-қайта. «Соғыс үйретті ғой, бауырым!» – деген тәжірибелі командир. Басқа не десін. Болған жайды комбатқа баяндағаннан кейін ол: «Тапсырманы орындандар. Зеңбіректі істен шығарып, кейін шегініңдер» деп бұйырды. Соғыс техникасынан адамдарының өмірін қымбат санаған комбаттың бұйрығы дер кезінде берілген еді. Сәлден соң бұлар тұрған жерді жау артиллериясы ойранын шығарып атқылай бастады. Бұл тағы да бір кезекті үлкен шабуылдың қарсаңы болатын. Іле-шала біздің артиллерия сөз алды. Балотон бойынан фашистерді біржолата кейін ысырып тастаған шабуыл осылай басталған еді...

БУДАПЕШТИ АЛҒАН КЕЗДЕ... Екінші Украина майданының әскерлері Венгрияда алты ай бойы ұрыс жүргізді. Батыс Будапешт ауданында Ғ.Жұматов зеңбіректерін орналастыратын қолайлы орын қарастырып жүргенде бір-бірінен Брест қорғанысы кезінде көз жазып қалған досы Тұрар Сатыбалдинге жолығады. Бұл – 1945 жыл еді.

«Бізбен қанаттас бекініс құрып жатқан көрші полк жауынгерлерінің арасымен өтіп бара жатқанымда «Ғаббас! Ғаббас!» деген дауысқа жалт қарадым. Сұңғақ бойлы, кең иықты капитан қазақ жігіті маған құшағын жая ұмтылды. «Тұрар! Тірісің бе, бауырым!» Қысқа-қысқа жөн сұрастық. Осы шайқастан тірі қалсақ, бір-бірімізді іздеп тауып алуға ұйғардық. «Бір зеңбірегімді сенің взводыңа жақын қоямын», – деп күлген еді Тұрар. Сол қалпы әлі көз алдымда. Көп ұзамай көк пен жер отқа оранды. Тұрардың зеңбіректері тұрған бекініске жаудың төрт танкісі, 7 бронетранспортері жаяу әскерімен лап қойды. Екі «Фердинандты» жалынға орағаннан кейін, қалғандары еріксіз тайсақтады. Жаяу әскердің қатары селдіреді. Фашистердің қарсы шабуылы тойтарылды. Бірақ осы ұрыс кезінде Т.Сатыбалдин ерлікпен қаза тауыпты. Мен жарақат алып, корпустың госпиталіне түстім. Шандор Петефидің «Азаттық пен махаббат, керегі маған екеуі-ақ, азаттық үшін махаббат, құрбан етем сені де» деген өлең жолдары еске түседі. Венгрияны жаудан азат ету жолында 140 мыңнан астам совет солдаттары мен офицерлері өмірлерін қиғанын жадымыздан шығармайық. 1982 жылы Венгрияға барып қайттым. Сентябрь айында. Сонда Батыс Будапештегі досым Т.Сатыбалдиннің кабіріне гүл шоқтарын қойдым...».

Дос кабіріне тәжім жасап тұрған ардагер келді көз алдымызға...

«Жетпісінші жылдардың бас кезінде – деді Ғаббас аға – мен Қазақ радиосынан берілген бір хабарда Тұрар туралы айтқанмын. Содан, бір күні университетте маған бір бала келіп жолықты. Ол Тұрардың ағасының баласы Өмірбай еді. Қолында әңгімеміздің басында айтқан фотосурет бар. Мен оны майдан кезінде жоғалтқанмын. Тұрар ауылға жіберіпті. Содан сақталған».

\* \* \*

Қаһарлы жылдарда Ғаббас Жұматов жүріп өткен жол ұзақ. Біз оның Ясса-Кишинев ауданындағы, Карпат тауларындағы, Трансильвания жазығындағы, Румыниядағы қатысқан ауыр-ауыр шайқастары жөнінде тек атап өтумен ғана шектелмекпіз. Соғыстың соңын Австрия жерінде, Венада аяқтайды. Кеудесінде I және II дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендері, Қызыл Жұлдыз ордені мен бірнеше медальдар жарқыраған запастағы капитан Ғ.Жұматовтың бейбіт өмірдегі атқарған адал қызметі жастарға тағлым, ұрпаққа өнеге. Аңсар мекені – алыстағы Баянауыл, сонда туып-өскен. Содан соң 1418 күнді бастан өткерген майдан жолдары шақырады. Кейінгі жылдарда Югославияда, Болгарияда, Францияда, Венгрияда, Австрияда болып қайтты. Биыл Италияға бармақшы. Мұның да сыры – біреу-ақ: «Болмасын соғыс!» деген сөзді айту үшін. Университеттегі қызметінен тыс көптеген қоғамдық жұмыстарға қатысады. Бірнеше қоғамдық ұйымдардың мүшесі. Бәрінде де бастан кешкен өмір сабақтарын қорыта келіп: «Менің от ойраны ортасынан аман шығуым – бақытты кездейсоқтық шығар. Бірақ, кез-келген соғыста мұндай сәттілікке үміт артуға болмайды. Сондықтан да, мың қайталап айтар тілегім – «Болмасын соғыс!» – дейді ол.

1985 ж.

**ЖАНЫМНЫҢ БІР-БІР БӨЛШЕГІ**

Біз туған күн кештерінде ана туралы, әке туралы әндердің жиі шырқалатынын білеміз. Кей-кейде жүрегінді сағыныш баурап, сәби күнін аңсайсың. Анаңның алақанының жылуын сағынасың.

«Ақ кимешек киген бір кемпір көрсем,  
Ақ кимешек астынан сені көрем,  
Ақ кимешек жоғалса – нені көрем?» –

деп күбірлейсің де, әженді еске аласың. Бәріміз де анамызды ардақтаймыз. «Өмірдегі ең ізгі, ең мейірбан адам – менің анашым!» деп айдай әлемге жар салғың келеді.

Ананың қадірін «Ана тілін» оқыған күннен бастап түсіне бастайсың. Ол аздық етеді. Ананың қадірін «Ана туралы жырды» айтқан күннен бастап ұға бастайсың. Ол да аздық етеді. Ананың қадірін кішкентай перзентің дүниеге келгенде, ол анасының бауырына тығылып, бір уыс болып, ұйықтап жатқанда сезінесің. «Сірә, менен, әкесінен гөрі анасы жақын-ау, осыған» деген ой бір мезет санаңда ойнап өтеді де, оны өзіншілдігің өшіріп тастайды. Өзің де сол кезде анаңды ойлайсың...

Менің бір досым «Шешем көрмеген бейнет жоқ. Бүкіл өмірі бала бағумен өтіп келеді. Семьяда он едік. Ер жеттік, есейдік. Ұямыздан ұшып шығып, жан-жаққа кеттік. Енді өзіміздің екі-үштен балаларымыз бар. Оларға да қарайтын адам керек. Тағы да кезек-кезек шешемізге қолқа саламыз. Қазір қолыңда бірнеше немересі бар. Сырт қарағанда, бұдан жиырма жыл бұрынғыдай. Үпір-шүпір балалардың ортасында отыр» деп сыр ашқан. «Осының өзі анашымның бақыты!» деп айтатын шығар дегенмін. Бірақ бар кезінде бақытты байқамаймыз ғой...

Осындай бақытты аналардың біріне Алматы қалалық, комсомол конференциясында ұшырастым. Конференцияға арнайы шақырылған құрметті қонақтарды таныстыру үстінде: «Шәмсия Игілікова Ұлы Отан соғысы кезінде панасыз қалған балаларды бауырына басып, тәрбиелеп өсірген» деген сөзге елең еттім. Қарапайым ерліктің мән-жайына қаныққым келді. Ерлік демегенде ше! Бейбіт күнде болса бірсәрі, ел басына қара бұлт төнген қысылтаяң шақта өзгенің мұңын ойлау дегенге салғырт қарамасақ керек. Иә, соғыс әкені баладан, баланы анадан айырды ғой. Әсіресе, от-жалынға оранған батыс шекарамызды қоныстанған бауырластардың басына қиямет-қайым күн туды. Сондай кезде бұл кісі панасыз қалған қанша баланы қамқорлығына алды екен? Өзінің балалары болды ма, болмады ма? Олар ананың жүрек жылуын ақтады ма? Ар-ұяты мол азаматтар болып өсті ме? Олардың кейінгі жағдайлары жөнінде де сұрап білсек...

Міне, осындай сауалдар бірінен соң бірі мазалай бастады. Шәмсия апаның келісімін алып, бір күні Розыбакиев көшесіндегі 70-ші үйдің бесінші қабатына көтерілдім. Күн жексенбі болатын.

– Е, шырағым, газет-журналдарды көзілдірікпен оқитын болдық. Радио, телевизордың даусын қаттырақ шығарып қойып тыңдайтын болдым. Жасым жетпісті орталап қалды. Өмірдің ыстық-суығын көп көрдім. Жылдар қартайтқысы келеді екен. Бірақ бәрінен де қиыны соғыс салған зардаптар ғой. Ал Жеңіс қуанышы әлі күнге көрген қиындықтардың бәрін ұмыттырып жібереді.

Үйіне іздеп барып жолыққанымызда Шәмсия апа әңгімесін бірден осылай бастаған. Еңсесін тік ұстап, сабырмен сөйлейді. Өңінде жылылық, тыңдаушысының жүзіне ойлы көзбен қарайтын тектілік бар. Бұл адамның өзіне де, өзгелерге де құрметпен қарайтындығының белгісі сияқты. Көзінен мейірім шуағы, ізгілік нұры төгіліп тұрады екен.

– Соғыс басталған жылы біз Гурьев – Қандыағаш теміржолының бойынан Шұбарқұдыққа көшіп келгенбіз. Күйеуім – Мұстафа темір жол бойындағы жұмыста. Қазбек, Сайран, Гүлбағиша деген үш баламыз бар. Енем Хадиша да қолымызда тұрады. Мен ол кісінің айтуынан шықпаймын. Кеңпейіл еді ғой. Туған шешемдей қадірлеп, құрметтейтінмін. Бір күні Мұстафа жұмыстан келген соң, кешкі шай үстінде «Батыстан бері қарай эвакуацияланған жұрт біздің Шұбарға да аялдай бастады. Олардың арасында шиеттей-шиеттей балалар да бар көрінеді. Қайтеміз?» деді сұраулы жүзбен маған, содан-соң шешесіне қарап. Басқа біреу болса «Е, қиын болған екен» деп қоя салар ма еді, кім білсін, әйтеуір енем өйткен жоқ. «Соғыс халықтың басына түскен ауыр нәубет. Жұртпен бірдей ауырпашылығын көтеріңдер. «Қазақ – қонақжай халық» деп әншейінде айтқан бір басқа, осындайда нағыз бауырмал халық екендігіміз көрінбек. Қиыншылық көргендерден көмектеріңді аямаңдар», – деді салмақпен. Сол бір қысылтаяң шақта, ат ауыздықпен су ішіп, ер етегімен су кешіп жүрген тұста, сонша

салмақпен айтылған енемнің сол ақылына әлі күнге тәнтә боламын. Мен ол кезде жас едім ғой. Бәлкім, Мұстафа да бұған әуелде терең үңіліп қарамаған шығар. Бірақ ақ шашты анамыздың ақылы санамызға бірден ұялады.

Шай үстінде осы әңгімеден соң бұл жайында қайтадан сөз болмаған. Ертеңінде Мұстафа үйге таң алдында бір-ақ оралды. Майданға азық-түлік, қару-жарақ жөнелтетін жауапты жұмыста-тұғын. Тынығу дегенді ұмытқан кез. «Міне, үйге де келдік» деген дауысына елең етіп, ұйықтап жатқан балаларды, жары, шешесі орындарынан тұрады. Ол кең құшағына алып, көтеріп ішке кіргізген үш бірдей сәби бұларға жәутең-жәутең қарайды. Өңдері жүдеу. Қабақтары салыңқы. Кіп-кішкентай жүректері әлемде әйтеуір бір әділетсіз оқиғаның болып жатқанын сезетін тәрізді. Бірақ әке-шешелері қайда, неге өздерін поезбен ұзақ сапар шектірді, қайда келді – бұдан бәрі де хабарсыз. Әрі кеткенде «соғыс» деген сөзде бір сұмдықтың жатқанын ептеп қана сезетіндей.

Әкелері майданға аттанған. Шешелері ауырып қайтыс болған. Офицердің балалары көрінеді. Үйелмелі-сүйелмелі Галя, Гуля, Юра осылайша қазақ отбасының шаңырағынан пана тапқан еді. Төрт бөлмелі қамыс үйдің ішіне бір өзгеріс өстіп енген болатын. Шындығында Шәмсия мен Мұстафаның сол бір сын сәттегі батыл қадамдарына мынадай жағдайлардың да әсер-ықпалы болғаны анық. Шәмсияның жастайынан әке-шешесінен айырылып, бейтаныс жандардың мейірім-шуағына бөленіп өскен Люба есімді құрбысы болыпты. Сол айтады екен: «Мені 3-4 жасымда балалар үйінен алып, өздерінің бауырына басқан, тәрбиелеп, өсірген адамдарға мәңгілік қарыздармын. Әке-шешем жоқ деген ой басыма келген емес. Олар болса да осындай-ақ әлпештер. Оқыдым. Жоғары білім алдым. Тұрмысқа шықтым. Әлі күнге дейін өбектеп жүргендері. Біздің қолымыздан олардай болу қайдан келсін» деп. Ондайда Шәмсия ештеңе демеседе, құрбысының ақ жүрегіне іштей ризатұғын. Бәлкім, өзін дәл сондай болуға дайындаған да шығар. Бір сәбиге зар болған таныстары жақын ағайындарының баласын қаз-қаз тұра бастаған кезінен-ақ бауырларына басқанын да көріп өсті. «Балалы үй – базар» деген сөз санасына мықтап ұялағаны күмәнсіз. Бірде Люба екеуі оны-мұны заттар алу үшін қалаға барған. Күні бойы дүкен аралап, көйлектік маталар іздеп, қайтарларында шай-қант қарау үшін көкбазарға соққан. Онда көп аялдаған жоқ. Күн кешкірмей қайтулары керек. Жүктері де едәуір. Базардан шыға берістегі тақтай сөрелердің үстінде 5-6 жасар бала жылап отырғанын көрді. Мүмкін әке-шешесінен ажырап қалған бала болар деп, жанына келіп жөн сұрағанда, балалар үйінен қашып шығып, қайда барарын білмей жәутеңдеп отырған жайын түсінді бұлар. Екі көзі қарақаттай мөлдіреген баланың сондағы бейкүнә кейпі, кәмпітке алданып күлімдегені әлі көз алдында. Люба балалар үйінің қай жерде екенін біледі екен. Бұлар баланы сонда ертіп әкеліп, тәрбиешілеріне табыстаған. Сол жолы да осы оқиғаны енесіне, күйеуіне айтып келгенінде олар «жетім-жесірге өкімет те қамқорлық жасап отыр ғой, дегенмен әке мен шешенің жүрек жылуына не жетсін» деп аяушылық білдіре отырып, «Сол баланы үйге алып келгенінде де біз саған мұның не демес едік қой. Естияр бала, от басындағы мейірімді сағынады ғой, шіркін...» дескен.

Сөз арасында сұрап, аңғарғанмыз – Мұстафа Игіліковтың өзі балалар үйінде тәрбиеленген екен. Кішкене кезінде шешесінен айрылып қалып, есейгенде барып қайта табысқан. Жылап-еңіреп қосылыпты. Атын ұмытпаған, фамилиясын жоғалтпаған. Балалар үйіндегі тәртіппен сіңген тәлім Мұстафаны жастай шыңдаған. Қараөткелде жүргенінде Шәмсиямен танысады. Дүрбелең шақ. Ол бір байға малға сатылғалы тұрған кезінде алып-қашып Орынборға барыпты. Онда рабфакты бітіріпті. Ленинградта, Москвада оқып, жұмыс істеген. 32 жыл бойы теміржол бойында қызмет атқарған. Түрксіб, Гурьев, Қандыағаш, Ақмола, Қаратал теміржолдарын салысуға қатысқан.

Шәмсия апа жадында қалған жылдардың ай-күн парақтарын ақырын аударып бастағанда талай сырға қанығуға болады.

«Бірде Шұбардағы жұрт станцияға қарай ағылды. Балаларды енеме қалдырып, ауыл әйелдеріне ілесіп мен де бардым. Облыстық военком митинг өткізіп, қысылтаяң кездегі жағдайды жұртқа түсіндірді. «Украинадан келген балалардың тағдырын өздеріңе тапсырамыз» деді ол. Әлі есімде, кеше ғана арыстай азаматтарын майданға аттандырған әйелдер «ақ жол болсын!» десіп, бірден-екіден сары үрпек балаларды арқалап, көтеріп кетіп жатты. Сол жерден Мұстафаны тауып алдым. Екеуіміз келісіп, 9 жасар Вера деген қызды ертіп қайттық. Ол Дондағы Ростовтан екен. Бір нәрсе сұрағанда нақпа-нақ жауап береді. «Соғыс» деген сөздің суық лебі санасына жете бастаған естияр қыз бізді кәдімгідей сүйеніш көрді. Көп ұзамай өзіміз

Қадыр деп атаған тағы бір бала біздің үйдің табалдырығынан аттады. Сөйтіп, сегіз баланың анасы болып шыға келдім...»

Ой жүгіртсек, ол кезде Шәмсия апа отыз жаста ғана екен-ау! Отыз жасында сегіз балаға ана болу – айтуға ғана оңай – екiнiң бiрiнiң қолынан келмес шаруа. Осы күнгi отыз жастағы келiншектердiң бiр-екi баланы бағып-күтуге шамалары эзер жететiнi өтiрiк пе? Өтiрiк емес. Әрине, ол кез бен бұл шақты салыстыру да қиын. Дегенмен, Шәмсия апа сияқты көптеген аналардың жаралы жылдарда көтерген жүктерiнiң самағы ауыр-ақ. Ұлы Жеңiстiң жақындауына он жастағы балалар мен отыз жастағы аналар да өлшеусiз үлес қосқандығын уақыт дәлелдедi. Мықтылық. Шiркiн, ана жүрегi! Сәбидiң жыламауын, шаңырақтың құламауын, отының өшпеуiн, бақыттың көшпеуiн, қызыл гүлдiң солмауын, сұм соғыстың болмауын тiлейтiн Анажүрек, сен қашан да күдiреттiсiң! Қасиеттiсiң!

Шәмсия апаның айтуымен сонау сұрапыл жылдардағы тыл өмiрiнiң сұрғылт суреттерi тiзбектелiп көз алдымнан өтуде. Бiз соғысты көрмеген ұрпақпыз. Көрген жоқпыз. Алайда сол алапат соғыстың жаңғырығы санамызға мәңгiлiк ұялаған. Оны өшiру мүмкiн емес. Қайта сол ауыр кезеңнiң тiрi куәгерлерiмен тiлдескен сайын жанымыз түршiгедi. Қан майданда қасық қаны қалғанша елiн, жерiн қорғаған аталарымыз бен әкелерiмiздiң өшпес ерлiгiне жас ұрпақ атынан әрдайым тәжiм жасаймыз, бас иемiз. Сондай-ақ тылдағы табанына шөгiр кiрiп, маңдайынан күн өтiп, бел шешпей еңбек еткен, бiр уыс тарыны бiр үйлi жанның таңдайына талғажау еткен, жеңiспен оралатын жарын күткен әйелдердi, ақ шашты аналарды қалай ардақтасақ та лайық. Солардың тәлiмiмен он жастағы балалар «күлшесiн айырбастап қорғасынға» майдандағы әкесiне, ағасына оқ жiберген ғой. Әрбiр еңбек адамының қолынан жауға қарсы қаншама оқ атылғанын есептеп шығару қиын, ал есептеп шығара қалғандай болсақ Жеңiске жетуiмiздiң бұл да бiр айғақты дәлелiне айналар едi.

Мұстафа соғыс басталған алғашқы айларда-ақ өз еркiмен майданға баруға сұранған болатын. Қолына қару алып жауға қарсы аттануды әрбiр азамат Отан алдындағы борышым деп ұқты ол кезде. Майданды қару-жарақпен, азық-түлiкпен жабдықтайтын тылдағы жұмыстарға да айрықша маңыз берiлдi. Әсiресе, темiржол бойындағы ағылған составтарда кiдiрiс болмады. Мiне, Мұстафа да темiржол қызметкерi ретiнде броньмен қалып, ең бiр жауапты жұмыстарды атқарысты. Ол, әрине, Шәмсияның бiр өзiне 8 баланы бағып-күту жеңiл тимейтiнiн түсiнетiн. Бiрақ басқа шара жоқ. Ел iшi жылаулы. Бiреудiң әкесi, бiреудiң ағасы, бiреудiң баласы майдан даласында қаза тауып, ауылда қара жамылған үйлер саны көбейе түскен. Ересектер қолдағы барларын балалардың аузына тосты. Осыларын ашықпасын, ослар тарықпасын, ертең көкелерi келгенде құлдыраңдап, алдарынан жүгiрiп шықсын, солардың өмiрлерiнiң жалғасы болсын деген тiлек үстiнде болды бәрi де.

Темiр жолдың бойындағы ел соғысқа аттанған солдаттарды үлкен үмiтпен шығарып салып, майданнан, өлiм аузынан қайтқан жаралы жауынгерлердi егiлiп қарсы алып, қолтықтарынан демеп, үй-орманы жау қолында қалған жетiм-жесiрлердiң көз жасын сүртiп, үнеми елеңдеумен күн кешкен ғой. Сол жылдары еңбек армиялары құрылған. Жұмысқа жарамдылар соған алынды. Шәмсия тек балаларды бағып, үйде отырып қалған жоқ. Қасында енесiнiң болғаны да қолын ұзартты. Бiр ауық майданға жөнелтiлетiн азық-түлiктi жинасуға қатысады. Бiр ауық қолдан киiм-кешектер әзiрлеуге көмектеседi. Бiр ауық солардың бәрiн жинап, тiзiмдеп, қаттап станцияға апарып, өткiзiсiп келедi. Әйтеуiр, тыным жоқ. Таңның атысы, күннiң батысы аралығында талай шаруаны тындырады. Сығырайған бiлте шамның жарығымен отырып, түнде балаларының үстi-басын жамап-жасқайды.

Сол тұстағы өз байқағандарын, көңiлге түйiп, көкейге тоқығандарын тарқатып айтар болса, таусылмас әңгiмеге арқау. Зәуiде оған қолқа салсаңыз, Шәмсия апай былай дейдi: «Бәрi де майдан үшiн! Бәрi де Жеңiс үшiн!» Барлық үлкен-кiшi, жас-кәрi осы ұранмен тыныстады. «Майданға жөнелтiлетiн азық-түлiкке не қосасыңдыр?» деген кезде әр отбасы қолындағы жартыдан бөлiп, ширектеп үзiп бергенiн өз көзiмiзбен көрдiк, өзiмiз де сөйттiк. Бiреу тары, бiреу қант, бiреу ет, бiреу май ұсынатын. Мысқалдап жиналған вагон-вагон азық-түлiктер батысқа қарай шеру тартқанда «Боздағым аман болсын!» деп кәрi-құртан, кемпiр-шал, қыз-келiншектер соңынан ұзақ қарап тұратын. Бiздiң қазақ халқы қашаннан жомарт, қонақжай, қайырымды ғой. Бойымыздағы осы бiр асыл қасиет әсiресе сын сағатта мүдiрмей сыннан өткендей. Кеңпейiлдiлiгiмiз шын танылғандай. Алуан ұлттың өкiлдерi дастарқанымыздан дәм татты. Оны ауырсынып қабақ шытқан бiр қазақ отбасын көрген жоқпын».

Оқыған жақсы ғой, көзбен көргенге не жетсiн. Ал тыңдаудың да жөнi басқа! Шәмсия апа: «Өз балаларымды қойшы, мен бiреудiң балаларын қиын шақта бақтым-қақтым, адам

кылып шығардым», – деп мақтанған жоқ, қайта «Балаларымның бәрі де адал еңбек етіп, өз жолдарын тапты, шүкір» деп қана қойды. «Бір ғана өкінішім, – деді ол кісі, – әттең Мұстафа бұл бақытты кезіміздің қызығын бірге бөлісе алмады, бұл күнге жете алмады. 1965 жылы ауырып, көз жұмды...» деді күрсініп.

Мен Шәмсия апаның жүзіндегі әжім сызықтарына сонда ғана назар аудардым. «Мұстафа кейде бірнеше күн, кейде апталап командировкада болатын. Содан үйге оралғанда балалардың қуанышын көрсеңіз. Ондайда Мұстафа ең алдымен Вераның маңдайынан сүйеді, содан соң қалғандарын кезекпе-кезек бауырына басады да, ең соңында Қазбек, Юраны екі қолымен тік көтеріп алады. Олар көпке дейін әкелерінің қолынан түспейтін...».

Отбасындағы тату-тәтті тіршілікке тең келер не бар? Шәмсия апаның ештеңені де қосып, әсірелемейтініне сенесіз. Алғаусыз көңілден айтылған сыр.

Балаларының үлкені Вераны Рига қаласына жіберіп оқытады. Кейіннен өздері Ақтөбеге көшкенде Вера да сонда келіп, сауда саласында қызмет істейді. Вадим деген жігітке тұрмысқа шығады. Шәмсия апа 1968 жылы Алматыға қоныс аударғанға дейін сол Вадим мен Вераның қолында тұрған.

Мынандай бір оқиғаны ана жүрегі тебірене отырып еске алды. Дондағы Ростовтан Вераның туған шешесі Фекла, қасында Зоя деген сіңлісі бар, қызын іздеп Ақтөбеге келіпті. Сұрастыра жүріп тапқан ғой. Қуаныштан аққақ көз жасын-ай сондағы! Бірнеше күн қонақ болыпты. Шәмсияға алғысын жаудырыпты. Қайтарында: – Рақмет! Өз қызыңдай көріп өсірген екенсің, Шәмсия! Өмірі ұмытпаспын бұл жақсылығыңды! Вера да ұмытпайды. Енді сенен бір өтінішім: Вераға рұқсат бер, туған жеріне барсын, жанымызда болсын, – деген екен. Қаншалықты қиналсам да, туған анасы ғой, ара тұрғаным жарамас деп ұйғардым. «Вераның өзі білсін» дедім, ақыры. Иә, Шәмсия апа бұл жерде анаға тән сабырлылықпен, ана жүрегін түсініп тұрып, ұғып тұрып, есейген, оң-солын танитын Вераның өзіне ерік берген. Ал Вераның жауабында үлкен саналылық жатты. «Екеуіңізді де «Мама» деймін. Екеуіңізді де ренжіткім келмейді. Екеуіңіз де мен дұрыс түсініңіздер. Сонау сұрапыл жылдарда мен осы шаңырақтан пана тауып қана қойған жоқпын, шын жанашыр ана да таптым. Ол маған ақ сүтін емізбесе де мейірім шуағымен жылытты. Адам болып шығуыма ықпал жасады. Адамгершілікке тәрбиеледі. Адалдықты бойыма сіңірді. Сондықтан бүгін өзімді өтелмеген көп борышым бардай сезінемін. Осыны балаларымның құлағына да құюмен өтермін. Менің шешімім осы, – депті.

Екі бірдей анасы да көздеріне жас алып тұрып, екеуі екі бетінен сүйіпті. Жөн сөзіне тоқтапты.

«Қазір балаларыңыздың бәрімен де хабарласып, хат жазысып тұратын боларсыз?» дедік еріктен тыс. «Құлындарым, қайда жүрсе де хабар үзбейді, әйтеуір», – деді Шәмсия апа балаларына риза кейіпте.

– Бұл күнде Қадырым әскери қызметте, офицер, Ленинградта тұрады, Юрий – Қарағандыда, механик, Гүлнәрім де университетті бітірген соң сонда, ағасының жанында жүргісі келді. Сайраным мен Ғалияшым – Алматыда. Қазбегім әкесінің жолын қуған – Ақтөбенің теміржол депосында істейді. Гүлбаршыным дүниеден мезгілсіз қайтты. Одан қалған үш баланы да жетілдірдім.

Қадыр мен Юрийдің үштен, Вераның төрт, Галяның да төрт, Гүлнәрдің бес балалары бар. Сол немерелерімнің де алды ер жетіп, отау құрып, шаңырақ көтере бастады. Шүкір. Мерекелерде телеграмма, открыткалар жауып кетеді. Қолымдағы немерем Қасира бәрін түгендеп жүргені, әйтеуір.

Сондай открыткалардың бірінде: «Әже, сізді 1 май мерекесімен құттықтаймыз! Жүз жасаңыз! Зор денсаулық тілейміз», – деп тілек жазып, қол қойыпты. Кімнен екені Шәмсия апаға белгілі. «Әр хаттың бұрышына соғылатын мөрге қарап-ақ, кімнен екенін біле қоямын» деген өзі. Ал әлгі тілекті ұрпақтарының қай-қайсысы да жүз қайталап айтары анық.

Салтанатты кештерге, алқалы жиындарға шақырылғанда Шәмсия апаның жастарға айтар ұлағатты ойлары, өмір тәжірибесі көл-көсір. Тек соны тағлым тұтар, өнеге көрер замандастарымыздың қатары көбейе берсін деңіз.

Жастық шағын Ұлы Отан соғысының жалыны шалған, қыркыншы жылдары бала құшақтаған аналар – сол бір отты кезеңнің қатардағы куәгерлері ғана емес, қайсар қаһармандары ғой! Отан-Ана деген сөзді құрметпен айтақанда олардың асқақ бейнесі ойымызға оралатыны да сондықтан. Ал Ана жүрегінің алдында, қай уақытта болмасын, перзенттік мың тағзым!



## ЖАҚЫННЫҢ ЖАТ БОЛМАҒЫ...

«Маған күйеу табылады, ал ол кімге керек?» Зәуре осылай деді. Міз бақпастан осылай деді. Әлпештеп өсірген ұлдарының басына тағдыр тауқыметі түскен кезде, ауыр шақта келіндері осылай деп қарап тұрды. Күтпеген соққы. Естір құлаққа ауыр. Бәлкім, келіндері ашу үстінде байқамай айтып қалды ма? Бірақ бұл оның бүкіл іс-әрекетінің қорытындысы сияқты қабылданған. Әншейінде көз таныс жандардың алдында өркештеніп, әжептәуір беделге ие болып жүретін Әбекен мен әйелі Бағиланың шарасыз халде бір-біріне қарап жауаңдауы да тұңғыш рет. Жай соққандай болды ғой. Енді, міне, олар таныс-бейтаныс адамдардың алдында жүздерін төмен ұстап, «келініміз – келін емес, кесір болды» деуге мәжбүр.

Болмашы нәрселерден бастау алатындай көрінген үй ішіндегі ұрыс-керіс, жанжалдың соңы келіннің қайын атасына қол жұмсауымен аяқталып, ақыры жас семьяның ажырасуына келіп тіреліп отыр. Қайын атаның шағымы, қайын ененің қалған көңілі, ұлдың шарасыз халі, келіннің оғаш қылығы, орталарындағы кішкентай сәбидің шырылдаған үні, көршілердің кінәлауы – мұның бәрі-бәрісі семьядағы ажырасулардың себеп-салдары қаншалықты көп болса да, қалыпты көрініс деуге келмейтіндей, ондай ұғыммен сыйыспайтындай көрінген еді.

Күйбең тіршіліктегі елеусіз қалып жататын тұрмыстық ұсақ-түйектер қатарына қоса салуға болмайтын еді мұны. Кінәнің салмағы келінге қарай көбірек ауғандығынан ғана емес, сол келіннің, Зәуренің, өзін титтей де кінәлі сезбейтіндігі, ештеңеге де жаны ауырмайтыны, ешкімнің алдында да есеп бергісі келмейтіндігі самайларын қырау шылған атасы мен енесін алғашқыда бармақ шайнатып, үнсіз қалдырған. Бірақ қайдан үнсіз қалдырсын? Мұндай жағдай екінің бірінің басында болып жатқан жоқ. Сырт көз байқамайды дейсіз бе? Неге байқамасын...

Марат пен Зәуре бұдан бес жыл бұрын думанды студенттік кештердің бірінде танысып, көңіл жарастырған болатын. Ол кезде Марат ауыл шаруашылығы институтында оқитұғын. Қаладағы үлкен ресторандардың бірінде дүрілдетіп тойлары өтті. Жүзден астам адам қатысты. Жүз қайтара ақ тілектер жауды. Айтары не, сән-салтанат, сый-сияпат кенеренен асып-төгіліп жатқанына куә болғандар, бәлкім, «қазіргі жастар бақытты ғой, молшылық заман» деп тарасқандары анық еді. Сол күні той дастарқанында болмаған былайғы тілектестер да аз еместұғын. Мараттың әкесі – Әбдіғали Досымов ұзақ жылдардан бері геологиялық экспедицияны басқарады, ал шешесі Бағила Жұбатова педагогикалық қызметте. Жоғарғы оқу орындарының бірінде сабақ береді. Доцент. Мараттың жалғыз ағасы бар. Бойдақ. Үйленудің реті келмеген. Былайша қарағанда, қаладағы көп семьялардың бірі. Тапқан табыстары өздеріне артығымен жетеді. Ас үйдегі төрт бұрышты столды ортаға алып, біріне-бірі қарама-қарсы жайғасқан кезде бесінші адам немесе басқа адам артық сияқты көрінетін. Төрт бұрышы түгел дастарқан басы берекеге ұйып тұратын. Дегенмен, өмірдің заңы, шешелерінің жасы ұлғаюы, күнделікті ас қамымен күйбендеп жүретін басқа да бір сарынды үй ішлік жұмыстар кейде қажытып та жіберетін. «Шіркін, келін түсіріп, сәл-пәл болса да қолымды ұзартсам» деген арман екі ұл зінгіттей болып өскелі шешеге маза бермеуші еді. Зәуре осы үйдің табалдырығынан оң аяғымен аттағанда, әсіресе, көңілі босап, көзіне жас алып тұрып, қайран шеше қатты толқыған еді-ау. Көмекші ғана емес, сүйеніш тапқандай, қолғанат ғана емес, сырлас тапқандай қуанған болатын шешесі сонда. «Мамам екеуіңнің әңгімелесіп отырған кездерің әдемі!» деп Марат та көңіл түпкіріндегі ризашылық сезімін келіншегінен жасыра алмай, айтып қоятын. Үйдегі күңкіл-шүңкіл әңгімеге жаңа мазмұн, жаңа мағына қосылып, өзінше өң-сипат енетіндей әсер болған. Әуелде бәрі де жақсы, бәрі де риза, бәрі де қуаныштытұғын. Өмірге сәби келді, атасы оның атын Дәурен қойды. Енді үйдегілердің барлық ықылас-пейілдері соған ауғандай. Айналып-толғанып жүргендері. Бұл кезде Марат оқуын тәмамдап, Зәуре соңғы курсқа өткен. Ата-енесі баласының күтіміне қарап, келіндерінің оқуын үзбей, диплом алып шығуына жағдай жасады.

Өстіп жүргенде, Мараттың аяғы ауырып, ем-дом қонбай, ақыры ота столына жатқызды. Жап-жас жігіт ауруханадан балдаққа сүйеніп, сыңар аяқпен шықты. Сонда Зәуре: «Енді машина алатын болдық. Қаражат жағынан папам көмектеседі» деген жайрандап. Әзіл-шыны екенін аңғару қиын. Көңілі жарым күйеуі күлген де қойған. Келіншегінің сұқ саусағындағы жаңа жүзікке көзі түсіп кетіп, қайдан келгенін сұрағанда: «Екеуіміздің неке сақинамызды өткіздім

де, орнына осыны алдым. Неке сақинасы неменеге керек? Мынау әдемі. Қарашы, жарасып тұр ғой» деген Зәуре саусақтарын ойнатып. Көңілі орта күйеуі күрсінген де қойған...

Бірақ Марат жасыған жоқ. «Бір аяқтан айрылсам да, балдақтан да басқа сүйенерім бар ғой» деп өзін-өзі жұбатқан. Сол сәтте көңілінде кім тұрғаны айтпаса да түсінікті. Ақырын ғана Зәуре көз қиығын салып, оның алабұртып тұрған жүзінен ештеңе байқамағаны да ол кезде көңіліне бұлт торлатпаған. Уақыт – емші дейді ғой. Тән жарасы жазыла бастады. Сыңар аяқтың орнын сипап қойып, ақ жарқын күліп, алыс көкжиектерге жетуге асығатын бұрынғы арманшыл қалпын қайта тапты. Бәлкім, әке-шешесінің ықпалы болар, ғылыммен айналысуға ден қойды. «Советский союз» журналының 1970 жылғы шыққан номерлерін ақтарыстырып отырғанда, бірде «Планета проблемасы» атты мақалаға назар аударған. Онда күн сәулесін пайдалану арқылы электр энергиясын үнемдеу жөнінде ой қозғалатын. Осы төңіректегі ғылыми жұмыстармен шұғылданып жүрген шешесімен ақылдасты. Қызығушылық оялды. Өз мамандығымен ұштастыра ғылыми кітаптарды оқып, білімін байытты. Бірте-бірте бұл жолға біржолата бет бұрған еді. Көп ұзамай «Казсельмеханизация» ғылыми-өндірістік бірлестігінің Алматы облысы, Іле ауданының «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы колхозында жүргізілген тәжірибе жұмыстарына қатысты. Күн энергиясының халық шаруашылығында қолданылуы туралы ғылыми-зерттеу жұмыстарына дендеп кірісті. Бұл Қазақстан ғылымының жарқын парақтары болып жазылуына азғантай да болса өз үлесі қосыларын ойлағанда қиялына қанат бітеді. Содан кейін Марат Түрікмен КСР Ғылым академиясының осы мәселемен айналысатын ғылыми-зерттеу институтында бір жылдық тәжірибеден өтуге мүмкіндік алады. Ғылыми жетекшісін де содан тапты. Сөйтіп, өмір ағысы бір үлкен арнаға түскендей еді.

Атасы мен апасының көз қуанышы Дәурен еңбектеді, қаз тұрды, жүре бастады. Былдырлап тілі шықты, балабақшаға баратын болды. «Үлкейгенде папам сияқты күн болам!» дейді бейкүнә сәби. Тілі тәтті. «Сен – біздің күніміз! дейді атасы немересін төбесіне көтеріп...

Зәуренің мінез-құлқында өзгеріс пайда борлды. Әдепті аттап, әдейі ата-енесіне тиісе сөйлеуге көшті. Кемшіліктерін байқаса, бетің бар, жүзің бар демей, айтып тастайтын болды. «Өзі тым ерке тәрбиеленген, тікбақай, бірте-бірте түсінер» деп ата мен ене өзара ақылдасып алады да кешіреді. Ақылдасады да кешіреді. Келін билікке, үстемдікке ұмтылады. Төрт бөлмелі үйдің тарлығы білінгендей. Кісі басына бір бөлмеден келсе де, көңіл тарыла бастаған соң не жорық. Маратқа жеке пәтер алып, яғни мына үйді екі бөлмеліктерге айырбастап, бөлек шығу жөнінде жиі айтатынды шығарды. «Әке-шешенің айтқанынан шықпайтын не деген маубассың!» – деп қажайды. «Клараның үйінде болдым. Жаңа гарнитур, түрлі түсті телевизор. Бәрі бар» – деп бір қояды. «Бәрі де менің айтқанымдай болуға тиіс» деп қадап айтады. Келе-келе сөзден іске көше бастады. Үлкен бөлмені өзі иемденіп, ата-анасы қонақ бөлмеге ығысты. Ваннаға кіргенде телефонды құлағының түбіне, кішкентай теледидарды аяқ жағына қойып, есікті ішінен іліп алып, асықпай, бірер сағат жуынатын болды. Ондайда шар-шар еткен телефонның, өзінен басқа кімді шақырса да, «үйде жоқ» дейтін шолақ жауап үнін өшіретін. Бұл еркелік емес еді. Еркелік еместігін отыз жылдан астам педагогтық тәжірибесі бар ене алдымен байқады. Байқады да, ақырындап құлаққағыс жасай бастады. Күтпеген қарсы жауаптарды естігенде ененің өзі айтар сөзден жаңылысатын.

Халқымыздың тұрмыс-салт дәстүрінде аса қастерлейтін жазылмаған бір қағидалар бар. Солардың бірі – үлкенге деген құрмет. Ақ табалдырықты аттаған келіннің биязылығы, әдептілігі, кішіпейілдігі шаңырақ шырайы екендігіне ата-бабаларымыз айрықша ден қойған. Бұдан келіннің өрісі тарылып, аяғы тұсауланып, беделі түскен емес. Қайта, оған деген қадыр мен құрметтің арта беретінінің куәсіміз. Бірақ эмансипацияны ту ғып ұстаған әйелдердің ұлттық сана қалыптастырған әдемі салт-дәстүрлерді тәрк етіп, белінен басып, аттап өткісі келетінін, өзінің тәуелсіздігін сөйтіп дәлелдігісі келетінін құптау қиын, әрине. Біздің кеңестік қоғамды теңсіздік жойылған. Әйел мен еркектің тіршілік-тұрмыстағы правосы бірдей. Отбасындағы үстемдік туралы да айту негізсіз. Бірақ бұл деген сөз, әркім ойына келгенін істесін дегенге тізгін ұстатпайды. Әсіресе, отбасында қарт адамдар, жасы үлкен кісілер болған жағдайда олардың қас-қабағына қарау – перзенттік парыз. Келін де сол отбасының занды мүшесі болғандықтан, сол үйдің баласындай қабылдануы тиіс. Өзін солай сезінуі керек.

Сүттей ұйыған отбасы тіршілігін шайқаған Зәуренің қылықтарының бәрінен де әдеп, иба, ұят атаулыны түгелдей мансұқтағаны байқалады. «Дәуренді жуындыратын, киіндіретін, тамақтандыратын, балабақшаға апаратын, одан алып қайтатын, тіпті далаға шығарып серуендететін, ойнататын да әкем мен шешем, Ал Зәуре түске дейін ұйықтайды, қалаған уақытында қалаған жеріне кетіп қалады, өзіне қарсы айтылған бір сөзге екі сөзбен жауап

қайтарады, мұны да қойшы, әсіресе, әке-шешемді ащы тілдегенін естігенде не істерге білмей, бармағымды тістелеймін» деп Марат бірде досы Ермұқанға сырын ашқан. Ол не десін. «Түсінер, түсіндіріп, айтып көрсек қайтеді?» деп Мараттың өзінен шешім күткен. «Ол маған емес, ешбір адамға сенбейді, ешкімді сыйламайды. Жек көреді. Мені мүсіркейді, бірақ аяушылық сезімі жоқ, болған да емес, болмайтын да шығар...». Кеше ғана қалап қосылған жары туралы мұншалықты қатты айту қайбір оңай дейсің. Көңілі әбден суынған ғой. Суынған сияқты. Суынатын да жөні бар.

Марат сырқатынан ада-күде айығып кете алмаған. Енді екінші аяғы ауырып, ұзақ түндерді ұйқысыз өткізетін күйге душар болды. Өмірлік жан жолдасының рухани серіктікке жарамай, күннен-күнге суық тартуы – бір соққы болса, ауру азабы – екінші соққы болып тиген. Тағы да аурухана есігін ашуға тура келді. Ауруханаға барардан бір күн бұрын үй ішінде кезекті шаң-шұң, ұрыс-керіс тұтанған. «Пәтер бөлуді бір жайлы жаса да, ауруханаға содан соң жат», – деді Зәуре. «Асқындырып алсам қайтемін? – деді Марат. «Аурухананың есігін күзетумен өмірім өтетін болды ғой», – деді Зәуре. «Бір ауыз жылы сөзінді естіп кетейін де!» – деді Марат. «Мейлі екі аяғыңнан, екі қолыңнан айрыл, онда менің шаруам жоқ», – деді Зәуре. Келіндерінің ұшқары айтқан сөзіне түршігіп, түзету жасаған атасы да, енесі де өз «сыбағаларын» бөлісті. Қолына түскен заттарын лақтырып, шаптығып, долырып алған Зәуренің бұл «ойынын» көршілері де келіп «тамашалаған». Біреулері жағаларын ұстады, біреулері саусақтарын шошайтып тұрып күлді, біреулері араша түсуге ниет жасады. «Тып-тыныш ел едік, әбден мазамызды алды бұл отбасы, тиісті орындарға жазу керек, хабарлау керек. Мұндайлардың қонысын өзгерту керек» дегендер де табылмай қалған жоқ. Әркім сырттай тон пішіп, айғай-шуы көп бұл шаңырақ жөнінде бірден-бірге сөз тарап, өсек өрбіп жатты.

Жан жарасы мен тән жарасынан қатар азап шеккен Марат ертеңінде тағы да ауруханаға түсті. Дәрігерлер пікірі екі жарылды. Хирургиялық әдісті қолданып, ең бастысы адам өмірін сақтап қалу керек дейтін ұсыныс қолдау тапты. Мараттың өз келісімін алды. Сыңар аяқпен де жүруге жазбапты. Екінші операция...

«Ауруханада танымайтын жандардың көмегін, мейірімін, қайырымын көрдім. Ал үйге келгенде ше? «Мүгедексің» деген сөзді де ең алғаш әйелімнің аузынан естігенім қалай? Мұқату ма? Мені мұқатқанда ұтары не? Әлде, өзінің он екі мүшесінің сау екендігін мақтан тұтқаны ма? Жарымжан күйеуден не қайыр деп, өксіп өтетін өміріне күйінетін болар. Онда неге бірге тұрғысы келмейтінін күлбілтесіз ашық айтпайды? Неге екенін кім білсін, әйтеуір, бұрынғы Зәуреш жоқ. Екі аяғымды аман сақтай алмағандығым үшін тек соның алдында ғана кінәлідей сезінем өзімді, «Сен кімге керексің?» деді ғой... Марат теледидардың түрлі түсті экранындағы ғажайып табиғат көріністерін көріп-көрмей отырып жанарына жас үйіріліп келе жатқанын байқады да, жанындағылар мұны аңғарып қалмасын деп, төмен қарады.

Жас жұбайлардың ұғыспауының түп-төркіні кездейсоқ бақытсыздық емес болатын. Бұл Мараттың сырқатына байланысты деп жеңіл үкім шығарушылар қатты қателеседі. Ең бастысы, негізгі себеп, олардың өмірге, адамдарға деген көзқарастарының алшақтығында жатқандай. Кез келген адамға сырттай-ақ, оның іс-әрекеттеріне қарап-ақ баға беруге болады. Бұл баға бір-бірімізді тануымызға көмектеседі. Адамтану дегеніміздің өзі осы ғой. Әйтпесе, кім-кімнің ішіне кіріп шығыпты. Бірде Марат Зәуренің төсек жинап жүріп жастық астына әлденелерді жасырғанын байқап қалды. «Ол не?» деді білмекке құмарлықпен. «Жәй, дәрілер ғой» деді Зәуре мән бермегенсіп. Жастық астына қол жүгірткен Марат аты таныс емес әлдебір шетелдік дәрі-дәрмек құтыларын көрді. «Осыларды екі есе бағасына алады, дефицит...» деді Зәуре күлімдеп. Марат үн-түнсіз құтылардың аузын ашты да, дәрілерді қоқыс салатын жәшікке апарып төкті...

«Дәрі сатып байығың келді ме, өзің дәрігерсің ғой. Екінші рет мұндайыңды көрсетпе! – деді содан соң әйеліне. Әйелі мырс етті де, есікті тарс жауып, шығып жүре берді...

Бүгінгі таңдағы әйелдердің отбасындағы рөлі бұрынғыдан басқаша деген пікір бар. Олар қазір әлдеқайда белсенді, қосалқы билікті қажетсінбейді. Өз айтқандарын орындайды. Керек десеңіз, көңілі ұнамаса отбасын бұзып, қалауынша, жеке тұруға хақы бар. Өйткені ажырасудан ұтылары шамалы: Бас бостандығын алады – бір, пәтерді алады – екі, баланы алады – үш, алиментті алады – төрт. (Бұл мәселе туралы «Литературная газетада» кең пікір талас та өткен болатын). Ал, міне, осы жеңілдіктерді асыра пайдаланып, өктемдігін өткізуге тырысатындардың бел ортасынан біздің кейіпкеріміз де көрінбек болған. Және қандай жағдайда десеңізші...

Ішкі есебі өзінде, Зәуре көп ұзамай аудандық халық сотына күйеуінен ажырату жөнінде арыз беріп қояды. Бірақ Маратқа тіс жарып айтпаған. Халық сотындағы жолдастар «Бұл

жөнінде күйеуің біле ме?» деп сұрағанда, «Оның білуі міндетті емес, сот болған күні біле жатар» дейді самарқау. Сөйтіп, түк болмағандай, ақ дастарханнан бірге дәм татып, Мараттың туған күн кешіне құрбыларын шақырып, сол кеште игі де жақсы тілектерге қосылып, өз рөліне өзі риза кейіпте сот шешімін асыға күткен. Сот бұларды ажырату жөнінде шешім шығарғанымен де, Мараттың наразылығы себепті бұл мәселені қайта қарауды жөн деп тапты. Алғашқы шешім бұзылды. Пәтер бөлісі өз пайдасына бұйырмағандықтан Зәуре де әліптің артын бағуға ұйғарғандай. «Осындай қарау ниетің барын қалай білмей келгем?» деген Мараттың сөзіне, «Саған бәрібір емес пе, қолтықтасып киноға да, театрға да бара алмаймыз», – деді тауып айтқандай сыңаймен.

Арадат апта өткенде Зәуренің тағы бір сорақы қылығы осы уақытқа дейін сыздап келген жараның аузын тырнап ашты. Түс кезі болатын. Зәуре Арқалықтағы үйіне телефон соқты. Отбасында сол күні тағы да кішігірім жанжал өткен еді. Ол Марат пен Зәуренің үйдегі кішірек бөлмеге ауысуына байланысты тұтанған. Марат келіссе де, Зәуре келіспеген. Үлкен бөлмені босатпаймын деп шу шығарған. Ата-енесінің заттарын қонақ бөлмеге лақтырып тастады. Ілешала Арқалықтағы туыстарына шағым жасамақ еді. Атасы келіп: «Қой, шырағым, қызбалыққа салынба. Мейлі, бұрынғы бөлмелеріңде тұра беріңдеп», – деп телефондағы байланысты үзіп жібергені сол, Зәуре қолындағы трубкамен қарияның кеңсірігіне қойып кеп жіберді. Атасы жарақат алып, мұрнынан қан кетіп, құлап түсті. Мына сұмдыққа куә болған көршілері жедел жәрдем шақырды. Қоғамдық тәртіп сақшылары Зәурешті милиция бөлімшесіне алып барды. Тексеріс, сұрақ – жауап алынды. Іс сотқа берілді. Келіні соққыға жыққан қария ауруханаға түсіп, 17 күн жатып, емделіп шықты. Медицина қызметкері Зәуре Қашқынованың қылмыстық ісін қараған аудандық халық соты оны кінәлі деп тауып, бір жыл бойы айлық табысынан он пайыз көлемінде мемлекет есебіне ұстап тұруға, түзеу жұмысына үкім шығарды.

Бәлкім, Зәуре тек осы бір отбасында ғана өзін осылай көрсеткен шығар, басқа жерде көп замандастарымыз сияқты әдепті де ибалы, сыйласымды болар» деген ой кімге де болса келері сөзсіз. Оның қызмет істейтін орны берген мінездеме сот процесі кезінде дауыстап оқылған. Ондай былай делінген: «Қашқынова Зәуре, қалалық №. Емханасында 1983 жылдың 7 августінен бері стоматолог-дәрігер болып қызмет істейді. Дәрігер З. Қашқынова өзін тиянақсыз, құбылмалы ұстайды, ашушаң мінез көрсетіп жүр.

Қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан емес. Коллективте сыйласымы аз. Жас маман ретінде өзінің кәсіби шеберлігін арттыруға тырысқанымен, адамдармен қарым-қатынаста сыпайылық шегінен шығып кететін кездері бар».

Мінездеменің соңына № емханасының бас дәрігері, кәсіподақ комитетінің председателі, комсомол ұйымының хатшысы – үшеуі қол қойған. Жоғарыдағы оқиғадан кейін Зәуренің жұмыс орнында жолдастық сот өткен, оның комсомол мүшесіне лайық емес тәртібі сынлаған, соның нәтижесінде әлгі мінездеме жазылған. Зәуренің ата-енесі оның қызмет орнынан әлгіндей мінездемесі барына таң қалған жоқ. Таң қалғандары – кейіннен, сот процесінен кейін өз қызметкерлерін ақтап алуға тырысқан емхана басшыларының өз сөздеріне қайшы әрекеттері. «Зәуренің бүкіл қылығы дәрігер деген атқа лайық емес!» деген айыптау ол қызмет істейтін ортада айтылмағанын біреу біліп, біреу білмейді.

Бұл отбасымен жақын араласатын көршілерінің бірі И. Әбдіраманова: «Бір күні үйлеріне бас сұққанымда мынандай бір көрініске тап болдым. Марат жығылып, төсекте жатыр. Зәуре оны түйгіштеп-түйгіштеп алды да, арашаға келген шешесін кеудесінен итеріп, басу айтқан атасына қарай гүл құмырасына лақтырып жіберді. Қабырғаға соғылған құмыра быт-шыт болды» десе, оның сөзін толықтырып тағы бір көршілері Наталья мен Юрий Баевтар кінәнің бәрі келінде дегенге қол қояды. «Менің бір таң қалғаным, – деді Юрий, – сот процесінде, үкім оқылып жатқан кезде Зәуренің жүзінен зәредей де қымсынуды, қысылуды байқамадық қой. Ол жымыш күліп тұрды. Жетіскендіктен емес шығар!». Көршілер көргендерін, көңілге түйгендерін айтады. Оларға олай деме, былай де дей алмайсыз ғой.

Отыз жылдан астам педагогтық тәжірибесі бар Бағыла Жұбатова өз алдынан жүздеген шәкірттер өткізген еді ғой. Сонда бір келінге шамасы келмеуі қалай? Әлде бұл педагогикалық өлшемге сыймайтын тәрбиені қажет етті ме? Кейде ойлайды: «Неге мұншалықты келінімнің алдында дәрменсіз болдым? Қалайша? Оның көрсеқызар, затқұмар көзқарастарын байқап, оған арылуына ақырындап, ептеп ықпал жасауға ұйғардым. Бір отбасында бес қыз өскен екен. Айрықша осы Зәурені шолжаңдатып өсірді деуге болмас. Адамдар арасындағы қарапайым қарым-қатынастардың құнын да ақшамен байланыстарғысы келетіндігін байқадым. Ақылымды аяған жоқпын. Тыңдамады. Үйінен жасырынып ақша сұратып алатынын да сездім. Сонда

әлдебір жылтырақ заттарды алу үшін. «Бәрі де менің ойлағанымдай болсын» дейтін көңіл-күй мендеген. Өмірде олай болмайтынын, кейде кішірею, кейде шегіну, кейде ығысу қажет екенін де байыппен түсіндіруге тырыстым ғой. Апыр-ай, сөз дарымайтын болғаны ма, сонда оған? Абай айтқан екен: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондықтан, білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады...». Қарапайым қара сөздің қуаты-ай, шіркін! Ұғар құлақ қайда десеңші!..

Бір күні Зәуре оны-мұны заттарын жинастырып қоңыр сөмкеге салып алды да, төрт көзі түгел отырған үй ішіндегілерге ләм деместен шығып жүре берді. «Қайда кеттің?» деген ешкім болмады. Әйтеуір, бір күні осылай боларына ешкім де шәк келтірмеген. Зәуре қаладағы таныс құрбысы Сапураның пәтеріне келіп, семья драмасы бір жайлы болғанша аялдайтынын, пәтер бөлісінен ештеңе шықпаса Арқалыққа кететінін айтқан. Ол құрбысы не десін. «Ойлансаңшы» деген сөзді Зәуре жек көрді. «Ата-ененен қояр басты кінәң не сонда?» деген құрбысына: «Миымды ашытты. Көп сөйлейді. Құрғақ ақыл айтады. Ақылдың арзан екендігін ұқпайды. «Маратым, Маратым» деп жүргені енемнің. Оған бір ауыз қатты сөз айтқан емес. Ал менімен ұрсысуға дайын. Дәуренді бағып, күткендерін кәдімгідей міндет санайды. Өз немерелері ғой. Күтсін. Бақсын. Бірақ ажыарсқан күнде баланы оларға қалдырмаймын. Шешеме апарып беремін. Бала менікі. Маратқа шын жандары ашыса мені де өз балаларындай әлпештеуі керек еді. Өйткен жоқ. Өз обалдары өзіне. Мараттары енді кімге керек? Ешкімге де...» деп бір-ақ қайырған.

Сапура «Сенікі дұрыс» дегендей құптап, бас изей берген. Ал оның орнында басқа адам болса: «Зәуре, сен қателесесің. Ертенгі күні Дәурен «әкем қайда? Оны екі аяғы жоқ болған соң тастап кеттің бе?» дегенде осыны айтып ақталмақсың ба? Жарамайды. Оған әке керек! Мараттың айналасында қайырымды адамдар бар. Олар оны жалғызсыратпайды. Сен неге оның жүрегін жараладың? «Кімге керексің?» дегенде, не айтпақ болдың? Сен қол сілтеді деп, ол қорғансыз қала ма? Өттең, сен оның арманы үлкен екенін ұға алмағансың. Күн энергиясы! Бұл Мараттың мақсат тұтқан жұмысы ғана емес, ендігі жерде барлық қуат күшінің қайнары да. Өттең, сенің жүрегіңе махаббаттың сондай құдіретті сәулесі түспеген. Өкінішті-ақ. Дәуренді атасынан айырмақсың. Жазығы не? Олардың жалғыз немерелерінен артық не қызығы бар? Тіпті, сенің Дәуренді жеке иемденуге моральдық қақың да жоқ сияқты. Қазір сен күнде таңертең жұмыс орнына барған соң, үстіңе қардай аппақ халат киесің. Ал ішкі жан-дүниен қандай? Маратты анадай күйде қалдырып, ошағын ойрандап кеткеніңе неге өкінбейсің? Неге ағыл-тегіл жыламайсың? Дінің қатты екен. Өзің ең жақын адамыңа жасаған бұл қиянатыңды кім кешіреді? Қандай қиындыққа тап болсаң да, адам деген атқа лайық болып қалуың керек еді. Дәрігерлік антыңа дақ түсіргеніңді Гиппократ білмес, бірақ қызметтес жолдастарың білуге тиіс. Сен енді олардың да жүзіне тура қарай алмайсың!..» дер еді ғой. Осылай деуге еш күмәндануға болмайды. Біреу болмаса, біреу айтады. Сөз сүйектен өтуге тиіс...

Кім біледі, Зәуре мұның бәрін құрғақ ақылғөйлік деп ұғар. Қалай десе де осынау ойларды бүгіп қалуға болмайды. Бүгіп қалуға біздің хақымыз да жоқ. Бұл тек бір адамның ғана пікірі болуы мүмкін бе? Жоқ, олай емес сияқты. Өйткені «Қайткенде адам қалады адам болып?!» деген сауалға бәріміз де жауап іздеп жүрміз ғой...

1985 ж.

## АРАША

Өлдінің әлсізге көрсеткен өктемдігін, содырдың момынға жасаған қиянатын, жаманның жақсыға жапқан жаласын, тағы да басқа әділетсіздіктерді көрсеңіз, куәсі болсаңыз қайтер едіңіз? Әрине, жапа шеккен жанның қасынан табылып, көмек көрсетесіз, демеу боласыз. Бұған сізді сонау әліппе ашқан күннен бастап-ақ тәрбиелеген. Қиянатқа төзбе, әділдік үшін күрес, жаныңдағы жолдасың, яки танымайтын басқа біреу әлдекімнің кесірінен сүрініп кетсе – сүйемел бол дегенді құлаққа құюмен болған бәрі де. Адамдар арасындағы ізгі қарым-қатынастарға негізделген біздің қоғамның гуманистік озық өнегені көздейтін моралі де осыған саяды.

Түсінуге жеңіл болуы үшін, бұл әңгімеге түрткі болған оқиға желісін қысқаша баяндап өтелік.

Қазалы станциясындағы № 716 құрылыс-монтаж поезының бір топ жұмысшылары 1983 жылдың 4 сәуірінде Аралдың арғы жағындағы Сексеуіл станциясына жұмысқа жіберілген. Мұндағы депо құрылысы қалыпты ырғақпен жүріп жатты. Оның тек өзіне жұмсалмақ қаржының көлемі 2,5 миллион сом еді. Қазалыдан келген 30 шақты адам жұмысшылар жатақханасынан орын алып, іске кірісіп кеткен. Прораб Әлмәмбет Ержанов пен механик Теңізбай Есқалиевтар оларға басшылық жасап, мұң-мұқтаждары болса қарасуды міндеттеріне алған. Еңбек адамына қойылар талап қай жерде жүрсе де біреу-ақ қой: жұмыс уақытын тиімді пайдалану, жоспарлы тапсырманы мерзімінде орындау, бұрын орындалса тіптен жақсы. Олардың еңбек тәртібі жөнінде, қол жеткізген табыстары жөнінде тізбелеп айтып жатпаймыз. Дегенмен, адам келбеті ең алдымен еңбек ететін ортасында, коллективте танылатының мезгеуі парыз.

Белгілі бір шаруамен айналысқан жағдайда таңның атуы, күннің батуы байқалмайтыны, көңіл бөлер, көз алдар көп жалт-жұлттың қағаберіс қала беретіні белгілі. Керісінше, айналысар істің аздығы, тым құрыса ермек етер алданыштың жоқтығы жастарды да бұрыс жолға итермелейді. Сексеуілдің бір топ жігіттері кейінгі кезде жұмысшылар жатақханасына көп келгіштейтін болған. Бұл келудің жігіттерге қыр көрсету, қыздарға қырындау деген сияқты ішкі есепке құрылғанын былайғы жұрт байқамауы да мүмкін.

8 мамыр күні ымырт үйіріле карьерден құм тасып кештеу оралған шофер Нұрғали Дәлиев пен тракторшы Әуесхан Дәуітовтер асханадан тамақтанып шыққан соң дем алып, тынығудан басқа ештеңе ойлаған жоқ. Әуесхан Нұрғалиға «мені шығарып салшы» деп өтініш жасады. Өйткені ол депо құрылысы басындағы вагонда емес, қыздар мен жігіттерге бөлінген жатақханада жататын. Жергілікті жігіттермен ілінісіп, байланысып қаламын ба деп қауіптеніп тұрғанын жасырмады. Нұрғали «прорабқа айтсаңшы» деді оған. Прораб Ә. Ержанов Нұрғалиға келіп «Әуесханды шығарып сал, әрі қыздардың жағдайын біле келерсің» деді. Машиналарының майы таусылып тұрғандықтан олар жаяулап жатақханаға тартты. Жақындап қала бергенде бұларды көріп, алдарынан Сарқыт деген қыз жүгіріп шықты: «Ағайлар, – деді ол абыржып – бөлмемізге жергілікті балалар кіріп алып, мазамызды кетіріп болды, соларды шығарып жіберіңіздерші». Нұрғали жанындағы Әуесханға қарап еді, оның көзінен «екеуімізді тыңдай қояр ма екен?» деген сауалды ұқты да, Сарқытқа «қазір барамыз» деп, жатақхананың жігіттер жатқан бөлмесіне келіп, оларды ертіп шығады. Қыздардың бөлмесіне келіп, орынсыз ыржалақтап, қызулау күйде дарақы дабырласып отырған 5 – 6 балаларға қыздарды ренжітпей, шығуларын сұрайды. Олар көп сөзге келмей, «көрерміз» десіп, кетіп қалады. Бұдан соң қасына еріп келген жігіттер де тарап, Нұрғали прорабқа звондап, мән-жайды айту үшін қыздардың бөлмесінде қалып қояды. Ол Ә. Ержановпен телефон арқылы сөйлесіп жатқанда есік қатты-қатты қағылып, «Нұрғали шық, аш есікті» деген дауыс естіледі. Нұрғали сыртқа шығып, үйдің бұрышын айнала бергенде қарсы алдында тұрған екі жігітті көреді. Бұл екеуі – жергілікті жігіттер Лесхан Сидәуұлов пен Серік Абдуллаев еді. Екеуі де депо құрылысында істейді. Нұрғалимен таныстықтары сырттай ғана. Екеуі де әжептәуір қызу екен.

Міне, осы арада оқиға шарықтау шегіне жетіп, шарт та шұрт төбелес басталады. Әрине, әдейі күтіп тұрған Лесхан мен Серік жабылып, Нұрғалидың қабырғасын қаусатпақшы еді. Бірақ, ол оңай шағылатын жаңғақ болмады. Әуелде қорғанды, қаша жөнелген жоқ. Одан соң қарсыласты. Екеулеп, бірі шашынан жұлып, екіншісі аяғынан шалғанына қарамастан, өзі де әжептәуір соққы алғанына, жығылып тепкіге түскеніне қарамастан тұрып кетіп, Сидәуұловты ұрып, мұрнын қанатты. Бұл әлгі екі бұзақының да есін жинатқандай. Осы кезде тағы да жігіттер хабарланып, милиция келіп, төбелес тоқтаған.

Ертеңгілік екі жақтың да кінәлі-кінәсіздері бас қосып, милицияның алдында мәмілеге келмек болған. Әрине, ең алдымен Нұрғали жәбірленуші ретінде арыз жазған. Осы кезде желдің қай жақтан соға бастағанын аңғарған Сидәуұловтың әкесі, немере ағасы, өзі келіп Нұрғалидан кешірім сұраған. «Бас жарылса – бөрік ішінде» дегенді айтып, қазақшылық жөнімен түсінісуге шақырған. «Сол жерде кешірім бере салуға да болар еді, – деп жазады Нұрғали өзінің редакцияға жолдаған хатында, – бірақ, мен кешірейін десем де, прораб пен механик көнбеді. «Бұлары басынғандық. Шара қолдану керек. Сен кешірім берсең – біз мына 30 адамды саған тастап, жоғарыға шығамыз» деген соң олардан асып кете алмадым. Сонымен кешірім берілмеді».

Прораб пен механикті толғандырған мәселе дәл бұл жерде біреу-ақ болған: осы бір төбелестің қорытындысы арқылы, Қазалыдан келген жұмысшыларды кірме санап, көз алартып жүрген сексеуілдік жігіттерді бір тұқыртып тым еркінсулеріне тыйым салу, қалыпты еңбек

тынысын қабырғадан қадалған шаншудай тарылтпауларын талап ету еді. Бірақ, мұны басқа түгіл нақ Н. Дәлиевтің өзіне бажайлап түсіндіруге тура келген сияқты.

Сол күні кешкі поезбен Дәлиев пен Сидағұлов Қызылордаға барып, сот-медициналық экспертизадан өтуге тиіс еді. Ешқандай себепсіз Сидағұлов қалып қояды да, Дәлиев «жеңіл жарақат алған» деген анықтама қағаз алып қайта оралғанда, сап-сау Сидағұловтың ауруханаға түскенін естиді.

Осы орайда айта кету керек шығар, Лесхан Сидағұлов, 1958 жылғы, 1980 жылы бұзақылығы үшін екі жылға сотталған, Серік Абдуллаев, 1958 жылғы, 1978 жылы тонауға қатысқандығы үшін бес жылға бас бостандығынан айрылған. Ал, Нұрғали Дәлиев 1948 жылғы, 4 баласы бар, әйелі мұғалім. Қарап отырсақ, осынау қысқаша деректердің өзі көп нәрсе аңғартқандай. Өзінен он жас кіші балалармен Нұрғалидың бөлісе алмай жүрген ештеңесі де жоқ екені күмән тудырмайды. Шынында солай ма? Қызылорда облыстық темір жол прокуратурасының прокуроры Таңғатов жолдас Дәлиевке «Сенің қыздарда нең бар? Бәлкім, үшеуің қызға бола төбелескен шығарсың?» деп мысқылдағанында – күдік төбе көрсеткен ғой. Сенбестік салқыны бар. Ал іске терең үңілмей тұрып, бірден мұндай көзқарас танытуға болмайтын еді.

Жалпы, Қызылорда облыстық темір жол прокураторасы Н.Дәлиевтің арызы негізінде қылмысты іс қозғап, тергеу жұмыстарын жүргізуге керенау араласқандығы байқалады. Бұл істі қолына алған Қызылорда станциясы ішкі істер бөлімінің милиция капитаны Т.Жидебаевтың сотқа дейінгі жүргізген жұмысынан көп ала-құлалық көзге ұрады. Мәселен, неліктен Сидағұлов алғашқы күннен-ақ тергеуге тартылмады? Неліктен ол сот-медициналық сараптан Дәлиевпен бірге барып өтпей, қалып қойды? Неліктен Т.Жидебаев Н. Дәлиев пен бір топ жұмысшылардың Сидағұлов және Абдуллаевтардың әрекетін қоғамдық орында тәртіп бұзушылық деп жазған арыздарын негізсіз деп тапқан? Жұмысшы жатақханасының қоғамдық орын екендігіне келіспеушілік пе бұл? Жатақханада болған 5 – 6 баланың осы төбелеске тікелей қатысы бар. Оларды Сидағұлов та, Абдуллаев та жақсы біледі. Ендеше, неге олартергеуден тысқары қалды? Сондай-ақ, төбелестің соңында келіп, арашаға түскен жігіттердің бірі Ә.Дәуітовтың қолын кесіп кеткен Абдуллаевтың қалтасында болған пышақ неге анықталмай, ақыры істен шығып қалды? Тергеудің барысында Нұрғали Дәлиевтің жұмысшы қыздардың тыныштығын ғана емес, намысын қорғағандығы, сол үшін соққыға жығылғандығы және сол қорғану кезінде бұзақылардың мұрнын бұзса да, кінәлі болмауы тиіс екендігі неге ескерілмеді. Неге? Неге? Неге?

Бұл істі 1983 жылдың 16 тамызында Арал аудандық халық соты қарап, анықталмаған жайлардың болуына байланысты қайтадан тексеруге жібереді. Содан соң екінші рет 27 қазанда өткен сот процесінің шығарған үкімі бойынша С.Абдуллаев 2 жыл 6 айға, Н. Дәлиев 1 жылға бас бостандықтарынан айырылып, ал Л. Сидағұлов бір жыл бойы айлық табысынан 20 пайыз көлемінде айып төлеп тұруға кесіледі. Мұнда Дәлиев пен Сидағұловтарға тағылған кінәнің салмағын анықтауға сот-медициналық сараптың берген анықтамасы негіз болған. Дәлиевтің жеңіл жарақат алғандығын айттық. Ал, Сидағұлов төбелестен кейін тура 2 айдан соң, 8 шілде күні, сот-медициналық сараптың «миы шайқалған, орташа жарақат» деген анықтамасын әкеліп тапсырған. Ол 53 күн дәрігерге қаралып, ауруханаға жатып, жұмысқа шықпағандығы жөнінде анықтамалар жинаған. Арал аудандық халық сотының судьясы, осы істі екі рет қараған А.Байбазаров бұл жөнінде бізге: «Егер Дәлиев те Сидағұлов сияқты орташа жарақат алғанда, немесе екеуі де бірдей жеңіл жарақат алғанда – Дәлиевті кінәсіз деп табуға болар еді» деген болатын. Бұл заң тілімен айтқанда: Дәлиев «қажетті қорғану шегінен асып кетті» деген сөз. Ең үлкен сұрақ осы арада қойылуға тиіс.

Мәселен, сіз демалыс саябағында тынығып жүрдіңіз делік. Сол кезде бір қарындасыңыз жүгіріп келіп, бұзық балалардың мазаларын алып тұрғандығын, тым болмаса соларға «қойыңдар» деп айтуыңызды сұрасын. Бұрылып кетуге арыңыз шыдамас. Барасыз. Айтасыз. Сол кезде әлгілердің біреуі «сен қайдан келген арашашысың?» деп иығыңыздан қақса – сіз де иығынан қағып, бүйіріңізден нұқыса – сіз де бүйірінен нұқып, шекеңізден сүйкесе – сіз де соны қайталап қана тұра бермексіз бе? Сонда ол сіздің қажетті қорғану шегінен аспаған түріңіз ғой! Бұлайша, әрине, озбырлық пен өктемдікке тойтарыс беру мүмкін емес. Нұрғали Дәлиевтің дәл осыған ұқсас күй кешкені, бірақ қорғану кезінде ішкі қорлық-ызаны жасыра алмағаны анық.

Ендігі бір назар аударатын нәрсе – Дәлиевтің, Сидағұловтың және Абдуллаевтың тергеу кезінде берген жауаптары. Сот екі рет өткендіктен тергеу жұмыстары да екі рет басынан бастап қайта жүргізілген. Т.Жидебаев өз жұмысының барысындағы өзгерістерге қаншалықты мән

бергени бізге белгісіз. (Бұл жөнінде Т.Жидебаевтың өзімен сөйлесіп көру үшін Қызылорда станциясы ішкі істер бөліміне іздеп барғанымызда, оның іс-сапарға кетіп қалуы себепті жолығыса алмадық). Дәлиевтің жауаптары сол бұрынғы қалпында, алып-қосқан дерлік ештеңе жоқ. Ал, Сидағұлов пен Абдуллаевтың жауаптарындағы құбылулар көңіл бөлерліктей.

«Бір кезде Лесхан мен Нұрғали төбелесіп кетті. Мен Нұрғалидың аяғынан ұстап Лесханға көмектестім. Бір кезде Нұрғали құлады. Мен оны теуіп жібердім. Оның алдында да екі рет қолыммен соқтым. Нұрғали тұрып кетіп, Лесханды ұрып құлатты». (С.Абдуллаев).

«Төбелестің қалай басталғанын, кім бастағанын білмеймін». (Л.Сидағұлов).

«Төбелестің не себепті болғанын, кімнің төбелесті бастағанын білмеймін. Әрине, бұл мастықтың әсері деп есептеймін». (С.Абдуллаев).

«Сен массың, кет бұл жерден деп жаман сөз айтты. Менің оң көзімнен ұрды, сол кезде мен де оны ұрдым. Бұл кезде қасымда Абдуллаев жоқ. Дәлиев екеуіміз төбелесіп, ол мені құлатып, аяғымен басымнан тепті». (Л.Сидағұлов).

Ал, енді Дәлиевтің айтуынша бұл әу бастан-ақ өзгешерек еді: «...сен екенсің ғой бәрін бүлдіріп жүрген деп жағымнан салып жіберді де, шашымнан ұстады. Мені қарсыласады деп оң қолымнан ұстады. Бұл әрекеттерді жасаған Сидағұлов еді. Енді екіншісі – Абдуллаев сол қолым мен сол аяғымды көтере ұстап алды да, екеулеп құлатпақшы болды. Құлай қоймаған соң Сидағұлов оң аяғымнан теуіп құлатты. Екеуі де ішіп алған. Қашуыма ешқандай мүмкіншілік болмай қалды».

«Сотталушы Дәлиев Н., сотталушы Сидағұловты жерге құлатып, оны аяғымен басынан бірнеше рет теуіп, қасақана орта дәрежеде жарақат салған». (Сот үкімінен).

Бұдан соң Н.Дәлиев Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын коллегиясына арыз жолдайды. Онда Сидағұловты қорғану мақсатында ұрғандығы, қасақана қылмыс жасадым деп өзін кінәлі санамайтындығы жазылған. Иә, бұл арыз да негізсіз деп табылыпты.

«Қасақана» деген сөздің заң тіліне көшкенде қаншалықты ауыр тартатынын бағамдау қиын емес. Ал енді осы төңіректегі заң қызметкерлерінің ой-пікірлеріне үңіле қарағанымызда олардың бір жайтқа көңіл аударғандығын байқадық. Көбіне, қажетті қорғану шегінен асып кетудің де «қасақана» деген ұғымға жақындай түсетіндігі белгілі. Бірақ, басы ашық болуға тиіс мәселе мынау: жәбірлеуші өзінің шабуылын қай кезде тоқтатыны белгісіз, сондықтан жәбірленуші қарсылығына шек қою қиын. Ол тіпті жәбірленуші адам шабуылын тоқтатқаннан кейін де оған жарақат түсірген жағдайдың өзінде кенеттен жәбірлеушіге айналып кетпейді, сол баяғы жәбірленуші қалпында қала бермек...

Біз Н. Дәлиевті мазаларын алып қоймаған балаларды шығарып жіберу үшін көмекке шақырып, бөлмелеріне ертіп әкелген Сарқыт Қожантаевамен әңгімелесіп отырмыз: – Нұрғали аға бөлмеде отырған жігіттерге ешқандай өктемдік көрсеткен жоқ, – деді Сарқыт. – Оларға барынша сыпайы ғана «жігіттер, бұлардың болмайды, сендер түгіл біз өзіміз мұнда рұқсатсыз кірмейміз» деп түсіндіріп айтты. Төбелес болғанға дейін Сидағұлов пен Абдуллаев та жігіттермен бірге іште болды. Кіріп-шығып жүрді. Бізге орынсыз тиісіп, шаршап келгенімізді айтсақ та, қылжақтап қоймады. Біз – К.Нұржанова, Ә.Қаренеева, К.Әлмаханова, Т.Уәлиева, Д.Есімова, С.Бәпиева деген қыздар бірге тұратын едік. Бөлмедегі әңгімеге біз бәріміз де куәміз. Ал төбелесті терезеден өз көзімізбен көрдік. Абдуллаев пен Сидағұловтардың Нұрғали ағаны жерге жығып салып тепкілегеніне қарап тұрып, не істерге білмедік. Прораб А. Ержановқа екі рет, милицияға екі рет телефон соқтық. Мен осының бәріне өзімді кінәлідей сезінемін. Егер сол жолы Нұрғали ағаны көмекке шақырмағанымда бұлай болмас еді ғой...

Дәл осы Сарқыт сияқты өздерін Нұрғалидың алдында сәл де болса кінәлі сезінетіндердің бірі – прораб А.Ержанов та, екіншісі – механик Т.Есқалиев. Олармен де сөйлескенімізде Нұрғалидың жұмыстан кеш келіп жатақханаға баруының себебі еріккеннен емес, жанындағы жолдасы мен бұлардың бір ауыз өтінішін жерге тастамағандығы екендігі баса айтылды. Ал Нұрғалидың өзі басқа жігіттермен бірге жатақханада емес, прораб пен механиктің жанында, құрылыс басындағы вагонда тұрып жатқан. Енді бізді Н.Дәлиевтің бұлайша істі болуына ұжымы, өзі әлденеше жылдан бері шофер болып жұмыс істеп жүрген ортасы қалай қарады деген сауал мазалаған. № 716 құрылыс-монтаж поезының бастығы Салмырза Қалдыбеков хатшы қызды қайта-қайта шақырып, «анау қайда, мынау қайда» дей отырып айтқанының ұзын ырғасы: – Нұрғали Дәлиев жөнінде ұжым пікірі жақсы болатын. Біз екі рет – 4 тамызда және 26 қазанда – ұжым арасында жалпы жиналыс өткіздік. Ондағы шығып сөйлеуші жолдастардың бәрі де Нұрғалидың бұл оқиғада шектен шыққан бұзақылығы дегенді



көре алмайтындықтарын, қайта ұжымымыздың әрбір мүшесі бір-біріне қандай жағдайда болмасын қол ұшын беріп, көмектесіп отыруы қажеттігін тілге тиек етті. Жиналыс хаттамалары және Н. Дәлиевке жұмыс орнының берген мінездемесі іске қаншалықты пайдасын тигізгенін біле алмадым, – деді ол.

Әрине, ұжымның әр мүшесі еңбекке жарамды кезінде ғана емес, басына іс түскенде де назардан қағыс қалмауы керек-ақ. Дәлиевтің жұбайы төрт баласымен ауданнан, облыстан араша іздеп, есік тоздырып жүргенде бұл мекемеде жанашырлық білдірушілер өзара бас шайқасқан да қойған. Ақыр соңы болары болды дегенге бойсұнған прораб А.Ержанов «Нұрғалиды өзім мұншалықты кінәлі болады деп есептеген емес едім» дейді бүгінде. Одан «Қазір депо құрылысы аяқталды ма?» деп сұрағанымызда: – Жоқ, депо құрылысы әлі жүріп жатыр. Біздің мекеменің адамдары да бар онда. Бірақ Нұрғалимен болған қыз-жігіттердің қазір бірде-біреуі онда барғысы келмейді, сондағы отызымыздың бірде-біреуінің Сексеуілге қалып жұмыс істеуге жүрегі дауаламады, – деді.

– Сонда қалай? Сіздер неден тайсақтайсыздар?

– Сексеуілге барып-қайтқандардың кез-келгенінен сұрасаңыз: жастар арасында тәртіп өте нашар. Іс-сапарға келген шоферларды көшеде тоқтатып алып: «кері бұрыл» деп бұйыратындары, ол айтқандарын орындамаса ұруға дейін баратындары бірнеше қайталанған. Сенделіп, босқа көше кезетіндері қаншама. Олар Нұрғалиды соққыға жығардың алдында да бір мастерімізді сабап кеткен болатын. Оған шу шығармадық, дабыра жасамадық. Сидағұлов пен Абдуллаевтың Дәлиевті жабылып ұрғандары аздай, онымен бірге істеген жігіттерді де іздестіре бастаған. «Нұрғалидың жанындағы кішкентай жігіт келмей ме бұл жаққа?» деп сұрайтын көрінеді барғандардан.

– Ол кішкентай жігіті кім?

– Әлгі, Нұрғали жатақханасына дейін шығарып салатын Әуесхан Дәуітов деген тракторшы.

Бұдан кейін біз Әуесханға да жолығып, сол күнгі болған оқиғаны еске түсірдік. Ол да «Нұрғали мені жатақханаға дейін шығарып салмағанда мұндай болмас еді» деп кінәні алдымен өзінен іздей бастады.

Япыр-ау, деп ойладық біз, бұлардың жасандылығы жоқ, жалтақтығы жоқ пікірінен тергеу жүргізген Т. Жидебаев неліктен ең керекті дәлел мен деректі іздемеді екен, әлде бұлардың бәрі өтірікші ме?!

Әуесхан сол қолының жең түймесін ағытып, білегіндегі аздап білінетін пышақ ізін көрсетті де, мұның төбелес тарқар сәтте жігіттермен бірге жүгіріп келіп арашаға түскенінде Абдуллаевтың пиджагы қалтасындағы пышақтан қалған белгі екенін айтты. «Неге сол күні бірден дәрігерге барып, жаранды тандырып, анықтама алмадың?» деген сұрағымызға Әуесхан: «Мән бермеппіз. Бұлай боларын білгенде ...» деп күмілжіді.

Нұрғали болған оқиғаны 3 қарашада бастан-аяқ қағазға түсірсе де оны редакцияға жолдауға асықпапты. Сірә, ақ пен қараға көз жеткізер азаматтар табылар деп күтсе керек. Дәл осы ойды бізге оның жұбайы Ұлия да айтты: «Ол артына қарайлай-қарайлай кетті. Дәл кетерінде ғана, 4 қаңтар күні, маған бұрын жазып қойған хатын табыстап, редакцияға жолдауымды өтінді. Өтінішін орындадым. Бірақ редакция бұған араласпайтын шығар деп ойладым. Бір жыл көп уақыт емес. Шыдаймыз. Бірақ ертең өскенде мынау төрт бүлдіршін «әкеміз сотталған» деп қалай айтар?!».

Нұрғалидың хатындағы мына жолдардың астын сызғанбыз: «Осы оқиғадан соң адам атаулыны арашалауға қалай ғана барасың!».

Кеше ғана жанындағы жолдасының бір ауыз сөзін аяқ асты тастамай, көңіл бөліп, елпілдеп жүрген жігіт, кеше ғана қарындастың қамын ойлап, қажет болса оған да қол ұшын беруге әзір тұрған жігіт, кеше ғана әділет пен шындықтың жолы даңғыл деп жас өрім балаларына тәрбие бере бастаған әке – неге бүгін бұлайша торықты? Тәрбие атаулының ішіндегі ең бастысы да, ең қиыны – адам сенімін тәрбиелеу екен. Адам сенімін тәрбиелеу.

Осы тұнық лайланбады ма, осы?!

1984 ж.

## **СЫҢАР ҰЛТАРАҚ**

Менің көршім Бостан жасы елуді еңсеріп қалған, ұзын бойлы, қапсағай жауырынды, шегір көзді, ақ-сары жігіт. Тарихшы мұғалім. Ұзақ жылдар іргелес тұрғандықтан, балаларымыз бастаған достықты жалғастырып әкете алмасақ та, аман-сәлеміміз түзу. Келіншектеріміздің

аяқ-табақтары араласып кеткеніне де талай уақыт болды. Көрші үйдің қара ала кесесі біздің үйдегі, біздің шұңғыл тәрелке көршінің үйіндегі дастарханнан табылса, оған таңғалмаймыз. Қаладағы көп қабатты үйде тұратындықтан, тауық өсірмейміз, әйтпегенде, бір-біріміздің тауықтарымыз да жаңылысып онда- бұнда жұмыртқалап жүрер ме еді, кім білсін. Ішек-қарыны араласып жатқан тату көршілерміз.

Бостанның әйелі Жаңыл да пысық келіншек. Біреуді екеу жасап, екеуді төртеу жасасам деп жанұшырып жүргені. Әлдебір мекемеде шаруашылық жағын басқаратын орынбасар бастық. Көбінесе қызыл күрең, қызыл немесе қызыл ала түсті көйлек кигенді ұнатады. Қай кезде де шәйнегі оттан түспей қайнап тұрады, қай кезде көрсең де жанарлары шоқтай жанып, жайнап тұрады.

Менің әйелім Мәрзия оятпасаң түске дейін ұйықтайтын, әлдебір шаруамен көрші-қолаң есік қоңырауын безілдете қалса, шашы буда-буда болып барып есік ашатын еріншек сары келіншек. Нотариалдық кеңседе жұмыс істейді. Кеңсесі өзіміз тұратын үйдің астыңғы қабатында.

Мен – журналшымын. Журналшы болғаннан кейін қолыңнан қаламың түспейді. Ақ қағазға қадалып көп отырған сайын келіншегіміздің жаны кіреді. Өйткені, жазған–сызғаныңнан қаламақы түсіп жатса, оны айына үш-төрт рет жинап-теріп пошташы қыз әкеп тұрса, неге жаман болсын. Сондай да заман өткен! Қазір ғой, нарықтың заңына ұрындық та, жазушының жазғандарының құны көк тиын да болмай қалғаны...

Жарайды. Әңгіме онда емес. Мен мұны, бәрібір, жазғаныма ешкім ақы төлемесе де жазамын дегенді аңғарту үшін айтып жатырмын. Кім білсін, көршім Бостан мен Жаңыл туралы бір ауыз сөз жазбай да өтуім мүмкін еді ғой...

Жұмыстан келіп, кешкі шәйімді ішкен соң теледидардың арналарын олай-бұлай ауыстырып, қазақша тұщымды ештеңе таба алмай, төрде шынтақтап жатқанмын. Мәрзия: “Жұмабек, мен Жаңылға барам. Шаруам бар”, – деп апақ-сапақта көршінің үйіне кетті, содан сүт пісірім уақыт жоғалды.

Теледидардың құлағын қанша бұрасам да дені дұрыс қазақша хабар көре алмай, не бір жаныңды жадыратар ән-күй ести алмай, әбден қалжырадым. Содан соң теледидарды өшіріп, кітапханамдағы көзіме ыстық көрінетін әрбір кітаптың мұқабасындағы жазуы мен суреттеріне көз жүгіртіп біраз тұрдым. Бір жақсы әңгіме оқығым келді. Чехов, Ричард Бах, Майлин, Шукшин, Шерхан, Дүкенбай, Тынымбай, Мархабат, Әлібек, Дидахмет, Ермек Қонарбаев... ақыры Сайын Мұратбековтің көк кітабына қолым созылып бара жатты. “Көкорай”. Алдымен “Отау үй”... Түннің бір уағына дейін Сайынның кейіпкерлерімен қайтадан сырласып, ауылды қатты сағынып жүргенімді сезіндім. Сайын кейіпкерлеріне ұқсас, бірақ тек менің ауылыма ғана тән мінез-құлықтары бар таныс-бейтаныстарым көз алдымнан өтіп жатты. Ауылдағы әңгімелер ойға оралды.

Ақпандағы ақырған аязда да сақал-мұртын аппақ қырау көміп, екі беті нарттай жанып, ат үстінен түспейтін жылқышы Сайлаубектен біреу сұрапты: – Сәке, осындай қақаған аязда қалай тоңбайсыз? Ылғи буыңыз бұрқырап жүресіз. Соның сыры неде? – деп. Сонда жылқышы: “Оның жәйін, қазір, үйге кірген соң айтайын!” – десе керек. Үйге кіріп, асықпай саптама етіктерін шешіп, сол етіктерінің қоныштарына қолын сұғып жіберіп, қалыңдығы екі елі киіз ұлтарактарды суырып алыпты да: – “Міне, мені суықта тоңдырмайтын, сақтайтын, қорғайтын осы, ұлтарак!” – деген екен. Бала кезімізде естіген осы бір әңгіменің әсері күшті болғаны соншалық, ұлтараксыз етік, пима кимейтінбіз. Кейін, студенттік шақтарда, неше сағат бойы суық сыраханалардың тас еденінің үстінде, тікeden тіке, салқын сыраны сіміріп тұрған кездерде де суық тиюден сақтаған бәтіңкемнің табанындағы жылы ұлтарак болса керек. Қойшы, әйтеуір, сол әдетті кейін “Salamandra” туфли кигенде де ұмытпадым. Ерте күзден кеш көктемге дейін туфлиімнің, етігімнің табанында ұлтарак жүреді.

Бүгін үндегідей ерте тұрып, жұмысқа баруға жиналғаныммен, шыға берісте, күйбендеп, тұғжындап, едәуір аялдап қалғаным. Оң жақ аяғыма киген туфлиімнің ұлтаракы жоқ екен. Шкафтың астын-үстін, жан-жағын түгел қарасам да таба алмадым. Содан соң, “кешке келген соң анықтап қарап, тауып алармын” деп, жолымнан қалмай, апыл-ғұпыл шыға жөнелдім.

Күні бойы ештеңе ойламай, алаңсыз жұмыс ырғағына ілесіп кеттім де, кешкілік үйге келіп, аяқ киімдерімді шешіп жатқанда, жоғалған ұлтаракым есіме сарт етіп түсе қалсын. Тағы да кіре беріс дәліздегі шкафтың астын-үстін, жан-жағын түгел қарап шығайын. Ұлтаракым ұшты-күйлі жоқ. Әлде, байқамай, жұмыстағы столымның астында қалды ма? Кейде, аяғымдағы туфлиімді шешіп отыратыным бар еді, әсіресе, жаяу көп жүргеннен кейін, аяқтарымызды демалдыру үшін. Ертеңінде жұмыс столымның астынан да ұлтаракым табылмады. Ой, Алла-ай, десеңші. Үйге

келдім. Айдың, күннің аманында, жанындағылардан “ұлтарағымды көрдіңдер ме?” деп сұраудың өзі ыңғайсыз екен. Дегенмен, сұрауға тура келді. Ұлдарым көрмеген. Өздерінің ұлтары түгел. Екі ұлымның екеуі де мен сияқты туфлилеріне ұлтарақ салып киеді. Содан, әйелімнен сұрауға тура келді. Әдеттегідей: “Оны қай қатынның үйінде шешіп қалдырып кеттің?!” деген шайпау сұрақ естілер деп күткенмін. Мәрияш бетіме бажырая қарап, ұзақ үнсіз қалғанда, өзім шошиын дедім. Ауырып қалды ма? Әлде, менен күдіктеніп тұр ма? Қас қағым сәтте миыма мың сан сауал үймелеп келіп, меңірейіп тұрған әйеліме мен де мағынасыз түрде ыржия күліп қарасам керек. Бір кезде Мәрияш үн жоқ, түн жоқ үйден шығып кетті.

Бір кезде келді. Кісінің бетіне тура қарайтын қара көздеріндегі лапылдап тұратын от сөнген. Қипақтап, төменшіктей береді. Жанарын тайдырып әкетеді.

– Жұмабек, ұлтарағың табылды, – дейді. Жынды адам сияқты, қос алақанын жайып тұр. Мен, шынында да, әйелім шалықтап ауыра бастаған шығар деп ойладым.

– Онда, табылса, ұлтарақ қайда?

– Бостанның үйінде... Жаңыл бермей қойды... Бостан жұмыстан келсін, содан соң аласыңдар, – дейді.

– Мәссаған! Менің сыңар ұлтарағым кімге керек болған? Ұлтарағым неге ол үйден табылған? Түк түсінсем бұйырмасын. Өзі анық менің ұлтарағым ба? Не оттап тұрсың! – дедім шыдамай.

– Бәріне мен кінәлімін, – деді әйелім, – алдыңғы күні кешкісін Жаңылға бардым емес пе. Сонда үйден шығарда өзімнің сүйретпе тәпшкемді таба алмай қалдым да, есік көзінде тұрған сенің Salamandra төплинді аяғыма іле салғам.

– Ал, содан...

– Содан... бағана... сен ұлтарағыңды іздеп, таппағаныңды айтқанда, есіме түсті, мүмкін, мен алдыңғы күні төплинді киіп Жаңылға барғанымда, сол үйде түсіп қалған шығар деп болжадым ғой. Дәл шықты. Қос төплинді қолқылдатып жалаң аяғыма кие салғанмын. Бір ұлтарағың табаныма жабысып, ауызғы бөлмелерінде аяғымды шешкенде түсіп қалыпты...

– Ал, жарайды, енді оны Жаңыл неге бермейді? Менікі екеніне сенбей тұр ма? Екіншісін апарып көрсетпейсің бе? Алып келмейсің бе?

– Ұлтарағың құрып кетсін! Бостан мен Жаңыл сол үшін түнімен қырылысыпты...

Жаңыл соның алдында “басым ауырып тұр” деп жұмысқа бармай қалған ғой. Бостан “дәрігер шақырайын ба?” десе, “керегі жоқ” депті. Аспирин ішіп, ыстық сүт ішіп, өзін-өзі емдеп, тәуір болған соң ет асып қойыпты, бауырсақ пісіріпті. Кешке қарай екі қызы сабақтан келеді, Бостан жұмыстан ерте оралады. Дастархан жайнап тұр.

Өз үйінің босағасында тұрып, бөтен ұлтарақты Бостан сонда көріпті де, шкафтың бір қуысына тастай салыпты. Кешкісін асқа тойып, қызыл күрең бауырсақты таусап, қою сүт қатқан шәйді сораптап отырып, Жаңылдан сұрайды: “Ұлтарақ кімдікі?” деп. Ол айтады: “Қайдағы ұлтарақ?” деп. “43-размерлі сыңар ұлтарақ” дейді Бостан. “Сенің аяқ киімің 40-размерлі ғой. Қайдан білейін” дейді Жаңыл.

Сонымен, сүттей ұйып отырған отбасының шырқы бұзылады. Айтылмаған әңгіме жоқ. Жаңылдың кластас, курстас “жігіттерінің” аты-жөні түгенделеді. Бостан “бұл үйде менен басқа еркек жоқ. Сонда 43-размерлі сыңар ұлтарақ желмен ұшып келіп, терезеден түсіп, ауызғы бөлмеде, шыға берісте, маған сәлем беру үшін жата қалды ма?!” дейді зіркілдеп. Бірі бесінші, екіншісі жетінші сыныпта оқитын екі қызды бидайдай қуырады: “Біз жоқта үйге кім келді?” – деп. Олар азар да безер, ант-су ішіп, ешкім де келмегенін, сыныптас құрбылары есіктің көзінде, табалдырықта тұрып, күнделік пе, дәптер ме, бірнәрсе сұрап алғандарын, тіпті, үйге бас сұқпағандарын айтады. Ал Мәрияштың келгенін Бостан көрген. Одан басқа ешкім де бас сұқпаған сияқты... Сонымен, не керек, түннің бір уағына дейін тәжікелескен ерлі-зайыптылар, бір-біріне ауыр-ауыр сөздер айтуға дейін барады.

– Сенің ниетің жаман. Мен туралы жаман ойлауға қалай дәтің барады? – деген Жаңылға Бостан:

– Сен адал екеніңді дәлелде, – дейді, – Мен жоқта осы үйге келген еркектің кім екенін айт. Сонда сенем, – дейді.

– Мүмкін, өзің алып келген шығарсың, байқамай. Өзімдікі деп біреудің ұлтарағын салып алған шығарсың?

– Мен не? Ұлтарақ жинаушымын ба?

– Басымды қатырма. Жетеді қорлағаның. Білмеймін!

– А, солай де! Ендеше “ауырып қалдым” деген сылтауың түсінікті болды. Көңілдесінді күткенсің ғой. Ет асып қойғансың, бауырсақ пісіріп, қою шәй бергенсің. Мен алаңсыз жұмыстамын. Балалар мектепте. Ойыңа келгенді істеген екенсіңдер ғой!..

– Оңбағансың, Бостан! Жауызсың, Бостан! Зәнталақсың!

– Сен бе оңып тұрған?!..

Тәжікенің ақыры төбелеске ұласады. Тәрелке, шыны сынғаны өз алдына, Бостанның жуан жұдырығы талдырмаш Жаңылдың көзінің алдын көгертумен әңгімеге нүкте қойылыпты...

Соны бағана Мәрияш барғанда Жаңыл жылап-еңіреп отырып баяндапты. Ұлтарак менікі екенін білгенде, жылап отырып күліпті.

Апыр-ай, талай жылдар бойы шәй деспеген тату көршілеріміздің обалына қалып, мына, құрып кеткір, менің сыңар ұлтаракымның сергелденге салғанын қарашы. Кім ойлаған, түкке тұрмайтын нәрседен от тұтанады деп...

Біраздан соң Бостан келіп, болған жайды Жаңыл бастан-аяқ баяндаса керек. Кіші қызы менің сыңар ұлтаракымды әкеп берді.

Көршілеріммен бұдан соң да түк болмағандай амандасып-сәлемдесіп тұрамыз. Бірақ, көңіл түкпірінде бір сызат қалғанын ішім сезеді. Қайтесің, енді, төпшімді ұлтараксыз киейін десем, табанымнан сыз өтеді ғой... Қайтесің, енді...

## НАЛА

Сау адам дәл ертең ауырып қаламын деп ойламайды ғой. Суыққа ұрынбаса, ыстыққа күймесе, алабөтен сырқаттың белгілері байқалмаса, ертең ғаріп болып қаламын деп, кім қаперіне алсын. Мен де сондай бейқам күйде жүріп, аяқ астынан, қалалық клиникалық ауруханадан бір-ақ шықтым. Тәуелсіздік мейрамына екі-ақ күн қалған еді. Ауырдым. Емделуім керек. Жан сақтауым керек. Кім ауырмайды. Кім емделмейді. Кім жан сақтау үшін жанталасып, дәрігердің кеңесін тыңдап, уыс-уыс дәрі ішіп, қос жамбасын инеге тосып, жандәрмен хал кешпейді... Жұмыр басты пендеге тән тіршіліктің бұл да бір түйткілдері шығар...

Палатада алты сырқат жатырмыз. Мезгілімен ем-дом қабылдаудан басқа бұл әлемде біз үшін аса маңызды шаруа қалмаған да секілді. Бәріміздің бас уайымдарымыз да ортақ. Осы дерттен құлан таза айығып кетсек екен деген тілеу үстіндеміз. Ауырған адамның көңіл күйі пәс, мінез-құлқы сынық болады. Сіркесі су көтермейтіндер де сырқаттар. Жайрандап күліп, жарасты әзіл-қалжың тастап, сөзбен ойнауға науқас жан сүлесок.

Палатаның үлкен терезесінен сыртқа қараймын. Төрт қабатты аурухана үйлерінің қоршауындағы үлкен алаңқай алақандағыдай көрінеді екен. Сұңғақ екі ақ қайыңға қапталдаса көп қара ағаш өсіп тұр. Сидам бұталар аяқ жолдың жиектерін көмкере отырғызылғаны байқалады. Жаз бойы осы алаңқайда ауруханадағы сырқаттар бір ауық таза ауа жұтып, бой жазып, серуендейтін болса керек. Ал қазір ызғарлы желтоқсан айы. Алаңқайдағы ағаштардың бұтақтары ақ қырауға оранып, белгісіз суретшінің бұрын салған яки болашақта салмақ бір әдемі картинасын көз алдымызға әкелетіндей.

Кереуетімнің қасына медбике қыз келіп тұр екен. Талшыбықтай белі бұралған, аққудай мойны иілген, үсті-басы мұнтаздай, ақ халатты аяулы.

– Аға, қаныңызды сорамын. Дайындалыңыз! – деді әрі еркелей, әрі қызметтік құқын пайдаланып.

– Осы Орталық аурухананың орталық зертханасында сары маса секілді бір қансорғыш сары қыз бар деп еді, сол сен екенсің ғой! – дедім.

– Иә, аға, тез болыңыз. Басқа кісілердің де қанын сорып, сағат онға дейін зертханаға тапсырып үлгеруім керек...

– Жарайды, – дедім мен, – сен, айналайын, қанымды тесіп сорады екенсің, ал айналамда біреулер менің қанымды теспей сорып та жүр ғой! – дедім екіұшты ой аңғартып. Қыз сөз түсінетін сыңайлы. Алма беттерінің ұшындағы қос шұңқырға күлкі үйірілтті.

Палатадағы тіршілік осыдан жиырма жыл бұрын көргендегімдей. Түк өзгерсеші. Айналам түгел аппақ. Ақ кереуеттер. Ақ жамылғылы стол. Терезедегі ақ перденің қар ұшқындаған өрнектері де әдемі екен. Неон шамы да бұрынғы... Дәлізде қайшы алысқан ақ халаттылар... Арагідік көк халаттылар да ұшырасады.

Бірінші сөтке қан тапсырудан бастап, ем-домның белгіленген барлық түрлерін рет-ретімен алуға арналды да, аурухананың тынысы ауыр тіршілік ырғағына үйрене бастадым.

Ертенінде, мейрам қарсаңында бір күн болса да отбасында болып қайтуды ойластырған кейбір сырқаттар дәрігерден сұранып, үйлеріне кете бастады. Біржолата емделу мерзімін өтегендер де бар. Сонымен, ең соңында, мейрамға қараған кеште мен және жаңадан келіп түскен бұйрабас жас жігіт екеуіміз ғана қалдық. Осыдан түп-тура жиырма жыл бұрын да осындай жағдай басымнан өткен еді-ау... Ғажап ұқсастық. Бірақ...

Онда кеңес одағының дәуірлеп тұрған шағы. Аса айтулы мерекелердің бірі жақындап қалған еді. Көшелерде қызыл тулар қаптап, айналанды қызылды-жасыл плакаттар безендіріп, мерекеге дайындықтың өзі ерекше сән-салтанат құратын... Ертең мейрам деген күні мен қалалық аурухананың терапия бөлімінде жатқанмын. Аяқтың сырқырауынан азап шегем. Ұзақ таңға көз ілмей шығатын кезім. Жансауға іздеп ауруханаға түскем... Ертең мейрам деген күні палатадағы жеті адам бірінен соң бірі дәрігерден сұранып, мерекені от басы-ошақ қасында қарсы алуға асықты. Онда да біреулері біржолата емделіп шығып, екіншілері уақытша сұранып дегендей, ең соңында кешкісін палатада мен жалғыз қалғанмын...

Түнгі сағат он шамасында бір кәрі шалды зембілге салып алып келді. Тұра алмайды. Тіл жоқ. Қаусаған құр сүйек. Қоңқиған мұрнына қарап, алғашында, Қап тауы жұртынан ба деп ойлағанмын. Пәмилесін атағанда, тіпті, түсініксіз... Ординарцев па, сондай, бірдеңе. Жасы жетпіс бірде екен. Қазан революциясының түйдей құрдасы... Оны өзі айта алған жоқ, әрине. Айтуға шама қайда. Кезекші дәрігерге шалды алып келген ақ халаттылардың апыл-ғұпыл берген мәліметтерінен құлағым шалғаны сол... Шал осы аурухананың жыл сайынғы тұрақты «қонағы» болса керек. Дәрігерлердің «Сол шал... Ешкімі жоқ... Жалғызбасты» дегендеріне қарағанда, мұндағылар шалға құшақ жайып, құрақ ұшпайтыны да аңғарылады...

Шалдың екі көзі палатаның төбесіне қадалған қалпы жатты да қойды. Анда-санда ақырын ғана бір ыңырсыған үн шығарады... Медбике қыз келді де шалға укол салды. Басындағы жастығын көтеріп, аузына су тамызды. Шал мұның бірде біреуін сезбейтін сияқты. Әлде, сезсе де, шыдам-төзімі мықты біреу ме... Мен жақындап келіп шалдың жанарларына үңілгенімде, бойым тітіркеніп, кейін шегініп кеттім... Баяғыда, бала кезімде әкеммен бірге жайлауға бара жатқанда, жолай бір ескі қыстауға соқтық. Сонда мен аттан түсе сала жүгіріп шеген құдыққа бардым да қақпағын ашып, төменге үңілгенімде... ең алдымен бетіме шілденің аптабында салқын ұрды, содан соң түү алыста әлдене қап-қара болып суық жылтыраған... «Суы бар құдық» деген ұғым содан бері сол сурет арқылы санамда сақталып қалған екен. Шалдың көзінен сол қап-қара тұңғиықта жылтыраған суық сәулені аңғардым да біртүрлі мазам кете бастады...

Енді шалға жақындамауға тырыстым. Ф.Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза» романын қайталап оқи бастағанмын кеше. Соны қолыма алып, палатадан аулаққа, Раскольниковтің шым-шытырық ойсоқты әлеміне сүңгіп кетуге тырыстым. Өзің ауруханада жатсаң, жаныңа өлім аузындағы шалды әкелсе, оқығаның қылмыс құпиясын түсіндіретін роман болса, «ертең мейрам!» деп жұрт әлдеқайда ду-ду, гу-гу болып жатса, қайбір оңған хал дейсің... Бәрібір ара-арасында шалға көзім түсіп кете береді. Маңдайы жазылып, мұрыны мен иегі шошайып... біртүрлі ақ кебінге оранған тірі аруақ жатқандай көрші кереуетте.

Бұл шал кім болды екен?! Жетпіс бір жасқа келсе!.. Менің әкем де жетпіс бір жасында дүниеден өткен еді, жарықтық. Топырағы торқа болсын. Әкең қанша жасаса да аз көрінеді ғой. Әйтпесе, жетпіс бір жас деген мәуелі бәйтеректің жасы болса керек. Әкемнің миына қан құйылып, бір аяқ, бір қол жансыз қалды. Кейіннен тілден қалды. Төрт күн, төрт түн күзетіп, ауруханада, қасында отырдым. Тілге келе алмады. Көзбен бірнәрселерді айтқан болады, түсіндірген болады... Қайдан білейін, не айтқысы келгенін... «Оқу, оқу, оқу!» деп, Алматыға кеттің...Тым болмаса зоотехниктің оқуын оқымадың... Ауылға келмедің... Өзім құда болғым келген кісінің қызына үйленбедің... Сенен әбден көңілім қалды!..» – деп кінәлап жатыр ма, әлде, «Балам, мен саған бәрін де кешірем, адам бол, азамат бол, атымды өшірме!..» –деп жатыр ма, қайдан білейін...

... Сол төрт күнде әкем көзімен көп әңгіме айтқан еді. Көзімен сөйлескен. Ұзақ тындадым. Жұртқа бір ауыз сөзін айтып бере алмасам да, маған бәрі түсінікті еді...Тіпті, әкелік мейірімін де алғаш және соңғы рет осы ақтық сапарға аттанайын деп жатқандағы көз жанарынан оқыдым ба екен?!.

Ал мына шалдың көздерінен түпсіз қара үңгір, қара шыңыраудан басқа ештеңе де көргенім жоқ... Әлгінде медбике байқамады ма... шалдың жіңішке оң қолын ақ жамылғының сыртына, кеуде тұсына қойып кетіпті. Етсіз саусақтарының сүйектерін санауға болады, буындары шодырайған, тырнақтары өскен...

Апыр-ай, бұл кісі де жас болды ғой. Бозбала кезінде мына саусақтарымен талай бойжеткеннің шашынан сипады-ау... Бәлкім, менің әкем сияқты екінші дүниежүзілік соғысқа да қатысқан шығар... Қатысуы мүмкін. Жауға қарсы күресте бұл саусақтар талай рет автоматтың оқ қорабын ауыстырған шығар... Сұлуды бауырына тартып, жаудың жанын жаһаннамға жіберген саусақтар болуы да, мүмкін... Бейбіт өмірде... кеңшардың, ұжымшардың талай шаруасына араласып, әкем сияқты, еңбектің қой торысы болуы да... Енді, әбден қалжыраған, шаршаған, өмірдің барлық қызығынан баз кешкен шалмен бірге саусақтары да қаусаған... Табиғат заңы да, тағдырдың заңы да тым қатал екенін сәмбі тал мен арса-арса кәрі еменді қатар көргенде, жасөспірім мен кейуананы қатар жолықтырғанда қапысыз аңғарасың

Қазақ әдебиетінің алыптар тобының белді өкілі Сәбит Мұқановты бакилық сапарға аттандырып тұрып сөйлеген сөзінде Ғабит Мүсіреповтің: «Мынау қазір қимылсыз жатқан Сәбеңнің оң қолы ақ қағаздың бетімен миллиондаған шақырым жол шекті...» дейтіні бар еді ғой. Ол, әрине, жазушының қолы... Ал мына қол жетпіс бір жыл бой не қызмет атқарды екен?! Қайла да, күрек те ұстаған шығар...Өз нанын тауып жеу үшін қара жұмыстың да небір түрін атқарған болар... Енді, міне, иесінің кеудесінде дамылдап жатыр...

Түнгі сағат он екіге тақап қалыпты. Әдетте, сағат онда ұйықтайтын мезгіл болды деп, бөлменің жарығын өшіріп кететін медбике қыз да көрінбейді. Бөлменің шаңын сүртіп, еденін жуып, дамыл таппайтын санитаркалар да саябыр тапқан. Кезекші дәрігердің де дауысы естілмейді. Бәрі бір жаққа көшіп кеткендей...

Шалға қарап қашанғы мөлііп отырамын. Шаршағанымды, ұйқым да келе бастағанын аңғарып, төсегімді қағып-сілкіп салдым да, тісімді тазалап, аузымды шайып, дәретімді алып келіп, жатуға ыңғайландым. «Жарықты өшірсем бе, өшірмесем бе?» деген екі ойлы күйде шалға қарадым. Сол кезде шалдың иегі әнтек жоғары көтерілгендей болды да, аузынан көгілдір бу тәрізді, көгілдір жалын тәрізді бір нәрсе жеңіл қалқып ауаға сіңіп бара жатты. «Аһ» дегенге яки «Һа» дегенге ұқсас дауыс естілгендей болды. Осының бәрі өте жылдам әрі бір уақытта болғаны соншалық, мен тұрған орнымнан бір-екі аттап та үлгермедім, тек шалдың аузының да, көзінің де ашылып қалғанын байқадым...

Шалдың ақтық демі таусылған еді...

... Ал, енді, палатадан шыға алсамшы. Білмеймін, қанша уақыт өткенін, эзер дегенде есікке жеттім. Ұзын дәлізді бойлап, сенделектеп келемін. Ешкім жоқ. Біреу жолықса екен деймін. Тіпті, көрші палаталардың бәрі бос қалыпты. Ертең – мейрам ғой!.. Науқастардың көбісі сұранып, үйлеріне шығып кеткен. Дәрігерлік кезекшіліктегілердің бәрі бір жерде бас қосып отыр ма, әлде...

Баспалдақтармен төменгі қабаттағы хирургия бөліміне түстім. Ондағы медбикеге палатадағы шалдың өліп қалғанын, бөлімдегілерді таппай жүргенімді жеткізсем керек. Ол қыз ішкі байланыс телефоны арқылы кезекші дәрігерді тауып, шақырып жатты. Маған «бара беріңіз!» деген белгі берді.

Палатамның ішіне кіруге жүрегім дауаламайтын сияқты. Дәлізде тұрғанымда екі-үш дәрігер келді де ішке кіріп, шалдың бетін ақпен жауып, асығыс шығуға беттеді...

- Ал, мен ше?! – деппін сасқанымнан.
- Сіз қорықпай-ақ қойыңыз. Ұйықтап, демалыңыз!..
- Мына палатада ма?
- Енді қайда барасыз?
- Не айтып тұрсыздар? Мен таң атқанша өлікті күзетемін бе, сонда?
- Енді, қайт дейсіз? Мәйітханаға апаруға ерте. Өліп қалған адамнан қорқудың не жөні бар, мұнда, тірілерден қорқу керек. Небір жамандықты, зұлымдықты, опасыздықты тек тірілер ғана жасайды бір-біріне. Ал, өлген адамның ешкімге де зияны жоқ...

– Ондай ойды бір кітаптан оқыған сияқтымын. Маған қазір сіздің құрғақ пәлсапаңыз емес, жүйкемді тынықтырып, дұрыс ұйықтауым керек... Сондықтан, өлікті алып кетіңіздер... Мен палатамнан шығып, ешқайда да бармаймын!..

Әлгі екеуі өзара күбірлесіп сөйлесті де, «қазір, қазір... абыржымаңыз...бәрі дұрыс болады...» деп мені жұбатты. Біреулерді шақырып, шалдың денесін зембілге салып, шеткі палаталардың біріне алып кетті.

– Жайлы жатыңыз! – деуді де ұмытпады біреуі.

Қайдағы жайлы жатқан. Ойым он саққа, санам сан саққа бөлініп, таңды кірпік ілмей атырдым. Палатамның шамын таңертең кезекшілікті қабылдап алуға келгендер ғана өшірді...

Шал ертең мейрам деген түні көз жұмды ғой. Оған бұл мерекенің енді түкке де керегі жоқ. Талай мерекені бастан өткерген шығар. Кім білсін, ойын-тойдың гүлі болып, әлгі салалы саусақтары сырнайдың құлағында ойнаған болар. Бәлкім, жез таңдай, күміс көмей әнші ме екен?! Бәлкім, буыны жоқ биші ме екен?! Енді, одан не қайран. Жападан-жалғыз, ауруханада, ертең мейрам деген түні о дүниеге аттанды. Бәлкім, осынысымен де «Менің мейрамым таусылды, сендерге қалдырдым мерекелеуді!» дегенді аңғарта ма?! Туған-туыс, отбасынан бір адамның болмауы қалай?! Қойны-қонышы кең Қазақстанға қай бір жылдары қашып-пысып келіп, яки жер аударылып келіп тұрақтап қалған біреу ме? Жалпақ жалғаннан о дүниеге жалғыз аттансаң да, соңында жоқтаушы біреудің болмағаны да қиын ғой. Арулап көміп, аңырап жоқтау айтатын қазақтардың өлік жөнелту рәсімдерінің жөні бөлек екен-ау! Жұмбақ шалдың өліміне тебіренген, қайғырған менен басқа ешкімнің болмағаны да қайран қалдырды...

Енді, міне, жиырма жыл өткен соң, ертең Тәуелсіздік мейрамы деген күні палатада бұйрабас жас жігітпен екеуіміз ғана қалғанда менің ойым қиянды шарлап, қиядағыны еске түсіріп қайтқан еді.

Ғасыр алмасты. Заман өзгерді. Таным-түсінікте, ой-санада да өзгерістер жүріп жатқан болуы керек. Өзгермеген тұстар да бар. Кешеден бері екі-үш медбике қыз жанталасып Жаңа жылдық шыршаны жасаулап-жабдықтап әлек. Ертең қазақтың ғасырлар бойы армандап қол жеткізген азаттығының, тәуелсіздігінің, бостандығының ұлы мерекесі екендігі мұндағылардың қаперіне кіріп те шығар емес! «Оу, шырақтарым, Бірінші Петр патша белгілеген Жаңа жылға дейін әлі жарты ай уақыт бар. Шыршаларыңды екі күн қалғанда орнатсаңдар да болады ғой. Одан да «Тәуелсіздік мейрамы құтты болсын!» деп айғайлатып құттықтау жазып, іліп қоймайсыңдар ма?» – десем, медбике қыздардың біреуі: «Ағай, оны бізге несін айтасыз. Бастықтарға айтпайсыздар ма? Біз солардың тапсырмасын орындаушылармыз ғой!» – дейді. «Бастықтарың қазақ па?» «Аурухананың бас дәрігері қазақ, есімі республикаға белгілі профессор. Депутат та болған!...». «Болсын. Болғаны жақсы-ау. Бірақ, тым болмаса әрбір бөлім меңгерушісіне «Ертең – Тәуелсіздік мейрамы. Бөлімдегілерді, сырқаттарды ұлы мерекемен құттықтаңдар! Тамақтың тәтті-дәмдісін дастарханға қойыңдар» деп нұсқау бермегесін. Жазда ғана Өзбекстанда, Ташкент, Самарқанд қалаларында, Сырдария, Шыршық аудандарында болып қайттым. Олар Тәуелсіздік мейрамын бір ай бұрын жалаулатып тойлай бастады. Өз көзіммен көріп қайттым. Ал біздегі жағдай мынау. Қазақтардың ұлттық намысын орыстар әбден аяққа салып таптап, езіп, жаншып, құлақкесті құлға айналдырып жіберген сияқты. Өне, қазақтың қыздары қабырғаға «С новым годом!» деген жазуды әдемілеп жазып, іліп те қойды...

Қасымдағы бұйрабас жас жігіттің аты Ғинаят екен. Батыс Қазақстан облысының бұрын орысша, қазір қазақша аталатын (оған да шүкір) бір ауданынан. Алматыға көшіп келген. Үйленген. Бір кішкентай қызы бар. Шешесі қайтқан. Әкесі қолында. Қара базарлардың бірінде жүк түсіруші болып қара жұмыс істейді. Өткенді еске алып менің айтқан әңгімелеріме сергек құлақ түріп, ара-арасында оны-мұны сұрап та қояды.

– Ақыры, Алматыға, түү сонау жер шеті қияннан ат арытып келген соң оқуға түспедің бе? – деймін сыр тартып.

– Оқудың реті келмеді. Екі қолға бір жұмыс табылады... – дейді ол.

– Жүкші болғанда, қап арқалайсыңдар ма?

– Қап та арқалаймыз. Бірақ, негізінен құрылыс материалдарын вагоннан түсіріп алып, жүк мәшинелеріне қайта тиейміз.

– Жұмыстарың ауыр шығар.

– Әрине, қара күш қажет ететін жұмыстар ғой...

– Сонда, табыстарың қалай...

– Әрқалай. Мәселен, бір вагон линолеумды бес жігіт бірігіп түсіреміз. Жиырма мың теңгені бесеуіміз қолма-қол бөліп аламыз. Бірақ, ондай нәпақа айына үш-төрт-ақ рет болады. Қалған уақыттарда ұсақ-түйек жұмыстар...

– Әлгі, линолеумды бес жігіт емес, екі-ақ жігіт түсірмейсіңдер ме?..

– Ой, ағай, сіз білмейді екенсіз ғой. Бір бума линолеумның салмағы 250 келі болады. Бес жігіт әзер көтереміз...

– Иә, шынында да, ауыр жұмыс екен...

Ауруханаға келгелі сақал-мұртым өсіп, әрі ағарып кетті. Ғинаят маған қарап қояды. Қартаң кісі деп ішінен мені аяйтын шығар. Ал мен оны аяймын...

– Әлгі, жүк көтеріп-түсіретін, өзі шап-шағын, оңға-солға шалт бұрылатын, ықшам, ыңғайлы мәшине болушы еді ғой... Сонымен неге түсірмейсіңдер жүк атаулыны?..

– Біздің фирма басшылары соны алмай жүр ғой. Арзан жұмыс күші деп қазақ жастарын жалдайды...

Ғинаят аздап мұңайып қалған сыңайлы.

– Кішкентай қызыңды сағынған шығарсың? – дедім әңгіме тақырыбын ауыстырып.

– Иә, сағындым. «Көке қайда?» деп сұрап жүр дейді. Жаңа жылға жақсы ойыншықтар алып баруым керек. Осыдан шыға сала алдымен ойыншықтар аламын...

Жаңа жылға дейін әлі екі апта уақыт бар. Ертең – Тәуелсіздік мейрамы. Бүгін – мейрамға қараған түн. Дәліздегі абыр-сабыр басылып, тым-тырыс тыныштық орнады. Кезекші медбике келіп «Жайлы жатыңыздар!» деп жарықты өшіріп кетті. Ойым он саққа, санам сан саққа бөлініп мен жатырмын...

2009 ж.

## **БІЗ ЕНДІ КЕЗДЕСПЕЙМІЗ ДЕ ҒОЙ...**

Хатшы қыз жұмыс үстелімің үстіндегі күнтізбелік қағазға: «Арыстан Бекұлы! Сізге Ақтаудан Дегдархан деген кісі келіп, біраз күтіп, содан соң «түстен кейін өзім хабарласамын» деп кетіп қалды. Мекен-жайын, телефон нөмірін қалдырған жоқ» – деп жазып қойыпты. Көз алдыма орта бойлы, орақ мұрын, шегір көз, сары жігіт Дегдархан осыдан туп-тура отыз жыл бұрынғы қалпында күлімсіреп қарап тұрғандай елестеді. Қайда-а-а-н! Одан бері қаншама су ақты. Шал болған шығар. Шашы ағарды ма екен, әлде қасқа бас қасқаның өзі болды ма екен?! Оны, енді, болжау қиын. Бәлкім, кейбір құрдастарым сияқты, шашын көмірдей қараға боятып алып жүрген шығар...

Дегдархан түстен кейін хабарласпады. Ертеңінде де, арғы күні де дыбыс бермеді. «Алматыға келіп, арнайы ат басын бұрып тұрып, хабарсыз кеткені қалай?» деп ойлап қоямын. Құдайдың құтты күні жұмысыма келіп, кеңсемнің табалдырығынан аттай бергенде хатшы қыздың өңіне сұраулы жүзбен қарайтын болсам керек, ол біртүрлі қипақтап қалатын сияқты. Енді, бастығы күнде-күнде біртүрлі тесіле қараса, хатшы қыз жанын қоярға жер таппас... Дегдарханды күнде ойлайтын болдым. Ойласам-ақ, студенттік жылдардың сарғайған сағынышты суреттері біртіндеп көз алдымнан өте бастайды. Ол бір кез коммунизмге жетуге жақындап қалдық деп желпілдеп, желік буып жүрген өткен ғасырдың жетпісінші жылдары-тұғын. Дегдархан менен бір курс төмен оқыды. ҚазГУ-дың филология факультетінде қыздар көп те, жігіттер аз. Солай болғандықтан шығар, жігіттер бір-ер курстық айырмашылықты елемей-ақ, жақсы араласатынбыз.

Алғаш көргенде Дегдархан біртоға, қой аузынан шөп алмас, жуас қалпында танылған. Тіпті, әскер қатарында болып келген кекселігін де елемейтінбіз. Үлкендігін бұлдап, төрге де ұмтылмайды. Әңгіме тиегі ағытылғанда, беріле, ынты-шынтысымен құлай әсерленіп тыңдайды. Өзі туралы сөзге сараң. Жұмбақ жігіт еді. Тіпті, ауылда келіншегі, бір баласы бар екендігін біз университет бітіріп жатқанда бір-ақ білдік...

Дегдархан Қашағанның термелерін, Төлеген Айбергеновтің өлеңдерін жатқа оқитын. Ондайда, егер ешкім сөзін бөлмесе, түнді таңға ұрып, жыр нөсерін төуге бар. Бір қызығы, ол домбыра тартуды білмейтін. Термелерді төкпелегенде домбыраны анда-санда дың дегізіп, сән үшін ғана ұстап отыратынын байқаймыз. Бірде тамаша термелерге домбырасын қоса алмай, қос ішекті сылай сипап отырғанын байқап, жаным ашыса керек: «қаласаң, домбыра тартуды үйретейін!» дедім оған. Сонда ол: «Бәрібір қонбайтын нәрсе – қонбайды!» деді ойланбастан. Соған қарағанда, домбыра тартуға бұрын да талпыныс жасап көріп, ештеңе шықпаған, сірә.



Дегдархан қызық жігіт еді. Үшінші курсқа көшкенде ғой деймін, ол бір қызға есі шыға ғашық болды. Қыз біздің курста оқитын. Көңілін ашық білдіре алмай көп жүрді. Бір күні кинотеатрға екі билет алып, кешкісін ғашығының есігін қағады. Бөлмелес қыздардың бірі шыққанда: «Шырайлым бар ма?» дейді бұл қолындағы екі билетін көрсетіп тұрып. «Жоқ». «Бақыт бар ма?» «Жоқ». «Базаркүл бар ма?» «Жоқ». Сонда сәл абдырап қалған Дегдархан: «Гүлім, онда, сен жүр, киноға!» деген ғой. Гүлім «рахмет, ағай!» деп есігін жауып алыпты. Көп ұзамай Дегдархан «Қызыл орамалды қыз» деген өлең жазып, Шырайлымға ғашық екенін бүкіл жұртқа жайды. Қайда барса, оқитыны сол өлең. Шыңғыс Айтматовтың «Шынарым менің, шырайлым менің» дейтін хикаятын оқығандар Дегдарханға күле қарайды. «Қызыл орамалды қыз көрсем, Сен екен деп қаламын!» деп үзілдіргеніне біреулер: «Мынау Мұқағалидың «Ақ кимешек киген бір кемпір көрсем...» деп келетін өлеңінің жасарған түрі ғой!» деп қылжақ қылса, Дегдархан оған да қыңбайды. Біздің факультетте бірнеше ақын жігіттер, қыздар бар. Бірақ бәрінен бұрын Дегдарханның аты баршаға мәшһүр болды. Тіпті, көршілес, журфак, биофак, геофактың да қыздары мен жігіттері Дегдарханды жақсы біледі, басқамызды онша танымайды. Таныса да мойындамайды. Ал ол бес жылда бір-ақ өлең жазды. «Қызыл орамалды қыз». Бір өлеңмен-ақ аты аңызға айналған ақын!

Бір күні ол мені мейрамханаға шақырды. Тесік қалта студентпіз. Мұндай тосын шақыруды күтпеген басым, не дерге білмей, тұрып қалыппын. Бұрын бірді-екілі тойға барғанымызда болмаса, мейрамханаға бас сұқпаймыз ғой. «Онда барғанда...» дей беріп, күмілжісем керек. «Жүр. Менде ақша бар. Сенде ақыл бар. Екеуін қосамыз!» деді ол. Мейрамханаға келген соң дастархан мәзірін қарап шықты да даяшыға тапсырысты өзі жасады: «Бір жарты арақ. Алма шырыны. Қуырылған тауық еті. Салат» дегендей. Дегдарханның «жүз грамға» жоламайтынын білетінмін. Таңырқай бастадым.

Бір-ер рөмкені тастап алғаннан кейін ол: «Арыстан дос! Мен сені мейрамханаға неге шақырғаныма қайран қалып отырсың ғой, – деп бастады сөзін, – ештеңесі жоқ. Студент те пенде. Ақшасы болса, ол да адам. Мен Шырайлымға өлердей ғашық болдым. Бірақ ол менің сезімді түсінбек түгіл, өзімді келеке, мазақ етіп жүр. Көп жұрт түсінбейді мені... Не істеуім керек?.. Соны сен айтшы!.. Нағыз дос болсаң...».

«Ал, керек болса... Ақылдың кенін тапқан екенсің! Екі қызды қатар жақсы көріп, қайсысына жүрегімді ұсынарымды білмей.. басым қатып жүрсе.... Менен ақыл сұрайтындай, данышпан емеспін ғой...». Дегенмен, сәл ойланған түрмен: «Жүрекке әмір жүрмейді!» дедім турасынан. Дегдархан құптады. Тағы да кітаптан оқыған кейбір махаббат машақаттарын тілге тиек етсем керек. «Мен өзімді өзім ұқпай жүргенде, Ұға қойсын, біле қойсын жұрт қайдан?!» деп, «Қош, Көктемнің» авторының өлеңімен ой түйіндедім-ау деймін. Екеуіміз қолтықтасып, сәл-пәл қызулау күйде жатақханамызға қайтқанымыз есімде. Дегдархан кейін басқа бір де бір қызға өлең арнамады, сөз де салмады, көз де салмады. Осы жағдай есіме түскенде, еріксіз езу тартып, күлем де қоямын.

Дегдарханды кітапханадан, оқу залдарынан жолықтырамын деп ойлау бекершілік. Кейде шағын тойларда асабалық жасап жүреді. Шынында да ол бес жылда Ұлттық кітапханаға бас сұқпай-ақ өтті. Лекцияда естігендерін құлағына құйып алып, оқытушы сұраса, соны түрлендіріп айтып беретіндердің сортынан. Бірақ, оның басқаларға ұқсамайтын кітапқұмарлығы да бар еді. Жаңа шыққан, тәуір кітаптарды тауып әкеліп, жұртқа көрсетіп, мақтанатын да, біз сияқты көңілжықпас достарына оқуға беріп тұратын. Дегдарханның тәуір кітаптары 8-жатақхананың бөлмелерін шарлап кететін. Кейін кімге қай кітапты оқуға бергенінен өзі де шатасып, қайтпаған кітаптарына қолын бір-ақ сілтейтін. Осындай сырын білетін курстасымыз Құдыш Дегдарханның өтімді кітаптарын «көрсетпей сұрап алып» бізге әкеліп беретін. Біз ондай құнды кітаптарды оқып шыққаннан кейін, қарнымыз ашқанда, орталықтағы «Букинист» дүкеніне апарып өткізіп жіберетінбіз де, аздап ас-ауқатқа тиын-тебен тауып алатынбыз. Дегдарханның көңілі ортаймайтын көл сияқты, тасып-төгіліп жататын. Дос іздеп басын қатырмайтын. Жолдастары көп-тұғын. Атақты профессордың да, аяулы ақынның да, қарапайым шопырдың да жүрегіне төте жол табатын.

Міне, сол Дегдархан дос Алматыға келгенде арнайы ат басын бұрып, мен жоқта менің жұмыс орныма соқса да, екеуіміз әлі кездесе алған жоқпыз, енді, екі апта өткеннен кейін телефонмен хабарласып тұр. Амандық-саулық сұрастық. Шұғыл шаруалармен бұрылуға мұршасы болмай жатқан көрінеді. Келесі аптада Ақтауға қайтады екен. Маған «міндетті түрде кіріп шығамын» деп уәде берді. Жыраулар, термешілер шығармашылығынан кандидаттық диссертация қорғағанына жеті-сегіз жыл болыпты. Докторлық диссертациясының өзі

дөңгеленіп қалса керек. Соның оны-мұны шаруалары шығып, ескі достарға мойын бұра алмай, өзін кінәлі сезінетінін де сыпайы жеткізді.

«Арыстан дос! – деді ол баяғыда мейрамханада отырғанда ақыл сұрағандағыдай іші-бауырыма кіре тіл қатып, – өзің білесің... Ақтау Алматыдан алыста ғой. Мұндағы шығып жатқан небір жақсы кітаптар о жаққа жете бермейді. Таралымы бір мың, екі мың дана кітаптар Қазақстандағы он мыңнан аса кітапханаларға қайдан шақ келсін. Кітапқа сусап жүреміз. Әсіресе, жақсы кітаптар, керек кітаптар дүкендерге де түспейді. Алыстағы Ақтауға кітап жеткізудің жол шығыны тағы бар... Қойшы, қысқасы, маған, Ареке, екі-үш қапшық кітап дайындап қой, достың сәлемдемесі деп алып барамын Ақтауға! Келістік пе?.. Келістік...».

Ең алдымен ойыма оралғаны, осыдан отыз жылдан аса уақыт бұрын Ғабеннің, Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ әдебиеті» газеті арқылы барлық қазақ жазушыларына үн қатып, «жеке кітапханамыздан бір мың кітапты ауылдағы кітапханаларға жіберейік. Өзім соған бастамашымын» деп бір игі шаруаны қолға алғаны. Қызық бастама-тұғын. Кейінгі жылдарда «пәленбай деген жазушы ауылдағы өзі оқыған мектептің кітапханасына түгенбай кітап аударыпты» деген ақпаратты мерзімдік баспасөзден оқып қалатынымыз бар. Ойға қозғау салып қоятын шаруа еді... Содан мен Дегдархан достың өтінішін орындауға кірісіп кеттім. Ең алдымен, кітаптарды салатын картон қағаз қораптар тауып әкелдім де өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бергі аралықтағы жиырма жылда жарық көрген небір саңлақ кітаптарды (әдеби көркем, ғылыми, танымдық, т.б.) іріктеп жинадым. Оның ішінде Бердяевтың, Гумилевтің, Мұрат Аджидің еңбектері, шежірелер, ғылыми конференциялардың материалдары, Жүсіпбек Аймауытовтың, Бейімбет Майлиннің, Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтің, Тәкен Әлімқұловтың, Әзілхан Нұршайықовтың, Сафуан Шаймерденовтің, Сайын Мұратбековтің, Қалихан Ысқақтың, Шерхан Мұртазаның, Қабдеш Жұмаділовтің, Мұхтар Мағауиннің, Әбіш Кекілбайұлының, Төлен Әбдіковтің, Дулат Исабековтің, Асқар Сүлейменовтің, Бексұлтан Нұржекеұлының, Тынымбай Нұрмағамбетовтің, Мархабат Байғұттың, Әлібек Асқаровтың, Тұрсын Жұртбайдың, Жұмабай Шаштайұлының, Дидахмет Әшімханұлының, Тұрысбек Сәукетайдың, Тілеухан Жұмаханұлының, Дидар Амантайдың, Асқар Алтайдың, Нұрғали Ораздың, Думан Рамазанның, Құлтөлеу Мұқаштың, Бейбіт Сарыбайдың, Бұқар жырау, Махамбет, Дулат, Шортанбай, Абай бастаған қазақ ақындар әулетінің, Шоқан бастаған қазақ ғалымдар әулетінің, т.б. қаншама кітаптары бар... Екі қапшық кітап дайын болды.

Арада тағы да үш-төрт күн өтті. Дегдархан дос тым-тырыс. Аптаның соңында Алматының іргесіндегі Қаскелеңде өтетін бір мерейтойлық шараға қатысуға шақырылдым. Соған кеткенде, жұмыс орыныма Дегдархан келіпті. Менің болмай қалғаныма өкінішін білдіріп, дайындап қойған екі қапшық кітапты көргенде, балаша мээ болыпты. «Ризамын. Рахмет!», «Ризамын. Рахмет!» деп бірнеше қайталап айтыпты.

Кешкісін пойызға отырады екен. «Ақтауға барған соң хабарласамын. Арыстанның жұмысының, үйінің телефоны бар менде. Сәлем айтыңдар!» депті.

Бір аптадан соң хабарласты. Ақтаудағы үйінен. Амандық-саулық. Жұмысбастылық. Шаруаның шаш етектен екендігі. Бұйырса күзге қарай тағы да Алматыға келетінін, сонда арқаны кеңге салып отырып, шер тарқатып бір әңгімелесетінімізді, т.б. айттық. «Екі қапшық кітапты шетінен мүжіп оқып жатырмын. Мынау жүз жылға жететін рухани азық қой. Рахмет саған!» – деді.

«Оқитын кітап Ақтауда да жетерлік қой. Бірақ мынау кәрі достың кітаптары болған соң саған ыстық көрінер!» дедім мен әзілге бұрып... «Иә, иә, өзің де Ақтауға келсеңші!..» деп қалбалақтады Дегдархан.

Тағы бір апта өткен соң республикалық таралымы көп газеттен «...Дегдархан Аянұлы мезгілсіз көз жұмды» деген қазанаманы оқып, біреу төбемнен мұздай су құйып жібергендей сілейдім де қалдым...

Қайран Дегдархан! Тым болмаса Алматыдан Ақтауға арқалап апарған екі қапшық кітапты оқып тауысуға тағдырдың жазбағаны-ай!.. Опасыз жалған...

Біз енді кездеспейміз де ғой!..

## ИТЖЫҒЫС

/ М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы бір оқиғаның сарыны бойынша, бір перделі пьеса /  
Қатысушылар: Абай

Абыралы  
Жиренше  
Рақым  
Жандарал  
Базаралы  
Савельев  
Ауыл адамдары

*Қарамолладағы төтенше жиынның алды. Тау-төбелердің баурайында тігілген киіз үйлер. Сол киіз үйлердің біреуінің алдында өзара күбірлесіп, жан-жақтарына қарап үшеу – Абыралы, Жиренше, Рақымбайлар отыр.*

Жиренше: Бұл Абай көзі тірісінде Құнанбайға да илікпеген еді. Енді бүкіл Тобықтының бетке ұстары Оразбайды қайдан тыңдасын. Тым асқақтап барады.

Абыралы: Сонда қалай? Болдым, толдым дейтіндей не тындырыпты Абай?

Жиренше: Әділет іздеймін дейді.

Рақым: Әділетті әкесі Құнанбай да іздеп таба алмаған.

Жиренше: Әділет деген – өрісте жайылған байдың малы. Соған ұры-қары тисе, барымтаға ұшыраса – міне, осы – әділетсіздік.

Абыралы: Ал Абайдың өлеңдеріне, аузынан шыққан әрбір сөзіне үлкен – кішінің айдаһардың алшындағы қояндай арбалып қалатыны несі?

Рақым: Е, тәйірі, өлең дейтін өзі сондай, адамды дуалап тастайтын бәле емес пе? Басқа не дейсің?

Жиренше: Жә, жарайды, қысыр сөзді доғарыңдар. Бүгін Қарамолдағы Семейден жандарал келе жатқанан білесіңдер. Дайындықтарың қалай?

Абыралы: Не дайындықты айтасыз? Мал сойыс, қазы, қарта, қымыз.

Жиренше: Тоқта, оны айтпаймын. Оразбай сендердің әрқайсыңмен жеке сөйлес деген. Абай бүгін -ертең түрмеге кетуі керек. Басы істі екенін білесіңдер ... Аяушылық болмайды...

Абыралы: Сонда біздің бармақ басып жазған арыздарымыз тексеріледі десеңізші...

Жиренше: Иә. Абайдың үстінен түскен арыз бір адамның басындағы шаштан да көп. Оразкеңе мұны тайный советник, бір кезде Абайға түзу қарайтын анау Лосовскийдің өзі айтыпты.

Рақым: Абайға у беріп те өлтірмек болып едіңдер. Одан ештеңе шыққан жоқ. Орыс ұлықтарына ол бізден гөрі жақын сияқты еді...

Жиренше: Сен неменені қоңырсытып отырсың? Қайдағы у? Ең алдымен Абайдың үйіне айдауда жүрген күдікті орыстар келеді деген өз сөзінде тұратын бол. Танып кетсең, Оразбай әкенді танытады! Ұмытпа!

Рақым: Мен білетін Абай тобықтының тақиясына сыя қоймас... Дегенмен, маған өзін ғана ақылды, өзге қазақты надан, білімсіз, бейшара көретіні ұнамайды.

Абыралы: Ата жолынан тайды. Құнанбайға ас та берген жоқ. Елге не бетімен

ақыл үйретпекші. Бірге туған Тәкежан, Ысқақтарды қара орманы – қара шаңырағынан қуып шығыпты. Ағайынға жақпаған – алысқа жаға ма?

Жиренше: Міне, айтатындарың, ұстанатындарың осы сөз. Басқа жағын Оразкең өзі реттейді...

*Осы кезде осылай қарай келе жатқан Абай мен Базаралы көрінеді. Жақындап келіп, тоқтайды.*

Абай: Ел де жаман, Ер де жаман. Аңдығаны өз елі,  
Елде сияз, Ойда ояз, Оңбай-ақ тұр со жері...

Жиренше: Немене, Абай! Ырғызбай мен Кеңгірбайдың дәуренін сағындың ба? Орыс достарың бар, неден қорқасың?

Абай: Әй, Жиренше! Жиренше шешеннің атынан садаға кет. Аңдығаның өсек. Баққаның бақай есеп. Атаның жалған намысын жыртысқанша, адамшылық жолын ойласаңшы бір уақ. Көз алдымда көлгірсігенше, сыртымнан не сұмдық ойлағаныңды тым болмаса, бетпе-бет кездескенде өзіме айтсаңшы. Оразбайдың көлеңкесі!..

Жиренше: Айтсам айтамын. Бірақ, сәл шыда, кәзір жандарал келсін. Ол сенің жаныңды алуға келе жатыр, шырағым.

Дауыстар: – Ал, әне, келе жатыр!  
–Ұлық келеді!  
– Ояздар!  
–Жандаралды қараңдар! Екпіні тау жығардай ғой, мыналардың!  
–Ей, ақырын, естіп қалмасын!  
–Е, жандаралдың төбесі тесік емес шығар, қазақшаны қайдан білсін...

*Жандарал үлкен жиынды шетінен аралап келеді. Аракідік «здрәсти, тақсыр!», «здрәсти, тақсыр!» деген дауыстар шығады. Қалаша киінген Абайдың қасына келіп, аялдайды.*

Абай: Здравствуйте! Ваше превосходительство! (Қолын алып жатып, өзін де таныстырады). – Ибрагим Кунанбаев!

Жандарал: Кунанбаев! А-а, әлгі ел бүлдіргіш Кунанбаев сіз бе?

Абай: Иә, сол менмін, Ваше превосходительство.

Жандарал: А, сіз неге ондай болдыңыз?

Абай: Себебі, күресемін. Күрестің заңы солай!

Жандарал: Сонда сіз кіммен немесе кімдермен күресесіз?

Абай: Мен надандықпен, жауыздықпен, әділетсіздікпен күресемін, Ваше превосходительство.

Жандарал: Қызық екен! Онда сізді неге көп адамдар жамандайды? Қайта, керісінше болу керек қой.

Абай: Аспанда жұлдыз көп, Ай – жалғыз.  
Өмірде өтірік көп. Ақиқат – жалғыз.  
Тіршілікте жауыздық көп. Жауыздар көп.  
Ал әділет күресетіндер бірен-саран. Аз.

Жандарал: Қызық екен. Дегенмен, сізбен оңаша сөйлесуім керек. Оңаша қалайық.

Абай: Еркіңіз білсін.

Дауыстар: – Немене, не дейді?  
– Жандарал шығындар дейді.  
– босатсын дейді.  
– Абай мен жеке қалмақ па?  
– Қалайша?  
–Шығындар! Үйді босатындар!

*Аласа үстелдің қасына келіп, Абай мен Жандарал бір-біріне қарама –қарсы жайғасады.*

Жандарал: Күресемін, күресемін, алысамын! –дейсіз. Сіздің орныңыз қайда екенін білесіз бе? Бәлкім, мынау кең дала сізге тарлық қылып жүрген болар? Мен алдымен ақиқатты өз ауызыңыздан естігім келеді. Айыбыңызды мойныңызға алып, бәлкім, кешу сұрарсыз. Шындықты жасырсаңыз, оңай құтылып кетемін десеңіз, қатты қателесесіз. Онда, бүгін қолымдағы бар дәлелдермен, он екі сағат ішінде, сізді Семейдің түрмесіне жіберіп, содан ары Сібірдің ең алыс каторгасына, қазақ даласы сіздің атыңызды естіместей жерге жіберуге дәлел бар. Шыныңызды айтыңыз, сізге сахарадан не керек? Неге сіз, біз қойған барлық әкімдермен жауласып, араздасып жүрсіз?

Абай: Ваше превосходительство! Мен ол адамдармен сіздер әкім қойғандықтан алыспаймын. Айттым ғой, олар жауыз болғандықтан алысамын.

Жандарал: Ең алдымен, сіз осы сөзіңіз үшін жауап беріңіз (тепсініп)! Біз әкім қойған адамдар адамдарды «жауыз» деуге қандай хақыңыз бар?

Абай: Олардың қой терісін жамылған қорқау қасқырлар екенін білсеңіз жауыз деп қана қоймай, қатал түрде жазалар едіңіз!

Жандарал: Дәлел келтіріңіз. Дәлел!

Абай: Сабырмен тыңдаңыз. Дәлелдерім жетерлік.

Жандарал: Не сіз көп волостной управительдердің қылмысын дәлелдеп бересіз. Менің көзімді соған жеткізесіз. Немесе мен сізді осы үйде тұтқынға алып, қасыңызға жандаралды қосып, жөнелтемін. Екінші бірі!

Абай: Мақұл, Ваше превосходительство! Қарамоладағы шербашной съезд шақырылып жатуының бір үлкен себебінің өзі ақ пен қараны айыру ғой. Ел ішінде бітіспес даулар, шапқыншылық, баырма, ұрлық көбейіп кетті. Осының бәрі өз қарабасын ойлайтын болыстардың бәсеке-тартыстарының нәтижесі.

Жандарал: Тоқтаңыз. Барымта баукеспе ұрылардың өз шаруасы емес пе?

Абай: Жоқ. Ұрылардың жұмсаушыларының іс-әрекеті.

Жандарал: Жарайды. Онда неге сол болыстардың өздері арызданады?

Абай: Өздерінің істеген қылмыстарын жауып-жасырудың әрекеті. Мәселен, мен ұры ұстамаймын, барымташы ұстамаймын. Ал сіз тағайындаған немесе бекіткен билік баындағылар біреудің қолымен от көсейді де оны жазықсыз жандарға жабады. Менің қолымда осы жөнінде нақты деректер бар. Ол мына қағазға түсірілген. Оқып танысыңыз. Менің сыртымнан арыз түсірушілердің кімдер екенін сонда таныйсыз. Мен мұның бір данасына Сенатқа жібермекпін.

*Жандарал қағазды қолына алып, көз жүгіртіп шығады. Кейбір тұстарына белгі соғады. Бір кезде орнынан тұрып, әрлі-берлі жүріп кетеді.*

Жандарал: Бұған қосымша не айтасыз?

Абай: Қылмыстың бәрі қағаз жүзінде сансыз көп шырмауықтай шатасып жатқандықтан ояздар оның шешімін таба алмай, тыя алмай, мировой судьялар анық бұзық, ажуыз адамдарды әшкерелеп, жазалай алмай қойды. Өз кезегінде олар да тыныш жатқан жоқ. Сіздің өзіңіз ықтиярсыз, сол көп арыздарға көңіл бөліп, жауыздықпен алыспақшы болып, араға келіп отырсыз. Қылмыстардың атын санасак: ұрлық, өтірік куәлік, талан-тараж, кісі өлтіру, үлкен шайкалар жасап, бір елден шығып, екінші елге барып мал талап қайту. Соның аржағында әрбір мықты адамдардың сүйеуі, жауызды жаманшылықтан ақтап алатыны,

жалғанға приговор жасау, біреуді өтірікпен жалалау – осы істердің бәрінің үстінде пара, заңсыз теріс билік, көп елді, момын елді жем ету, шығынға батыру. Мінекей, осындай істердің бәрі жылынып келгенде – жауыздық атанады. Жаманшылық атанады.

Жандарал: Осының бәрін ұйымдастырып, істейтін кімдер?

Абай: Әрине, өзіңіз де сезіп отырғандай, осының бәрінің басында елде отырған, малы көп, жігіті көп және керек десе, қолында қазынаның мөрі, кеңсесі де бар, әр боылста отырған атақыт әкім адамдар.

Жандарал: Құнанбаев, не себепті сіздің жаңағы жауыз деген адамдарыңыздың барлығы біздің сайлап қойған судьялар, волостной управительдер және әр түрлі белсенді, инабатты адамдар болып шығады? Бұл сіздің бөлек убеждениеңіз емес пе?

Абай: Ваше превосходительство! Мен ғұмырда бірінші рет сіз сияқты үлкен әкімге кездескендіктен, сіз билеп жүрген сахарадағы ауыр халдерді ашық айту қажет деп отырмын.

*Осы кезде бұлардың үстеріне бір топ қыр қазақтары, орталарында Базаралы мен тілмаш Савельев кіреді.*

Жандарал: Не боп қалды? Не керек?

Базаралы: Менің сөзімді мына Савельев жеткізеді.

Савельев: Ваше превосходительство! Бұл келгендер Семпалат уезінің әр болысының арызшы қазақтары. Сөзімізді сізге жеткіз дейді.

Жандарал: Арыздары не жөнінде?

Савельев: Сізден қазақтың ақыны, халық жақсы көретін адамы Ибрагим Құнанбаев жөнінде өтініш етеді...

*Жандарал өтініш-қағаздарды қолына алып қарай бастайды.*

Базаралы: Қаспадан кубрнатор нобай шалабек! Наш приговор много... много степ... послал... Много-много степ просит... қырғыз степ слапой... Токмо один калз ес, он Кунанбаев! Наш пригауар поскай пойдет санту, министр, белый сарь. Псе пойдем. Туда пойдем...

Жандарал: Бәрі де түсінікті. Ибрагим мырза, мен сіздің ақтығыңызға көз жеткіздім. Кінәңіз жоқ екен. Ертең осында өтетін төтенше съезде көзі ашық, білімді, адал адам билік айтуы керек. Даушарды түгел қарап, кесімін айтатын төбе би өзіңіз боласыз! Сіз, Ибрагим Кунанбаев – төбе бисіз!

Дауыстар: – Жандаралдың өзі Абайдың алдында бас иді!!

–Төбе би сайлады!

– Мәртебесі үстем болсын!

–Жауыздар сыбағасын алады енді!

–Иә, тәңірім, жар бола гөр!

–Иә, тағы да итжығыс...

Соңы.

## **АҚ ҚАСҚЫР**

Мен алты жастамын. Қорық дейтін қыстаудамыз. Қақаған қаңтардың суығы сәл сынған кез. Зарап қойшының бір отар қойы жем-шөпке қарап тұр. Ұзын баздың төбесінен бу шығады.

Қар қалың болғандықтан отарды өріске шығара алмайды. Қой базының қасындағы құдықтың маңы көк мұз. Тайғанақтап эзер барасың. Құдықтың қасындағы ұзын науалардан мал суғарады. Оның да маңайы көкала мұз. Бір күні Зарап қойшы көмекшісі екеуі қой суғарып жатқанда баздың төбесіне шығып, айналаға қарап тұрдым. Ақ қар жамылған дала. Мүлгіген тыныштық. Қойлардың маңыраған дауыстарының өзі құмығып естіледі. Түнімен қой күзетісетін кәрі төбет біздің күншуағы түсетін қабырғасындағы тоқымдай сабан шөптің үстінде жатыр. Баздың төбесінде тұрып, ауылды жанай, тым алыс та емес, тым жақын да емес, қиыстай өтіп бара жатқан үлкен ақ итті көрдім.

- Ақ итті қараңдар! Ақ ит! Ақ ит! – деп айғайлап едім, менің дауысыма елеңдеп, сол жаққа қараған Зарап қойшы:

- Ой, ол ит емес, қасқыр! – деді.

Өмірімде тірі қасқырды бірінші көруім шығар. Ауыл сыртындағы төбенің бауырын ала жортып бара жатқан тайыншадай ақ қасқыр ауыл жаққа қарап қойып, қарап қойып қиғаш тартып барады. Бұл көрініс көз алдымда қалып қойды...

Кешкісін шай үстінде Зарап қойшының әкеме күндізгі көргендерімізді әңгімелеп отырғанын құлағым шалды.

- Әлгі, ақ шолақ тағы да пайда болды!

- Жалғыз ба?

- Күндіз ауыл маңынан жалғыз өзі өтті.

- Торуылдап жүр десеңші...

- Өзі тым ірі, бұл өңірдің қасқырларынан өзгеше, ақшулан...

- Құйрығы шолақ болғанына қарағанда, қатты жарақат алған болуы да мүмкін...

- Ит талаған шығар...

- Кім білсін!.. Аңшының қолынан да жарақат алуы мүмкін ғой...

- Қалай болғанда да кекті қасқырға ұқсайды...

- Қасқырдың қасқырға ғана кегі жоқ...

Үлкендердің бұл әңгімесінен ұққаным, кеше мен көрген ақ қасқырдан бұлар қатты қорқатын сияқты...

Арада бірнеше апта өтті. Қыстың қаһары қайта бастады. Бірақ қалың жауған қардың ери қояр түрі жоқ. Күннің көзіне шағылысып, күмістей жылтырайды. Сондай күндердің бірінде тағы да ұзын баздың төбесіне шығып, айналаға көз салып тұрғанымын. Ауылдан онша қашық емес шамада бір қарайған нәрсе көзіме шалынды. Малға ұқсамайды. Біртүрлі шошақ, төбесі үшкірленген нәрсе. «Бұл не болуы мүмкін!» деген сауал басыма келуі сол, кімнен сұрарымды да білмедім. Дәл жанымда ешкім де жоқ еді. Содан, көп ойланбастан, әлгі қарайғанды көріп қайту үшін, қалың қарды омбылап, тура тарттым.

Баздың төбесінен қарағанда қол созым ғана жерден көрінген әлгі қарайған нәрсеге жете алсамшы. Ауылдан да ұзап барамын. Қардың беті теп-тегіс болып көрінгенмен, омбылаған сайын, шидің түбіне де, қараған, тобылғының қар астында қалған бұтақтарына да жиі сүрініп, жүрісім мандымай-ақ қойды. Сүт пісірімнен де көп уақыт өткендей. Өне-міне әлгі қарайған нәрсе де көрінді. Айналасы жазық, аппақ қардың үстіне үш сырғауылды басын түйістіріп бекітіпті де оған терісі сыпырылған үш-төрт қойдың өлекесін іліп тастапты. Әлгіге тым жақын қалғанда әрі таңырқай, әрі тосырқай қарап тұрып қалсам керек. Терісі сыпырылған қойлардың өлекесін жаз кезінде ауру малдың етін жеуге болмайды деп, терең шұңқыр қазып көміп тастайтын. Ал қыстың аязында өлекесінің де еті бұзыла қоймайды. Бірақ оны мынадай ағашқа іліп, айдалада сақтағанды кім көрген?!.

Осылайша, көзім көргенге өзім сенбей, біраз тұрдым да, не де болса жақыннан көрейін деп, ілгері жылжыдым. Нақ сол сәтте қарама-қарсы жақтан, қалың ши ме, тоғай ма арасынан шығып, бері қарай жақындап келе жатқан үш ақ итті көрдім.

Әумесер әуестігім қалай қортық қорқынышқа ұласып бара жатқанын да ептеп сезінетіндеймін. Тіпті, кері бұрылып тұра қашудан да қайран жоқ сияқты. Айғайласам да даусым ауылдағыларға естілмес-ау!..

Міне, мен осылай әрі-сәрі күйде тұрғанымда, ақ ит дегендерім ақ қасқырға айналып, азу тістерін ақситып, қалың қарды кеуделерімен жара бұрқыратып, жақындап келе жатыр... «Қасқыр ма? Тағы да ақ қасқыр ма?» деген бір суық ой миымды қарып өткендей болды... Осы кезде гүрс-гүрс ете қалған мылтық даусынан кейін әлгі қасқырлардың біреуі тұмсығымен қар сүзе құлады да, қалған екеуі жалт бұрылып, тұра қашты. Мылтық үні тағы да гүрс-гүрс ете естілді...

Әлгі өлекселер үйілген жерден үстіне қой терісін жамылған Зарап қойшы түрегелді де, алдымен өзі атып түсірген қасқырға қарай бір-екі қадам басты да, іле кері бұрылып, маған қарай құшағын жая жүгірді.

Әрі қорыққаннан, әрі қуанғаннан буыным босап кетсе керек, сылқ етіп қисайып, тұрған жерімде құлап бара жаттым...

Ақ қардың үстінде қызыл қанға бөккен ақ қасқыр тісі ақсифан қалпы қалған еді...

.2013 ж.

## ТОЙЛАНБАҒАН ТУҒАН КҮН...

Жас шамасы қырық пен елудің арасындағы үш келіншек ең әуелі қосылып «Туған күн кешінде» дейтін әнді шырқады. Дауыстары да әдемі, ән де сүйкімді, әсерлі еді. Зура – Қызылордалық, Сұлушаш – Тараз қаласынан, Алуа – Талдықорғаннан. Ал, төртінші Жансая есімді келіншек Көкшетаудан. Бұл төртеуі де Алматыдағы Мамандар біліктілігін жетілдіру институтына оқуға келгендер. Бір бөлмеде тұрып жатқандарына бүгін үшінші күн. Төртеуі де қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушылары. Әңгімелері жарасып, кешкісін осындай беймарал отырысқа да бой үйретті бұлар. Әсіресе, қою шайға қаймақ қатып ішіп, бастан кешкен қызықтарын, жастық шақтарын айтқанда әңгіме тетігі ағытылып-ақ кетеді. Әлгінде әнге қосылмаған Жансая әңгімеден де шет қалып отыр. Сөздің шоғын маздатуға Зура шебер екен:

– Құрбылар, сендер білесіңдер ме, мына Семей жақта туыстар, дос-жарандар, құрбы-құрдастар туған күн десе, ішкен астарын жерге қояды екен. Егер де байқаусызда біреуінің туған күні атаусыз қалса, ескерусіз қалса, бұл деген үлкен дауға, өкпе-ренішке ұласатын көрінеді, – деп тандайын тақ еткізді.

– Жас кезімізде, әсіресе, студенттік жылдарда туған күндерімізді дүрілдетіп тойлап жүрдік қой. Кейін бірте-бірте саябырсыдық. Әсіресе, үйдегі отағасы мерейтойды ғана тойлаймыз деген соң, жайшылықта кезекті туған күн дегенді ескермейтін де болдық, – деді Сұлушаш.

– Оның рас, отбасындағы ең елеулі қызықтарымыз балалардың шілдеханасы, тұсаукесері, мектепке баруы, мектеп бітіруі, оқуға түсуі, үйленуі, т. б. дегендей тізбектеліп өтіп жатады екен ғой. Туған күн дегенге бірде мән берсек, бірде мән бермей өте шығамыз..., – деді Алуа.

– Дегенмен, туған күнінде ең жақын адамың гүл сыйлап тұрғанының жөні бөлек қой. Оны қайтіп ұмытарсың! Күйеуім екеуіміз бес жыл институтта бірге оқыдық. Менің әр туған күнімді ескерусіз қалдырмай, құшақ-құшақ гүл сыйлайтын. Үйленгеннен соң да солай болатындай көрінуші еді. Олай болмады. Әйеліне гүл сыйлауды кейбір еркектер ерсі көреді-ау деймін, осы! Сұлушаштың бұл сынына келіншектердің ешқайсысы да уәж айта алмады, үнсіз келіскендей.

– Меніңше, – деді Алуа, – ең алдымен, балалардың туған күндерін тойлап отыруымыз керек сияқты. Өзімізді қойшы. Жасымызға жас қосылған сайын қартаюға бір қадам жасайды екенбіз. Соған қуанамыз ба?! Менің есіме үлкен ұлымыздың жасы жетіге толғанда әкесінің досы велосипед сыйлағаны түсіп отыр. Велосипедтің құны бір кісінің айлығындай еді. Тіпті, күтпеген сый. Сондағы баламыздың қуанғанын көрсең. Ақшадан тарығып, әне-міне әпереміз деп, әпере алмай жүргенімізді, әңгіме арасында құлағы шалса керек, әкесінің досы Айды аспанға бір-ақ шығарды. Тура мәшине мінгізгендей қуандық. Бәлкім, солай, балалардың туған күндерін ерекше атап өткен дұрыс шығар...

– Өз басым бір де бір рет туған күнімді ескерусіз қалдырмаппын. Тіпті, ұмытып кетпесін деп, күйеуіме, қайын сіңілілеріме, енеме ақырын ертерек ескертіп отырамын. Өзімнің де, өзгенің де туған күндері аталып өтуге тиіс деп есептеймін. Семейліктердің салт-дәстүрі маған ұнайды!

– деді Зура. Содан соң әңгімеге араласпай, сәл мұнайып, төмен қарап отырған Жансаяға бұрылып:

– Біз ғой, мұнда, туған күн туралы айтысып-тартысып жатырмыз. Ал сен неге үндемей, ой бөлісуден қалыс қалып отырсың? Осы, сенің туған күнің қашан? – деді күлімсіреп.

– Ертең... – деді Жансая.

– Тамаша! Бағанадан бері туған күн туралы бекер әңгіме қозғамаған екенбіз. Онда, қыздар, ертең кешке Жансаяның «он сегіз жасқа» толғанын атап өтейік. Келісесіздер ме?

– Келісеміз! Келісеміз! – десті келіншектер. Тек Жансая ғана:

– Жоқ, құрбылар. Менің туған күнім тойланбайды ешқашан! – деп өксіп-өксіп жылап жіберді де түк түсінбей аңтарылған құрбыларына жасты көзімен қарап: – Осыдан тура он бес жыл



бұрын менің туған күнімде, 5 мамырда, күйеуім жол апатынан қайтыс болған... Сондықтан, мен туған күнімді атап өтуді қойғанмын... Кешіріндер!.. – деді.

Келіншектер ауыр-ауыр күрсінді...

2014 ж.

## ТАШКЕНТ: ТАМЫЗДЫҢ ЫСТЫҚ КҮНДЕРІ

*Екі мың сегізінші жыл. Жиырма екінші тамыз.* Алматыдан Ташкентке Боинг самолетімен ұшып шықтым. Бұрын Өзбекстанда болмағанмын. Самолет салонында біреулер ұшыраса ма деп жан-жағыма көз жүгірткенімде, бәрі бөтен. Кешегі кеңестік дәуірдегі көрші елдермен барыс-келіс, алыс-беріс саябырсып қалған кез. Одақтың тарауымен бірге оңашалануды ойлағандардың бірі осы ел...

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы байырғы туыстық тамырларын кеңейтуді көздеген, 1998 жылдың 30 қазанында қол қойылған, «Мәңгілік достық туралы шарт» – тәуелсіз мемлекеттердің ең басты ресми құжаттарының бірі болса керек. Экономикалық, сауда-саттық, техникалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы қарым-қатынастар кейінгі жылдарда біршама дамып, жандана бастағандай... Қазақстандықтар жаңа Астана тұрғызып, елді үлкен құрылыс алаңына айналдырып жатқанда, өзбекстандықтар жұмыс іздеп, шекара асып, басқа елдерді шарлап кеткендерін де көрдік. Ел иығына түскен ауыртпашылықтарды игеру жолында қазақ пен өзбек өздерінше жол іздеген болатын. Әрине, бұл екі бауырлас елдердің президенттері Н.Назарбаев пен И.Каримовтың арасындағы қарым-қатынасқа да көп байланысты. Кейбір саясатшылар «Орта Азияда көшбасшы кім болады?» деген сауалға бас қатырып, сәуегейліктің салқыны да бетке ұрып тұрды.

Өзбекстан дегенде, көз алдымызға, тау-тау ақ мақталар елестейтін бұрын, жүзімдік алқаптары, үлжіген сары өрік, шабдалы, т.б. жеміс-жидектер тұнып тұрған көк базарлар, кетпен-күрегі арқалаған диқандар, еңбекқор шаруалар, сауда-саттықтың қайнаған ортасы болып та жадымызда жатталған. Көне қалалар Бұхара, Хиуа, Самарқанд, Ташкент те ортақ тарихымыздан шет емес.

Биыл, сәуір айында, екі ел президенттері Астанада – Ақордада ресми түрде кездескен болатын. Сауда-экономикалық ынтымақтастық өз алдына, содан өрбитін көптеген мемлекетаралық байланыстарды нығайтудың жолдары іздестірілуде. Қазақ баспасөзінде былай деп жазды: «Қазақстан – Өзбекстан ынтымақтастығында мәдени-гуманитарлық байланыстардың мәні зор. Өйткені, Қазақстанда өзбек диаспорасы, Өзбекстанда қазақ диаспорасы көп қоныстанған. Өзбекстандық ресми органдардың мәліметтері бойынша, бүгінде Өзбекстан аумағында 1 миллионға жуық қазақ тұрады. Негізінен олар Қарақалпақстанда, Ташкент, Науаи, Жызақ, Сырдария, Бұхара және Хорезм облыстарында қоныстанған. Ислам Каримов баспасөз мәслихатында атап өткендей, бүгінде Өзбекстанда 520 орта мектепте қазақ тілінде сабақ өткізіледі. Оның 234-і тек қазақ тіліндегі мектептер. Сондай-ақ, Өзбекстан аумағында 30-дан астам республикалық, облыстық және аудандық қазақ мәдени орталықтары жұмыс істейді» («Егемен Қазақстан», №117-118, 23.04.2008).

Ташкент десе, тарқатылар ой сорабы көп екендігін ішім сезеді. Сапарымның негізгі мақсаты – Ташкенттегі Ғафур Ғұламның әдеби-мемориалдық музей-үйімен бұрынғы байланыстарды қайта жаңғырту, Сәбит Мұқанов пен Ғафур Ғұламның арасындағы ғажайып достықтың өнегесін жұртқа жеткізу болса да, Ташкентке қатысты басқа да талай тақырыптар қозғалатынына күмәнім жоқ.

Ташкент әуежайында төлқұжат тексеруінен өту үшін кезекте тұрғанымызда, табанымыздың астынан дүңк еткен соққы сезіліп, тұрған-тұрған орнымызда қалшыып қатып қалыппыз. Кейбіреулердің өңі бозарып, көз шарасы үлкейіп, тілін тістеп қалғандай. Зәре-құтымыз қашты десем, артықтау шығар. Бірақ, іштартып, секемденіп қалғанымыз анық еді. Ташкент бізді осылай қарсы алды...

«Кеше күндізгі 13 сағат 26 минутта Өзбекстан астанасынан 17 шақырым жерде Рихтер бағаны бойынша 5,5-6 балдық жер сілкінісі де ала тақиялы ағайындарды үркітіп тастады. Алдын-ала алынған мәліметтерге қарағанда, адам өлімі жоқ. Тек ұялы байланыс

операторларының жұмысында үзіліс болған. Қазір табиғат апатынан келген шығын мөлшері анықталуда.

Тосын оқиғалардың ұшқыны Шымкентті де шарпыған. Жергілікті сейсмолог мамандар кеше 14 сағат 27 минутта жеңіл тербеліс байқалғанын растады. Мұны олар Ташкенттегі төтенше оқиғаның әсерінен деп отыр» («Айқын», 23.08.2008ж.).

Әуежайда мені Өзбекстандағы Республикалық Қазақ мәдени орталығының орынбасар бастығы Жамалиддин Якубов қарсы алды. Орталықтағы «Пойтахт» («Астана») мейманханасына келіп орналастым. Ташкентте ауа-райы 35 градус ыстық екен.

*Жиырма үшінші тамыз.* Таңертең ерте тұрып, тыныш көшелерді бойлап, едәуір жаяу жүріп қайттым. Мейманханаға жақын жерде шағын саябақ бар екен. Оның дәл орта тұсында үлкен ескерткіш қарауытады. Жақындап келіп, ат үстіндегі айбынды Әмір Темірдің биік тас тұғырдағы ескерткішін, тамаша өнер туындысын көріп, таңырқадым. «Күш – әділеттілікте!» деген қанатты сөзін тасқа қашап жазыпты, өзбек, орыс, ағылшын тілдерінде.

Ташкенттің көшелері таза, кең, жасыл желекке бөленіп тұр. Алматыдағыдай ығы-жығы мәшине, қаптаған шетелдік көліктер мұнда жоққа тән. «Волгалар» мен «Жигулилер»-ден басқа, Оңтүстік Кореядан автобөлшектерін алып келіп, Өзбекстанда құрастырып шығаратын «Нексия», «Матиз» жеңіл автомобильдері, «Дамас» микроавтобустары көзге көбірек шалынады. Мәскеудегідей Ташкентте де метроға асыққан жұрт. Қаладағы көрнекі орындардың, көздеулі нысандардың бәріне де метро арқылы жылдам жетіп барасың. Бүгін «Әмір Темір әулеттері» музейінде болдым. Хан шатырына ұқсатып, аппақ күмбезі күнге шағылысқан музей ғимараты өте сәнді де салтанатты. Әмір Темір әулеттерінің, оның айналасында ғұмыр кешкен атақты адамдардың портреттерінің галереясы іспетті музей экспозициясы өте мазмұнды. Әрбір картинаның алдында еріксіз ұзақ тұрып қаласың. Қылқаламның құдіретіне тәнті боласың.

*Жиырма төртінші тамыз.* Бүгін уәде бойынша, келісімін алып, Ғафур Ғұламның қызы – музейдің директоры Алмаз ханымға жолығуға бардық. Қасымда Жамалиддин бар. Ол өзін Ғафурдың ұлы Қандамирдің шәкіртімін, Мұқарам апаның қолынан талай дәм татқанмын, сондықтан бұл үй маған бөтен емес деген болатын.

Алмаз Ғафурқызы бізді жылы шыраймен қарсы алды. Жасы жетпісте екен. Сарабал, сабырлы, салмақты көрінеді. Өзбекстанда 82 мемлекеттік, 200-ден аса жекеменшік, 600-ден аса мектептегі музейлер бар екен. Ғафур Ғұламның өзі тұрған үйді музейге айналдыру жөнінде Өзбекстан Үкіметі 1966 жылы қаулы қабылдаған. Қазіргі кезде ол үй мемориалдық бөлім болып, бұрынғы үйдің жанынан 6 сотық жер алып, екі қабатты қосымша құрылыс жүргізілген. Бірінші қабатта кітапхана, музей қызметкерлері отыратын бөлмелер, шағын зал бар. Ал екінші қабат – тұтас әдеби бөлім. Қаланың дәл ортасында орналасқан музейде 12 мың экспонат жинақталған. Музейде директор, атқарушы директор және бас қор сақтаушыны қоса алғанда 22 адам қызмет істейді. Әдеби бөлімді аралап жүргенде төрдегі әйнектелген витринада тұрған қазақтың ұлттық шапаны көзіме оттай басылды. Бұл досы Ғафурға Сәбит Мұқановтың сыйлаған шапаны екен. Екеуі 35-40 жыл бойы сыйлас дос, сырлас әріптес болып ғұмыр кешкен. Ғафур Қазақстанға талай келіп, талай шапан киген шығар. Бірақ досы сыйлаған шапанды ерекше қастерлеп сақтаған ғой, сірә.

– Бұл үйде М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин бастаған қазақ жазушылары да, И.Абашидзе, Мырза Тұрсын Зада, Д.Кугультинов, Қ.Құлиев, П.Бұлбұлғұлы, т.б. есімдері Одаққа танымал қаламгерлер, мәдениет, өнер қайраткерлері де болған. Әкеміздің достары көп еді, – дейді Алмаз Ғафурқызы. – Әсіресе, Сәбит Мұқановты аузынан тастамайтын. Түннің бір уағында Алматыға, Сәбене телефон шалып, екеуі ұзақ сөйлесетін. Әкеміздің 60 жылдығына осы үйді бергенде де Сәбит Мұқанов келген болатын. Мәриям апай мен шешеміз Мұқарам да тез тіл табысып кететін...

«Сәбит ағаның көңілі қазақ жеріндегі кең еді, – деп жазыпты өзінің естелігінде өзбек жазушысы Мирмухсин, – Ол Өзбекстанға жиі келіп жүрді. Әсіресе, жан досы Ғафур Ғұламның үйіне келгенде, үлкен той болушы еді. Осындай әдебиет тойларына қатысқаным бар... Қазақ халқына тән меймандостық, жомарттық, ақ жарқындық, кең пейілділік, пәк жандылық, бейнетқорлық Сәбит ағаның өз басынан табылатын қасиеттер еді... Ташкенттегі, бұл күнде «Баһор» деп аталатын үлкен залда Сәбит ағаның тебіреніп сөйлегені, Ғафур Ғұламды бауырына қысып, шын жүректен құттықтағаны, екі халық ақсақалдарының өлеңдерін оқып, жүрекжарды сезімдерін шынайы да асыл сөздермен айтып бергені бүгінгідей көз алдымызда. Оны бүкіл өзбек халқы ұмытпайды» («Кәдімгі Сәбит Мұқанов». Естеліктер. Алматы. 1984 ж. 219б.).

Ўзбекистон Ғылым академиясы Ғафур Ғўламның 12 томдық шығармалар жинағын шығарыпты. Ғафур Ғўлам атында Ташкентте метро, институт, алаң, саябақ бар екен. Өр жыл сайын 10 мамырда «Ғўлам оқулары» өтіп тұрады. Өзбек әдебиетіндегі Ғафур Ғўламның орны жөнінде музей экспозициясында жан-жақты баяндалған.

– Әкеміз 1966 жылы Ғабдолла Тоқайдың 70 жылдығында татарша сөйлеп, әріптестерін таң қалдырған болатын. Ол араб, парсы тілдерін жақсы білді. Шекспирді аударған («Отелло», «Король Лир»). Ол ұзын бойлы, жаны жомарт, мейірімді адам еді. Үш ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірген Мұкарама шешеміз екеуі бақытты ғұмыр кешті. Шешеміз өз қолынан Шараф Рашидовтың самса жегенін мақтанып айтып отыратын. Қонақтар көп келетін. Әкеміздің достары көп еді. Немерелеріне Мұхтар, Сәбит деп ат қоюның сыры сол достықта. Жазушының отбасынан екі академик, үш профессор шыққан. Бұл да болса, әке-шешеміздің өнегелі тәрбиесі, ұрпақтарының болашағын ойлағандығы деп білеміз. Балаларының да әке сенімін, өсиетін ақтағандығы шығар, – дейді Алмаз Ғафурқызы.

Музейаралық байланыстың бір қыры – екі жаққа да қатысты құнды жәдігерліктер алмасу, құнды қолжазбалардың, хаттардың көшірмелерін алу. Кейде бір парақ қағаздың өзі ат мінгізгендей қуантады. Бұл жолы мен біздің Музей кешені қорындағы Өзбек жазушыларына қатысты Сәбеннің бірнеше хаттарының көшірмелерін ала барғанмын. Ғафур Ғўламға, Миртемірге, Насыр Фазыловқа, башқұрт жазушысы Сәйфи Құдашқа жазған хаттарының көшірмелері бар. Солардың бәрін Алмаз Ғафурқызына тапсырдым да, олардағы Сәбит Мұқановтың бірнеше хаттарының көшірмелерін ала қайттым Солардың бірі мынау хат: «С.Құдашқа. Құрметті Сәйфи ағай! Хаттарыңызды да, Ғафур Ғўлам туралы жазған мақалаңыз басылған газетті де алдым. Ең алдымен Ғафур туралы. Бұл хасіретке мен де сізден кем шомған жоқпын. 35-40 жыл бойына дос болудан басқа, энеүкүні Қазанда, Тоқайдың юбилейінде бірге өткізген күндер естен шығар емес. Хоштасарда ол маған, – «Сәбит бауырым, жүрегімнің нашарлығын көріп жүрсің, мүмкін бұдан кейін тірі көрмеспіз, өлсем жаназама келерсің» деген еді. Жаназасына бардым. Бүкіл өзбек халқымен бірге, мен де қатты жыладым. Біраз шаршап та қалдым. Мыржақыптың «Айырылу» атты өлеңінде, –

Дариға тірі айрылмай, өлі айрылсам,  
Топырақ дұға қылып қолдан салсам,  
Жамылып салқын қабыр жатқан достың,  
Үстіне көздің жасы мөлт-мөлт тамсаң.  
Жүректі сол уақытта қайғы буып,  
Келмесін енді қайтып біліп жуық,  
Рахат рухына тілеп хақтан,  
Хош айтып кетпес пе едім көңіл суып, – деген еді.

Сол айтқандай Ғафурдың қабырына көз жасымды төктім де, көңілім суып қайттым. Өлмейік, Сәйфи бауырым!

Сіздерден кеткен соң Қостанайда бір жұма болып Алматыға келдім. Қостанайдың егіні ғажап. Сізді іздеді. Мағфура жеңгейге сәлем айтыңыз. Қазақ «татқан да бір, тойған да бір» дейді. Жеңгейдің «құтты-хана мешітінде» қолынан дәм татуымыз жетеді. Ренжімесін. Достарға, әсіресе: Ақнафқа, Гылымдарға, Қадирға көп сәлем. Мәриям да оларға сәлем айтады. Газеттерді алдым. Рахмет. Туысқандық көңілден – (Сәбит Мұқанов).

1-VIII-1966 жыл. Алматы».

Шағын хатқа қаншама дерек сыйып кеткен десеңізші! Міржақыптың екі шумақ өлеңін алаш ардақтыларының есімдері аталмай тұрған кезде, қалай қиюластырып келтірген!..

*Жиырма бесінші тамыз.* Бүгін Өзбекстан Ғылым академиясының Ә.Науаи атындағы Әдебиет музейінде болдым. Ташкенттегі бұл музей 1962 жылы ашылған. Кеңестік дәуірдегі ақын, жазушыларға көрсетілген құрметтің бұл да бір соңғы ескерткіші іспетті. Біздің ақсақал жазушылардың аузынан: «Ана, Ташкенттегі Әдебиет музейі бізде неге жоқ?», «Неге Алматыда Әдебиет музейін жеке ашпасқа?!» деген сауал-пікірді талай рет құлағымыз шалған. Алматыда Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтің, Ахмет Байтұрсынұлының әдеби-мемориалдық музейлері бар. Ал Ертіс өзенінің жағасындағы облыс орталығында Бұқар жырау атындағы Әдебиет және өнер мұражайы бар. Сол өңірдің ақын-жазушыларының, әнші-өнерпаздарының арғы-бергі тарихын баяндап тұрған ерекше мұражай...

Ал, енді, мына Ташкенттегі Әдебиет музейін көруге, салыстыра қарауға деген ынтызарлық ерте оянса да сәті бүгін түсір отыр. Үш қабатты, еңселі ғимараттың алдындағы алаңда Әлішер Науаидің ескерткіші тұр. Бірінші қабаттағы музей қызметкерлері отыратын

бөлмелерден басқасы тұтастай тек Ә.Науаиға арналған екен. Әр жылдардағы кітаптарының басылымдары, көптеген портреттер, кітапқа жасалған көркем безендірулер, қолжазбалар, т.б. экспозициядан орын алған. Қарап, көріп шығып, «сонда, бұл қалай, тек Ә.Науаиға арналған әдебиет музейі ме?» деген ойға қалдым. Музей қызметкерлерінің біріне көкейдегі сауалымды қойдым. Тұрсын деген егде музей қызметкері менің сөзіме езу тарта күлді де: «музейдің екінші, үшінші қабаттарына көтеріліңіз, сонда түсінесіз» – деді. Сөйтсек, музейдің екінші қабатын бүкіл өзбек әдебиетінің классиктері алып тұр. Үшінші қабатында фольклорлық туындылар мен ауыз әдебиетінің құнды жәдігерліктері және кейінгі заман қаламгерлері туралы мол мағлұмат жинақталған. Әу баста музей экспозициясын жасақтағанда көрнекті қаламгерлердің көркем портреттерін жасатып, жанына оның өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер өзбек, орыс, ағылшын тілдерінде беріліп отырған. Негізінен, мәтіндер өзбекше. Көрнекті қаламгерлердің кейбір тұтынған заттары: қалам, қарындаш, қойын кінежкелер, қол сағаттары, хаттары, қолжазбалары, кітаптары, т.б. қойылған. Әрине, үш қабатты алып жатқан дағарадай Әдебиет музейіне кеңестік дәуірде келушілердің көп болғанына күмән жоқ. Ол кезде қаламмен тәрбиелеуге, қалам құдіретіне бас июге жағдай осылай да жасалған. Дегенмен, музей экспозициясы көнерген, жаңа дәуір рухына сәйкеспей тұр. Ғимарат ескірген. Көптен бері күрделі жөндеуді қажетсінуде екен. Бір кезде музей штатында 25-30 адам жұмыс істесе, қазір олар да қысқартылған. Яғни, бұл Әдебиет музейі бүгінгі заман, уақыт талабына сай қызмет көрсете алмай тұр. Бәлкім, экономикалық өрлеу туса өзбек ағайындар бұл музейге басқаша мәртебе берер деген ойға қалдық.

Менің Алматыдан, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің музей кешенінен келгенімді естіген соң музей қызметкері Тұрсын маған Мұзаффар Ахмадтің «Екі дос дастаны» атты естелік-эссе кітабының бірнеше данасын сыйға берді. 1994 жылы жазылып, Ташкенттен 1997 жылы 2 мың дана таралыммен шығыпты. Ғафур Ғұлам мен Сәбит Мұқановтың достығы баяндалады деді.

1990 жылы Ташкент уалаяты Орта Шыршық ауданындағы Сәбит Мұқанов атындағы мектепке жазушының туғанына 90 жыл толуына байланысты үлкен әдеби кеш өтеді. Оған Әзім Сүйін, Төре Мырза, Мұзаффар Ахмад сияқты шайыр інілерімен бірге Өзбекстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР Президенттің Бейбітшілік пен келісім сыйлығының иегері, бір кезде Сәбең «Сары бала» деп еркелететін Насыр Фазылов та қатысады. Қазақстаннан да қонақтар шақырылған. Осы кезде Н.Фазылов Сәбит пен Ғафур арасындағы айнымас достықты тамаша мысалдармен майын тамыза әңгімелеп береді. Ақын інісі Мұзаффар сол әңгіменің негізінде «Екі дос дастанын» жазады. Насыр Фазыловтың атынан баяндалатын бұл толғау достықты ту етіп көтеруімен құнды.

«Үзілмеген алқа аяулы, бұзылмаған достық ардақты. Мұхтар мен Айбек, Сәбит пен Ғафур арасындағы айнымас достық туралы, өкінішке қарай, біз аз айтамыз, тіпті, күні кешегі осынау қасиетті қандастық қарым-қатынастың ауылы көз алдымыздан бұл-бұл ұшып, әлдеқайда алыстап бара жатқандай... Қимайсың... Өзіңді өзің қинайсың... Дерегін сұрап, себебін іздеуге ұяласың. Өз ар-ожданыңның алдында. Біз келешек ұрпаққа бос қоржын қалпымызбен қалай, не деп бара жатырмыз? Осыны бір сәт ойладық па? Жоқ, ондай мұрша қазір бізде болмай тұр... Өкінішті-ақ!» – деп Насыр ақаның атынан тұтас бір буын сөз алып тұр. Одан соң ол: «Несін айтасың, Сәбит аға Өзбекстанды өте-мөте жақсы көруші еді! Бұл жерде оның қадірлі достарынан өзге де таныс-біліс адамдары көп болушы еді. Ағамыз, әсіресе, өзбек қаламдастарына аса қайырымды болатын. Айбек пен Ғафурды айтпағанда, ол кісі Ұйғын, Шайхы дамулла, Зұлфия, Яшин, Міртемір, Нәзірлермен де жақсы араласты» – дейді ағынан жарыла.

Насыр Фазылов Ғафур қайтыс болғанда Сәбиттің қандай күй кешкенін, ести сала Ташкентке ұшып келіп, қазаның ауыр жүгін иығымен көтеріскенін, досын қабірге түсіп өз қолымен қойғанын, ал Сәбит дүниеден озғанда Өзбекстаннан Нәзір Сафаров, Міртемір, Насыр Фазылов – үшеуінің Ғафур қабірі басынан бір уыс топырақ алып, Алматыға асыға жеткендерін, ол топырақты Сәбит қабіріндегі жас топыраққа қосу жөнінде ақсақалдармен ақылдасқандарын, т.б. егжей-тегжейлі баяндай келіп, соңында: «Ертесіне, Ташкентке қайтар алдында қош айтысып, қайырласу үшін Сәбит ағаның отбасына бас сұқтық. Кірер есіктің оңы мен солында тұрған Мәриям анамыз бен Арыстан ініміз көңіл айтып кіріп-шыққандарға бас-көз болып тұр екен. Жұрт аяғы сейіле бере Арыстаннан:

– Кешегі... әлгі қалташадағы топырақты қайтқіндер, қабір ішіне септіңдер ме? – деп сұрадым.

– Жоқ, – деді Арыстан.

– Here?

Үшеуіміз бір-бірімізге аңтарылып қарап қалыппыз. Аса бір ыждағатты ырым-ниетпен келгенде... бұлардың мұнысы...

– Не істедіңдер? Әлде ұмыт қалды ма? – бірінші болып мен тілге келдім.

– Қабыр ішіне... шашпадық, ақсақалдармен кеңескен соң...

– Ол қандай кеңес?

– Фафур көкеміз әкеміздің қияметтік досы болған соң... жан досының топырағын басына жастанып жатсын деп... қалташаны басына жастық қылып қойдық...

Қайран қалған біздер тұрған орнымызда қаттық та қалдық! Міне, тапқырлық! Міне, даналық! Далалыққа тек даналық жарасады! Бәрекелде, қазағым!..».

Осы бір тебіреністі жайтты Арыстан Сәбитұлының аузынан да естіген едім. Соны Насыр Фазылов тіпті толықтыра жеткізген екен. Досының бір уыс топырағын басына жастанып жатқан досы туралы мұндай хикаяны бұрын-соңды еш жерден естіген, оқыған емеспіз.

Автордың хатимасындағы (сөз соңы) мына бір шумақ өлең де қымбат: «Таспен қоршап қайтеміз шекараны? // «Елдестірмек елшіден екі араны» // Ұлы достық, ынтымақ барда ғана // Ұжмаққа ұлы көш жете алады!»

PS. Кейін бұл «Достық дастаны» ақын Исраил Сапарбайдың аударуымен «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көргенін айта кеткім келеді.

*Жиырма алтыншы тамыз.* КСРО-ның және Өзбекстанның халық суретшісі, КСРО Көркемсурет академиясының толық мүшесі Орал Таңсықбаевтың мұражайына бардым. Мұражай директоры Сұлтан Ибрагимов деген кісі екен. Оралдың ағасының қызына үйленген – күйеу баласы. «Оралдың жанында отыз жыл жүрдім» дейді. Әскери адам.

22 тамыз күнгі жер сілкінісінде мұражайдың көрме залындағы бірнеше картиналар, портреттер қабырғадан құлап кетіп, бүлінген. Оларды қалпына келтіру үшін жөндеушілер бөлмедегі жәдігерліктерді түгел басқа бөлмелерге шығарған. Шаң. Оралдың бұрын өзі тұрған үйінің қабырғаларына да сызат түскен. Енді күрделі жөндеуді қажет етеді. Ал жаңадан (1990ж.) салынған екі қабатты көрме залы (1-қабат) және суретшінің өз туындылары қойылған зал аман, (2-қабат) бүлінбеген екен.

– Бұл мұражайға бұрын Қазақстаннан келушілер көп болатын, – дейді Сұлтан Ибрагимов. – Негізінен, жазушылар, суретшілер, өнер адамдары. Олардың бәрі де Оралдың қазақ екендігін, ұзақ ғұмырын Өзбекстанда өткізгенін, 1904 жылы Ташкентте дүниеге келіп, 1974 жылы Қарақалпақстанның Нүкіс қаласында өмірден озғанын, кескіндемелік туындылары Мәскеудегі Мемлекеттік Шығыс халықтары Өнер мұражайында, Өзбекстан Республикалық Мемлекеттік Өнер мұражайында, Мәскеудегі бұрынғы КСРО Суретшілер одағы қорында, Қазақстандағы Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік Өнер мұражайында және осы өзінің Ташкенттегі мемориалдық мұражай-үйінде сақтаулы екенін қызыға сұрап, біліп, көп мағлұмат алатын.

Өнер зерттеушілері оның алғашқы «Көш» атты туындысы (1931ж.), Өзбекстанның көне қалалары, Қазақстанның Арал теңізі мен Сырдария бойына сапардан туған картиналары, т.б. ел мен жерге деген тұнып тұрған сағынышымен баурайтынын, бояу үйлесімділігімен, композициялық тұтастығымен ерекшеленетінін жазған. Ол 1935 жылы Алматыда өткен Қазақстан суретшілерінің тұңғыш көрмесіне қатысқан. Пейзаждық полотнолары әр алуан мазмұнды. Оның «Ескі Самарқанд», «Қызыл шайхана», «Ангерен-Қоқан. Тау жолы», «Алай алқабы», «Күзгі таң», «Туған өлке», «Сарқырама», «Алматыдағы қыс», «Іле өзенінің аңғарында», «Мақта жинау», «Алатау», «Арал теңізі», «Таудағы күз», т.б. картиналарының атының өзі Өзбекстан мен Қазақстанға қатысты жер-су атауларына бай.

Орал Таңсықбаев туралы: «... Орта Азия мен Қазақстанда онымен тайталасатын табиғат жыршысы кем де кем. Ол – халқының ой-арманынан, аңсарынан туған тұлға. Ол нағыз реалист-романтик еді» – депті халық суретшісі Әубәкір Ысмайылов. Ал Таңсықбаев әлемін қандастық таным-түйсігімен барлаған өнертанушы-журналист-жазушы Қали Сәрсенбайдың: «Таңсықбаевтың картиналарындағы таулардың аласасы жоқ. Тауларында тәкаппарлықтан гөрі толғаныс басым, ал, даласы – әнші. Орал аға кезінде «Өз туған ошағыңнан алыста, өзге өлкеде жүріп өнерінді өрістетуге мүмкін емес. Шынайы өнер еш боямасыз өз топырағынан ғана тамыр тартады, топыраққа тартып туады екен» деп жүрек толы сағынышпен жазған екен. сол сағыныштың көп ұшқыны осы картина бойында жатыр. Дүниенің бар шұғылалы бояуымен жазылған «Жеті келіншектің» өн бойындағы лиризм, реализм, мажорлы леп, асқақ сезім, аяулы

арман адамзат жүрегін тербей беретін әсем ән, сағыныш сазындай» – деп тебіренуінің («Жүрек жыры және «Жеті келіншек» атты мақаласынан) сыры бөлек.

Орал Таңсықбаев театр декорацияларын да безендірген. Мұхтар Әуезовтің ықпалымен Қазақтың мемлекеттік академиялық Опера және балет театрында В.В.Великановтың «Қалқаман-Мамыр» балетіне (1938) жасаған эскиздерінде ұлттық нақыш пен бояудың мол болғандығын әлгі туған топыраққа тамыр тартудан танысақ керек.

Мұражай-үйіндегі қабырғада тұрған үлкейтілген фотосуреттің жанында еріксіз аялдайсыз. Мұхтар Әуезов әйелі Валентина, Орал Таңсықбаев әйелі Елизавета – төртеуі қатар отырып түскен фото. Отбасымен араласқан. Мұхтар да Оралдың қылқаламындағы құдыретке тәнті болса керек. Талантты талант таныған!

Орал мен Елизаветадан бала жоқ. Оралдың ағасының яки інісінің бір ұлы тәп-тәуір суретші болған екен. Мұражайда бір картинасы тұр. Ерте қайтқан.

Алматыда О. Таңсықбаев атындағы Сәндік-қолданбалы өнер колледжі бар. Оның шәкірттері біздің Музей кешеніне жиі келіп, С.Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің музей-үйлеріндегі өнер туындыларын жиі тамашалайтындары осы арада есіме түсті.

Мұражай-үйдің директоры С.Ибрагимовке Алматыдан алып барған бірқанша кітаптарымды тарту еттім. Тілек кітабына қолтанбамды қалдырдым.

*Жиырма жетінші тамыз.* Өзбекстандағы республикалық қазақ мәдени орталығының бастығы Марат Үкібаев деген азамат арқылы өзінің орынбасары әрі «JONIER» жекеменшік медициналық фирманың жетекшісі, медицина ғылымдарының кандидаты Ерәсім Рустамовпен танысқаным бірнеше күн болған. Уағда бойынша, бүгін Самарқанд қаласына барып қайтуға жолға шықтық. Ерәсім өзінің Шымкенттен келген қонағы Тұрғынбай Сәрсенбаев деген азаматты да ертіп алды. Жеңіл көлік «Нексиа» Ташкент пен Самарқанд арасындағы кең даңғылмен құстай ұшты. Рөлде – Ерәсімнің ұлы.

Самарқанд көк майса бөктерлерімен, көз ұшында айнала қоршаған көгілдір тауларымен, ертегі әлеміне енгендей әсерге бөлейтін көне қорған, қамалдарымен, ескерткіштерімен қарсы алды. Римнің құрдасы саналатын Самарқанд ЮНЕСКО-ның тізімінде тұрған қалалардың бірі. Бұл қаланың көшелерінде Ескендірдің (А.Македонский), әл-Бұхаридің, Шыңғысханның, Захратдин Бабырдың, Ұлықбектің, Қожа Ахрардың, Саманидің, Әмір Темірдің, Жүсіп Жалаңтөс баһадүрдің арғымақтарының ізі қалған. Шығыстың шырайлы өрнектерін сақтаған бұл қаланың гүлденуі, Ислам дінінің шапағатына бөленуі, әрине, Әмір Темірдің есімімен тікелей байланысты. Мұнда Гур-Әмір – Әмір Темірдің мазар кешені. Онда Темірдің сүйікті немересі Мұхамет Сұлтан кенеттен ажал құшқанда ең бірінші болып жерленген екен. 1404 жылы Қытайға жорыққа аттанар алдында даңқты қолбасшы Әмір Темір Отырарда дүниеден озғанда балалары ақылдасып, немересінің қасына қойыпты. Сонымен, бұл Гур-Әмірде Мұхамет сұлтан, Әмір Темірдің өзі, ұстазы Саид Береке, Сейіт Омар, Темірдің ұлдары – Мираншах, Шахрух және Ұлықбек жерленген.

Азан шақыратын мұнараларының биіктігі 50 метрлік Бибі Ханым мешіті Әмір Темірдің бұйрығымен тұрғызылыпты. Мешіттер көп және әрқайсысының тарихы көне күндерден сыр суыртпақтатады. Самарқандты 25 жыл билеп тұрған кезінде Жалаңтөс баһадүр салдырған әйгілі Шердор медресесі де көпке мәлім. Бұл жөнінде Сәбит Мұқанов өзінің 1970 жылы қаланың 2500 жылдығына арнаған «Самарқан» атты өлеңінде: «Ортақ боп жеңістерде бар үлеске, // Қалсын деп ұрпақтарға мәңгі есте. // Шер-дорды Самарқанда салып кеткен, // Менің бір қазақ атам Жалаңтөс те!» – деген.

Афрасиаб төбесінде Шах-и-зинда пайғамбардың, Данияр пайғамбардың көк күмбезді мазарлары. Алып шынарлар, алып емендер бар. Мақсум Ағзам кесенесінде егілгеніне 500 жыл болған алып емен ағашы өсіп тұр екен.

Әл-Бұхаридің мазарында, мешіт, медресесінде болып, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистерін жинап, таратуға бар өмірін арнаған ғұламаның рухына да құран бағыштадық. Әл-Бұхари кесенесі Самарқандтың сыртында 10 шақырымдай жерде жеке орналасқан. Кесенеге барар жол да, кірер жол да сәнді, салтанатты. Тәбәрік ретінде әртүрлі бұйымдар – тәсбих, жайнамаз, тұмар, тақия, т.б. алып жатқан жұрт. Қол кілемдер, қыш құмыралар қисапсыз көп. Ұсталар соққан зергерлік бұйымдар да сан алуан.

Біз бұл күні кешкісін Самарқандтағы бір жас қазақ отбасының үйлену тойларында болдық. Тәжікше, өзбекше әндер көп айтылды. Бір-екі қазақ әні сұранысқа орай ғана берілді. Түнгі Самарқандты көп араладық. Қонып, әулиелер мен әмбилердің рухына тәу еттік.

Ертеңінде көл-көсір әсерге бөленген қалпымызда Самарқандтан қайттық. Жолбасшым Ерәшімге рахмет-алғысымды айтып жеткізе алмаймын.

Ойыма осыдан отыз жыл бұрынғы бір оқиға оралды. Алматыда Сәбит Мұқановтың музей-үйі 1978 жылдың 21 қарашасында ашылған еді. Мен университет қабырғасынан жаңа ғана шыққан бозбала еңбек жолымды осы музей-үйде экскурсовод болып бастаған едім. Музей ашылғанда Қазақстан Жазушылар одағының бір топ жазушыларын екінші хатшы Әбіш Кекілбаев бастап келіп тамашалады. Әлі есімде, Сәбеңнің жұмыс бөлмесіндегі бүкіл қабырғаны алып жатқан кітап сөрелерінде бір фотосурет тұрған. Әбіш аға маған қарап: «Мынау кім?» деді. Мен «Бұл – Ақсақ Темір» дедім. Әбекең сәл езу тартып күлгендей болды. Жұрт аяғы саябыр тартқанда жүгіріп барып әлгі фотосуреттің астындағы жазуға үңілдім. Онда «Самарқанд. Темірлан» деп жазылған екен. Енді ойлап отырсам, әлгі Сәбеңнің «Самарқан» деген өлеңі мен фотосуреттің арасындағы байланыс 1970 жылғы қаланың тойымен сабақтас екен. Сол сапарда алып қайтқан болды. Әмір Темірдің суретші фантазиясымен сомдалған портретінің фотокошірмесі музейде сол Сәбең өз қолымен қойған жерде әлі тұр...

*Жиырма сегізінші тамыз.* Өзбекстан Республикасындағы Қазақстан Республикасының Елшілігінде қызмет істейтін Мелсат Халимов деген азаматпен танысып, кейбір жағымды жаңалықтардан құлағдар болдым. Біріншіден, қазақ-өзбек арасындағы шығармашылық байланыстардың дәнекері болып жүрген Насыр Фазыловтың ұйытқы болуымен Ташкенттегі орталық «Шарқ» баспа-полиграфия акционерлік компаниясынан «Тіршілік әуені» деген атпен бір топ қазақ жазушыларының әңгімелер жинағы жарық көріпті. Кітапқа Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Бердібек Соқпақбаев, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбайұлы, Сайын Мұратбеков, Мұхтар Мағауин, Оралхан Бөкеев, Бексұлтан Нұржекеев, Дулат Исабеков-сынды қарымды қаламгерлердің таңдаулы шығармалары өзбек тіліне аударылып берілген. Кітаптың жарық көруіне Қазақстанның Өзбекстандағы елшілігі қолдау көрсетіпті.

Көңілді марқайтатын келесі жаңалық – Астанада Мұстафа Кемал Ататүрік тұлғасы тас тұғырға қонып жатқанда, Өзбекстанның бас қаласы Ташкентте қазақтың бас ақыны Хакім Абайдың биіктігі сегіз метр болатын, қоладан құйылатын ескерткіші Зульфия ханым мен Абай көшелері қиылысында асқақ бой түзеп, бауырластық белгісіндей болып тұрмақ. Байқауға ақынның он бес эскиздік жобасы келіп түскен екен. Соның арасынан Мемлекеттік комиссия айтулы мүсінші Нұрлан Далбайдың, сәулетшілер Қаби Баулықов пен Расул Сатыпалдиевтің жобасын жоғары бағалаған. Іске сәт!

Жиырма тоғызыншы тамыз. Өзбекстандағы республикалық қазақ мәдени орталығының орынбасар бастығы Жамалиддин Якубов маған бір құнды кітап сыйлады. Қазақ мәдени орталығы Ташкенттегі «Zar-galam» баспасынан 2005 жылы «Ташкенттегі тұңғыш қазақ институты» атты құжаттар мен материалдар жинағын Дүниежүзі қазақтарының үшінші құрылтайы қарсаңында шығарыпты.

XIX ғасырдың екінші жартысында бүкіл қазақтардың тең жартысынан астамы Түркістан генерал-губернаторлығына (1867-1917), ал қазан төңкерісінен кейін Түркістан АССР-іне (1918-1924) қараған. Орта Азиядағы ұлттық-территориялық шекаралық бөліністар аяқталған 1924 жылға дейін солай болды. Ташкент мұрағаттары мен Ә.Науаи атындағы республикалық кітапхананың сирек қорында қазақ тарихына қатысты қаншама құжаттар жатыр десеңізші. Мына кітап соның бір тамшысы іспетті. Мұрағаттар мен қорлардан қаншама құжаттардың мұқият сұрыпталып жиналғаны көрініп тұр.

Тұңғыш Қазақ оқу-ағарту институты (Казинпрос) туралы көптеген тың деректер осы кітапқа жинақталған. Редакциялық алқа құрамында С.Тілеуқұлов (жауапты редактор), Ш.Оразымбетов, А.Голованов, М.Бакировтер бар.

1918 жылы Түркістан Республикасы Оқу-ағарту Халық комиссары шешімімен Орыс педагогикалық училищесінде Қырғыз (қазақ) педагогикалық бөлімі ашылады. 1919 жылдың 1 шілдесінен бұл бөлім жеке училищеге айналдырылады. 1920 жылдың 1 қазанынан бұл училище Аймақтық Қазақ оқу-ағарту институты болып қайта құрылады. Мұрағаттық дерек бұл институттың оқытушылар құрамын да көрсеткен. Олар – М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, С.Қожанов, И.Тоқтыбаев, М.Жұмабаев, К.Жаленов, Х.Болғанбаев, Қоңыр Қожа Қожықов, Ф.Құлтасов, Е.Табынбаев, С.Өтегенов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Д.Әділов, Д.Сәрсенов, т.б.

1925-1926 оқу жылында Ташкенттегі Қазақ оқу-ағарту институты негізінде Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны ашылады. 1928 жылы бұл жоғары оқу орны Алматыға

көшіріледі. Аталмыш институттың бүгінгі мұрагері – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті болып табылады.

Кейбір жекелеген құжаттар көзге сонша ыстық көрінеді. Көп ойларға жетелейді. Мәселен, Институттың 1923 жылғы 3-курс студенттеріне түрік-монғол тарихы бойынша өткізілетін курстың М.Тынышбаев жасаған бағдарламасы. Ол он баптан тұрады: Көне түркілер мен монғолдардың тарихы; Шыңғысхан империясы; Тоқтамыс ханға дейінгі Алтын орда; Темір және оның империясы, Алтын орданың құлауы және оның себептері; Темір әулеттері; Түркістанды алу; Шейбанидтер, аштарханидтер, маңғыттар (Бұхара), қоңыраттар (Хиуа), т.б; Қазақ хандықтарының одан кейінгі тағдыры; 1723 жылғы соғыс және оның салдары; қазақтар мен қырғыздарды орыстардың жаулауы; түрік-монғол халықтарының шежіресі. Ал енді осы тарих кеңес дәуірінде мүлде оқытылмады ғой. Тиіп-қашып жалған ақпараттар ғана берілді. Шыңғыс ханның да, Әмір Темірдің де тарихтағы рөлі теріс түсіндірілді. Соны ойласақ, М.Тынышбаев жасаған тарихты оқыту бағдарламасымен жылап көріскендей боласың. Қазіргі тарихшыларымыздың, тарих оқулығын жазатындардың да құлығына алтын сырға.

Міне, Қазақ Педагогикалық институты жанындағы жеті жылдық мектептің Педкеңес мәжілісінде қабылданған оқу жоспары : 1-сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті аптасына – 12 сағат, математика – 9 сағат, ән-күй – 1 сағат, денешынықтыру – 2 сағат. Орыс тілі оқытылмайды. Орыс тілі мен әдебиеті тек 2-сыныптан бастап аптасына 6 сағат оқытылған. Ал қазір біз ана тілінде сауат ашқызуды бірінші кезекке қоюдың орнына, бүлдіршіндердің миын балабақшадан бастап қойыртпақ тілмен улап жатырмыз. Ойландыра ма? Ойландырады!

Ал, Ташкентте 1926 жылғы 29 қазанда педагогикалық жоғары оқу орнының салтанатты ашылуында Қазақстан Халық ағарту комиссары Смағұл Сәдуақасовтың жасаған баяндамасын оқысаңыз (107 б.), қаныңызда ұлттық рух оянады. Біздің қазіргі білім және ғылым министрлеріміз неге осындай жоғары мемлекеттік мүдде, ұлттық мүдде тұрғысынан ойлап, мәселе көтермейді екен дейсің іштей қынжылып. Билік тізгінін ұстағандардың ылғи біздің үлесімізді басқаға берумен айналысатыны неліктен?!

Қазақтың жоғары педагогикалық институтының бір жылдық жұмыс қорытындысында кімдер сөз алған дейсіз ғой. Қараңыз: Т.Жүргенов, С.Сәдуақасов, Е.Омаров, В.Кун, Х.Досмұхамедов, Ә.Диваев, А.Панков. Қайран, марқасқалар! Бұларды толғандырған мәселелерді санамалаудың өзі санаға салмақ салады: Қазақстандағы Жоғары оқу орындарының болашағы, мәні мен маңызы, қазақ тілінің жайы, қазақтың халық (ауыз) әдебиеті, көне жазулар, Жалаңтөс баһадүрдің шығу тегі, қазақты тануға қатысты материалдар, этнографиялық мұралар, Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы және антропологиясы бойынша библиографиялық материалдар, т.б.

Жас ұрпақты тарихпен тәрбиелеуіміз керек! Бұл сөз аз айтылмайды. Ал сол сөзді бекітетін осы кітап секілді нақты жүзеге асқан шаруалар. Игілікті іс екен.

Ташкенттегі тамыздың ыстық күндері маған да мол рухани әсер, рухани нәр сыйлағанына тәнтімін.

2008 ж.

## **ОЙ КЕШУ. КҮНДЕЛІК**

\* \* \*

Қыл қобыз бен домбыраның сазынан, әсем әннің әуенінен құмар көңілге ләззат тауып, рухани дүниесін молынан сусындатқан халқымыздың өнерге қоятын талап-талғамы тіпті жоғары, өнер жолында ешкімге еншісі де кетпеген.

«Шәкіртсіз ұстаз тұл» дейді ғой. Ал бүгінгі таңда алдыңғы толқын өнер саңлақтарының қымбат қазынасын игерген, кешегі өткен өнер майталмандарының өлмес мұрасын кейінгі толқынға табыс етуші ағаларымыз шәкіртке кенде емес.

Халықтың дәстүрлік мұрасына сергек те, сезімтал қарайтын жастарды ҚазМУ студенттерінің арасынан да көптеп табуға болады. Өз құрбыластарым жөнінде осындай пікірдемін.

Ал жастарды өнерге баулуда өздерінің барлық күш-жігерін жұмсап жүрген ағайларымыз бен апайларымызға айтар алғысымыз, тіпті, ұшан-теңіз.



Мәселен, Консерваториядан арнайы келіп, Оркестрді дайындауда дирижер Батыр Әбдіхалықов ағайымыз көп еңбек сіңірді. Сол сияқты Байғали Досымжанов, Дастанов, Садуақас Балымбетов, т.б. ағайлардың үлкен қамқорлықпен жұмыс атқарғанын ілтипатпен айтамыз.

Мәскеуде өтетін үлкен форумға Қазақстанның, халқымыздың өнер туын көтеріп барғалы отырған ҚазМУ студенттері өздеріне жүктелген міндеттің салмағы жеңіл еместігін жүректерімен сезінеді. Сезінеді де, сол міндетті абыроймен орындап шығу жолында, халық сенімін ақтау жолында серпінді кимылды, сергектікті өздеріне серік ететіндеріне сенімдері мол.

11.08.1975 ж.

P.S. Бұл – Мәскеу қаласында өткен МАУ-ға (Международная Ассоциация университетов, 1975) қатысар алдында КазГУ-дің алпыс адамдық ұлт апалтары оркестірінің мүшесі ретінде Қазақ телевизиясы түсірген хабарда сөйленген сөз.

\* \* \*

1. «Лично я остаюсь на прежних позициях и считаю трагедию вершиной искусства, она поможет нам ярче осмыслить, контрастней увидеть темное и светлое, глубоко почувствовать то радостное, чего мы жаждем, за что боремся...»

Шыңғыс Айтматов,  
«Литературная газета»,  
02.07.1975 ж.

2. «Нельзя исключить из искусства любую трагическую тему»

Чезаре Павезе.  
10.10.1975 ж.

3. Жалпы, қайғылы хал қай уақытта болса да өнер табиғатына өте тән, бәлкім, мәңгілік өнердің өзі өмірдегі өкініштер, сәтсіздіктер, күйреулерден бастау ала ма, қалай?!

10.10.1975 ж.

\* \* \*

Бір атақты композитор айтқан екен: – Әуелі «тек өзім ғана!» деп жүрдім. Одан соң «Мен және Моцарт!» дейтін болдым. Келе-келе «Моцарт және мен!» деуге көштім. Ал қазір «тек қана Моцарт!» деймін...

19.11.1977 ж.

\* \* \*

Автобуста келе жатқанымда шофердің қайта-қайта айнаға қарай бергенін байқадым. Редакцияға (жұмысқа) келген соң осы сәт қайтадан есіме түсті. Айнаға ең көп қарайтын шофер мен бойжеткен туралы өлең жазуға ұйғардым. Тақырып қызықтырды. Осы сәтте телефон шырылдады. Трубканы көтерсем Тілеухан екен: «Әділғазы, Госкомитеттің алдына келіп кетші!» деді. Не болып қалды екен деп, алаңдап, асығып, сол жерге жетсем, Тілеухан досым: «Темекің бар ма?» деп ыржиып тұр! Мұндай ыза болмаспын...

28.11.1979 ж.

\* \* \*

Бұл бір күтпеген оқиға болды. Алматыдағы Сәбит Мұқановтың музейіне жұмысқа алынсам да, қалаға тіркелу (прописка) кешеуілдей берді. Содан соң музей директоры Хакім Бекішев (отставкадағы подполковник, соғыс ардагері) өзі көмектеспек болып, Гүлнәр (әйелім) екеуімізді Фрунзе аудандық ішкі істер басқармасының бастығына алып барды. Шамасы 45-50 жас аралығындағы келбетті қазақ, полковник бастапқыда бізді жылы қабылдаса да, әңгіме қалаға тіркелу жөнінде екендігін естігенде-ақ өзгеріп сала берді. «Үп-үлкен басыңызбен мұндай іске араласпаңыз!» деп Хакеннің өзіне ұрсып тастады. «Бұлар жас маман ғой!» деген сөзіне де мәне берген жоқ. «Болмайды деген соң, болмайды! Барыңыздар!» деп көзімен де, саусағымен де есікті нұсқады. Хакен өзінен мүшел жас кіші адамнан мынадай кеудемсоқтықты күтпесе керек, қап-қара боп түтігіп, соңындағы біздерге де қарамастан, шыға жөнелді.

Хакеннің соңынан ілесе шықсам да, Гүлнәрдің кешеуілдегенін байқап, күтіп тұрдым. Ол мені «Кел, мұнда келші» деп шақырды. Коридордағы тағы бір есіктің сыртындағы жазуды көрсетеді. Онда «Фрунзе аудандық ІІБ бастығының орынбасары, подполковник Белоусов» деп жазылған

екен. Гүлнәрға айттым: «Бұл – орынбасар. Бастығының не дегенін естідің ғой. Жүр, кеттік!» – дедім. «Сонда да... кіріп шықсақ қайтеді...» деп Гүлнәр маған қиыла қарап тұр. Қалай көне кеткенімді де білмеймін, келесі сәтте екеуміз Белоусовтың алдында отырдық. Ол бізді асықпай тыңдады. Қай оқу орнын бітіргенімізді, қашан отбасы құрғанымызды, музейге менің кім боп орналасқанымды – бәрін сұрап білді де ең соңында:

- Ал, музейге қызметке тұруына Мәдениет министрлігінің жолдамасы бар ма? – деді.
- Бар! – дедім.
- Ол қайда?
- Музейде. Директорға апарып бергенмін.
- Ендеше маған сол жолдаманың көшірмесін және өтінішіңді алып кел. Я вас пропишу! – деді.

Гүлнәр екеуміз естен танып қала жаздадық. Музейге келсек Хакең әлі ашу-ызасынан айыға қоймапты. Біздің жайрандаған жүзімізге қарап, сенер-сенбесін білмейді.

Бастық – полковник қазақтың аты-жөнін есте сақтамадым. Есте сақтағым да келмеді. Тек «Белоусов, Белоусов» дей беремін... Бастық шешпеген шаруаны, біздің Алматыда қалу-қалмауымыз қыл үстінде тұрғанда, оның орынбасары он минөтте шешіп бергенін қарашы!..

17.05.1979ж.

\* \* \*

Менің екіқабат әйелім үшқабатты сары үйде босанды.

27.12.1979 ж.

\* \* \*

«Суық тастан қашалған тірі бейне».

12.02.1979 ж.

\* \* \*

Кейде жаныңа жақын санаған адамыңмен де шешіліп сөйлескің келмейді, кейде бейтаныс біреудің алдында ақтарылып, шешіліп, ұзақ мылжыңдасады екенсің.

9.02.1979 ж.

\* \* \*

Сыншы еңбегінен сыншылдық қана емес сұлулық та іздейтінің сияқты, ақын жырларынан сұлулық қана емес, сыншылдық та іздейсіз.

2.10.1979 ж.

\* \* \*

С. Мұқанов музейінің директоры Хакім Бекішев – отставкадағы подполковник. Ұзақ жылдар әскери комиссариатта қызмет істеген кісі. Менің алғашқы еңбек кітапшамды ашып, қолын қойған, қызметке алған ақсақал.

Бірде Хакең трамвайда немересімен орысша сөйлесіп отырыпты. Осыны байқаған бір қазақ келіншек: – Үп-үлкен адамсыз. Балаңызбен неге орысша сөйлесесіз? Қазақ емессіз бе? – деп кекегіпті. Сасқалақтап қалған Хакең: «Осы қудың өзі менікі емес! Менікі емес!.. – дей беріпті. Мұны Хакең өзі жұмыста отырғанда әңгімелеп айтты. Көзі жасаурап, қызарақтай күліп отырып айтты. Немересін орысша тәрбиелеп жатқан балаларына деген реніші болар, сірә! Қаладағы қазақ зиялыларының бәрінің басындағы қайғылы хал – осы!

06.11.1980 ж.

\* \* \*

«Гүлжанаттың көзі – қысқы пальтоның үлкен қара түймесіндей» – деп Гүлнәр теңеу айтқанда, езу тартуға тура келді...

23.02.1980 ж.

\* \* \*

Тағы да бір күн өте шықты. Тындырмақшы шаруалар көп сияқты еді. Бірі екіншісіне кедергі болды ма, әлде әр қайсысына алаң болғандықтан ба, ақыры соның тиянақты аяқталған, тындырылған біреуі де жоқ. Алашапқын болып жүруден қашан арылар екенбіз. Тіршіліктің таусылмайтын қам-қаракеттерін ысырып тастап, ең керекті, ең қажет, ең көңіл сүйген іспен ғана айналысқың келеді. Ол, тіпті, мүмкін еместей. Өмір болған соң оның ұсақ-түйегі, жалт-жұлты, көз алдар көп ермегі болмауы қиын ғой. Онда ол өмір де болмас. Ал соның ара-арасымен, уақыт тауып, ұтымды жол тауып, ең-ең-нің еншісіне көбірек үлес арнағың келсе де – ғұмыр қысқа, жылдар жылдам, айлар асығыс, күндер қас-қағым.

Сыйластар мен сырластарға қайтіп қалыс уақытыңды бөлмейсің. Біреуі кәдімгі тұрмыстың талап-тілегімен көшіп-қонып жатуы мүмкін, қол ұшын берер көмек күтуі мүмкін, өтініш-базына жасап та өз мүддесіне ортақтастыруы мүмкін. Екіншісі ерекше бір қуанышын яки қайғысын бөліскісі келеді, жаңа жазған туындысын сиясы кеппеген күйінде оқығысы келеді, өзгелермен қоса өзінің де басы қатқан бір жұмбақтың шешуін сұрағысы келеді. Жіпсіз байланысың. Тіпті үлкен ұғым-түсініктегі қарыз бен парыздың да осыған тікелей қатысы бардай сезінесің, сезініп қана қойсаң бір сәрі, сол ағыстың ырқымен жағалаудан алыс талай шақырымға кетіп қалғаныңды соңынан бір-ақ байқайсың.

Сірә, ұсынақты адамның бойындағы ерекше қасиет: нені қолға алса да жарты жолда қалдырмай, ақырына дейін жеткізуінде болса керек. Толағай істерге алаң болып жүріп те тарыдай көрінетін шаруаларға мойын бұрмауға дәті шыдамайтын жандардан ғана көп нәрсе күтуге болатынын бағамдаймын.

Ойға алғаның орындалсын. Бірақ ол бір ғана күннің аясында бола ма, араға апталар, айлар сала ма, бәрібір, түптеп келгенде орындалса болды. Аяқсыз қалмасын! Осыған өзімді-өзім сендіргендеймін. Бүгін бітпеген шаруалардың ертең бітетініне үміт арттым. Атқарылар жұмыстар баршылық. Егер сол болмаса қайтер ек? Бүгінгі күннің ертеңге дайындық болғаны ғой. Бір күн өте шықты...

09.06.1984 ж.

\* \* \*

Жазатын адамға тақырыптың ұшы-қиыры жоқ сияқты. Бірінен-бірі туындайды. Бірінен-бірі өтеді. Өткенге үңілсең – тарих, бүгінге көз жіберсең – шежіре, ертеңге қиял дүрбісін бағыттасаң – фантастика. Қалағаныңды таңда да түп-тегін қопарып, егжей-тегжейлі ақтар. Қалай оңай, ә? Қалай қиын, ә? Оңай да емес, қиын да емес. Оңай десең, қиын болатынына бәс тігемін, қиын десең, оңайлай түсетініне күмәнданбаймын. Өйткені, қиындықты сезіне отырып соған саналы түрде барудан асқан ғаламат ештеңе де жоқ. «Азабымның көремін рахатын» депті ғой Қадыр. Оны айту үшін ғұмыр керек, көз майынды тауысып, сарыла, іздене, еңбектене өткізген жылдар керек. Ал, шығармашылық еңбектің үздіксіз процесс екендігін ешкім жоққа шығармаса да, оның әйтеуір столдан екі елі ажырамай, бұрқыратып жазып тастаумен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Осындайда, ойыма көп нәрсенің оралатыны бар. Бәрін айтып жатудың қажеті жоқ. Тілге тиек болсын дегендіктен шығар. Оқушы кезімде М.Мағауиннің «Әйел махаббаты» атты әңгімесін «Жұлдыз» журналынан оқығанмын. Сенсеңіз, ағыл-тегіл жылап отырып бітірдім. Сондай қатты әсерді Медеу Сәрсекеевтің «Жетінші толқынын» оқығанда да бастан кештім. Кейінірек Сайын Мұратбековтың «Отау үй» әңгімесі де жан-дүниемді алай-түлей етті. Сол бір балаң әсеріме қазір өзім қатты таң қаламын, әрі соны әлі күнге дейін қадірлейтінімді, шаң жуытқым келмейтінін де байқаймын. Жазушы өзі үшін емес, оқырман үшін, ақиқатты айтқанда, халық үшін жазады ғой. Ал, оқырман талғамының деңгейі анау Алатаудың қарлы-қарсыз шың-жоталары тәрізді. Бірде биік, бірде аласа. Биік дүниеге аласа өредегінің бойы қайдан жетсін. Сондай-ақ, төмендегі бұлақ күлкісін шың басында тұрған жаужүрек қайдан естісін. Бұл қайшылық жазушыны ақтап ала алмайды.

Кеше ғана бір өлең жаздым. Кешкісін, қараңғылық әбден қоюланып, айналаны түн тұмшалай бастаған кезде есік алдына шығып темекімді сорып отырғанмын. Әлде қалай көзім есік жарығынан сыртқа түскен сәулеге түсті, сол кезде бір бала мысық әлгіге таңырқағандай қарап тұрды да, алдыңғы аяғын созып олай-бұлай қармап ұстауға тырысты. Қарап отырып күлкім келді де, күлкімді тежеп ойға шомдым. Менің де кейбір тірлігім осыған ұқсас. Үстелге ұмтылдым. Айналасы жарты сағатта өлең дүниеге келді. Бәлкім, біреуге ұнар-ұнамас. Өзіме қадірлі, қымбат. Бір нәрсемді жоғалтып алғандай, бір жоғалтқанымды тауып алғандаймын. Бұл өлеңге өзек болар тақырыпты тұтқиыл тапқандығым сонша, ол туралы ойланбаппын да. Өлеңнің аты да белгісіз... Бәлкім, «Бала мысық ойнайды сәулеменен»...

23.07. 1984 ж.

\* \* \*

Адамның көңіл-күйін өзгерту, шәт-шәлекей ашуландыру немесе арқа-жарқа қуанышқа бөлеу қандай оңай десеңізші. Бұл үшін сіздің ойланып не ойланбай, мән беріп не мән бермей, байқамай не қасақана айтатын бір ауыз сөзіңіз жеткілікті.

Көңіл-күйге көлеңке оңай түседі. Тіптен оңай. Ал оның көлеңкесіз күндері тым сирек шығар. Бірақ мұнымен өзіміздің оспадарлау әртүрлі қылық-әрекеттерімізді ақтау жөн емес. Көңіліңнің айнасын шаң тұтпасын десең – оны жиі-жиі сүртіп, тазалап тұру керек қой. Кей күндері бірнен соң бірі әркімнің сөзі миыңа шық-шық тиіп, ісің өнбей, ілгері басқан аяғың кері кететіні бар. Ондайда құлақ естіп, көз көрмейтін қиян түкпірге аттанып кеткің келеді. Аттанып кете алмайсың. Ешқайда да. Осы өзіңе таныс тіршілік көріністері бар ортаға кіндігіңнен байланғаныңды түсінесің. Одан ұзай алмайтыныңды ұғасың. Оған өзгеріс жасау ғана қолыңнан келетінін бағамдайсың. Бәрін де өзгертем дейсің іштей. Бәрін емес, біразын өзгерту үшін де бүкіл ғұмырыңды арнайтының санаға бірте-бірте жетеді.

Көңіл-күйіңе көп назар аудармауға да болар еді. Себебі, сахнаға шығатын актер ағыл-тегіл жылай отырып та, сәл-пәлден соң бұлттан шыға келген Күн-арудай күлімдеп қоя береді. Бәлкім мұнда жасандылық басым дейтіндер де табылар. Қателеседі. Жасандылық деген жылап отырып күле салу немесе күліп отырып жылай салу емес. Оның төркіні мүлде басқа. Ал адамның көңіл- күйіне кенет әсер етудің мәні зор. Бірақ, қалай, не үшін деп өзімізге сауал қойып алған орынды. Қыжыртып, қағытып, мысқылдап, кекетіп сөйлейтіндерді суқаным сүймейді. Өздерін сүттен ақ, судан таза сезінетіндерін қайтесің. Көңіл-күйдің тұнығын ылайайтындар да солар. Қолдан келсе, шіркін, бір ауыз сөзіңмен болса да адамды аялап, қуантып, жадыратып жүргенге не жетсін.

25.03.1985ж.

\* \* \*

«Заманға қарап Абайды,  
Абайға қарап өзімді  
Аяймын...».

Жүмекен Нәжімеденовтің өлеңдерін қайта бір қарап, оқып отырғанымда осынау жолдар тоқ ұрғандай әсер етті. Қандай қарапайым айтылған қуатты сөз! Өзін жеке алып қарағанда, өлең жолдарына да ұқсамайды. Досына сыр ақтарып отырып, егіліп отырып айтқан сияқты. Поэзиясы терең де қуатты ғой Жүмекеннің. Образға орап, астарлап айтып, тұспалмен түсіндіруге бейім еді ғой. Мына жолдардан да соны байқаймыз. Жүмекеннің «Қызғалдақ туралы балладасын» жиі есіме аламын. Ертерек жазылған өлеңі ғой. Өзіміз сияқты, жалаң аяқ кезінде, Алматының о шеті мен бұ шетіне көшіп-қонып жүрген кезінде жазылса керек. Адам тағдырына алғаш аянышпен қарауы сияқты сезіледі маған.

«Көп жұлдыздың ішіндегі Айымсың,  
Көп қарағай ішіндегі қайыңсың,  
Көп қуаныш ішіндегі уайымсың...»

дейтін өлең жолдарын да іштей қайталап жүремін. Жүмекеннің «Ашық аспан» атты кітабына «Қазақ әдебиеті» газетінде 1983 жылы рецензиям шықты. Бәлкім, мұны ол көзі тірісінде өз творчествосы туралы соңғы рецензия ретінде қабылдамаған шығар, көп ұзамай көз жұмарын білмеді ғой. Сондағы пікірлерімнен айныған емеспін. Қысқа ғана болса да, сол мақалада менің Жүмекен поэзиясына деген махаббатым бар. Сондай-ақ, оны Жүмекен оқып, талантына тәжім

жасайтын бір адамның барын біліп кеткеніне қуанамын. Абайды да, Жүмекенді де, ...өзімді де аяймын!

21.05.1985ж.

\* \* \*

62-76-40. Бұл – телефон номері. Белгілі, беделді кісінің телефоны. Күні бойы әлденеше рет қоңырау шалдым. «Бос емес». Секретарша қыздың қайтаратын жалғыз жауабы осы. Қап. Газеттің тапсырмасы. Бүгін қалайда жолығысып сөйлесуім керек. Ол үшін алдымен телефон арқылы келісім жасамаса тағы болмайды. Жіпсіз байлану.

Әлгіңде «Ол кісі енді бір жарты сағаттан соң болып қалады» деді ғой. Күтуге мәжбүрмін. Күте тұралық.

Бос отырғанша әңгіме болсын. Кеше Москваның саяси әдебиеттер баспасынан шыққан «Жить достойно» атты кітапты оқып отырып, мынадай бір фактіге ұшырастым. 1902 жылы патша үкіметі М. Горькийдің құрметті академиктікке сайлануын бекітпепті. Бұған қарсылық ретінде Короленко мен Чехов академиктік атақтан бас тартқан екен. Үңіле қарағанда, оның мынадай сыры бар болып шықты. Олар алғашқыда бірге сайланады, сол кезде Чехов Горькийдің қолын алып, шын жүректен құттықтайды, енді міне үкіметтің бұл сайлануды заңсыз деп тауып, Горькийді «сызып» тастауы тілектес жазушыларын бей-жай қалдырмаған. Чехов бұған қоғамдық қана емес, жеке бастың ар-ұятына да қатысы бар шаруа деп қараған. Ол Ғылым академиясына өзіне бұл атақты бермей-ақ қоюларын өтініп хат жазған. Не деген ерлік, ә! Осыны оқып отырғанда 1984 жылы Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығына ұсынылса да, ала алмай қалған Мұқағали Мақатаевтың аруағы көз алдыма келіп тұра қалды. Оның да тілектестері, достары көп еді ғой. Ақын Фаризаға арнап атақты «Фариза, Фариза-жан, Фариза-қыз» өлеңін де жазған. Сол Ф.Оңғарсынова Мұқағалимен қатар ұсынылып, ол атақты алып отырып, үн-түнсіз қалуы маған түсініксіз. Атақтан бас тартпай-ақ та қарсылықты білдірудің жолдары көп қой... Әлде, әлгі тек Чеховтардың бойына ғана лайық әрекет пе?! Ұлы Чеховтың «Медицина – моя законная жена, а литература – любовница» деген сөзін де терең ұғу үшін ғұмыр керек. Тек қана ғұмыр ма?!

05.04.1985ж.

\* \* \*

Газетіміздің («Лениншіл жас») 20,21,22 январь күнгі номерлерінде – үш күн қатарынан – Мұқағали Мақатаевтың күнделігі жарияланды. Газет оқырмандарын бір дүрліктіргені анық. Бұл күнде Мұқағали есімі аталса елең етпейтін қазақ жоқ шығар. Әлдекімдерге көзі тірісінде еш нәрсенің парқын білмейтін алкеуде біреу болып көрінсе де, өлгеннен кейін жұлдызы жарқырап жанды. Бәлкім, біреулер әлі де мойындағысы келмейтін шығар, олар – не өлеңнің қадірін, ақын жанын терең түсінбейтін тоғышарлар, не санасында сәулесі жоқ бейшаралар. Күнделік қарапайым қалың дәптерге жазылған екен, 81бет. Өшірусіз, түзетусіз жазылған. Оқып отырғанда жүрегің езіліп, жанарыңды жас қамайды. Ақынның ауыр тағдыры ойлантады. Әрине, Мұқағали тұрмыс таршылығы, жетіспеушілік, әділетсіздік туралы ашына жазғанымен, ең басты мәселе онда емес. Ол да «ел қатарлы» еңсе тіктеп, мал тауып, жан бағуына болатын еді ғой. Өлеңді өмірлік мұрат тұтқандықтан өйте алмаған! О, біз қандай бейшарамыз. Өнер өзінді құрбандыққа шалу арқылы ғана гүл ашатынын түсіне тұрып, түкке тұрмас тырбанулармен уақыт өткіземіз. Көбіне Мұқағали бастан кешкен жеріну, торығу сезімдері мені де жиі баурайды. Бірақ, басқа дүниенің бәрін тәрк етіп, шылбыр үзіп кетуге не бөгет болатынын түсінбеймін. «Қасқабулақ қасынан неге кеттім, Не деген жел айдаған көбелекпін. Еркіндік, еркелікті місе тұтпай, Тасқа әкеп өзімді өзім шегелеппін...». Әлде осы біздің де сорымыз осы тасқа қамалудан ба екен?!

Күнделікте мынадай жолдар бар: «...о себе я вот что скажу: Я ровесник поколения XXI века, а может быть, родственник еще дальних поколений...» Өз талантының қуатына сенген ақын ғана айта алатын сөз. Мұқағали сенген. Не деген ұлы сенім!

Ал мына пікіріне қол қоя отырып, қалың ойға қаламын: «Что должен иметь поэт, чтобы быть поэтом? Первое: Талант, Талант и образование, эрудицию (Диплом необязательно). Второе: совесть, чтоб стыдиться сам перед собою, простя свои слабые вещи. Третье: простоту.

Пусть не гениальную, как у Пушкина и Абая, но простоту человеческую, чтобы быть понятным другим. Не умничать, не рассуждать, а воспеть! Четвертое: интуицию. Чего не видят другие, увидеть и познать. Пятое: труд, чтобы постоянно совершенствоваться. Шестое: дух». Мұқағали өзіне осындай қатаң талап қойғандықтан да Ұлы ақын болып қалды. Ал осы талап аясынан табылуға кез-келгеннің де мүмкіндігі бола тұра, мүмкін болмауы неліктен? Себебі: өзімізді өзіміз алдап өмір сүреміз. Бәрін түсінетін сияқтымыз, бәрін білетін сияқтымыз. Түсінбейді екенбіз, білмейді екенбіз. Соны мойындайық. Мұқағалидың өлеңдері жан-дүниеде қопарылыс жасаушы еді, күнделігі көп ойға қалдырды. Санамды оятып, сілкіндіргендей...

22.01.1988 ж.

\* \* \*

«Жаксы адамдардан коллекция жинайтын жігіт екен»

23.01.1988 ж.

\* \* \*

Бүгін әңгіме арасында Әскен құдағиымыз (Айгүл қарындасымның енесі) «Тіл алмайтын бала – естімейді» деген мәтел айтқанда, еріксіз, қағаз-қаламға ұмтылдым. Бұрын еш жерден оқымаған сияқтымын. Кәдімгі ауызекі әңгімеде қолданылып, сақталған мәтел сияқты.

29.11.1988 ж.

\* \* \*

«Тақ үшін таласқандар – табыт үшін таласпайды!...».

30.11.1988 ж.

\* \* \*

Фванцуз ақыны К. Клермонт (Баронның әйелі) 1836 жылы Парижде «Владимир және Зара, немесе қазақтар туралы поэма» атты шығармасын жариялапты. Аударылды ма?!

30.11.1988 ж.

\* \* \*

Композитор Е. Рахмадиев бүй дейді: «Соңғы жылдары домбыраның бұрауы квартаға айналып жүре берді. Бұл «осылай болсын», «былай болсын...» деген, әрине, ешкім де болған жоқ. Тіпті, осылай болуға тиісті дегенді насихаттап жеткізетін ғылыми мақалалар, ғылыми кітаптар да жазылған жоқ. Менің өзім де мынау дұрыс, анау бұрыс деп ештеңе де айта алмаймын. Ал әділетке жүгінсек, меніңше, қазақ домбырасының, музыка аспабының бұрауы бұрынғы кезде квинта болатын...».

30.11.1988 ж.

\* \* \*

Мағаш алты жаста. Қалада туып, орыс балабақшасында тәрбиеленгендіктен болар, қазақшасынан гөрі орысшасы басымырақ екендігі бізді – әке-шешесін қобалжыта бастаған-тұғын. Содан соң, бір жыл жақсылап қазақша тіл сындырсын деп қаланың іргесіне көшіріп алған әжесінің қолына апарып бердік.

– Осы баламызды бір жылдың ішінде таза қазақша сөйлетіп берсеңіз болды. Келер күзде қазақ мектебінде оқытамыз – дедік.

– Мен бұған күнде ертегі, әңгіме айтамын. Өзім орысша бір ауыз білмеймін. Қазақша сөйлемегенде қайтеді бұларың, – деді әжесі.

Хош. Сонымен көңіл жайланды. Араға бір-ер апта салып, «шешемізді сағындық!» деп, немересінің желкесінен иіскеу үшін, жиі қатынап тұрдық. Баламыз шынында да орысшасын ұмытып, қазақша ғана сөйлей бастады.

Жаңа Жыл қарсаңында мен жұмысбасты болып, барам деген уақытта үйге жете алмай, бір-ер күн кешігіп қалдым. Шешем алаңдап, уайымдап, арасында көзінің жасын да сығып алса керек. Мұны байқап қалған немересі таза қазақша:

– Апа, сен неге жылайсың? Жылама. Әдәм келеді. Көп кәмпит, бәдәркі әкеледі. Оны гардиropқа саласың. Кілттеп қоясың. Жылама.. – деген кезде әжесі еріксіз күліп жіберіпті.  
– Тіліңнен айналдым, құлыным! – деп еміреніпті.

06.01.1990 ж.

\* \* \*

Алматыдан Мәскеуге ұшып шығар алдында Әбекенді – Әбілсейіт Айхановты кездестірдім. Көшеде емес, ұшу алаңында. Қабағы қату, көңілі жабырқаңқы көрінді. «Мәскеуге бара жатырсыз ба?» деп сұрағанымда, «Мәскеу арқылы Түркияға кетіп барамын» деді Әбекең. Өзінің көңілі қалған туған елінен, туған жерінен тағдырдың тәлкегімен шет өлкеге жол ұстағанын, бағын сол жақтан іздейтінін, бағасын сол елден күтетінін айтқанда не дерімді білмедім. «Өзің ойлашы, Әмин Тұяқов жұмыссыз. Жақсылық Үшкөмпіров Қытайға кетпекші, Серік Қонақбаевты елеп-ескеріп жатқан ешкім жоқ. Ұлттық спорттың мақтаныштары осындай күйге ұшырап жатқанда елде қалудың еш реті жоқ» деді Әбекең. Не дерге білмедім. «Битке өкпелеп, тоныңды отқа салма» деген қазақта бір сөз бар еді ғой!..

19.03.1991 ж.

P.S. Алматыға келген соң осы жолығысудың әсерімен «Түйе палуаның Түркияға кетпек!..» деген мақал жаздым. «Халық кеңесі» газетінде жарық көрді (16.04.1992).

\* \* \*

«Лениншіл жастың» редакторы У. Қалижановтың кабинетінде С. Дәуітов архивтен тапқан «Бақсы сөзі» дейтін ұзақ толғауды газетте жариялауды өтініп, мақтауын жеткізді. «Міне, сенбесендер мына жерін оқиын, тыңдандаршы» деп екіленіп қоймады. Жырдың алып-ұшып бара жатқан көркемдігі болмаса да, бірді айтып, бірге кететін бақсының көңіл-күйін жеткізетін ортақол туынды екен.

Мұндай дүниелердің, уақыт өткен сайын, ауыз әдебиетінің құнды мұрасы болып, қадірі артатынын сезінеміз. Әлгі жерде Сәрсенбінің шыр-пыр болып түсіндіруін де түсінуге болады. Газетте жариялайтын болып келістік. Кешкісін, автобуска отырып үйге қайтып келе жатқанда ойыма түсіп, еріксіз мырс ете түстім: «Шынында да бақсының сөзі ғой мынауыңыз!» деуім керек еді...

17.06.1991 ж.

\* \* \*

Шашыңызға ақ түссе де,  
Жүрегіңізге дақ түспесін...

17.06.1991 ж.

\* \* \*

1992 жылы 9 шілдеде ауруханаға түстім. Сол баяғы аяқ пен белдің сырқырауы. Бұл жолы Совминнің ауруханасы. I терапия бөлімі. Кемпір-шалдар. Өзім құралпы ешкім көрінбейді. Нұрағанды – Нұрғиса Тілендиевті осында жолықтырдым. Бұдан бұрын екі рет инфаркттан аман қалғанын естігенмін. Бұл жолы бүйрек яки бауыры ауырып, емделуде екен. Барып амандастым. Мені шырамытты, бірақ танымады ғой деймін. 1987 жылы «Өзің іздейтін өткел» дейтін мақала жазып, Алматыдағы жалғыз қазақ музыка мектебінде (А. Жұбанов атындағы) сабақ орысша өткізілетінін сынап, мектеп директорының бір ауыз қазақша білмейтінін әшкерелеп «Лениншіл жаста» мәселе көтерген едім. Мақала қатты дау туғызды. Сол кездегі Халыққа білім беру министрінің орынбасары Мырзатай Жолдасбековтің қатысуымен аталған мектепте талқылау да өткізілді. Мектеп коллективі қақ жарылған. Қазақтар құптайды, орыстар мен орыс тілділер «бұл – ұлтшылдық!» деп айыптайды. Мәмілеге келе алмадық. Өзімді, газеттің позициясын қорғау керек болды. Әңгіме М.Шахановтың газетіміздегі сұхбатынан бастау алған-тұғын. Арыз көбейді. Жоғарыға жазып жатыр. «Каз.

правдаға» мақала шыққалы жатқанын естідім. Жүгіріп Мұхаңа бардым. Жағдайды түсіндірдім. «Каз. правданың» редакторына телефон шалып, мақаланы шығартпайтын болды. Қапы қалмайын деген оймен, мақалама пікір білдіруін өтініп, сол кездегі КСРО Халық артистері Роза Бағлановаға, Еркеғали Рахмадиевке, Нұрғиса Тілендиевке телефон арқылы хабарластым. Сол жолы менің көтерген мәселемді толық құптаған Роза апай мен Еркеғали ағаның пікірлері «Л.Ж.»-да жарияланды. Ал Нұраған үйіне шақырып, мақаламен таныспақшы болып, газетті сұратып алды да, соңынан үн-түнсіз қалған еді... Іштей ренжігенмін.

Міне, сол Нұрағаннан әңгіме тыңдап жүрмін. Бүгін кешкісін ауладағы орындықта отырып, Нұраған биыл «Отырар сазы» оркестрінің 10 жылдығы қазан айында тойланатынын, соған байланысты «Халық кеңесінде» де материал берілсе жөн болар еді деген өтінішін айтты. Қай жерден екенімді сұрады. «Найман екенсің ғой» деді. «Ақсуатта болғанмын» деді. «Бағаналы күйшіні білесіз бе?» деп сыр тартып едім, білетінін айтты. Бірақ жүзбе-жүз жолықпапты. Сүгірді көргенін, Төлеген Момбековтің домбырашылық шеберлігін тілге тиек етті. «Бүгін кешке Ақсуаттың көркемөнерпаздарының концерті бар теледидарда. Жүр, менің бөлмеме (палатама) барып тыңдайық» деп палатасына ертіп барды. Бірақ концерт теледидардан өтіп кетіпті. Кешігіппіз.

Фойэдегі теледидарды көріп, бір еркек, үш әйел отыр екен. Академик, тіл маманы Әбдуәли Қайдаровты таныдым. Анау үшеуі – орыс әйелдері. «Әй, Әбдуәли, – деді Нұраған, – Неге қазақша хабарларды көрмейсің? Орыстың үш қатынына шамаң жетпей, отырсың ғой, жалтақтап!...»

Оқыс та орынды айтылған сынға Әбекең ауыз аша алмай қалды. «Өзі – академик!» деді бізге қарап Нұраған. Күлген болдық. Жанымыздағы Алматы облыстық кәсіподақ комитетінің қызметкері Балтабаев деген жігіт басын шайқады. «Қатырды!» дедік іштей.

Бұдан бес жыл бұрын Нұраған қазақ музыка мектебінің тағдыры сөз болғанда, неге үнсіз қалды екен? Сұрағаным ыңғайсыз сияқты. Бір ретін тауып сұрасам ба екен?!..

10.07.1992 ж.

\* \* \*

Осы поэзияда ой қайталаудың болмағаны жақсы ғой. Кейде бір әдемі оралымды, ұтқыр ой түйіндеуді немесе бас-аяғы жұп-жұмыр бір шумақ өлеңді іштей ұнатып, жиі қайталап-оқып жүретін кездер болады. Мәселен, Қадыр Мырзалиевтің «Маған түк те керек емес, сенсеңіз» деген өлеңін алғаш оқығанда қатты әсер еткені есімде.

«Маған түк те керек емес, сенсеңіз,  
Қызықтырма соғымыңмен ең семіз,  
Бәрібір содан көтерілмес еңсеміз,  
Енді қайтып оралмайды он сегіз,

Маған түк те керек емес, сенсеңіз» деп келеді. Әсіресе, соңғы екі тармақты қалай бейжай қабылдарсыз. «Енді қайтып оралмайды он сегіз!» Шынында да!

Ал, жақында, В.Маяковскийдің кітабын парақтап отырғанда мынадай шумақты жолықтырдым:

«Мне и рубля не накопили строчки,  
Краснодеревщики не слали мебель на дом,  
и, кроме свежесмытой сорочки,  
скажу по совести – мне ничего не надо».

Ойдың, ой оралымының ұқсастығы өз алдына, тіпті, сөзбе-сөз қайталауды көріп, таңқалдым. Қадекеңнің мұнысы несі? Әлде, қазақы ұғымға жақындатып (қызықтырма соғымыңмен ең семіз) ұра берсе, өтпейтін тауар-өлең табылмас дегені ме бұл?

Тақырыпты жарыса жазуға, назирашылдыққа мұны жатқыза алмадым.

17.10.1992ж.  
«Қапал-Арасан»

\* \* \*

Абайдың 150 жылдық тойы қарсаңында Семейде ҚР Министрлер Кабинетінің көшпелі мәжілісі болды. С. Терещенко, Қ.Сұлтанов, Ә. Кекілбаев, В.Чернов, К. Бозтаев, Р. Нұрғалиев, О. Бөкеев, Р.Адуов, Р. Мусин, Р.Сейсенбаев, А. Сәрсенбаев, Қ. Найманбаев, Н.Оразалин, К. Смаилов, С.



Қирабаев, т.б. қатысқан той алдындағы талқылау. Сұлтан Оразалин: Абайдың басына екі күмбез орнатылмақшы екен. Осы дұрыс па? Бірі – Абайға, екіншісі – Шәкәрімге...  
Серік Қирабаев: – Абайдың көркін Шәкәрім бұзбайды, – деді.

18.02.1993 ж. Семей.

\* \* \*

Ақтөбеден қосымша рейспен ұшып шықтым. Серік Жолдыбаев шығарып салды. Жол қатты шаршатыпты. Кеше Ырғыздан Ақтөбеге кеш жеттік. Серіктің ағасы Молдекең бір 23 жастағы жас әулиеге көзін қаратпақшы болып, бірге келді. Ұзақ жылдар мектепте мұғалім, мектеп директоры болып қызмет істеген, салмақты, байсалды кісі. Жолда ақын Қуандық Шаңғытбаевпен 2-3 рет дәм-тұздас болғанын айтып, өткеннен әңгіме қозғады.

Серіктің әкесі Жолдыбайдың Ырғыз ауданы, Калинин атындағы совхоз территориясындағы мазарын көрдік, 1976 жылы орнатыпты. Әдемі күмбез. Ақ, қызыл кірпіштен өрген. Ауданға белгілі, сыйлы адам болса керек.

Самолетке отырған соң жарты сағаттан кейін ұйқым ашылып, әртүрлі ойға кеттім. Аралдың үстімен ұшып келеміз, мөлшері. Бүгін-ертең демалып, арғы күні жұмысқа шығамын. Жолсапар шаршатса да жақсы өтті.

15.05.1993 ж.

\* \* \*

Бірде Ақселеу Сейдімбеков Жезқазған облысы Ақтоғай ауданындағы атақты боқтампаз Сүлейменнің Ысқағы деген кісіні іздеп барыпты. Ойы : « Ысқақтың алдынан боқталмай өтіпті!» деген атақ алу. Ысқақ қарт үйінде екен. Бәйбішесін шақырып, қазан көтертіпті, қонақтарына ет астыртыпты. Ет пісіп, қазаннан түсіп, дастарханға келгенде Ақселеуге ет туратыпты. Пышақ өтіңкіремей, Ақаң етті кесектеу турап жіберсе керек. Сонда Ысқақ: «Шырағым, наймандар теретін шайыр жапырақтың ұмыт болып қалған сабағы сияқты сорайған әкеңнің аузын-ау... сексенге келгенде қақалтып өлтірейін деп пе едің?!» деп туралған етті көрсетіпті...

27.11.1993ж.

\* \* \*

«Халық кеңесі» газетінің бас редакторы Сәкең (Сарбас Ақтаев) командировкадан келген соң столының үстінде қалдырып кеткен бір қағаздарын іздеп, таба алмай, жауапты хатшы Маратқа Тоқашбаевқа: – Бұдан соң кресломды да кілттеп кетпесем бе! Оны да құртарсыңдар бір күні, – деді ашуланып.

Сонда Марат:

– Сәке, ол креслоға қызығып жүрген ешкім жоқ! – деді күліп.

– Қазіргі нарық жағдайында креслоға ешкім қызықпайды ғой, – деп Жұмабек Кенжалин де оны қостады.

Бұл әңгімені құлағы шалғандардың бәрі де еріксіз езу тартты...

**P.S.** Төрт-бес жыл өткен соң сол креслоға Ж.Кенжалин отырды...

28.06.1993ж.

\* \* \*

«Жаңақорған» санаторийіндегі бөлмемде кешке таман төрт-бес шыбыннан көресіні көрдім. Маса болса, бір сәрі, жаныңды көзіңе көрсетіп «бізін» бір сұғып алады да өзі де, сен де «рахаттанасың» ғой. Ал мына шыбын деген бәлекет жыбырлатып, әр жеріңе бір қонып, әбден мазанды алады!.. Әбден төзімім таусылды. Содан соң балконға шығатын есікті аштым да: «Атаңа нәлет шыбындар, Өлтірем қазір, шығыңдар!» деп айғай салдым. Шыбындар шығып кетті,,,

15.08.1994 ж.

\* \* \*

Кеше «Жанақорған» санаторийіне Дүкенбай Досжанов келді әйелі Сәулемен. Аmandық-саулық сұрастық. Олар жеке люксте жатыр.  
– Қағаздарың бар ма? – деп сұрады.  
– Бар, – дедім. – Блокнотым жетеді.  
– Жетпей жатса менен келіп ал, екі келі ақ қағаз әкелдім,– деді.  
Содан соң: – Жын-шайтандарыңды шақырып ал да, жаз, жаз, жаза бер! – деді күліп.  
«Шабытыңды» деген сөзді «жын-шайтаныңды» деп ауыстырып айтқанда – бояуы қалай қалындайды, ә!?

24.08.1994 ж.

\* \* \*

Ісләм Жарылғапов партияның Орталық комитетінде бөлім меңгерушісінің орынбасары болып қызмет істеген. Соның айтуынша: бір Иван Жазушылар Одағындағы жиналыста Олжасқа (Сүлейменов): «Пиши на своем отсталом, калбитском языке» депті. Калбит (араб сөзі) – ру аты, калбит, калбат деген рулар болған. Калбит тентек екен. Інісін сабай береді екен. Бір орыс саяхатшысы осы сөзді қолданған ( тентек деген мағынада).  
Орыстан да, Олжастан да түсініктеме алады. Райкомның бюросында қарап, орысты жақтап, Олжасты жығып беріпті.

23.03.1995 ж.

\* \* \*

Бір жолаушы жанында бойжеткен қызы бар шаншардың бір қуының үйіне келіп түстеніпті. Шай үстінде ретін тауып орынды-орынсыз қызын мақтай беріпті. Бір әредікте, қызы сыртқа шығып кеткенде: – Осы қызым, насыбайы болмаса, қай ұлдан кем, – деп тағы мақтай бастапты. Сонда шаншардың қуы: – Е, ақсақал, оған қам жеменіз. Басқа жері жақсы болса, насыбай табылады ғой, – деп күліпті.

28.03.1995 ж.

\* \* \*

«Жалғыздың үні шықпас!» деген сөздің сары масаға түк қатысы жоқ екендігіне бүгін көзім жетіп, аса қайран қалдым!

20.08.01998 ж.

\* \* \*

Менің бір танысым айтады: – Жазу столыма қолымды жуып келіп, тазарып келіп отырамын, – деп. Негізі, тазалық сақтау, айналаңды шаң-тозаңнан арылтып, ұқыпты, жинақы, сыпа жүру өте дұрыс. Менің танысым – жазушы. Шығармашылық адамы. Мен сияқты. Ал жазатын адамның үсті-басы, қолы таза болуы өз алдына, ең алдымен, оның жүрегі таза болуы керек. Ол үшін іштегі кірден арылуы керек. Арылу үшін – жазуың керек, жазуың керек! Қазақтың халық әнінде бар ғой: «Көтермесе көңілді кір басады». Немесе, Хакім Абайдың сөзі: «Кірлеген жүрек өз ішін, тұра алмас әсте жуынбай». Яғни, адам үнемі кірлейді, үнемі тазарып отыруы, жуынып отыруы керек. Іштегі кір дегеніміз – шер. Шерді сөзбен ғана тарқатасың. Не іштегі шерінді айтып, бір сырлас адамыңа мұң шағасың, не болмаса өзіңмен өзің оңаша қалып, ақ қағазға арыз-арманыңды ақтарасың. Жазатын адам тек қана қолын жуып келіп, айнадай жарқыраған жазу үстеліне ақ парақтытарды төсеп қойып, «ал жазамын!» демеуі керек. Жазғысы келгенде, Би-ағаң (Бейімбет) секілді, кез-келген жерде – үйде, көшеде, вокзалда, т.б. жаза беруі керек қой...

11.02.1999 ж.

\* \* \*

Көп қыдырған жолығар үзбентайға.

04.06.1999 ж.

\* \* \*

«Жақсылық жасасаң, бүтін жаса!» және «Жақсылық жасасаң – бұлдама!» дейді қазақ. Ал, кейде, біреулер саған көрсеткен болмашы көмегіне сый дәметеді, қолма-қол өзінің бір шаруасын бітіріп алуға жегеді немесе сен оның алдында қарыздар екендігіңді қайта-қайта еске салып, әбден мазанды қашырады. Неге бұлай екен?!

Менің есіме жолсапарда жүргенде естіген бір тәмсіл түсті: Баяғыда ма, бүгінде ме, әйтеуір, екі жігіт бірге жолға шығыпты. Біреуінің үстінде желбегейі бар екен. Екіншісі жеңіл киінсе керек. Кенет аспан түнеріп, бұлт қоюланып, найзағай ойнап, қара нөсер құйып кетеді. Екеуі бір желбегейді жамылып, жаңбыр басылғанша аялдап, жаңбыр тоқтаған соң ілгері жылжиды. Сонда желбегейі бар жігіт қасындағы серігіне: «Менің желбегейімді жамылмағанда қайтер едің, ә! Қайтер едің, ә!» деп қоймапты. Сонда серігі қол созым жердегі өзенге жүгіріп барып, киімшең күйінде терең суға бір сүңгіп шығыпты да: «Жаңбыр жауғанда, сенің желбегейіңді жамылмағанымда, осындай болар едім!..» депті. Ананың аузына құм құйылыпты!

14.10.1999 ж.

\* \* \*

«Байларымыз бар – төбесі тесік, білімділеріміз бар – қалтасы тесік!» – деп өткен ғасырдың басында Міржақып Дулатов айтыпты. Тарих қайталанды ма тағы? Әлде бұл пенделердің пешенесіне мәңгі бақи жазылған тағдыр тәлкегі ме?!

05.01.2000 ж.

\* \* \*

«Аласапыран» – ұлы шығарма» депті Мұхтар Мағауин ҚазМҰУ-де өткен бір кездесуде. «Аласапыран» – қазақ прозасындағы ұлы романдардың бірі» – депті Қабдеш Жұмаділов («Қазақ әдебиеті», 28.01.00). Екеуі де қателеспеген.

29.01.2000 ж.

\* \* \*

М. Әуезовтің «Бүркітші» деген әңгімесін оқып шықтым. Бұл жөнінде М. Мағауин «сойқындықты, опасыздықты» насихаттайды деген. Орыс пен қазақ арасындағы достықты, идеялас адамдар арасындағы достықты дәріптеймін деп отырып, ұлттық мүдде аяққа тапталған. Әуезов ғұлама да кейбір кезеңдік дүниелерге үн қосам деп отырып, мүлт кеткен екен, әттегене!...

29.01.2000 ж.

\* \* \*

«Өзімді өзім түсіне алмай жүрген мен байғұс кімге көмек беріп қарық қылғандаймын». Мұны Лев Толстой өлерінен бір жыл бұрын ғана айтыпты... («Қ.Ә». 28.01.2000 ж.).

\* \* \*

Жарықтық Менделеев «О соединении спирта с водою» деген тақырыпта докторлық диссертация жазыпты. Ол арақ құрамындағы су мен спирт көлемінің және салмағының ғажап сәйкестену мөлшерін тапқан. 45,88 таза спирт пен 54,12 процент су қосылғанда – 40 граудстық күші бар арақ алынған. 1894 жылы Менделеевтің бұл арағы «Москваның айрықша арағы» болып патент алыпты.

02.02.2000 ж.

\* \* \*

Ауылдағы мәдениет қызметкерлерінің аузы бар да аяғы жоқ! «Аяқсыз» яғни көліксіз жүріп, қандай мәдениет шара ұйымдастырмақ? Әлде, қайтадан «қызыл отаулар» құрып, арбамен ауыл аралап, концерт қою керек пе? Компьютер заманындағы кері кеткендік деген осы шығар, сірә.

14.03.2000 ж.

\* \* \*

«Қараңғыда жылқының бәрі қарагер». (Қабдеш Жұмалиев).

\* \* \*

Сәбеңнің һәм Ғабеннің мұражай кешеніне директор болып келгеніме 2 ай толар-толмаста Мәдениет комитетінің рұқсатымен жеңіл көлік – ВАЗ 21060 автомашинасын алдым. Шопырдың да штаты қысқартылған, сондықтан рульге өзім отыруға тура келді. Қызыл «Жигулиді» әркім-әркімге көрсетіп, «Сәбеңнің аруағы қолдап, көлікті болдық» деп көрімдік сұраған болам. Осы жұрт көрімдік беруді ұмытқан ғой деймін. Досым Ә. «көлігіңе көрімдік» деп Л. Гумилевтің бір кітабын сыйлады. Бұған да шүкіршілік. Кітап қанша қымбаттаса да, арзандаса да – кітап қой. Мәселе, көңіл мен ілтипатта жатыр-ау, шіркін!

14.03.2000 ж.

\* \* \*

Бір сынаржақ Қожанасырды келекеге айналдырмақ мақсатпен сауал қойыпты:

- Қожеке, осы өлген адамның, зиратқа апара жатқанда, табытының алдында жүрген дұрыс па, әлде артында жүрген жөн бе?-деп.

Сонда Қожекең:

-Зиратқа апара жатқан табыттың алдында жүресің бе, артында жүресің бе – бәрібір. Тек сол табыттың ішінде жатпасаң болды! – депті.

15.03.2000ж.

\* \* \*

Алматыдағы №36 қазақ орта мектебінде С. Мұқановтың 100 жылдығына орай музей кешені қызметкерлерімен және Мәриям апаймен кездесу кеші әрі конференция өткізілді. Өте тартымды ұйымдастырылған. Мектеп директоры Әлиман Смағұлқызы Абдуллина. Пән мұғалімі Динара Арыстанғалиева. Жүргізуші – мұғалима Жанна.

Бір кезде жанымда отырған Мәриям апай: – Мына қыздың шашына қарашы, – деді. Тоқпақтай егіп өрілген жалғыз бұрым сымбатты да сұлу қыздың тілерсегіне түседі екен.

– Апай, Сұлушаш қой! – дедім.

– Жас кезімде менің де бұрымым осындай болған, – деді апай. Өңінде нұр ойнап, көзінде жылт байқалады.

Ғажап! Апай өзінің жасытқ шағына қарағандай еміренулі. Ал мен бұрымды қыздан көзімді ала алмай, әралуан ойға кеттім. Сәбең – С. Мұқанов «Сұлушаш» поэмасын жазарда Мәриям апайдың бұрымы қозғау салды деген деректер бар. Болса, болар. Тоқсандағы әженің толқуын көрсең!

Сол күні, кеш соңында, шәй үстінде Мәриям апай Жаннаға «Бақытты бол! Бұрымыңды кеспе!» деп бата берді.

16.03.2000ж.

*Р.С. Жанна Қапарқызы Қалығұлова – 1996 жылы Ақмоладағы С. Сейфуллин атындағы институттың филология факультетін бітірген. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы «Қара бөгет» кеңшарында туган. Жеті қыздың кенжесі.*

*«Алматы Ақшамы»,  
27.03.2000ж.*

\* \* \*

Алматы қаласындағы Оқушылар сарайында Сәбеңнің – С. Мұқановтың туғанына 100 жыл толуы қарсаңында бір кеш өткізілмекші болды. 2000 жылдың сәуір айы. Осы кешке профессор Тұрсынбек Кәкішев, інісі Жақия жұбайларымен, музей қызметкерлері – ортамызға Мәриям апайды алып – бардық. Мәриям апай жұрттың жасын сұрағанды жақтырмайды. Кейде қалжындап, кейде шындап «әйелдің жасын сұрамайды» деп кесіп тастап отырады. Бірақ, уақыт өз дегенін істейді екен. Бетті әжім торлайды, буынды суық алады. Оған да төзетіндер төзбек...

Оқушылар сарайының сахнасы биік екен. Біз алдыңғы қатарда отырып көпшіліктің жиналуын, залдың толуын күтіп сәл тыныстадық. Бір кезде кешті ұйымдастырушылардың бірі: – Ал, жиналып болдық. Енді қонақтарды төрге шақырайық. Сахнаға шығыңыздар, – деді. Сол кезде менің жанымда отырған Мәриям апай: – Мына, таяқты тастап кетсем қайтеді?! – дегенде, не дерге білмей, сахнаға бастайтын биік баспалдақтарға қарап – бір, 90 жастағы Мәриям апайға қарап – екі, аңтарылдым. Токсанға келсе де таяқ ұстап қалың көпшіліктің алдына шыққысы келмеген текті көңіл, саған не дейін!

29.04.2000 ж.

\* \* \*

«Тән табысса да жан табыспайды» деген ойды Ги де Мопассан «Жалғыздық» атты новелласында қалай нәзік жеткізген десеңізші!..

13.05.2000 ж.

\* \* \*

Қазақ әдебиетінің Мәскеудегі онкүндігі (1936) кезіндегі Жамбылдың қартаймайтын махаббатын Сәбең жыр ғып айтты деп Мәриям апа бүгін (13.06.2000) Қызылжар қаласына келгенде былай баяндады:

– Жамбыл өмір бойы Айманкүлге (Әбділда Тәжібаевтің шешесі) ғашық болып өтті, жарықтық. Декадаға барғанда, Мәскеуде, қонақ үйде, Жамбыл Сәбиттің бөлмеге кіргенін аңғармапты да телефон трубкасын алып, нөмерін теру ойында да жоқ (алдында тұрған «Боржоми» суын шарап деп қалса керек), « – Айманкүл, сен келсеңші, әңгіме бар. Келсеңші. Әңгімелесейік, келсеңші» деп сөйлеп отыр дейді. Сәбең сол кезде жөтеліп, бөлмеге кіріп келген сыңай танытса керек. Сонда Жәкең қабақ шытып: – «Әй, «Балуан Шолақ», сен де бір келмейтін кезде келіп қалады екенсің!» – деп реніш білдіріпті.

13.06.2000 ж.

\* \* \*

Бұдан 300 жыл бұрын өмір сүрген Мөңке бидің (1675-1746) айтқаны:

... Құрамалы қорғанды үйің болады,  
Айнымалы-төкпелі биің болады.  
Халқыңа бір тиын пайдасы жоқ,  
Ай сайын қосылған жиын болады.  
Ішіне шынтақ айналмайтын,  
Ежірей деген ұлың болады.  
Ақыл айтса ауырып қалатын,  
Бежірей деген қызың болады.  
Алдыңнан кес-кестеп өтетін,  
Кекірей деген келінің болады.  
Ішкенің сары су болады,  
Берсең итің ішпейді,  
Бірақ адам оған құмар болады,  
Домалақ-домалақ түймедей дәрің болады,  
Жастарға билігі жүрмес кәрің болады,  
Ертеңіне сенбейтін күнің болады,  
Бетіңнен алып түсетін інің болады,  
Алашұбар тілің болады,  
Дүдәмалдау дінің болады.  
Халықтың қанын сорған адамдар болады,

Қабағын түйіп, қайыр тілейтін адамдар болады!

Бұл не сонда? Көрегендік пе?! Қайдан білген!

25.07.2000 ж.

\* \* \*

Жамбылдың 150 жылдық мерейтойына орай біреулер «Ұлылардың ұлысы ұлы Жамбыл» деп кітап шығарыпты. Қазақы дарақылық па, даңғойлық па?!

30.07.2000 ж.

\* \* \*

«Бір қозы артық туса, бір тал жусан артық өседі» (А.Әлімов. «Қазақ әдебиеті», 18.08. 2000) – дұрысы «бір түп жусан болса керек, Аманхан мырза.

19.08.2000 ж.

\* \* \*

Үрлеп қалсаң – шырақ сөнеді,  
Ұрып қалсаң – шыны сынады...

30.12.2000 ж.

\* \* \*

2001 жылы мамыр айының соңына таман Республика Премьер-министрінің орынбасары И. Тасмағамбетов бастаған Қазақстан делегациясы Францияда өткен ЮНЕСКО-ның мәжілісіне қатысты.

Қазақстан делегациясы Париж сапары барысында 2002 жылы Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО шеңберінде тойлау жөнінде келісім жасасты.

«Егемен Қазақстан» № 117 (22721).

12.06. 2001 ж.

\* \* \*

«Жас Алаш» газетінің (№26) «Студент» қосымшасында (№2, наурыз, 2002 ж.) Абай атындағы мемлекеттік университеті қазақ филологиясы факультетінің 150 студентіне «Ғабит Мүсіреповтің қандай шығармасын оқыдың?» деген сауалнама жүргізілген екен. 54 студент «Ұлпан» романын оқыған. Жарайды. Ал енді Ғабенің «Автобиографиялық әңгіме», «Өмір жорығы», «Қыран жыры», «Этнографиялық әңгіме», «Жапон балладасы» сияқты тамаша әңгімелерін 150 болашақ филологтардың тым болмаса екеу-үшеуі оқымағаны қайран қалдырды әрі қамықтырды.

02.03.2002 ж.

\* \* \*

Ақырын сөйлеп отыр,  
Арамдық ойлап отыр...

26.03.2002 ж.

\* \* \*

Қайырымдылықты көп жасағанның қайғысы аз болады.

14.04.2002.

\* \* \*

«Дүниеде теңіз терең емес, Адамның жаны терең» депті Мағжан ақын.

\* \* \*

Мынау Алмажан Азаматқызының (1823- ?) «Жетім қыз» поэмасынан («Алматы Ақшамы», № 73, 04.04.02.) үзінді:

Шығып едік елімнен,  
Хан Жәңгірді көрмеге.  
Ішке толған мұнды зар,  
Арызымды айтып бермеге.  
Ең болмаса, шырағым,  
Аға ғып сені бермеді-ау,  
Ағатайлап ермеге.  
Өлгенімше зар болдым  
Аға менен жеңгеге.  
Жалғыз қара сен үшін  
Ниеттеніп қана келемін.  
Ұсынып мойын өлмеге.  
Қызыл тілім сауында  
Ханға жетіп барайын,  
Дүниенің шарығы жоқ екен,  
Екі айналып келмеге.

Ұйқасқа көңіл аударыңыз. Тілді байыту үшін қолдануға болатын түрлік ізденіс тәрізді.

05.07.2002 ж.

\* \* \*

Ауылдағы азық-түлік дүкенінде нарық экономикасына көшкен тұста тиын-тебен аз түсіп, тауар айналымы бәсеңдейді. Ақшасы жоқ тұрғында темекіні жұмыртқаға айырбастап алатын болса керек. Бір күні Тұрған атты курстасымыз дүкенде кезекте тұрса, алдында бір жігіт екі жұмыртқа ұстап тұрыпты. Темекі алмақшы ғой. Сонда Тұрған: - Осы күні жігіттер екі жұмыртқасын қолына ұстап жүретін болыпты ғой! – депті. Анау жігіт сөз таппай, қызарақтап қалған екен.

26.07.2002 ж.

\* \* \*

Өтірік өңмендеп кіреді,  
Шындық шым-шымдап шығады.

02.11.2002 ж.

\* \* \*

Кеше, Мәриям Мұқанкеліні жары Сәбеңнің - Сәбит Мұқановтың дүниеден озғанына 30 жыл (1973 ж. 18 сәуір) толуына орай ас берді үйінде. Мына кісілер болды: Қасқатай (көршісі, бұрынғы Комм. қызмет министрі), академик Серік Қирабаев, әйелі Әлия Бейсенова (ғ.докт.), проф. Тұрсынбек Кәкішев, Маржан апай (тех.ғыл. док.), Нұрлан Оразалин (Жазушылар Одағының төрағасы), әйелі Фаузия, Сырбай Мәуленовтің жесірі Күлжамал апай, Хан тұқымы Шота Уәлиханов, әйелі Зина, Қ. Бекхожиннің жесірі Зайда апай, Экономика инст. дир. Марат Кенжеғозин, әйелі Рада, Қабдікәрім Ыдырысовтың жесірі Бәтiш апай, Ғ.Ормановтың қызы Жәмиға, Нұртай Сабильянов, әйелі Нұрсәулемен, Гүлнәр Құдабаева, Сәбеңнің қыздары Баян мен Жанна, Мәриям апай.

Мен асабалық қызмет атқардым. Темірше Сарыбайұлының «Мәриям Мұқанкелінінің монологы» атты өлеңін оқып бердім. Апай көзіне жас алды. Еске алу кеші болып өтті.

25.05.2003ж.

\* \* \*

Қой баққан қазақ қияда жүріп – ұяға қараған,  
Ой баққан қазақ ұяда отырып - қияға қараған.

29.06.2003 ж.

\* \* \*

Ауыл – жұмақ,  
Қала – тозақ!

29.07.2003 ж.

\* \* \*

Өкпе айтып – өрге шықпайсың.

04.12.2003 ж.

\* \* \*

Кейбір ғалымдардың баспасөз бетіндегі мақалалары тым қасаң, тым сүреңсіз, бойында жылуы жоқ болады. Оның бір себебі, тілге жауапсыздық, ана тілінің уызына қанбағандық-ау, сірә. «Егеменнің» 29 тамыз 2003 жылғы нөмірінде заң ғылымының докторы Сәкен Өзбекұлының «Махамбеттің саяси-құқықтық мұраттары» деген мақаласы басылды. «Байқап қарасақ, - дейді автор, - Махамбеттің саяси-құқықтық көзқарастарының негізгі өзегі, идеясы халықтық бостандық, теңдік және қанаушылыққа қарсы тұру идеясы» не боп шықты? Түсініп көріңіз! Осыны мыңдаған шәкіртке дәріс оқитын педагог-ұстаз айтты дегенге қалай сенесіз? Сөйлем дұрыс құрылмаған да, ой көмескі тартқан, тіпті керісінше Махамбет «бостандыққа, теңдікке және қанаушылыққа қарсы тұру идеясының насихатшысы болғандай ұғынылады. Солай деп тұр ғой! «Ғалым!»

23.08.2003 ж.

\* \* \*

«Жас Алаш» газетіне (№111. 16.09.2003) берген сұхбатында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жекен Қалиұлы былай дейді: («Түрмеде өткен жылдарым жайлы айтқым келмейді» деп аталатын сұхбат): Біздер әйтеуір қазақ қоғамын түземесек те, көбірек бостандығы болса екен, халқымыздың мәдениеті дамыса екен деп ойлап жүргенбіз. Сол кездегі қазақ классиктерінің кітаптары арқылы өстік қой! Сәбит Мұқановтың «Ботагөз», «Балуан шолақ», «Менің мектептерім», «Саттар Ерубаеттың «Менің құрдастарым» кітабын оқыдық. С.Мұқановтың «Адасқандар» кітабының қолмен көшірілген данасын бірде табатынбыз, біресе жоғалып кететін. Ол тыйым салынған кітап деп саналатын. Оны көп оқытпауға тырысатын. «Адасқандар» 1999 жылы «Елорда» баспасынан ең алғашқы нұсқасы бойынша басылып шықты.

16.09.2003 ж.

\* \* \*

«Жас Алаш» газетінде (№112. 18.09.2003) Қадыр Мырза Әлидің «Менімен айтысқан қазақтың оңғаны жоқ! Тоқтат, Ғабиден!» дейтін эссесі шықты Сәбит Мұқанов туралы.

Сонда Сәбең былай депті: «...Айтайын дегенім – Аймауытов! Мәдениетті қазақ прозасы, тіпті драманың өзі осы Жүсіпбектен басталады. Тек бір ғана Аймауытовтан айрылуымыздың өзі біздің әдебиетімізді жарты ғасырға кейінге ысырып тастады. Бір Аймауытовтың өзі бір көркем қол, бір әскер сияқты еді. Сендер мақтай беретін Әуезов пен Мүсіреповтеріңнің өзі осы Жүсіпбектің шапанынан шыққандар».

Әдемі айтқан ғой! Сәбең Жүсіпбектің «Бақытсыз Жамал» романы туралы да «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» атты еңбегінде жоғары пікір білдірген.

Ал мына сөзін оқиық: «Карандашпен жазудың өзін Ғабит сол ағасынан үйренген! (Жүсіпбектен деп отыр. Ә.К). Жүсіпбектің әйелі Қырым татары болатын. Бөкесі өте биік орналасқан. Ростов жылқысы сияқты еді! Сол жеңгеміз үнемі біздей қып карандаш ұштап отыратын жарықтық...».

Бұл да бұрын біз естімеген, тың да тосын деталь екен.

Қонаев пен Мұқанов арақатынасы туралы пікірі де ұшқарылық жоқ, ұстамды.

Ал эссенің тақырыбы әлгіндей болмаса керек. Газеттегілер алаулатып – асыра сілтеп от қоюға әуес (мақалаға!). Дәл осы тұста мақала тақырыбы мен мазмұны алшақ. Қадыр Мырза Әли Сәбеңе құрмет-ықыласын басымырақ жеткізгісі келген тәрізді...

18.09.2003 ж.

\* \* \*

Алматыдағы кітап дүкендерін шарлап, кандидаттық диссертацияма қажет әдеби кітаптарды жинастырып, сатып алып жүрген кезім. Бір күні алған кітаптарымды балаларымның көзінше, шәй үстінде, айтып, мақтанып отырдым. Сол кезде әйелім: - Сол кітаптарыңның кейін кімге керекі бар? – деген кезде шайыма шашалып, ұлдарымнан көмек күткендей жауаңдап



қарай берсем керек. Бірі – заңгер, екіншісі – болашақ дәрігер – ұлдарым ештеңе демеді. Көмек қолдарын созбады...

25.11.2003 ж.

\* \* \*

Өкініштісі – өмірде бәрі өткінші!

05.12.2003 ж.

\* \* \*

Жақсы адамға жау табу оңай, оның жақсы адам екенін байқаған кез-келген жаман жау болуға әзір. Дүниәда дос табу қиын. Жақсы адамға айналып бара жатқаныңды байқаған досыңның өзі жау болып шыға келуі мүмкін. Өкінішті, бірақ өмірде солай да болады.

09.11.2003 ж.

\* \* \*

Мәриям Мұқанова бірде мынадай әңгіме айтты: – Бірде, жастау кезімде, базар аралап жүріп, қызығып, көйлектік қызыл мата (крепдешин) сатып алдым да, бір тойға барар қарсаңда ательеге барып, әдемі көйлек тіктіріп кидім. Күрең қызыл. Сәбитке алдын-ала айтқам жоқ. Кигенде бір-ақ көрді. Қонаққа барып-қайтқанша ләм демеді. Сірә, онша ұнатыңқырамаған сияқты. Мен де іштен тынып, жақ ашпадым. Үйге келген соң көп күттірмей Сәбит:

– Шортанбай ақынның мынадай бір өлең шумақтары бар еді, Мәриям, тыңдашы... – деді:

Кедей қайтіп күн көрер  
Борышқа белден батады.  
Жалғыз сиырын сатады.  
Қылымсыған қатыны  
Қызылдан көйлек киеді...

– Жә, жарайды, саған қызыл көйлек кигенім ұнамаса, кимеймін, – дедім. Содан сол көйлекті елден келген туысканыма (жеңгеме) кигізіп жібердім. Содан соң өмір бойы қызыл көйлек алып кимедім, – деді. Қызық факт.

10.10.2003 ж.

\* \* \*

Кешкі 19-50де кандидаттық жұмысымның жетекшісі С.Қирабаев үйге телефон шалды. Осы күні күндізгі 10-30да Әдебиет институтының қазіргі әдебиет бөлімінде менің жұмысым талқыланған. Елеукенов Шерияздан бастап, басқалары қостап поэзиядағы «Тәуелсіздік идеясы» дегенге қарсы шықты. Бұдан бұрын А.Шәріп «Қазақ поэзиясындағы ұлттық идея» деген тақырыпта докторлық қорғаған. Тақырыбымды бөлімде бекіткенде де ешкім қарсы болмаған. Енді жұмыс біткен кезде сыншы көп. Серік аға: – Жағдайың қалай? – деді. Мен: – Идеядан айрылу оңай деймісіз. Көңіл-күйдің адамымын ғой. Құлазып отырғаным рас» – дедім. Қызымын. Академик жұбату сөз айтқан болды. Неге қоңырау шалды екен?! Ө?!

18.11.2003 ж.

\* \* \*

«Егемен Қазақстанда» (23.10.2004 ж.) ақын Ғалым Жайлыбайдың «Ардан туған арман бар» деген тәп-тәуір өлеңі жарық көріпті. Бірақ мен осы өлеңнің бойынан екі кінәрат көргендеймін. Бірінші, баяғыда университетте ұстазымыз, әдебиет теориясынан дәріс оқыған профессор Зейнолла Қабдолов «Ардан туған, арман қуған» деген қанатты сөз тіркесін жиі қайталап айтатын еді. Өлеңнің тақырыбы бірден соны еске түсірді. Екіншісі, «Біздей халық бар ма екен // Мың тіріліп, мың өлген...» дейді. Елеусіз кінәрат сияқты ма? Жоқ. Қазақта «Мың өліп, мың тірілген» деген сөз бар. Қанша рет өлсе де, сонша рет тіріліп кетіп отырған. Логикаға жүгінсек, осы дұрыс. Жаны сірі, мәңгі өлмес дегенді білдірмек Феникс! Ал Ғалым бауырым керісінше, алдымен «тірілтіп» содан соң «өлтiрiп» қойғанын байқамаған. Қап, әттеген-ай!..

23.10.2004 ж.

\* \* \*

Ғаламат ғалам нұрлы,  
Ғажайып далам нұрлы.  
Түсіме балам кірді,  
Көңліме алаң кірді!

29.03.2005 ж.

\* \* \*

Шатырсыз шаттығының шошаласы!..

29.03.2005 ж.

\* \* \*

Мағаш «Бәле қыздарды көрдік қой, енді бала қыздарды бір көрейін» дегенде шешесі шалқасынан түсе жаздады.

30.05.2005 ж.

\* \* \*

Өзбек: Бір өрік екінші өрікке қарап сарғаяды, – дейді екен.  
Қырғыз: Бір алма екінші алмаға қарап қызарады, – дейді екен.  
Қазақ: Бір қыз екінші қызға қарап бойжетеді, бойын түзейді, – дейді.

21.10.2005 ж.

\* \* \*

Белгілі ақын Сәкен Иманасовтың «Қазақ әдебиетіне» көлемді топтама өлеңдері шығыпты (14.10.2005). Төгілтіп, екпіндетіп, ұйқаспен ырғақты шегелеп, жақсы жазады. Бірақ... мына бір шумақ:

Түсім шығар –  
немесе ісім шығар бір ағат,  
оған бола біреуді тұрған жоқпын кінәлап.  
жақпай жүр деп жақсыға міней алмас  
Мені ешкім –  
жан біткеннің бәріне жауыз ғана ұнамақ!

Стоп! Шумақтың соңғы тармағын қайта-қайта оқып көріп, ұғымға сыймайды ғой дейтін, іштей, күбірлеп. Қалайша, жауыз (жексұрын, оңбаған, қанішер, т.б.) жан біткеннің бәріне (оның ішінде адам да, хайуан да, жәндік те, т.б. болғаны ғой) ұнайды? Неге ұнайды? Несімен ұнайды? Не үшін ұнайды? Логикалық қайшылық бар. Қазақта «Ұры иттің көтін сұқ ит жалайды» деген мәтел бар. Бұл – түсінікті. Жауызды жауыз қолдаса, жауызға жауыз жәрдемдесе – оны түсінуге болады. Ал неге барлық адамға жауыз яки жауыздық ұнауға тиіс? Ақын мүлт кеткен. Мүлде қате пікір түйген. Көркемдік шешімі жоқ. Адастыратын ( оқырманын), арзан ой-тұжырым.

08.11.2005 ж.

\* \* \*

Ақылдылардың көбісі ақиқатты көреді, жазбай таниды, бірақ бәрі бірдей қиянаттан қорғап, арашашы бола алмайды.

08.11.2005 ж.

\* \* \*

Альбер Камю: Тебе не прощают успеха. Людей, готовых разделить с тобой горе, очень много, а людей, готовых порадоваться твоему успеху, гораздо меньше.

08.11.2005.

\* \* \*

Эгоист: Ты – мне, я – себе!

\* \* \*

Бірдің Нөлді,  
Теңгенің тиынды,  
Сенің Мені  
менсінбеуің-ай, ә!?

18.06.2006 ж.

\* \* \*

Аузың қисық болса да, сәлемің түзу болсын!

19.06.06.

\* \* \*

«Егемен Қазақстанға» «Қазақша оқыт балаңды!» деген өлеңді жолдағаным 10-шақты күн болып қалды. Тіл тағдыры туралы мақалалар газет бетінен түспейді. Менің 1 өлеңіме орын табылмай жатқанына іштей ренжіңкіреп газеттің бас редакторы Жанболат Аупбаевқа телефон шалдым.

– Жақа, «Қазақша оқыт балаңды!» деген сөз кейбір қазақтарға ұнамай жатыр ма? – дедім сәл тиісіңкіреп.

Жақан қалжыңға шын жауап берді:

– Осы өздеріңді батыр санап, басқаларды қорқақ көргенді қойсаңдаршы! – деді бірден. Содан соң іле-шала – Өлеңіңді күнде газеттің бірінші бетіне салып қоямыз. Ресми материалдар келеді де түсіп қалады, – деді.

– Онда... дей беріп едім.

– Өлеңіңді басқа газеттерге беріп қойған жоқсың ба? – деді.

– Жоқ.

– Онда, күт. Жақын күндерде шығады, – деді.

Мүмкін, ертең шығып қалар...

09.06.2006 ж.

\* \* \*

Ана тіліне шын жаны ашитын адам алай-бұлай деп бұлталақтатпай, ақиқаттың көзіне тура қарап тұрып, кесіп айтуы керек қой.

«Қазақ тілі қайткенде мемлекеттік тіл қызметін атқарады?» дейтін сауалға күмілжіп, күлбілтелеп жауап беретіндер баршылық.

Академик-заңгер Сұлтан Сартаев былай депті:

– «Қазақ тілі туралы» заңды қабылдағанмызға 17 жылдан астам уақыт өтіпті. Бірақ өзгерістер өте аз. Осы заңды жасағандардың бірі – мен едім. Сол кезде біз мемлекеттік тілді үйренуге бес жыл жетеді деп ойлаған едік. Сөйтсек, біз жаңылысқан екенбіз. Жыл артынан жыл өтіп, әлі созылып келе жатыр. Осыны созбалай бермей, көп сөз, әңгіме ете бермей, «мемлекеттік тілге» айналдыруға тырысуымыз керек. Ол үшін барлық мекемелерде жүргізілетін құжаттар, іс қағаздары екі тілде емес, бір ғана тілде жүргізілетін болғаны дұрыс. Сол кезде ғана қазақ тілін үйренетін болады. Ал екі тіл болған соң оның бірі ғана іске қолданылады да, екіншісі қалып қойып отырады. Менің ойымша, көп сөзді қойып, қазақтың тілін мемлекеттік тіл етеміз десек, барлық құжаттар тек қазақ тілінде жүргізілуі керек.

Міне, азамат! Ал осыны бүкіл қазақ зиялылары қолдап әкетсе, қанеки!

24.10.2006 ж.

\* \* \*

2006 жылы Мәскеудегі Михаил Булгаковтың музей-үйіне біреулер бас-көз жоқ басып кіріп, түрлі жәдігерлерді, құнды дүниелерді быт-шытын шығарып қиратқан, бүлдірген. Әйгілі «Мастер мен Маргарита», «Ит-жүрек», «Иван Васильевич» тәрізді текті туындылардың авторы – Михаил Булгаковтың жаулары кімдер деп ойлайсыз? Сол үйдің тұрғындары! Олар әу баста-ақ бұл үйде Булгаковтың музей-пәтерін ашуға қарсы болған екен. Неге? Себебі, музейге келушілер тұрғындардың мазасын алады, тыныштығын бұзады деген уәж айтқан. Дәл осындай кеп тұрғын үйлерде орналасқан мемориалдық музей-пәтерлердің басына төніп тұрды десек, қателеспейміз. Алматыдағы Ғабит Мүсіреповтің музей-пәтері тұрғын үйдің 3-қабатында, ал Сәбит Мұқановтың музей-пәтері 2-қабатта орналасқан. Жылдың қай мезгілінде болмасын, көршілердің қас-қабақтарына қарауға мәжбүрміз. Келушілерге (студенттер, оқушылар) қатты дабырламауын, улап-шуламауын, еденді дүрсілдетпеулерін, тарсылдатпауларын айтып әуре боламыз. Негізі, жазушының тұрған үйінің барлық өлшемін сақтап, музейді оңаша жерден ашқан әлдеқайда тиімді болар еді. Әсіресе, қалада, көпқабатты тұрғын үйлерде музей ашарда осы мәселе қатты ойластырылса! Бұл мәселе әрдайым күн тәртібінде тұрады деп ойлаймын.

12.12.2006 ж.

\* \* \*

Ғабең – қатты ойланып, көп толғанып барып пікірін білдірген кісі. Артық-кем айтпауға тырысқан. Алайда... 1969 жылы келер 2000-шы жыл, жаңа дәуір жөнінде толғанғанда: «Коммунизм мансұқ етілмейді» деп, кесіп айтқан екен.

Қателеспеген сияқты... Себебі, мәселе «Коммунизм» деген сөздің өзінде емес, өзегінде, мәнінде, мазмұнында, сірә!

11.01.2007 ж.

\* \* \*

«Әдебиет айдыны» газетінен (№20, 15.05.2008) Рахмет Аяпбергенұлының қайтыс болғанын, 58 жаста, оқыдым. Осыдан бір-ер ай ғана бұрын Алматыда жолығып, Ақтауға шақырып, хал-ахуал сұрасып, қауқылдасып қалған едік. «Ақтауда кітап жоқ, жетпейді о жаққа» деген соң бір сөмке кітап арқалатып жіберген едім. Тым болмаса, сол кітаптарды оқып та үлгермеді-ау. «Ажал айтып келмейді...» дейді. Қайран, Жирен жырау, иманың жолдас болсын!..

16.05.2008 ж.

\* \* \*

«Кітап оқу, – өз басыңмен емес, өзгенің басымен ойлану» дейді Шопенгауэр. Қазір кейбір жастар өз басымен де, өзгенің басымен де ойланғысы келмейді. Мүлде кітап оқымайды?

03.06.2008 ж.

\* \* \*

«Алматы ақшамы» кітапханасы айдарымен Қадыр Мырза Әлидің қанатты сөздері беріліпті («Біреуге жамандық жасамаудың өзі жақсылық», 29.01.2009 ж.): Сондағы Қадекеңнің «Долы әйелдің күйеуі көп күрсінеді» дегенін «Көкбет әйелдің күйеуі көп күрсінеді» деп ойша түзеп оқыдым. Қадекең кешірсін.

29.01.2009 ж.

\* \* \*

Ойында арамдық бар кісі жас кезінде көзінің астымен қарайды, есейгенде көзінің үстімен қарайды.

01.10.2009 ж.

\* \* \*

Нардан жығылсаң – жығыл,

Жардан жығылсаң – жығыл,  
Бірақ, Ардан жығылма!

01.10.2009 ж.

\* \* \*

Семейде «Саржалдың қымызы» десе жұрт елеңдесіп қалады екен. Бір үйге Саржалдан үнемі қымыз әкеліп тұрады. Көршілері содан сатып алады екен. Бір күні біреу қымыз алайын деп әлгі үйге келсе, үйде 5-6 жасар ұлдан басқа ешкім жоқ. «Қымыз бар ма?» деп сұрайды әлгіден келген кісі. «Бар, – дейді бала. – Бірақ, күріштің суы суыған жоқ. Апам «күріштің суы суыған соң ғана, қымыз сатамыз деген» – депті...

28.07.2009 ж.

\* \* \*

Шешемді Аягөзге баратын болғандықтан, пойызға отырғызуға келдім. Екінші Алматы вокзалы. «Защита» поезы үшінші жолға тоқтайды екен. Күн ыстық. Мамам сол жақ аяғын сылтып басады. Оң қолында таяқ. Осыдан үш жыл бұрын өзім алып бергенмін. Жолсерік қызға төлқұжатын, жол-билетін көрсеттім де, ішке кірген соң берермін деп, төс қалтама салып қойдым...

Қарап тұрмын. Мамам вагонға әзер көтерілді. Жолсерік қыз қолтығынан демеп жіберді. Менің екі қолым бос емес, киім-кешек, сәлем-сауқат салынған сөмкелер. Орнын тауып, жайғастырған соң, қарама-қарсы, бір-бірімізге қарап, үндемей біраз отырдық. Мамам – 74-тен асты, мен – 54-тен. Қартая бастағаны байқалады. «Келесі жолы жалғыз жібермеспін!..» деп ойлап қойдым. Қоштасып, бетімнен сүйді. «Анашым менің!..». Көңілім сәл босаңқырап, вагоннан түстім. Пойыздың жүруіне санаулы минуттар қалды... Бір кезде, есіме төлқұжаты мен билетін тапсырмағаным түсті. Төсқалтамада екен... Әбігерлене қайтадан ішке ұмтылдым. Үлгердім. Бердім. Мамам абыржыған жоқ. Менің қайта айналып келгеніме қуанып қалған сияқты!.. Көзінде жылт ойнады. Баяғыда, мен оқудан, қаладан ауылға келгенде өстіп мейірлене қарайтын еді-ау!

Жалт бұрылып, вагоннан шығуға ұмтылдым. Шығып, вагон терезесінің тұсына келгенімде, өңі әлгіндегідей емес, торығыңқы көрінді. Мені байқамады... Поезд жайлап қозғалып, алыстай берді...

14.08.2009 ж.

\* \* \*

XIX ғасырдың аяғы болса керек, Ресейде қыс қатты болыпты. Содан, табиғаттың қатал заңы өз алдына, өнердің де табиғатқа бағынбас заңы бар емес пе?! Жазушыларының атағы дүрілдеп тұрған Ресейде «Биылғы қыс» деген тақырыпта әңгіме жазуға бәйге жарияланыпты. Қыс туралы қырылып қала жаздап жазғыштар жазған ғой. Бәйге қорытындысы шыққанда пәмилесі – Чех, ұлты – украин, ділі – орыс – жазушы Антон Чехов бас бәйгені «Биылғы қыста көк қарға көк мұз болып қатып қалды» деген бір сөйлемнен тұратын әңгімесі үшін алыпты! Шеберлікте шек болсашы!...

Осыны бір журналдан оқып отырғанымда, ойыма студенттік шақтағы осыған өте ұқсас бір оқиға оралды. Университеттің бірінші курсына (фил.фак) бізге шығарма жаздырып, ұмытпасам, ұстазымыз Темірғали Нұртазин, сынақ алды. Шығарма тақырыбы, Бейімбеттің «Айранбай» атты әңгімесі болса керек. Бәріміз мектепте оқыған әңгімені еске түсіріп, ойда қалған оқиға сорабын тірілтіп, шығарма жазуға бөлінген уақыт шеңберіне сия алмай, әлек болғанымыз есімде. Жазғандарымызды оқытушы жинап алды да, келесі жолғы сабағында: – Жәкенов деген кім? – деді. Курстасымыз Құдайберген орнынан созалаңдай тұрды. Сабақты нашар оқитын, лекцияларға көп қатыспайтын еді. Ол Айранбайды қайдан білсін. Бірақ ақ парактың ортасына: «Айранбай-ай! Абыройымды айрандай төктің ғой!» деп жалғыз сөйлем

жазып, ұстазымыздың назарына іліккен еді. Құдайбергеннің ағасы Заманбек Жәкенов жазушы болып, бірнеше кітаптар шығарды. Ал Құдаш ештеңе де жазбады. Көбінесе бас жазды. Бірақ, әлгі бір сөйлемі жадымда қалып қойыпты.

05.10.2009 ж.

\* \* \*

Қазақстан Жазушылар одағында Поэзия кеңесінің кезекті бір отырысы өтіп жатты. Мен жиналыс төрағасы ретінде тізгін ұстадым. Ақын Рафаэль Ниязбековтің шығармашылығы талқылануда. Чешенстанның Мемлекеттік сыйлығын алған, батырлық орденін кеудесіне таққан Рафаэль Ниязбеков өнімді жазып, өндірте жазып жүр. Ақын Дәулетбек Байтұрсынұлы жақсы баяндама жасады. «Сексеуіл» атты өлеңінен тарқатып, Аллаға табыну жырларына баға беріп аяқтады. Бір кезде ақын Есенбай Дүйсенбайұлына сөз кезегі тиді. Есағаң орнынан тұрды да: «Отырып сөйлесем де болатын шығар?!» деп қайтадан орындығына отырды. Үстелде қарама-қарсы отырған Жәркен Бөдеш: «Отырып сөйлей берсеңші, тұрғанда да сол шама екен ғой!» дегенде жұрт ду күлді. Негізі, Есағаң бойы шағын болғанмен, ойы биік ақын!

13.10.2009 ж.

\* \* \*

Арыстан, Бұқа, Айғыр, Қошқар, Теке, Арлан – ылғи хайуанаттардың еркектері орманда бас қосып, от жағып, соны қоршай отырып әңгіме-дүкен құрады. Түннің бір уағы болады. Бір кезде Арыстан: «Қой, мен үйге қайтайын. Кемпір ұрсады, енді кешіксем» – дейді. Сонда Бұқа: – Оу, Ареке, мұныңыз не? Мына мен кемпірімнен қорықпай-ақ отырмын ғой! – дейді маңғазданып. Сонда арыстан:– Сенің кемпірің – сиыр ғой, менің кемпірім – қалай дегенмен де арыстан емес пе?! – деген екен...

25.10.2009 ж.

\* \* \*

Осыдан бір ай шамасы бұрын Жазушылар одағындағы кеңесші жігіттердің қолқалауымен «Рахат-СТК» телеарнасының «Кеш жарық» телебағдарламасында тікелей эфирге шықтым. Жанымда Талғат Айтбайұлы, Жадыра Дәрібаева, Жарылқап Қалыбай сынды белгілі қаламгер-журналшылар және бір N. есімді кәсіпкер болды. Тақырып «Оқырман кітап оқи ма?» деген ыңғайда. Әп дегеннен әлгі кәсіпкер қолына қалам ұстағандардан ала алмай жүрген өші бардай, тіке шабуылға көшті. «Жазушыларыңды ешкім де оқымайды», «Ол жазғандарың кімге керек?» деген сыңайда мұрты көкке шаншылып, өрекісін-ай! Оған ақын Жадыра күйіп-пісіп шырылдасын, анаған да сол керек сияқты. Талғаттың, Жарылқаптың, менің уәжді сөздерімізді ол әдейі бұрмалап отыр. Қасақана көрсеткен қысастыққа қанымыз қайнап, біраз сөздің тиегін біз де ағыттық. Хабарға бөлінген қырық минуттың қалай өте шыққанын да байқамаппыз. Хабарды ұйымдастырушылар кеудемсоқ кәсіпкерді әдейі шақырып, отқа май құйып отырғанды жөн санаған шығар деген оймен тарадық...

Енді бүгін жазушы Нәбиден Әбутәлиевті жасы 82-ге қараған шағында мәңгілік сапарына шығарып салдық. «Қайран, Нарын», «Өттің, дүние», «Наркескен» сынды шығармалары (повестер, роман), т.б. дүниелері қалды соңында. Марқұмның жаназасын шығарып, аруағына бағыштап құран оқып отырған молдамыз: «Бұл ағамыз жазушы болған екен, осында біраз жазушылар жиналған көрінеді. Дұрыс қой. Бірақ, біз жазушыларды біле бермейміз. Кітап оқымаймыз!..» деген кезде біреу төбемізден мұздай суық су құйып жібергендей қалшиып-қалшиып, отырған орнымыздан қозғала алмай қалыппыз. Сөзін бөліп, молдамен айтысып жататын жер емес...

Үнсіздікті бұзып жазушы Жұмабай Шаштайұлы жанындағыларға қарап: «Мына молда Әділғазының өлеңдерін де оқымаған болды ғой!..» деді қалжыңға бұрып. Оған біреу: «Әділғазыны қайтсін, «Абайды да оқымаймыз!» деп тұр ғой қасқа!» деді. Бәрібір, еңсемізді езген әлгі сөз – «Кітап оқымаймыз!» деген молданың пышақ кесті пікірі көмекейге тас болып тығылып тұрып қалғандай...

Есіме философ А.Шопенгауэрдің «Кітап оқу – өз басыңмен емес, біреудің басымен ойлау деген сөз...» дейтін қанатты ойы оралды. Қазір жұрт өз басын эзер алып жүр, біреудің басын қайтсін!..

15.02.2010 ж.

\* \* \*

Маған жұмысқа бір жігіт келуі керек. Күтіп отырмын. Телефон арқылы ол жігітті жұмсаған кісіден «аты кім?» деп сұрағанымда: «Сәнібек» дегендей болды. «Бұрын естімеген есім екен» деп, ойланып қалдым. «Сәндібек» деген жігітті білетін едім. Сөз түбірі сән + ді + бек деп өрбиді ғой... Содан көп күттірмей ол жігіт арсалаңдап кіріп келіп, «ассалау!» деп қол ұсынды. Асығып, аптығып тұр. Отыруын өтіндім. «Есіміңіз кім?»... деп күмілжіп едім, «Сәнібек» деді. «Неге олай?» деп едім, «Ой, ағай, баяғыда әкеміз метірке жаздыру үшін барғанда орыстың қатынына «Жәнібек» десе, «Сәнібек «деп жазып қойыпты. Содан солай аталып кеттім» деп, қос қолының алақанын жайып жіберіп, шарасыздықтан шалқалай күлді...

13.10.2010 ж.

\* \* \*

Гүлді – иісінен, Өлеңді – тынысынан таныған жөн. Түсіне қызығып таңдаған гүлінде иіс болмауы мүмкін, ұйқасына қарап оқыған өлеңде кең тыныс болмауы мүмкін!

01.12.2010 ж.

\* \* \*

Сенбі күні, қазақ поэзиясы алыптарының бірі, ұлы ақын Қадыр Мырза Әлі өтті дүниеден. Бүгін кешке «Дәстүр» мейрамханасында қонақасы беріледі екен. 77-ге қараған шағында қоштасты жарық жалғанмен. Қадыр ақын туралы оның «Жерұйық» және «Алақан» жыр жинақтары бойынша 1978 жылы ҚазМу-ді бітірерде дипломдық жұмыс орындағанмын. З. Қабдолов, Р. Нұрғалиев жақсы пікір жазған. Бір данасын Қадекеңнің өзіне апарып бергенмін. 1983 жылы «Лениншіл жас» газетінде әдебиет және өнер бөлімінде әдеби қызметкер болып жүргенімде, Қадыр ақынмен арнайы жолығып, әңгімелесіп, ой-толғау үлгісінде «Азабымның көремін рахатын» атты мақала жаздым. Әсіресе, газет редакторы Сейдахмет Бердіқұловтың риза болып, қолдау көрсеткені есімде. Оқырмандар жылы қабылдады. Көп хаттар алғанмын. 2005 жылы «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясы: ізденістер, проблемалар (1991-2001 ж.ж.)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғағанымда, соның үшінші тарауында Қадыр Мырза Әлінің «Заман-ай» дастандар кітабы туралы арнайы тоқталғанмын. Одан үзінді «Ақиқат» журналында жарық көрген. Міне, осылайша, мен Қадыр Мырза Әлі туралы араға жылдар салып жүріп, үш рет арнайы қалам тербеген екенмін. Алайда, мен осындай істедім деп өзіне бір рет те міндетсіп барған емеспін. Кітаптарыма алғысөз жазуын да өтінген жоқпын. «Мені ылғи сыртымнан иемденіп жүретін бұл жігіт кім?» – деп ойлады ма, ойламады ма – оны да білмейтінмін.

Былтыр көршім, өнертанушы-журналист-жазушы Қали Сәрсенбай немерелерінің тұсаукесері, туған күндері қабаттасқан той жасады. Сонда, Қадекең де болды. Асанәлі Әшімов екеуімен рөмке соғыстырдық. Сонда Қадекең маған : «Әділғазы, осы сен неге маған хабарласпайсың?» – деді. Мен: «Қадаға, хабарласам, хабарласам» – дедім жас баланы жұбатқан сияқты. Ол болса: «Жоқ, сен хабарласпайсың!» деп ренішті үнмен бірнеше қайтара айтты. Отырғандардың, маңайымыздағылардың көбісі шараптың қызуымен гуілдесіп отырып, мән бермеген де шығар. Мен кейінгі жылдарда жарық көрген бірнеше кітаптарымды алып, Қадекең арнайы барайыншы деп іштей ой түйгенмін. «Адам жоспарлайды. Алла жүзеге асырады» дейді ғой, жолығысудың сәті түспеді. Енді құлағымда Қадыр ақынның: «Сен хабарласпайсың!» деген кесімді үні қалыпты. Неге олай деді екен. Менің ырғалып-жырғалып жүргенімді күтпей, өзінің аяқастынан бақи дүниеге аттанып кететінін біліп айтқандай... Аздап өкпе, базына да бар ма, қалай... Қайран, Қадыр ақын!..

24.01.2011 ж.

\* \* \*

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен «Жас Қазақ» газеті Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алып жатқан барлық студенттерге үндеу жариялай отырып, олардың назарына университеттің барлық факультеттерінде талқыланып, оқу ордасының үлкен Ғылыми кеңесінде бекітілген бастапқы жүз көркем туындының тізімі жоба ретінде ұсынылыпты («Жас қазақ»: № 8 (372), 24.02.2012). Бұл жүз кітапқа қазақ жазушылары мен ақындарының ғана емес,

әлем әдебиетінің классиктерінің де туындылары енгізілген. Жүз шығарманың қатарында С. Мұқановтың «Өмір мектебі» және «Мөлдір махаббат» романдары, Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романы бар екен. Мен мұны мысалға алғанда, қос алыптың музейлерін басқара отырып, мақтанышпен атап өткім келеді.

Шартты түрде болса да, бұл тізімге қарап отырып, ХХІ ғасырға қадам басқан, жаңа ұрпақ – оқырмандарымен қауышатын ақыл-ой алыптары туралы толғанасыз.

24.02.2012 ж.

\* \* \*

Бүгін, Халық жазушысы Сәбит Мұқановтың дүниеден озғанына 40 жыл. Музей-үйінде «Сәбең әлемі» атты көрме ұйымдастырдық. Жазушы шығармашылығын зерттеушілердің кітаптарын қойдық. Бүгін «Достық» мейрамханасында Сәбеңнің қыздары Баян мен Жаннаның ұйымдастыруымен жиырма шақты адамның басын қосқан, еске алу асы беріледі. Ә. Нүрпейісов, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, Н. Оразалиндер шақырылған. Мәриям апайдың маңына шоғырланған бір топ жазушылардың жесірлері болады. Кешті маған жүргізу тапсырылған. Осы әсерлерді кеше көбірек ойлағандықтан ба екен, түнде түсіме Сәбең кірді. Ап-анық көрдім. Үйінде бір топ қонақтар бар. Қирабаев пен Кәкішев пе, әлде Оразалин бе, әйтеуір екеуі анадай жерде әңгімелесіп барады. Сәбең менің жаныма жақындап бір нәрселерді айтып жатыр. Жүзіне қарасам, бетіндегі қорасан дағы көрінбейді, жып-жылтыр, жұмсақ екен деймін. «Бұл кісі әлі тың екен ғой... Өзінен бір ұзағырақ сұхбат алсам... Дайындалып келіп, сұрақтарымды жазып алып келіп алсам сұхбатты...» деп ойлаймын. Бір кезде Сәбең ішке қарай бұрылып, бөлмеге кіріп кетеді. Ол жақта дастархан жаюлы тұрған сияқты... біреулер маған Қирабаевты шақыр дегендей... Қарасам, С. Қирабаев асай-мүсейлерін асынған телевизия журналистерінің бір-екеуіне сұхбат беріп болып, енді тағы да бір-екеуіне қарай ыңғайланады. Мен ішімнен: «Қап, енді, бұлар онайлықпен жібере қоймайды. Сәбеңнің қасына баруға кешігетін болды...» деп ойлап тұрғанымда, оянып кеттім.

Түсімді ең алдымен өзім жорыдым: Сәбеңнің аруағы маған риза екен деп; музей-үйін тап-тұйнақтай етіп ұстап отырмыз, музейлерді біріктіреміз дегенде (2009ж) шырқырап қорғап қалдық; кітаптарын, қолжазбаларын ретке келтіріп жатырмыз; «Сәбит Мұқанов» энциклопедиясын дайындауға кірістік; бұйыртса, көп томдықтарын да (40 том) шығаруды қолға алмақпыз; осының бәріне Сәбеңнің рухы қолдау көрсетіп, ризашылығын білдіріп жатырау!.. С. Қирабаев Сәбеңге ілесіп кетпегеніне қарағанда, әлі де көп жасайды-ау, қазір 85-те. Ал, қайран шешем о дүниеге аттанып кеткелі бір жарым жыл болды. Бірде-бір рет түсіме кірмей жүр... Иә, Сәбеңді де 35 жылда (1978ж. музей ашылғанда экскурсовод болып бастадым ғой) бірінші рет түсімде көрдім! Өз басым жылына 2-3-ақ рет түс көрем. Бір нәрселерді болжап көрем. Қызық...

18.04.2013 ж.

\* \* \*

Менің бұрынғы әріптесім, қазіргі Қырғызстандағы төтенше және өкілетті елші, саяси ғылымдар докторы Бейбіт Исабаев «Алаш айнасы» газетіндегі (25.06.2013) сұхбатында: «Менің алаңдайтыным, біздің Қазақстанда қазақ тілі саясаттың құралына айналып барады. Тілді саяси іс-шараларға араластыруға, түрлі науқандарда пайдалану мүлде қате әрі қауіпті. Тілді оқып-үйренуге нақты жағдай жасалуы тиіс. Қаражат бөлу керек т.б.» депті. Оу, Бейбіт бауырым, тіл саясатын мемлекеттік саясаттан бөліп алып жүргізу керек дегенді өмірімде бірінші рет естуім! Бұлай болмайды ғой! Журналист Бейбіт осылай десе қателескен ғой деп кешірер едім. Саясаткер, дипломат осылай деп отырса, бұны түсіну қиын! Өте қиын әрі қауіпті!

26.06.2013 ж.

\* \* \*

Нобель сыйлығының иегері – жалғыз қазақ бар екен! Ол – МАГАТЭ-нің халықаралық кепілдік бойынша инспекторы Достай Төлемісұлы Раманқұлов. 1960 жылғы. Түркістан қаласынан. Қазір Венада тұрады. Бұл туралы «Алматы ақшамы» хабар берді.

19.01.2013 ж.

\* \* \*



Елімізге танымал эстрадалық топтың әншісіне тележурналист сұрақ қояды: «Өлімді жерде молда семіреді, өленді жерде өгіз семіреді» деген мақалды қалай түсінесіз?» деп. «Сонда, не, бізді өгізге теңеп отырсыз ба?» деп әнші ыршып түсті. «Өлең шөп» дейтін шөптің барын білмей тұр-ау, Сабаз!

14.01.2013ж.

\* \* \*

Алматыда өткен ғасырдың жетпісінші-сексенінші жылдарында жалғыз ғана қазақ орта мектебі болғанын (№12 мектеп) ойлаудың өзі қорқынышты! Әбден орыстанып бара жаттық. Алматыдағы зиялы қауымның (оның ішінде ақын, жазушылар да бар) балалары, немерелері негізінен орыс мектептерінде оқып жатты. Бұлар – жоғалған ұрпақ десек те болады. Солардың көбі – ұлттық намыстан жұрдай. Тәуелсіздік алғалы 22 жыл болды. Жағдай өзгерді ме?! Иә, өзгерді, бірақ өте баяу! Соған бір мысал: Алматыда биыл 186 мектеп есігін ашыпты. Оның 60-қазақ, 62-сі орыс, 61-і аралас, 3-еуі ұйғыр мектебі екен. Аралас мектептерді қазақыландыруға қарай бағыт ұстау керек-ақ!

03.09.2013ж.

**В.ОДОЕВСКИЙ**

## **АЯЗ ҚАРИЯ**

### **Ертегі**

*Еңбексіз, бізге, ештеңе тегіннен-тегін болмайды,  
Ежелгі мақал, аңдасақ, осындай ойды толғайды.*

Бір үйде Іскергүл мен Жалқаугүл атты кішкентай екі қыз болыпты. Олардың күтушісі бар екен. Іскергүл ақылды еді, ерте тұратын, күтушінің көмегінсіз өзі киінетін, төсектен тұра салысымен іске кірісетін: от жағады, нан пісіреді, үйді әктейді, тауықтарға жем шашады, содан кейін құдықтан су әкелуге барады. Ал Жалқаугүл болса керісінше төсегінде керіліп-созылып жататын; жата-жата жалыққаннан кейін ұйқылы-ояу күйінде былай дейтін:

– Күтуші әпке, менің шұлығымды кигізіші. Күтуші әпке, менің бәтіңкемнің бауын байлап берші.

Одан кейін ол тағы да қыңқылдайды:

– Күтуші әпке, менің тәтті нан жегім келеді.

Тұрғаннан кейін олай-бұлай секектеп ойнайды да, бір кезде терезенің алдына отырып алып неше шыбынның келіп қонғанын, неше шыбынның ұшып кеткенін санайды. Жалқаугүл біраз уақыт өткен соң не істерін, немен айналысарын білмей қинала бастайды: тамақ ішейін десе қарыны тоқ; терезедегі шыбындарды санайын десе – ол да жалықтырады; өстіп отырып бұған біреулер кінәлідей-ақ, уақытының көңілсіз өтетіндігін айтып жылай бастайды.

Ал бұл кезде Искергүл құдықтан су алып оралады, оны тұндырып құмыраларға құяды; қандай ұсынақты, ұқыпты десеңізші: егер су лай болса, бір парақ қағазды үшкірлеп орайды да, оған көмір кесегі мен құмның ірі түйіршіктерін салып, содан соң әлгі қағазды құмыраның аузына кигізеді, үстінен су құяды; ал енді бар ғой, құм мен көмір түйіршіктері арқылы өткен су құмыраға тап-таза, мөп-мөлдір болып тамшылайды: бұдан кейін Искергүл шұлық тоқуға немесе матадан орамал қиюға кіріседі, болмаса көйлек көктеп отырып әдемі әндерді сызылтады; оған еш уақытта да көңілсіз болған емес, тіпті зеріуге уақыт таппайды, бірде ана шаруамен, бірде мына шаруамен жүргенінде, қалай кеш батқанын да білмей қалады – зымырап тағы бір күн өте шығады.

Бірде Искергүл ойламаған жағдайға тап болды: ол құдыққа су алуға барған-ды, қауғаны төмен түсіре бергені сол-ақ еді, жіп үзіліп кетті де қауға құдықтың түбіне құлады. Мұндайда не істеу керек? Искергүл бейшара жылай-жылай болған жайды күтушісіне барып айтты. Ал күтуші Прасковья сондай қатал әрі ашушаң кісі еді, бірден-ақ дүрсе қоя берді:

– Өз қолыңмен істедің – өз мойныңмен көтер. Қауғаны құдықтың түбіне түсіріп алған өзің ғой, ебін тауып өзің шығарып ал.

Басқадай шара жоқ: бейшара Искергүл қайтадан құдыққа келді, қауғаның жібінен мықтап ұстап, шыңырау құдықтың түбіне қарай сырғып түсе берді.

Міне, осы кезде қызық бір оқиға болды. Төмен түскені сол – қараса: алдында кішкентай пеш, ал пештің үстінен әбден қызарып піскен, енді болмаса күйіп кеткелі тұрған бір бәлішті көрді; жан-жағына қарап қойып, бәліш былай деді:

– Мен әбден пістім, қып-қызыл болып кеттім, маған қант пен жүзім қосылған, тәп-тәттімін, енді мені кімде-кім пештің үстінен алса, мен сонымен бірге боламын.

Искергүл көп ойланбастан, қолына қалақты ұстап, бәлішті пештің үстінен алды да, алжапқышының қалтасына салды. Сөйтіп, әрі қарай жүре берді...

Қарсы алдынан бақ кездесті, бақта ағаш өсіп тұр, ал ағашта алтын алмалар көздің жауын алады; алмалар жапырақтарын қозғап қойып, өзара сыбырласады:

– Біз – тәтті алмалармыз, әбден пісіп тұрмыз, ағаштың тамырынан нәр алдық, салқын суға жуындық, кімде-кім бұтақты сілкілесе, біз соған бұйырамыз.

Искергүл ағашқа жақын келді де, оның бұтақтарын сілкіледі, сол кезде алтын алмалар сауылдап төгіліп, алжапқышының етегін толтырды.

Искергүл әрі қарай жүре берді. Бір кезде қараса, қарсы алдында Аяз қария отыр, сақал-шашы аппақ; мұз сәкінің үстіне жайғасып алып, әлсін-әлсін қар кесектерін асап қояды; басын сілкіп қалса – шашынан қырау төгіледі, қатты дем алған – аузынан будақ-будақ бу шығады.

– Ә! – деді ол. – Амансың ба, Искергүл? Маған бәліш әкелгенің үшін рақмет: ыстық тамақтың дәмін ұмытқанымға көп болды ғой.

Осыны айтты да ол Искергүлді жанына отырғызып, екеуі ыстық бәлішті сүйсіне жеді, алтындай алмаларды да тауысты.

– Сенің мұнда не үшін келгеніңді білемін, – деді Аяз қария, – қауғанды менің құдығыма түсіріп алдың ғой; қауғанды беруін берем, бірақ ол үшін сен маған үш күн қызмет көрсет: ақылды болсаң – өзіңе жақсы, ал жалқау болсаң – өкпелеме.

– Ал енді, – деп Аяз қария сөзін онан әрі жалғады, – маған, кәрі шалға дем алу керек, жатар орнымды жақсылап дайында, мамық көрпемді қағып-сілкіп бер.

Искергүл мұқият тыңдады... Олар үйге келді. Аяз қария үйі тек мұздан тұрғызылған екен: есіктер де, терезелер де, еден де – мұз, қабырғаларға қар қиыршықтары жабысқан; күн сәулесі шағылысып, үй ішіндегі заттардың бәрі жарқ-жүрқ етеді, гауһар тас сияқты көздің жауын алады. Аяз қария төсегінің үстінде мамық көрпенің орнында ұлпа қар жатыр: сұп-суық, оның қағып-сілкетін дәнеңесі де жоқ еді. Искергүл қарияға ұйқтағанда жайлы болу үшін ұлпа қарды қопсытуға кірісті. Осы кезде оның қолдары мен саусақтары суықтан тоңып, қатып қалды, кәдімгі қысты күні ойыққа келіп көйлек-көншек жуған бейшара жалшылардың қолындай; олардың халі қиын ғой: әрі суық, әрі ызғар бетке ұрады, әрі көйлек-көншек суықтан сіресіп икемге көнбейді, қаққан қазықтай бір орнында тұрып бейшара жалшылар жұмыс істейді – басқа шаралары да жоқ.

– Ештеңе етпейді, – деді Аяз қария, – қармен саусақтарыңды ысқылап жібер, сонда қалтырап тоңбайсың. Мен мейірімді шалмын: қарашы өзің, мына ғажайып нәрсеге.

Осылай деді де ол өзінің ұлпа қар жамылғышын ашқанда, Искергүл оның астынан жап-жасыл шөпті көрді. Искергүл жасыл шөпті аяп кетті.

– Сен мейірімдімін дейсің, – деді ол Аяз қарияға, – ал неліктен жасыл шөпті қар жамылғышыңмен бүркеп отырсың, неге оны жарыққа шығармайсың?

– Мұның себебі бар, өйткені әлі уақыты келген жоқ; шөптің қаулап өсетін шағы алда... мейірімді адам оны күзде еккен болатын, өсе бастады, бірақ ұзақ қысқа бұл әлі төзе алмайды, жазға дейін әлі қайда. Сондықтан мен, – деді Аяз қария сөзін жалғап, – көк өскінді өзімнің қар жамылғышыммен жауып қойдым, жел соғып қарды ұшырып әкетпесін деп өзім оның үстінде жатамын, кешікпей көктем де келеді, қар жамылғыш еріп кетеді, шөп қаулап шығады, содан кейін көрсең қалың бидай ырғалып тұрады, диқан бидайды орып алады да диірменге тасиды, диірменші дәнді диірменге тартып, ұн жасайды, ал ол ұннан сен, Іскергүл, нан пісіресің

– Жарайды, ал айтыңызшы, Аяз қария, – деді Іскергүл. Сіз неліктен құдықтың ішінде отырсыз?

– Құдықта отырған себебім, көктем жақын, – деді Аяз қария. – Ыстыққа шыдай алмаймын; ал сен білесің ғой, құдықтың ішінде қайнаған жаз күндерінде де сап-салқын, құдықтағы су жаздың ми айналдырар аптабында да мұп-мұздай болып тұрады.

– Ал, Аяз қария, сен неге қыс бойы көше кезіп, әр үйдің терезесін қағып жүресің? – деп сұрады Іскергүл.

– Терезелерді қағып жүретін себебім, – деп жауап берді Аяз қария, – адамдар пеш жағуды және соңынан мұржасын жабуды ұмытпасын деймін; мен білемін, кейбір салақ жандар бар: пешті жағуын жағады, бірақ мұржаны жабуды естен шығарады; мұржаны жабуын жапса да дер мезетінде емес, ертерек, барлық көмір жанып болмай жатып жабады, содан соң үй ішіндегі адамдарға иіс тиеді, бастары ауырады, тіптен, сол иістен өліп кетулері де мүмкін. Сондай-ақ, мен терезелерді қағуымның тағы бір сыры – адамдар жып-жылы бөлмелерде отырады немесе жылы тон киіп алады, ал мына өмірде қайыршылықпен күн кешетіндер бар, қыста үйлері азынап тұрады, жылы тондары да жоқ, отындары да жоқ, отын сатып алатын ақшалары да жоқ, міне, адамдар осыларға көмек беруді, қайырым жасауды ұмытпаса екен деймін.

Осыны айтты да мейірімді Аяз қария Іскергүлдің басынан сипады, содан соң ұйықтау үшін өзінің қар төсегіне барып қисайды.

Бұл кезде Іскергүл үйдің ішін жинастырды, ас дайындайтын бөлмеге барып тамақ әзірледі, шалдың көйлегін жамады, іш киімінің кейбір жерлерін торлады.

Қария ұйқыдан ояңғанда, бәріне қатты риза болып, Іскергүлге рахмет айтты. Содан соң олар тамақтануға отырды: стол үсті дәмді тағамдарға толды, әсіресе қарияның өзі дайындаған балмұздақ тіл үйіретін еді.

Осылайша, Іскергүл Аяз қария үйінде толық үш күнді өткізді. Үшінші күні Аяз қария Іскергүлді шақырып алып, былай деді:

– Саған көп рахмет, ақылды қыз екенсің: мені –қауқарсыз шалды жақсы күттің, бірақ мен де саған қарыздар болып қалмаспын. Сен білетін шығарсың, адамдар еңбегі үшін ақша алады ғой, міне, мыану сенің қауған, ад мұның ішіне мен бір уыс күміс теңге салдым; оған қоса, саған ескерткішке гауһар тас сыйлаймын, шашбауыңа тағарсың.

Іскергүл де ризашылығын білдіріп, рақмет айтты, гауһар тасты шашбауына тақты, қауғасын алып, тағы да құдыққа келді, жіптен ұстап, өрмелеп жоғарыға, жер бетіне шықты.

Үйіне жақындай бергені сол, өзі жем шашып жүретін этеш мұны көріп, қуанып, дуалдың үстіне ұшып шықты да, бар даусымен былайша жар салды:

– Кукареку, кукареку, ку-ка-ре – р,  
Іскергүлдің шелегінде – күміс теңгелер!

Іскергүл үйіне келген соң барлық болған жайды, бастан өткергендерін асықпай баяндап шыққаннан кейін, күтушісі қатты таң қалды, содан соң сыбырлап:

– Міне, көрдің бе, Жалқаугүл, еңбек еткен адам қандай пайда табатынын, сен де шалға бар да оған қызмет көрсет, жұмыс істе: бөлмесін әдемілеп жинастыр, ас бөлмесінде дәмді тағамдар әзірле, көйлек-көншегін жамап-жасқап бер, сөйтсең ақысына сен де бір уыс теңге аласың, бұл өте орынды болар еді: біздің мереке қарсаңында ақшамыз аз.

Жалқаугүлдің қайдағы бір шалға барып қызмет көрсетіп, жұмыс істеуге ешқандай құлқы жоқ болатын, бірақ күміс теңгелер табуға қарсы емес еді, әрі гауһар тас та қатты қызықтырды.

Міне, Іскергүлдің ізімен Жалқаугүл де құдыққа барып, жіптен ұстап төмен қарай зу ете түсті де, құдықтың түбіне бір-ақ жетті.

Қараса, мұның алдында кішкентай пеш, пештің үстінде бәліш тұр екен, әбден қызарған, енді болмаса күйіп кете жаздаған, жан-жағына қарап қойып, бәліш былай деді:

– Мен әбден пістім, қып-қызыл болып кеттім, маған қант пен жүзім қосылған, тәп-тәттімін, енді мені кімде кім пештің үстінен алса, мен сонымен бірге боламын!

Ал Жалқаугүл оған былай деп тіл қатты:

– Сөз болғаныңа! Мен өзімді - өзім босқа қинамақпын ба, қалақты қолға алуым керек, сосын пешке баруым керек; жо-жоқ, пештің үстінен өзің түс.

Сөйтіп, ол әрі қарай жүре берді. Қарсы алдынан бақ кездесті, бақта ағаш өсіп тұр, ал ағашта алтын алмалар көздің жауын алады; алмалар жапырақтарын қозғап қойып, өзара сыбырласады:

– Біз тәтті алмалармыз, әбден пісіп тұрмыз, ағаштың тамырынан нәр алдық, салқын суға жуындық, кімде-кім ағашты сілкілесе – біз соған бұйырамыз.

– Сөз болғаныңа! – деді Жалқаугүл. – Мен өзімді-өзім босқа қинамақпын ба, қолымды көтеруім керек, бұтаққа дейін созуым керек, қойшы, өздері жерге түскен соң да жинап алуға үлгерермін.

Сөйтіп, Жалқаугүл олардың жанынан өте шықты. Міне, ол Аяз қарияға да келді. Шал бұрынғысынша мұз сәкінің үстіне жайғасып алып, әлсін-әлсін мұз кесектерін асап қойып отыр.

– Қызым, саған не керек? – деп сұрады ол.

– Мен саған келдім, – деді Жалқаугүл, – қызмет көрсетіп, ақысына күміс теңге алайын деп едім.

– Шаруақор адамның сөзін айттың қызым, – деді қария, – көрсеткен қызметке ақша төленетіні рас; бірақ көрелік– жұмысты қалай атқарар екенсің! Қане, менің мамық төсегімнің үстіндегі көрпемді қағып-сілкіп жібер, содан кейін маған ас әзірле, көйлек-көншегімді жамап-жасқап бер.

«Өзімді-өзім қинап қайтемін, саусақтарымды тоңдырып! Бәлкім, шал байқамай қағып-сілкімеген көрпені жамылып ұйықтай салар», – деп ойлады ішінен Жалқаугүл.

Қария шынымен-ақ байқамады ма, әлде сезсе де аңғармаған түр көрсетті ме, әйтеуір төсегіне жатты да ұйқыға кетті. Жалқаугүл ас дайындайтын бөлмеге барды.

Ас бөлмеге келсе де, не істерін білмеді. Тамақ ішкенді жақсы көрсе де, бірақ оны қалай дайындайтыны жөнінде хабары жоқ-ты. Тіпті соған қарап тұруға да ерінетін.

Міне, ол көз жүгіртіп өтті: алдында әр түрлі жемістер де, ет те, балық та, сіркесу да, қыша да, квас та – бәрі –бәрі рет-ретімен жатыр. Ол ойлап-ойлап, ақыры жемістерді тазалаған болды, ет пен балықты кесек-кесек турады, өзін-өзі қинамау үшін бәрін сол қалпында, жуылған-жуылмаған күйінде кастрөлге толтырып салды; әр түрді жемістерді де, етті де, балықты да, сіркесуды да, қышаны да;бәрінің үстіне квасты құйып тұрып: «Өзімді-өзім қинап қайтемін, әрқайсысын жеке-жеке пісірудің қажеті қанша? Бәрібір асқазанға барғанда араласып кетеді ғой», – деп ойлады.

Қария ұйқысынан оянған соң, тамақ ішкісі келді. Жалқаугүл оның алдына кастрөлді көтеріп әкеліп қоя салды, тіпті стол үстіне дастарқан да жайған жоқ. Аяз қария асқа ауыз тигізіп көріп, тыжырынып қойды, құм түйіршіктері тістерінің арасында шақұр-шұқыр етті.

– Жақсы дайындайды екенсің, – деді ол күлімсіреп. – Енді басқа жұмыстарыңның нәтижесі қандай болатынын көрелік.

Жалқаугүл өзі дайындаған тамақтан бір ұрттады да, сол мезетінде түкіріп тастады, құсып жібере жаздады, ал қария аһілеп-уһілеп отырды да, ақыры тамақ жасауға өзі кірісті, дәмі тіл үйіретін тамақ дайындады, Жалқаугүл оның әзірлеген тәтті-дәмдісінен бапс ала алмай қойғандығы сонша – саусағына шейін жалап-жұқтап қойды.

Тамақ ішіп болған соң шал тағы да дем алуға жатты, жатар алдында ол Жалқаугүлге көйлегінің жамалмағанын, іш киімінің де торлайтын тұстары бар екенін айтты.

Соншалықты қиын шаруа болмаса да Жалқаугүл бұртиып, өкпелеп тұрғанын білдіріп алды: көйлек пен ішкіімді қолына ұстаса да, оны қалай тігуді, торлауды білмеді, тіпті қалай жамауды да сұрамапты; инені қолына ұстағаны сол, ебедейсіздігінен саусағына сұғып алды да, лақтырып жіберді.

Қария тағы да ештеңені байқамаған сынай танытты, Жалқаугүлді кешкі асты ішуге шақырды, содан соң өзі оны ұйықтауға жатқызды.

Жалқаугүл: «Бәрінен оңай құтылдым. Барлық жұмысты істеп, қара терге түсудің еш қажеті жоқ екен: шал мейірімді, ол маған тегіннен-тегін-ақ күміс теңгелер сыйлайды», – деп ойлады.

Үшінші күні Жалқаугүл Аяз қарияға келді де, одан үйіне жіберуді және атқарған жұмыстары үшін ақы төлеуді сұрады.

– Иә, сен қандай жұмыстар тындырдың? – деді шал. – Егер, шынына көшер болсақ, мен саған емес, сен маған ақы төлеуің керек қой, өйткені сен маған қызмет көрсеткен жоқсың, мен саған қызмет жасадым.

– Қалайша? – деді Жалқаугүл. – Мені сенің үйіңде бақандай үш күн тұрдым ғой.

– Тыңда, көгершінім, – деді шал, – сөзіме құлақ сал: тұру мен қызмет көрсетудің арасы жер мен көктей, сондай-ақ, жұмыстың да түр-түрі бар, бір-біріне ұқсамайды. Мұны ойыңнан шығарма: алдағы уақытта да ескеретін бол. Ал енді, егер сен ұялмасаң, саған сыйлық беремін: атқарған жұмысың қандай болса – алатын сыйың да сондай.

Осыны айтты да, Аяз қария Жалқаугүлге үлкен күміс кесегін берді, ал екінші қолына үлкен гауһар тас ұстатты. Жалқаугүлдің бұған қуанғаны соншалықты, екеуіне де шап беріп жармасты, қарияға рақмет айтуды да ұмытып, алып-ұшып үйіне жеткенше асықты.

Үйіне келіп, ол былай деп мақтанды:

– Міне, көріңдер, мен қандай табыс таптым: сіңлімнің тапқанын мұнымен салыстыруға да болмайды: бір уыс теңге де емес, кішкентай гауһар тас та емес, оның орнына тұтастай күміс кесегі, қандай ауыр десеңші, гауһар тастың өзі де жұдырықтай...

Ол сөзін аяқтап та үлгермеді, қолындағы күміс кесегі еріп, еденге төгілді; осы кезде гауһар тас та ери бастады, ал әтеш дуалға ұшып шықты да, бар даусымен былай деп жар салды:

– Кукареку, кукареку, ку-ре-ка,

Жалқаугүлдің қолында мұз сүңгісі екен,ә!

Ал, сендер, балақандар, ойланыңдар, шешімін іздеңдер: бұл айтылғандардың қайсысы шын, қайсысы өтірік; қайсысы тура, қайсысы жанама; қайсысы күлкі үшін, қайсысы өсиет, ал қайсысында астарлы ой бар.

## СЛОВЕН ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІ

### БҰРШАҚТЫҢ ҮШ ДӘНІ

Жалғыз ұлына бір жапырақ нан да тауып бере алмай тақыр кедейдің ойы он саққа бөлінді. Бақытын басқа жақтан іздесін деген оймен ұлын шақырып алып: «Балам, – деді ол, – Қайда барамын десең де еркін! Тек мынаны ұмытпа: ең алғашқы тауып алған нәрсеңді жоғалтпай, сақта. Жолың болсын!»

Осыны айтты да, әкесі үйінде қала берді. Дорбасын иығына іліп, шаңдақ жолға түскен баласы беймәлім алыс сапарға шықты.

Ол едәуір жүргеннен кейін жол үстінде жатқан бұршақтың жалғыз түйір дәнін көреді. Әкесінің өсиеті есіне түсіп, оны алады да, дорбасына салып қояды. Көп өтпей-ақ тағы да бір бұршақ дәнін тауып алып, дорбасына сүңгітеді. Кешке қарай жол үстінде жатқан үшінші бұршақ дәнін көргенде де ол осының алдындағыдай, оны да алып, ауырлығы жоқ қой деп, дорбасының аузын ашып, түбіне тастай салады.

Жүре-жүре, жол мұны бір үлкен зәулім сарайға әкелгенде қас қарайып қалған-тұғын. Осында қоналқа жасауды ұйғарады ол.

– Бір түнеп шығуыңа рұқсат берейік, – дейді үй иесінің әйелі, сүйкімді бозбаланың басынан-аяғына дейін көз жүгіртіп өтіп. Сыпайы қонақ оған ұнап қалған еді, әсіресе шешесінің қасында тұрған қызға бұл жас қонақ қатты ұнаған-тын.

– Бөтен елден келген, бүгін біз үйімізге қонып шығуға рұқсат еткен жас жігіт кезбе кедейлерге ұқсамайтын сияқты, – дейді, ас үстінде әйелі күйеуіне. – Бәлкім, ол әдейі нашар киініп келіп, біздің тұрмысымызды көргісі келген біреу болар. Бой жеткен қызымызды қуана-қуана қалыңдыққа алғысы келетін шығар. Байқап көрсек қайтеді?

Үй иесінің әйелі қызметшісін шақырып алып, жас қонаққа төсекті жайсыздау етіп салуға бұйырады және түнімен оның қалай ұйықтағанын бақылауды тапсырады.

– Егер ол шын кедей болса жайсыз төсекте де ұйқысын қандырады, ал шыққан тегі ақсүйек болса түні бойы тынышсызданып, жамбасы ауырып, көз іліндіре алмас, – деп түсіндіреді әйелі күйеуіне.

Жас жігітке ескі төсеніш төселген, жұпыны жамылғысы бар төсек әзірлеп қойды. Ол оған ешқандай мән берген жоқ, ұйықтауға жатты. Бірақ көз іліндіре алсайшы. Ұйықтап кетсе жалғыз ғана байлығы – дорбасынан айрылып қалатындай сезініп, біресе оны жамылғысының астына жасырады, біресе басына жастайды. Дорбаның аузы мықтап байланбаған еді. Содан болса керек, орнын ауыстырған сайын ішіндегі бұршақ дәндерінің біресе біреуі, біресе екіншісі, біресе үшіншісі түсіп қалады да, жоғалтып, қайта тауып алып, қойшы, әйтеуір, түнімен кірпік ілген жоқ.

– Түнде қалай ұйықтады? – деп сұрайды, таңертеңінде үй иесінің әйелі қонақты бақылау үшін төсектің астына жасырынып, ұзақ таңға дейін аңдушы болған қызметшісінен.

– Түні бойы ол төсегінде ары-бері аунаумен болды. Мен, тіпті, құлап кететін шығар деп, қатты қорықтым.

– Бәсе! Ол жігіт кедей емес. Мен қателеспеген екенмін, – деп қуанған әйел жақсы хабарды күйеуіне жеткізгенше асықты. Олар ақылдаса келе, бөтен елден келген мейманды тағы бір түн сарайда түнеуге көндіру керек деп шешті. Оның киімін ауыстырып киген атақты адам, бай адам екендігіне көздерін жеткізе түсу үшін тағы да сынап байқауға ұйғарды. Бұл түні төсекке мамық көрпе төсеп, құс жастық салды.

Күні бойы жас жігіт құрмет пен сый-сияпат көрді. Оған сарайда тағы бір түн қонуына ұсыныс жасағанда, тіпті қарсылық айтқан жоқ. Бұл ненің ақысы деп басын да ауырттып жатпады. Кешкісін дәмді, тәтті тағамдарға тоя тамақтанып алған соң, тап-тұйнақтай, таза бөлмеге әкеліп, бүгін осында қонып шығатынын айтты. Мол жасау-жиһаз, қымбат бұйымдар көздің жауын алады.

«Жағдайым жақсарды ғой» – деп ойлады кедей жігіт. Байқаймын, мен тап болған бұл үйдің адамдары мейірбан және қонақжай сияқты. Дорбамды басыма жастанудың қажеті қанша. Қауіптенетін ештеңе жоқ. Әйтпесе кешегідей түнімен бұршақтың дәнін қуалап әуре болармын. Одан да ұйқымды қандырайын.

Шынында да, дорбасын іліп қойып, жұмсақ төсекке күмп ете түскен жігіт алаңсыз тәтті ұйқыға берілді.

– Бүгінгі түн қалай өтті? – деп сұрады үй иесінің әйелі тағы да төсек астында тың-тыңдап шыққан қызметшісінен.

– Қыбыр етпестен ұйықтады, – деп жауап берді қызметші.

– Осылай боларын білгенмін, бұл жігіт текті жерден, – деп қуанды үй иесінің әйелі. – Корольдің ұлы болмаған күннің өзінде, ақсүйек төре екендігіне сенімдімін.

Алып ұшқан көңілмен барлық жайды күйеуі мен қызына жеткізді.

Таңертеңгілік тамақтан кейін жігіт үй иесіне келіп, көрсеткен сый-құрметіне рақмет айтып, аса бір ілтипатпен өзінің бұл сарай үшін қажеттігі болар-болмасын сұрайды.

– Жарқыным, өзің қайда баруды мақсат тұтып едің? – деп сұрайды үй иесі.

– Шұбатылған шаңдақ жолмен қайда баратынымды өзім де білмеймін.

– Олай болса, біз сені ешқайда да жібермейміз. Өзің көрдің ғой, тура сенімен жасты қызым бар. Қызым саған ұнамауы мүмкін емес, сөз жоқ, ұнайды. Егер өзің қаласаң мен оны саған қалыңдыққа берейін. Содан соң өзің білесің.

Кедей жігіт, әуелде, мұншама қошемет сөздерден басы айналса да кездейсоқ жасалған ұсынысқа ойланбастан-ақ келіседі.

Барлық мәселе оо-оңай шешімін тапты. Дүрілдетіп думан-той өткізілді. Оның өзі қырық күн және қырық түнге созылды.

Бұл кездері сарай ішіндегілердің арасынан бірде-бір жабырқау жүзді жанды кездестіре алмайтын едіңіз. Ал бақытты күйеу жігіт мұның ақыры неге апарып соғарын ойлап бас қатырған жоқ. Айдай сұлу қасында рақат күндер мен түндер зуылдап өтіп жатты.

Қырық күн өткен соң қайын енесі күйеу баласын шақырып алды да, оған былай деді:

– Балам! Той өтті, енді ертең сен жұбайыңа өз сарайларыңды көрсету үшін жолға шығасың.

– Өз сарайымды? – деп айғайлап жіберген күйеу жігіт сәл-пәл ұстамдылық жасамағанда бәрін де бастан-аяқ болған күйінде, әкесінің бір жапырақ нан таба алмай отырғанын, сарай тұрмақ оның төбесінде жаңбырдан қорғанар лашығы да жоқ екенін, өзін жоқшылық жолға шығарғанын айтып қоя жаздады.

Табан астында ойға шомып, үнсіз ғана келісім ишаратын жасап, ертең жұбайы екеуі мұның сарайына баруға әзір екендіктерін аңғартқан болды. Сол сәтте оның жүзінен қуаныш сейіліп, қайғының көлеңкесі байқалды.

– Сенің жүзіңе қарап-ақ бізбен қоштасудың ауыр тиіп тұрғанын түсіндім, – деді мейірімді қайын енесі. – Қамықпа, қымбатты күйеу балам. Біз тез арада қайта қауышамыз. Ол жақта біраз болғаннан кейін, қайтадан осында ораларсыңдар.

– Келесі күні үлкен арбаға аттарға беретін үш қап сұлыны, бір қап алтынды салып алып, олардың үстіне жас жұбайы мен екі қорғаушыны отырғызып жігіт жолға шықты. Ол үйіне – өзінің сәнді сарайына бет алды.

Келіншегі көңілсіз еді, бірақ күйеуі одан да көңілсіз болатын. Келіншектің жабырқағаны туған үйінен алысқа шыққанына байланысты екенін әркім де түсінді. Ал күйеудің жүрегін жаныштаған қайғыны айтып түсіндіру қиын. Ол өзіне шексіз сенетін, жүрегін тым нәзік деп бағалайтын әйелін бір ауыз тіл қатпастан, адастырып, алдап әкеле жатқанына күйінді. Ұзақ жол үстінде ойдан арыла алмады. Әсіресе әкесінің мыжырайған лашығына барған соң, не болатынын көз алдына елестетіп, жанынан түілді. Бұл – қайғының көкесі еді.

Ымырт үйіріле бұлардың арбасы орманның ішінен өтетін жолмен келе жатады. Қабағы жадырамай қойған күйеуінен қалыңдығы: «Сарай жақын ба?» – деп сұрайды.

– Ех, оған шейін әлі қайда, алыс, – деп жауап береді. – Сен алаңдамай ұйқта, көп жүреміз, шаршайсың.

Қалыңдығы бұл сөзден кейін қалғып кетті. Осыны күткендей-ақ күйеуі арбадан сырғып түсіп қалады.

– Қалыңдығыма өзімнің бейшара кедейлігімді көрсеткенше, өлгенім артық. Өзімді-өзім өлтірейін, – жолдан шығып орман ішіне ене түскен сайын оның басына келген ойы осы болатын.

Батыл шешімге келіп бір-екі қадам басқаны сол еді, қарсы алдынан ақ шашты бір шал шыға келді.

– Балам, мынадай тас қараңғы түнде қай жаққа барасың? – деді қария.

– Мен өлімге асығулымын, – деді ол қарияға, сөйтті де өз басынан өткен ғажап оқиғаны түк қалдырмай баяндап берді және қазіргі халін де жасырған жоқ.

– Қарағым, бұған неге сонша қамығасың! – деді қария. Арбаңа бар да, қалыңдығыңмен бірге сапарларыңды аяқтамай жүре беріңдер. Біраз жүрсендер менің сарайыма жетесіңдер. Мен қазір үйімнен шығып кетіп барамын. Енді жаз ортасы болғанша келмеймін. Оған дейін сарайымды сенің иелігіңе тапсырдым. Бірақ бір нәрсені ұмытпа, әрдайым есінде ұста: мен қайта оралған кезде сарай қабырғалары қатты дірілдеп, жер сілкінеді. Осыны байқаған кезде әйелің екеуің жылдам жиналып, сарайдан шығып кетіңдер. Ал егер сәл-пәл кешіккендер, онда ақырғы сағаттарың соқты деп есептей беріңдер.

Жігіт қарияға көп-көп алғыс жаудырып, арбасына қайта оралды. Олар мұны күтіп жол үстінде тоқтап тұр екен.

– Мен жолдан шығып кеткен екенбіз деп ойлап, бағыт-бағдарымызды анықтадым, – деп ақталды қатты алаңдап отырған әйелінің алдында. Ол ұйқысынан оянып кетіп, күйеуіне кәдімгідей өкпелеп қалғанға ұқсайды. – Жолымыздың дұрыстығына және үйімнің жақын қалғанына енді күмәнсізбін.

Сәлден соң олар, шынында да, сәулетті, зәулім сарайдың алдына келіп тоқтады. Айналасы самаладай жарық. Қақпа жанында әдемі киінген қызметшілер тобы қол қусырып күтіп тұр. Олар бастарын төмен иіп, өз қожайындарына құрмет көрсеткендей, бұларға да зор ілтипат білдірді.

– Ой! Сенің сарайың біздікінен де әдемі екен! – деп, таң қалғанын жасырмады жұбайы. Шешесінің ақылын тыңдап, бөтен елден келген жұпыны киімді ақсүйекке тұрмысқа шыққанына ол дәл қазір дән риза-тұғын.

Осылайша апталар өтті, айлар өтті. Сарай ішіндегі сән-салтанат бұларды жалықтырар емес, жаз да бітуге айналды. Бір күні кенеттен сарай қабырғалары қатты теңселіп, қаусап түсуге шақ қалды. Осы кезде кедей жігіт қарияның айтқан сөзін есіне түсірді. Әйелін алып, сарайдан шығып кетуге асықты. Бірақ әйелін таба алмайшы. Жоқ. Бір бөлмеден екінші бөлмеге, дәлізден

қоймаға, қоймадан шатырға, шатырдан қайта дәлізге түсіп есі шықты – ал әйелі еш жерде жоқ. Ақыры, ол дәлізден әйелінің орнына бір кәрі, бүкір кемпірді жолықтырды. Ол бұған ашулы көзбен қарап тұр екен. Бірақ оның көзқарасын аңдайтындай шамасы жоқ еді, есіл-дерті әйелін табу болатын. Әйтсе де ашулы кемпірге бұрылып, одан барынша сыпайылықпен сұрады:

– Мейірімді шешей, сіз менің әйелімнің қайда кеткенін білмейсіз бе? Оны іздемеген жерім жоқ, таба алмадым. Дәл бүгін, иесі келгенге дейін сарайды тастап шықпаса – ол өледі.

Кемпір тілге келді:

– Ештеңеден қорықпа, ұлым. Сен қазір аспазға бар да оған айт, диірменге жеті рет тұз себелеп ұнды салсын: сол ұннан жеті рет қамыр илеп, оны жеті рет пісірсін. Сол нанды сарай қақпаларының алдына қойсын, ал қалғанына мазасызданба!

– Қысылтаяң шақта екі рет бақытым жанған еді, бәлкім, бұл жолы да сөйтер, үшінші рет бақытым қол ұшын берер, – деп ойлаған жігіт, сабырлы қалыпқа түсіп келеді де, аспазға кемпірден естігендерін түгелдей түсіндіріп айтады.

Нұсқау беріп, бәрін бажайлап түсіндіріп жатқан кезде сарай екінші рет өте қатты дірілдеп, сілкінді. Қабырғалары қазір-ақ үгітіліп кетердей.

– Мына нан піскенше сарай жүз рет қирап үлгеретін шығар, – деп ойлады жігіт. Мейлі, не болса да көріп алдым. Тігерге тұяғы жоқ жарлыға күйеуге шыққаны үшін әйелім кінәлі емес қой, оны ұят пен масқараға ұшыратқанша өліп-ақ кеткенім жөн.

Сол аралықта аспаз нанды пісіріп, оны өзіне тапсырғанындай, қақпалардың алдына қояды. Ал бұл – жарлы жігіттің бақыты еді. Өйткені сарай қақпаларына жеті басты алып айдаһар жақын қалған. Ол – өте қорқынышты-тұғын.

– Менің сарайымнан адамның иісі шығады!– деп гүрілдеді айдаһар алыстан, ал оның ауыздарынан шыққан от-жалын жеті метрге жетеді екен.

– Ашындар қақпаларыңды! Менің сарайымның темір қақпаларын ашындар: немене сендер өздеріңнің қожаларыңды танығыларың келмей ме? Көрсетейін танымағанды, – деп, айдаһар ашулана бастайды. Осы кезде жеті рет пісірілген нанға тіл бітіп, былай дейді:

– Айдаһар! Сенің бұл айқайыңнан ештеңе де шықпайды. Егерде сен жеті рет дән сеуіп, жеті рет сол дәннен өскен егінді орып, жеті рет оны диірменге тартып, жеті рет қамыр илеп және жеті рет нан пісіре алсаң – осылар қолыңнан келсе ғана қақпаны ашамын, әйтпесе ашпаймын!

Айдаһар бұл сөзге алай-түлей ашуланды. Қақпаларының міз бақпай тұрғанына жыны келді. Буырқанып келіп, бар күшімен қақпаны ұрған кезінде, сарай өз орнында тұрып үш рет айналып кетті. Қақпалары ашылған жоқ. Ол екінші рет тағы да ұмтылып, бар күшімен қақпаны қақырата ұрған кезінде, сарай орнында тұрып алты рет шыр көбелек айналды. Ал қақпалары міз баққан жоқ. Айдаһар үшінші рет бар күшімен келіп қақпаны соққанда, өзінің күл-паршасы шығып, жаны жаһаннамға кетті.

Міне, сөйтіп, кедей жігіт айдаһардың сарайының иесі болып, сұлу келіншегімен бірге сонда бақытты өмірлерін бастады. Олар өліп қалмаса, әлі күнге дейін тату-тәтті ғұмыр кешуде болар, бәлкім.

## АҒАЙЫНДЫ БЕСЕУ

Ертеректе бір әйелдің бес ұлы болыпты, олардың әрқайсысының айрықша өнерлері бар екен.

Біріншісі – ізшіл екен, ол адамдардың яки жан-жануарлардың іздерін бес жыл өтсе де қапысыз танып, қайда апаратынын анықтайды. Екіншісі қас-қағым сәтте зәулім сарайлар мен биік қамалдардың күл-талқанын шығара алады. Үшіншісі – мерген, аспандағы көп жұлдыздардың біреуін көздеп атса, дәл тигізіп, жұлдыз ағып түседі. Төртіншісі – шапшаң,



найзағайдың сынығын уысында ұстайды. Бесіншісі қас-қағым сәтте зәулім сарай немесе қамал тұрғызады.

Осы елдегі корольдің жалғыз қызын пері алып кетеді. Бұл жөнінде қалалар мен деревняларға хабар таратып, король қатты күйінеді. Ел ішіндегі барлық бозбалаларды шақырып сарайына жинап, кімде-кім қызын құтқарса, оны соған күйеуге беретінін, ал өзі бұ дүниеден өткен соң тақ пен тәж де соған бұйыратынын айтып, іздеуге аттандырады.

Ал періні табу оңай емес еді. Бозбалалар жан-жақты шарлап әлемнің түкпір-түкпірін кезгенімен, тау-тас қойнауларын, ну жыныс қопаларды сүзіп шыққанымен, оны тіпті таба алмайды.

Осы кезде корольдің жоғалған қызы туралы хабарды ағайынды бес жігіт те естиді. Өзара ақылдасып тәуекелге бел байлап, бұлар қызды іздеп жолға шығады.

Ағайындылардың біріншісі алға түсіп із кеседі, перінің король қызын қалай қарай алып кеткенін анықтайды. Олар із қуалап көп жүреді, ақыры, қабырғалары берік, қақпалары жабық зәулім сарайдың жанына келіп тоқтайды. Осы жерге келгенде із де жоғалады. Ағайындыларға перінің король қызын осы сарайға жасырғаны белгілі болды. Аз-кем аялдап, ішке кірер жол іздегенімен ештеңе өнетін түрі жоқ. Міне, осы сәтте ағайындылардың екіншісі іске кірісіп, көзді ашып-жұмғанша сарай қабырғаларын қаусатып, быт-шытын шығарады. Сарай қирай бастағаннан-ақ бұлардың аңдығаны – пері. Ол көрінер емес. Сәнді сарайдың орнында топырақ үйінділері ғана қалған. Бір уақытта король қызын көтеріп, құлаған қабырғалардың астынан шыққан пері аспанға ұша жөнелді. Енді ағайындылардың үшіншісі – мергеннің кезегі болатын. Сәл-пәл көздеп тұрды да, ол тұңғыық аспан аясына сіңіп, жоғалуға айналған жексұрынның жанын жаһаннамға жіберді. Перінің тырнағынан құтылған король қызы бір түйір тастай болып жерге сорғалады. Оның көп ұзамай күл-паршасы шығатынын ойласаңыз – үрейіңіз ұшар. Бұл кезде ағайындылардың төртіншісі – найзағайдың сынығын уысында ұстайтын шапшаңы әзір тұрған еді. Ол қызды жерге түсірмей қағып алды.

Король қызы перінің тұтқынынан босатылды.

Ағайындылар оны орталарына алып, кейін қарай үйлеріне оралды.

Бірақ қуануға әлі ертерек екен. Өздерінің басшысынан айрылған перілер топ-топ болып жиналып, ағайынды бес жігіттің көзін құртып, король қызын қайтарып, өш алуға қамданды. Ағайындылар үйлеріне жақын қалғанда арттарынан қуғын де жетті. Жан дәрмен бас сауғалау керек еді. Қарсы тұруға күш аз. Не істеу керек? Осы кезде ағайындылардың бесіншісі өз өнерін көрсетті. Ә дегенше зәулім сарай орнатты. Бұлар – іште, перілер – сыртта. Амалдары таусылып, сарайды айнала саңылау таба алмай сенделген перілердің төзімі тозды. Ақыры, үміт үзіп, жөндеріне кетті.

Сөйтіп, ағайынды бесеу корольдің қызын аман-есен туған қаласына жеткізіп, корольға алып келеді. Корольдің қуанышында шек жоқ. Ол бұлардан: – Қызымды құтқарған қайсың? – деп сұрады. Ағайынды бесеу: – Қызыңызды біз құтқардық, – деп бәрі жауап береді. Король не істерін білмей қиналады. Уәдесін қалай орындауы керек, қызын бесеуінің қайсысына береді?

– Маған қайсың күйеу бала боласың, оны өздерің ақылдасып шешіңдер, – дейді, ақыры, король. – Менің қызымды құтқаруға бәрің де қатысты болғандықтан, ешқайсыңды да өкпелеткім келмейді. Өздерің шешіңдер.

– Ағайындылар әрі-бері ақылдасып көріп еді, бір байламға келе алмады.

Бұдан соң олар үйдегі шешелерімен ақылдасып келуге ұйғарды. Анамыздың айтқанын орындаймыз десті. Үйлеріне келіп, барлық мән-жайды бүге-шігесіне дейін қалдырмай шешелеріне баяндайды. Әрқайсысын мұқият тыңдап болған соң, ол кісі айтады: – Дауласып әрі қызғаныш өртін тұтатып ағайындықтан кетіспеңдер. Менің ақылым – корольдің қызын ең жасы кішілеріңе беріңдер, өздерің солардың айналасына топтасып, қамқоршы пана болыңдар. Сонда ештеңеден ұтылмайсыңдар.

Ағайынды бесеу ана ақылын тыңдап, айтқандарын бұлжытпай орындапты. Король қызын да, тақ пен тәжді де кенже ұл иемденіп, ағалары соның қорғаны болыпты.

\* \* \*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының орталығындағы Ақсуат ауылында екі орта мектеп бар. Соның біріне Қожагелді батырдың аты берілетін болып, арнайы шақыртумен барып қайттым. Қожагелді – менің туып-өскен ауылым. Мен ауылдан кеткен 1972 жылы 30 шаңырақ бар еді, қазіргі түгін саны – 25. Мешіті, бастауыш мектебі, дәрігерлік пункті, дүкені бар бүйірдегі шағын ауыл. Дәл іргедегі дөңесте Қожагелді батырдың мазары тұр. Әке, шешем де сол қорымда жатыр. Барып құран бағыштадық.

Әрі той (мектепке ат берілді), әрі ас ( еске алу) деп өткізілді. Мектептегі салтанатты рәсімде аудан әкімі Д.Оразбаев, ақсақалдар М.Уәлиев, Т.Қалмақбаев, Мұратбек Оралов, т.б болды. Менің шақырылу себебім – бұдан бірнеше жыл бұрын «Қожагелді батыр» атты дастан жазғанмын. Республикалық «Әдебиет айдыны», облыстық «Дидар» газеттерінде шыққан. Қожагелді батыр туралы ой-толғамдарымды ортаға салып, сөз де сөйледім. Мені таңқалдыратыны – Қожагелді 1826 жылы орыс отаршылдығына қарсы шығып, оққа ұшқан. 1836 жылы Кенесары хан басқарған қарсылық көтерілісі басталған. Тарихшы Бекмаханов айтпақшы, Кенесары көтерілісіне дейін де еліміздің түкпір-түкпірінде отаршылдыққа бой ұсынбау қозғалыстары дүркін-дүркін көрініс тапқан. Қожагелді солардың шығыстағы өкілі. Ал енді кешегі советтік қызыл саясат кезінде Қожагелдінің есімі шағын бөлімшенің (ферманың) атын иеленіп қалай сақталып қалған? Қазақ ССР-нің картасында шағын елді мекен болып қалай белгіленіп отырған? Енді, міне, соңында Ақсуаттағы орыс орта мектебіне (қазақ орта мектебіне емес) қалай аты беріліп отыр? Осыны аңғарған ауыл ақсақалдарының бірі: « Бұл – Қожагелді бабамыздың жеңісі! Орыста кеткен өші мен кегін қайтарды! Орыс мектебінің атын тартып алды!» дегенде біраз жұрт ду күлсе де, кейбіреулер мойындарын жағасына тығып, көздері бағжаң-бағжаң етіп, қарадай үркіп-қорқып тұрғаны да байқалды. Бұл жеңіс, сөз жоқ, тәуелсіздігіміздің арқасы! Тек, ұзағынан сүйіндіргей!

16.09.2014 ж.

## МАЗМҰНЫ

Бір шелек шие.....	
Оныншы кілт.....	
Бір сом.....	
Кептер мен шал.....	
Тұзақ.....	
Қайыржанның түсі.....	
Көзінде жас жоқ келіншек.....	
Бір құшақ шөп.....	
Сылтаудың сыры.....	
Бір сүріндің, содан соң...	
«Кімге қол ұшын беріп едім?» .....	
Перзенттік парыз.....	
«Арзан» күйсандық.....	
Ит ашуы.....	
Қызылкесіктің қос қариясы.....	
Күн ұзарып келеді.....	
Гүлзира және сексен қаз.....	
Отыз бен он бес.....	
Бастан кешкен 1418 күн.....	
Жанымның бір-бір бөлшегі.....	
Жақынның жат болмағы....	
Араша.....	

Сыңар ұлтарак.....  
Нала.....  
Біз енді кездеспейміз де ғой.....  
Итжығыс (пьеса).....  
Ақ қасқыр.....  
Әдебиет әлеміндегі әріптестер лебізі.....  
Ташкент. Тамыздың ыстық күндері.....  
Ой кешу. Күнделік беттерінен.....  
В.Одоевский Аяз қария. Ертегі.....  
Словен халық ертегілері.....

